Қазақ тіліндегі буын мәселесін сингармонизм тұрғысынан арнайы қарастырған Ж.Нәзбиев болды. Ол: «...сингармонизмнен туындайтын буын сапасының сипаттамасына, яғни бірыңғай әуездің физиологиялық және акустикалық көрінісіне көңіл аударамыз. Басқаша айтқанда, біз буын түрлеріне (ашық, тұйық, бітеу) немесе буын құрамындағы дыбыстардың ассимилятив түрленіміне (қатаңдау, ұяндау ...) емес, буынның артикуляциялық, акустикалық және перцепциялық жалпы сипатына көңіл

бөлеміз» [5, 2]. Бұдан байқайтынымыз, автор буынның фонологиялық бірлік ретіндегі сипаттамаларына баса назар аударады. Автор зерттеуі буынның үндестік белгілерін талдауға арналған.

Қазақ тілінің буын құрылымын талдағанда, евроцентристік бағыт ұстанады, соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстары *дауысты* (гласный), *үнді* (сонант) және *салдыр* (шумный) болып үшке бөлінеді. Дыбыстардың бұлай жіктелім реті үнді-европа тіл біліміне тән екенін білеміз. Бұл олардың тіліне тән белгі болып табылады. Ал қазақ тілі үшін мұндай жіктелім әдісі жарамайды. Себебі қазақ тілінің морфологиялық құрылысы дауыссыздардың үнді, ұяң және қатаң болып үш топқа жіктелуін қатаң талап етеді (түбір мен қосымшаның арасындағы үндестік байланысты мысалға алсақ та жетеді).

Жалпы, буын мәселесіне келгенде, ғалымдар арасында алшақ пікір жоқ, алайда буын шегін анықтауға келгенде, ортақ пікір табуоңай емес. Өйткені әр тілдің өз заңдылығы бар. Түркі тілдерінде сөз соңына түсетін тұрақты екпін бар деген қағида о бастан қалыптасып қалған. Сондықтан да сөздің шегін сөз соңындағы екпін көрсетеді деп есептеледі. Осы пікір түркі, оның ішінде қазақ тіл білімінде әбден орныққан. Л.Р.Зиндер «Функцию разграничения слов в связной речи часто приписывают связанному ударению. В языках, в которых ударение всегда падает на первый или последний слог слова, можно по месту ударения судить о том, какой слог перед нами – начальный или конечный. Однако этого недостаточно для того, чтобы узнать точную границу, отделяющую данное слово от предшествующего или последующего» [6, 249-250] деген пікір ұсынады. Соңғы кездегі сингармонизм теориясына жүгінетін болсақ, ғалымның пікірін талассыз қабылдауға тура келеді. Оның үстіне қазақ тілінде екпіннің жоқ екенін дәлелденген жай деп есептеу керек.

Сөзді танытатын минималды бірлік – буын. Бір буынды сөздің ішінде дыбыстар (дауыстылар мен дауыссыздар) біркелкі тембрмен айтылады. Буынды құрайтын дыбыстар түрлі тембрмен айтылмайды. Екінші теория бойынша қазақ тілінің дыбыс жүйесі көп өлшемді. Ол өлшемдерге мыналар кіреді: 1) сингармонизм – негізгі просодия; 2) сөз екпіні – жанама просодия; 3) сингармофонемалық құралдар [7,8]. Бұл мәселеден екі нәрсені байқауға болады. Бірінші, буын тарихы өте әріден басталады. Екінші, буын табиғаты жайлы зерттеушілер әзірге бір тоқтамға келе қойған жоқ. Алайда сол теориялардың ішінен ең көп тарағаны қарқын (экспираторная теория), дауыс (сонорлық) және айтылым қуаты (теория мускульного напряжения) теориялары болып отыр. Қарқын теориясын ұстанған зерттеушілер сөйлеу үстіндегі ауа бір қалыпты шықпайды, керісінше, ауа қарқыны бір күшейіп, бір басылып дүркін-дүркін шығады. Бір дүркін шыққан ауа толқыны бір буын болып табылады деп түсіндіреді. Сонда ауаның қарқыны бәсеңдеген сәт буын мен буынның арасындағы шегара болмақшы. Ал дауыс теориясы бойынша, сөйлеу үстіндегі дыбыстарға үн қатысы бірдей болмайды. Бір дыбыс басым дауыспен айтылса, екінші дыбыс, керісінше, бәсең үнмен айтылады. Сөйтіп, басым үнмен айтылған дыбыс қасындағы бәсең дауыспен айтылған дыбысты өзіне бағындырып отырады. Басым дыбыс пен бәсең дыбыс өзара тіркесіп бір буын құрап отырады. Соңғы буынның айтылым қуатына байланысты теория бойынша, бір дыбысты айтқанда, сөйлеу мүшелеріне күш көп түседі, ал енді бір дыбыстарды айтқанда, керісінше, сөйлеу мүшелері босаң қатысады. Ендеше сөйлеу мүшелеріне көп күш түсіп жасалған дыбыс босаң айтылған дыбысты өзіне тартып, буын құрап отырады. Сонымен, бір ғана буын құбылысын үш теория үш түрлі анықтап отыр.

Қазақ тілі білімінде бұл теориялар арнайы сөз болмаған. Сөйтіп, қазақ тіліндегі буынның тілдік және физиологиялық табиғатының әзірге басы толық ашылмаған. Лингвистикалық анықтамалар тек буынның дыбыс құрылымы мен оның түрлерін ғана анықтап беріп отыр.

Нәтиже. Жалпы, лингвистикадағы буын теориясы тұрғысынан қарасақ, буынның тілдік табиғаты аса күрделі құбылыстардың бірі болып табылады екен. Ендеше қазақ тіліндегі буын құбылысының артикуляциялық және акустикалық табиғатын ашу, ең бастысы, қазақ тіліндегі буынды буын етіп тұрған лингвистикалық пәрмен не деген сұраққа жауап беру керек тәрізді. Басқаша айтқанда, қазақ тіліндегі буынның дыбыс құрамы мен оның шегарасының фонетикалық сипаты мен көрінісінің басын ашып алу керек.

Түркі лингвистикасындағы буынға көзқарасты Н.А.Баскаков былай деп баяндайды: «Түркі тілдеріндегі фраза, сөйлем, сөз тіркесі және жеке сөздің құрылымы буынның қарқынды (экспираторлық) жасалымын дәлелдейді. Түркі буынының өзінің дыбыс құрамы мен буын жігіне қатысты өзіндік ерекшеліктері болумен қатар, өзге тілдермен үйлесіп жататын ортақ белгілері де жоқ емес» [8, 176].

А.Байтұрсынұлы сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буын, буын мен дыбыс желісін бір-бірінен туындатып, арасын үзбей өзара байланыстырып қарайды. Сөздерді буынға бөлудің жолын

қарастыра келіп: "Буыншы әріп басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға "бітеу" деп ат қойындар; буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буынға "ашық" деп ат қойындар; буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, ол буынға "тұйық" деп ат қойындар",- деп буын түрлерін саралап береді[9, 344-345]. Мұндағы –"буыншы" әріптеріміз дауысты дыбыстар. Буын құраудағы дауысты әріптердің мәнін "әлгі әріптер кіріспейтін буын" болмайды деп көрсетеді. "Буындардың бір әріптілерін бір бөлек, екі әріптілерін бір бөлек, үш әріптілерін бір бөлек, төрт әріптілерін бір бөлек шығарып жазындар" (деген тапсырма жаттығуынан А.Байтұрсынұлының буынның дыбыс құрамын да анықтап кеткенін көруге болады [7, 344]. Сөйтіп, осы күнгі қазақ тілінде тек дауыстылардың ғана буын құрай алатындығы, буын түрлері, олардың дауысты-дауыссызға қатысты дыбыс құрамы мен буын аттары жайлы алғашқы мәліметтің бастау көзі болып отыр.

Буын мәселесіне арналған келесі лингвистикалық еңбектер А.Байтұрсынұлының ережелерін негізге алып отырады. Айырмашылық тек буын түрлері мен олардың атауларына қатысты болып келеді. Қ.Жұбанов буынның дыбыс құрамына қарай алты түрін көрсеткен [8, 361]. "Фонациялық ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобын буын дейміз. Демек, буын экспирация арқылы (өкпедегі ауаны сыртқа шығару арқылы) жасалады", - дей келіп, осы үрдісті І.Кеңесбаев та ұстанады, буын түрлерін ашық, тұйық және бітеу деп бөліп, олардың алты түрлі дыбыс құрамын көрсетеді [10, 260-261]. Буын сипатын, түрлерін, жігін, дыбыс құрамын кеңінен талдаған С.Мырзабеков: "Буын - ... ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауысты, дауыссыз) тобы", -деген анықтама береді[11, 101]. Ал буын түрлерін "Құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай қазіргі қазақ тіліндегі буынның екі түрі бар: ашық буын және тұйық буын. Бұлай бөлу буынның теориялық та, практикалық та мәніне сай келеді және есте сақтауға ыңғайлы", -деп көрсетеді[11, 103]. Буын түрлері мен оның дыбыс құрамының осы іспеттес анықтамасы қазақ тілі оқулықтарында ең кең тараған сипаттамасы болып табылады. Ал буынның "Слог – наименьшая, фонологически значимая единица, участвующая в словоразличении, в смысловом различении. Слог является одной из важнейших единиц звукового строя языка. Изучение структуры слога выявляет основные фонетические закономерности языка",- деген жалпы теориялық анықтамасын академиялық еңбектерден кездестіреміз [10, 176]. Сонымен, буын түрлерінің жіктелімі мен дыбыс құрамына қатысты пікірдің қазақ лингвистикасында бірыңғай екенін байқауға болады.

Қазақ тіліндегі буын қондырғы (инструментал) әдісімен де зерттелген. Буынның, оның құрамындағы дыбыстардың сандық-сапалық нәтижелері буын жігін ажыратудың акустикалық көрсеткіштері бола алатындығы дәлелденген. Буын құбылысын сингармонизммен тікелей байланыстыра отырып, Ә.Жүнісбек:«Қазақ тіліндегі дыбыс түрленімі қазақ сөзінің сингармонизм заңдылығынан туындайды. Сингармонизм әуезі (жуан, жіңішке, еріндік, езулік) көрінетін тірек бірлік буын болып табылады»,-деп, теориялық қорытынды жасайды. Қазақ тіліндегі буын орфоэпиясын (айтылымын) сөз еткенде, осы теориялық қисын басшылыққа алынады. Буын құрамындағы дыбыстар белгілі бір қатаң жүйеге бағынып барып басы бірігетін болса, онда оның артикуляциялық негіздемесі болу керек. Артикуляциялық негіздің акустикалық (естілім) нәтижесі болады. Қазіргі кездегі қондырғы құралдар мен компьютерлік программалар буын және оның құрамындағы дыбыстар тіркесінің акустикасын көрнекі суреттеп бере алады. Ендеше буынның басынан аяғына дейінгі, яғни өне бойындағы дыбыстар тізбегінің суретін алып, буын орфоэпиясының артикуляциялық және акустикалық көрінісін байқап-бақылауға болады деп болжам жасауға болады.

Қазақ тіліндегі буын түрлерінің, әсіресе, олардың дауысты немесе дауыссыз дыбысқа бітуінің морфологиялық деңгейге тікелей қатысы бар екендігі белгілі. Себебі келесі жалғанар қосымша дауыстыға басталады ма, әлде, дауыссызға басталады ма, ол алдыңғы буынның соңғы дыбысына тікелей байланысты кездері болады. Сонымен қатар алдыңғы буынның соңғы дыбысы мен соңғы буынның бастапқы дыбысының арасында да дауыс қатысына тікелей байланысты тұстары бар: буынның дауысты, қатаң, ұяң немесе үнді дыбысқа бітуіне қарай қосымшаның бастапқы дыбысы құбылып отырады. Осы заңдылықтар қазақ тілі үшін өте маңызды болып табылады. Ендеше қазақ тілінің буын жүйесін буын түрлері мен оның дыбыс құрамын дауысты-дауыссыз тұрғысынан ғана жіктеп қойған жеткіліксіз болады екен. Мұндай жіктелім тасымал талабына сай келіп, тасымал ережелерін ғана құрастыруға ғана жарайды. Лексика (сөз) деңгейінде кемістігі жоқ талдау морфология (қосымша) деңгейінде жарамай қалып жатыр. Лексикалық деңгейде буын түрлері мен оның дыбыс құрамы үшін түбір сөздің де, туынды сөздің де мәртебесі бірдей: *бақ* та - бір сөз, *бақташы* да - бір сөз. Екі жағдайда да *бақ* - бітеу буын, ал *та* – ашық буын. Осы жіктелім тасымал

үшін жеткілікті. Ал морфологиялық деңгей үшін: *бақ* бірлігінің бітеу буын екендігі жеткіліксіз, оның қатаң дауыссызға аяқталып отырғанын қоса ескеру керек. Ендеше, *та* ашық буыны, біріншіден, дауысты дыбыстан бастала алмайды, егер дауысты дыбыстан басталатын болса, онда *бақ* бірлігі бітеу буын бола алмайды. Екіншіден, ол тек дауыссыз дыбыстан басталады, оның үстіне бастапқы дыбыс тек қатаң дыбыс болу керек. Бастапқы дыбыс қатаң дауыссыз болмаса, *бақ* пен *та* тіркесе алмайды. Сондықтан буын құбылысының өзін екі деңгей тұрғысынан қарастырған жөн сықылды. Ол үшін буынның дыбыс құрамын іштей тағы жіктеуі түсуге тура келеді.

Талқылау. Буынның дыбыс құрамы іштей екі салаға жіктеледі. Бірінші, буын құрамындағы дыбыстың дауыс қатысына қарай, мысалы, төмендегі бітеу буындар соңғы дауыссыздың дауыс қатысына қарай жіктеледі: *жаз* - үнді дауыссызға аяқталып тұр, *жас* - қатаң дауыссызға аяқталып тұр; *жан* - үнді дауыссызға аяқталып тұр. Сонда, мысалы, ілік септік жалғауының нұсқалары бұлардың әрқайсысына талғап қана жалғанады: *жаздың* - ұяң *з* дауыссызынан кейін тек ұяң *д* дауыссызы, *жастың* - қатаң *с* дауыссызынан кейін тек қатаң *т* дауыссызы, *жанның* - үнді *н* дауыссызынан кейін тек үнді *н* дауыссызы. Екінші, буын құрамындағы дыбыстың әуез қатысына қарай, мысалы, төмендегі бітеу буындар соңғы дауыссыздың әуез қатысына қарай жіктеледі: *қаз* - жуан езулік дауыссызға аяқталып тұр; *кез* жіңішке езулік дауыссызға аяқталып тұр, *құз* - жуан еріндік дауыссызға аяқталып тұр; *күз* - жіңішке еріндік дауыссызға аяқталып тұр. Сонда, мысалы, тағы да ілік септігінің жалғауының нұсқалары бұлардың әрқайсысына талғап қана жалғанады: *қаздың* - жуан езулік *з* дауыссызынан кейін тек жуан езулік *д* дауыссызы, *кездің* - жіңішке езулік *з* дауыссызынан кейін тек жіңішке езулік *д* дауыссызы, *құздың* - жуан еріндік *з* дауыссызынан кейін тек жуан еріндік *д* дауыссызы, *күздің* - жіңішке еріндік *з* дауыссызынан кейін тек жіңішке еріндік *д* дауыссызы.

Әрине, бұл заңдылықтардың реті бір түбірден бір қосымшаға қарай бірдей бола бермейді: соңғы ұяң дыбыстан кейін келесі буынның бастапқы дыбысы ұяң бола бермей, үнді де бола береді. Алайда басты заңдылық яғни дыбыс талғампаздық әруақытта сақталып отырады. Сонда қазақ тіліндегі буынның басқы және аяққы дыбыстарының артикуляциялық және акустикалық белгілерінің лингвистикалық мәні бар болып шықты. Лингвистикалық мәні бар фонетикалық құбылыстың әрқашан да артикуляциялық және акустикалық тірегі болады. Бұл - іргелес дыбыстардың арасындағы фонетикалық шарт.

Ал буын құрамындағы дыбыстардың бір-біріне икемделуі сингармонизм заңына байланысты екендігі жайлы деректер жеткілікті. Қазақ лингвистикасындағы сингармонизм теориясы көп мәселенің басын ашып берді. Сингармонизмді теориялық тұрғыдан зерттеу жеткілікті. Ендігі кезекте буын артикуляциясы мен акустикасын кешенді инструментал зерттеудің нысанына айналдыру кезекте тұр. Мысалы, *қи* (*қый*), *ки* (*кйй*), *құй* (*құйй*), *күй* (*күйй*) немесе *қиын* (*қыйын*), *киін* (*кййін*), *құйын* (*құййын*), *күйін* (*күййін*) деген т.б. сөдердің буын құрамын сингармонизм тұрғысынан сипаттап шығу тек дауысты дыбыстарға байланысты болмау керек. Сингармонизмнің артикуляциялық белгісі ауыз қуысындағы тілдің көлденең және еріннің езулік-еріндік қалпына қатысты десек, онда буынды бөліп-жармай, бүтін буынның тіл мен ерін артикуляциясын яғни "буын артикуляциясын" сипаттап шығу керек.

Қорытынды. Жалпы, лингвистикалық, сондай-ақ түркологиялық ғылыми әдебиеттерге сүйенетін болсақ, қазақ тіліндегі буын құбылысын сингармонизмнен тыс зерттеуге болмайды деп жорамал жасаймыз. Себебі буын, оның дыбыс құрамы, дыбыстардың үндесім құрамы, ең бастысы, буын жігін табудың әдісі сингармонизм арқылы шешілуге тиіс. Тіл құрамындағы басты бірліктердің бірі ретінде буынның тіл құрылымында алатын орны ерекше. Сондықтан да қазақ тілінің грамматикаларында (оқулықтар, оқу-әдістемелік, оқу құралдары) міндетті түрде буынға арналған бөлім беріліп отырса, буын жайына арналған зерттеулер де жоқ емес, өзге ұлт мектептеріне арналған оқулықтарда буын жайлы мәліметтер бар. Алайда қазақ тілі грамматикалары мен өзге де сол саладағы еңбектерде буынның құрылымы мен дыбыс құрамы ғана сөз болып келді. Ал зерттеу еңбектері болса, негізінен, буынның акустикалық белгілерін сипаттауға арналды. Сөйтіп, буынның артикуляциялық сипаты назардан тыс қалып келді. Егер кез-келген тілдік бірліктің (оның ішінде буын да бар) негізінде алдымен артикуляция жататынын ескерсек, онда буын мәселесінің шешімін артикуляциядан іздеуіміз керек болады. Ал оның акустикасы мен естілім белгілері сол артикуляциядан барып туындайтын қасиеттер екені лингвистикада даусыз дәлелденген.

Қазақ тіл біліміндегі буын проблемасы негізінен буынның құрылым түрлері мен олардың дыбыс құрамын анықтауға арналған. Ал оның фонетика-фонологиялық табиғаты, тілдегі қызметі мен буын жігі мәселелеріне көп көңіл бөлінбей келді.

Жоғарыда айтылғандай, жалпы лингвистика тұрғысынан алғанда, буын мәселесі өте күрделі лингвистикалық құбылыс ретінде әлі күнге дейін пікір-талас нысаны болып келеді. Өзге тілдердегі буын мәселесіне көптеген диссертацияларлық жұмыстармен монографиялар арналып жатыр.

Қорыта келгенде, буын табиғаты және оның шегара белгілері жайлы негізгі пікірлер осы айтылғандарға келіп саяды. Өзге де пікірлер айтқан ғалымдар бар, бірақ бәрінің негізгі мазмұны осы іспеттес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. Автореф. дис.д-ра филол. наук. - Алма-Ата, Институт Языкознания. 1988. - 58 с.
- 2 Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы.Абзал-ай. 2018. - 368 б.
- 3 Кайдарова Г. Қазіргі қазақ тілі (фонетика) курсы бойынша теориялық және практикалық сабақтардың мазмұны. Оқу құралы, - Алматы. 2015. -129 б.
- 4 Исаев М.К. Фонетические особенности английской речи казахов. - Алматы. КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2004. – 352 с.
- 5 Назбиев Ж. Сингармонические сегменты в казахском языке. Автореф.дис.д-ра филол. наук. - Алматы, 1998. - 57 с.
- 6 Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – Москва: Высшая школа, 1979. – 312 с.
- 7 Ерғалиев.Қ.С. І.Кеңесбаевжәне қазақ тілінің дыбыс жүйесі, монография. - Павлодар.ПМПИ баспасы. 2014. - 120 б.
- 8 Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков- Москва. Наука. 1988. - 208 с.
- 9 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы. Ана тілі, 1992. –448 б.
- 10 Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы. Ғылым, 2010. –608 б.
- 11 Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы. Қазақ университеті, 1993. -136 б.

References:

- 1 Junisbekov A. Problemy türkskoi slovesnoi prosodii i singarmonizm kazahskogo slova. Avtoref. dis.d-ra filol. nauk. - Alma-Ata, Institut Jázykoznanía. 1988. - 58 s.
- 2 Jünisbek Ä. Qazaq til biliminiñ мәseleleri. – Almaty.Abzal-ai. 2018. - 368 b.
- 3 Kaidarova G. Qazırgı qazaq tılı (fonetika) kursy boıynşa teorıalyq jáne praktikalıyq sabaqtardıñ mazmüny. Oqu qūraly, - Almaty. 2015. -129 b.
- 4 İsaev M.K. Foneticheskie osobenosti angliskoi rechi kazahov. - Almaty. KazUMOiMÄ im. Abylai hana, 2004. – 352 s.
- 5 Nazbiev J. Singarmonicheskie segmenty v kazahskom iazyke. Avtoref.dis.d-ra filol. nauk. - Almaty, 1998. - 57 s.
- 6 Zinder L.R. Obşaaia fonetika. – Moskva: Vyssşaaia şkola, 1979. – 312 s.
- 7 Erğaliev.Q.S. I.Keñesbaevjäne qazaq tılıniñ dybys jüiesi, monografia. - Pavlodar.PMPI baspasy. 2014. - 120 b.
- 8 Baskakov N.A. İstoriko-tipologicheskaia fonologia türkskih iazykov- Moskva. Nauka. 1988. - 208 s.
- 9 Baitürsynov A. Til tağylymy. – Almaty. Ana tılı, 1992. –448 b.
- 10 Jūbanov Q. Qazaq tılı boıynşa zertteuler. – Almaty. Ğylym, 2010. –608 b.
- 11 Myrzabekov S. Qazaq tılı fonetikasy. – Almaty. Qazaq universiteti, 1993. -136

МРНТИ 16.21.51

Қасым Б. Қ.¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «КӨЗ, КӨРУ» АТАЛЫМДАРЫН КОГНИТИВТІ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздерді алып қарасак, олардың барлығы да белгілі бір тілдік жүйеде қызмет атқарады. Алайда тілдік бірліктердің өзара арақатынасынан және күрделі құрылымнан тұратындығы анық. Сондықтан сөз мағынасы, семантикасы, тілдік қолданыста прагматикалық белгілі мақсатқа қарай өзгеріске түсіп, қызмет атқарады. **Семантика-когнитивті модель** – тілде шындық болмысты бейнелеп, лексикалық бірліктер ортақ семантикалық компонент негізінде әр түрлі жүйелі семантикалық қатынастармен (фреймдік құрылым, синонимиялық қатар) және өріс өзегімен (ядро) байланысып жатқан сөздер тобы. Сөздер ортақ семантикалық белгіге ие болып, лексика-семантикалық парадигма құрайды. Семантикалық өріс лексикалық-семантикалық топтарға қарағанда неғұрлым кең *тектік* (гипонимия) ұғымдарды топтастырады. Сонымен тілдегі «*көз, көру*» аталымдарынғы менталды тілдік бірлік, когнитивті модель тұрғысынан және семантикалық-когнитивті құрылымын зерделеу, дамуы туыстас түркі тілдерімен ұқсас жақтарын салыстыра зерттеуге негіз болары бүгінгі таңда өзекті мәселе. «*Көз, көру*» аталымдарын тілдік бірлік ретінде теориялық аспектіде зерделеуге арналған еңбектерге жасалған шолу қазіргі ғылыми парадигмада осы тілдік бірліктерді қарастырудың қажеттілігін білдіреді. Барлық түркі тілдерінде *көру* етістігінің қолданыс аясы мен семантикалық өрісі кең.

Түйін сөздер: когнитивті модель, менталды етістіктер, семантикалық өріс, фрейм, мән, мағына. сема, семантика

Kassym B..¹

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

COGNITIVE-SEMANTIC ANALYSIS OF THE NOMINATION "EYE, TO SEE" IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract

The article examines the role of word formation semantics for cognitive language research, for studying the cognitive model, the picture of the world. Based on the material of the modern Kazakh language, a semantic and cognitive analysis of etymologically related Turkic languages with the root: КӨЗ, КӨРУ is carried out. Semantics plays an important role in the nominative process, which captures the peculiarities of human perception of the world, the specifics of the cultural and historical experience of a given nation. Cognitive-semantic models formed by these verbs represent cognitively highlighted fragments of the surrounding reality, fixed in the human mind. In derived words (motivated on a given synchronous slice of the language, preserving their internal form), such conceptual information is expressed explicitly. The analysis revealed the specific semantic features of these verbs, including fixing and active perception. As you know, in all languages, the semantic spectrum of the verbs of visual perception is wider than that of other verbs of perception, because “it is visual perception that is the most active way of understanding and understanding the world.

Keywords: cognitive model, mental verb, semantic field, frame, meaning, meaning, seme, semantics

Қасым Б.Қ.¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

КОГНИТИВНО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ НОМИНАЦИИ «ГЛАЗ, ВИДИТЬ» В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация

В статье рассматривается роль семантики словообразования для когнитивных исследований языка, для изучения когнитивной модели, картины мира. На материале современного казахского языка проводится семантико-когнитивный анализ этимологически родственных тюркских языках с корнем: КӨЗ, КӨРУ. Семантике принадлежит важнейшая роль в номинативном процессе, запечатлевающим особенности человеческого мировосприятия, специфику культурно-исторического опыта данного народа. Когнитивно-семантические модели, формируемых данными глаголами, представляют когнитивно выделенные фрагменты окружающей действительности, фиксируемые в сознании человека. В производных слов (мотивированных на данном синхронном срезе языка, сохраняющих свою внутреннюю форму) подобная концептуальная информация выражена эксплицитно. В ходе анализа выявлены специфические семантические особенности данных глаголов, в том числе фиксирующие и активное восприятие. Как известно, во всех языках у глаголов зрительного восприятия семантический спектр шире, чем у остальных глаголов восприятия, потому что «именно зрительное восприятие является наиболее активным способом осмысления и понимания мира».

Ключевые слова: когнитивная модель, ментальный глагол, семантическое поле, фрейм, смысл, значение, сема, семантика

Кіріспе. Қазіргі таңда ұлттық тіл білімінде когнитивті-семантикалық талдау сөздің табиғатын ашатын, оны тек лингвистикалық аспектіде ғана емес, адам ойлауы мен танымына қатысты кешенді жан-жақты қарастыратын әрі қазақ тіліндегі тілдік бірліктерді ұлт болмысын көрсететін, оның әрі қарай дамуына үлес қосатын іргелі зерттеу еңбектері қажет. Осымен байланысты тіл білімінде ғылыми зерттеулер бірнеше әдістер мен бағыттарда зерттелуде. Әсіресе тілді саралау екі бағытта қарастырылып келеді: бірі – тілді кешенді (*когнитивтік, логикалық, психолингвистикалық, философиялық бағыттар* т.б.) сабақтастықта зерттеу; екіншісі – дәстүрлі грамматиканың заңдылықтарына сүйене отырып, тілдің құрылымдық жүйесін терең және тіл табиғатынғы ұлттық ерекшелікерді толық ашып көрсету мақсатында тілдік бірліктердің тұлғасы мен мән, мазмұндық табиғатын, оның арақатынасын ішкі заңдылықтарын зерделеу, талдау. Лингвистикадағы функционалдық, коммуникативті-прагматикалық т.б. жаңа бағыттар тілге даму тұрғысынан қарап, тіл құбылысын қозғалыста танып білуді көздейді. Тілді қозғалыста танып білу – тілдің өзін, оның бірліктерін адамдардың өзара қарым-қатынасында, байланыстық үрдісте қарастыру. Соның нәтижесінде тілдің мүмкіндіктерін, атқаратын қызметін толық анықтауға мүмкіншілік туады.

Сөздің семантикасын зерттеу көп уақыт бойы жеке сөздерді мағынасын зерттеумен шектеліп келді. Өткен ғасырдың ортасынан бастап ғалымдар сөзді жеке қарастыру дұрыс емес екенін, жеке сөздер мағынасы мен формасы жағынан бір-біріне туыс сөздермен бірігіп, сөздердің топтарын немесе өрісін құрастыратынын, сөздің мән-мәнісін білу үшін оның құрамын бір-бірінен жеке алып қарастырмай, ортақ мәннің төңірегінде талдауды ұсынды.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздерді алып қарасак, олардың барлығы да белгілі бір тілдік жүйеде қызмет атқарады. Алайда тілдік бірліктердің өзара арақатынасынан және күрделі құрылымнан тұратындығы анық. Сондықтан сөз мағынасы, семантикасы, тілдік қолданыста прагматикалық белгілі мақсатқа қарай өзгеріске түсіп, қызмет атқарады. Тілдің басты арқауы, тірегі – сөз. Сөз, сөйлем адам ойын жеткізудің, айтудың негізгі құралы. Тіл – әлеуметтік құбылыс. Сөздің мағынасын білу, түсіну, оны орынды қолдану – тілдік жүйенің заңдылықтарын түсіну деген сөз, яғни сөйлеу әрекетін жүзеге асыратын негізгі құрал, қор. Осымен байланысты ғасырлар бойы үздіксіз даму, жетілу үрдістеріндегі тілдің тарихи кезеңдері, оны жасаушы халықтың тарихымен, ой-санасының дамуымен, когнитивті вербалдануы, тілдік білімнің жетілуі мен сұрыпталып, екшеліп, талғап, тілдік құрылым жүйесін түсіну қажет. Бұл мәселенің таза лингвистикалық қағидалармен шешіле бермейтін тұстарын айқындау қажеттігі, бүгінгі заманауи когнитивті ғылымның тұжырым-

қағидаларына сүйену сұранысынан және семантикалық-функционалды мақсатта қолданумен тікелей байланысты.

Қазіргі таңда тіл білімінде сөздік құрамды сипаттауда тиімді және нәтижелі тәсілдердің бірі «когнитивті-семантикалық, өрістік» тәсіл, себебі бұл саралау тілді бір жүйе ретінде қарастыруға және тілдегі жүйелілікті анықтауға мүмкіндік береді. Мақала «Қазақ тіліндегі «көз», «көру» аталымдарының когнитивті-семантикалық моделін» сипаттау мәселесіне арналған.

Көз тірек сөзінің мазмұндық құрылымын анықтауда когнитивті-семантикалық талдау әдісі: бағалауыштық, сезімдік т.б. компоненттер қолданылады.

Әдістеме. *Мақаланың теориялық және методологиялық негіздері.* А. Байтұрсынұлы сөзді өнер деп танып, оған мынадай анықтама береді: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау» (*Курсив* – Б.Қасым) [1, 343 б]. А. Байтұрсынұлының осы тұжырымдамасынан қазіргі лингвистикада қарастырылып жүрген когнитивті бағытты дәлелдеп, анықтайды. Жоғарыдағы айтылған ойлардан тіл бірліктерін талдауда, зерделеуде халықтың таным үрдісі негізге алынатыны айтылады. Ойдағы, қиялдағы, көңілдегі нәрсені тілмен жеткізу қиын екенін көрсетеді. Сондықтан сөзді жасап, оның мән, мағынасын түсіну, тану басты шарт екенін түсінуге болады.

Тіл білімінде таным теориясы тұрғысынан қарастырған: Дж. Лакофф, М. Джонсон, А.Н. Баранов, Ю.Н. Караулов, А.П. Чудинов т.б.; менталді құрылымды тілдік және сөйлеу жағдаят құралдарымен анықтау: С.Г. Воркачев, В.В. Колесов, В.А. Маслова, З.Д. Попова, И.А. Стернин, Ю.С. Степанов; лексика семантикалық өріс тұрғысынан: И. Трир (I.Trier), В. Порциг (W.Porzig), С. Ульман (S.Ulmann), Л. Вайсгербер (L.Weisgerber), А. Мартине (A.Martinet), когнитивті бағытта: А. Вежбицкая, Н.Н. Болдырев, Е.С. Кубрякова, Р.М. Фрумкина; семантика жағынан: Ю.Д. Апресян, Л.Г. Бабенко және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынып, талдаудың теориялық және методологиялық негізі ретінде пайдаланылды.

Сөздер ортақ семантикалық белгіге ие болып, лексика-семантикалық парадигма құрайтыны белгілі. Лексикалық парадигма ретінде жалпы мағынасы бойынша біріккен бірнеше сөздердің жиынтығы түсініледі. Лексика-семантикалық топтың мүшелері арасындағы парадигматикалық байланысты анық көру үшін ғалымдар компонентті талдау әдісін жиі қолданады. Бұл әдіс бойынша сөз мағыналары бірнеше ұсақ бөліктерден – семалардан тұрады деп есептейді.

Е.С. Кубрякованың тұжырымдамаларынан, тіл біліміндегі когнитивтік бағыт тілді жаңа тұрғыдан қарастыруға, оны қабылдау, зейін, жады, сана, ойлау т.б. таным қабілеттерін негізге ала отырып, тіл жүйесінің құрамдас бөліктерін және олардың арақатынасын кешенді интерпретациялауға, когнитивті құрылымның негізгі белгілерін зерделеуге мүмкіндік береді [1, 328]. Бұл қажеттілік тіл білімінде когнитивтік теорияның, когнитивті семантиканың қалыптасуына әкелді.

Қазіргі уақытта сөзді (концептті) зерттеудің бірнеше әдістер пен бағыттар пайда болды. Мысалы, *логикалық бағыт* – Н.Д. Арутюнова, [2]; *психоллингвистикалық бағыт* – А.А. Залевская [3], *философиялық бағыт* В. Колесов, [4]. Тілшілердің ғылыми еңбектер төңірегінде *концептуалды талдаудың (анализдің)* әр түрлі бағыттары қарастырылады. Ондағы мақсат *айырым* (дифференциалды) белгілердің моделдеуіне қолдануға келетін концептуалды анализдің әдістемесін анықтау.

Менталді етістіктердегі когнитивті модель – тілдегі іс-әрекеттің мәнін когнитивті аспектіде зерделеуде, саралауда назарға алынудағы ғылыми ұғым *Менталды етістіктер* (сөздер) – субъектінің (жеке адамның) тілдік бірліктер туралы ілімін көрсететін, сонымен қатар тілдік бірліктермен байланысты экстралингвистикалық және өмір тәжірибесіндегі білім деңгейін танытатын күрделі қызметтерді орындайтын жүйе. Менталді етістіктерде орын алатын түрлі үдерістердің, когнитивті тетіктердің сипаты, ерекшеліктері мен қызметі – тілдегі семантикалық мән-мазмұнына тікелей ықпал ететін факторлар. Өйткені етістіктердегі мағына мен семантиканың дамуы мен қалыптасуына, тіл жүйесінде орнығуында ерекше қызмет атқаратын тілдің ішкі мәні мен әлеуетін тіл иесінің тілдік бірліктерді қабылдауы, танып-түсінуімен сабақтастыра қарастыру – құрылымдық және когнитивті өлшемдердің арасқатынасымен анықтауға, саралауға мүмкіндік береді. [5, с.24]. Демек, менталді етістіктердің құрылымы, біріншіден, белгілі бір ұлттық тілдің ішкі жүйесі – сөздік қордың ерекше баламасы ретінде, екіншіден, адам миына, оның интеллектісіне, адам жадына тән

жалпы кеңістіктің бөлшегі ретінде анықталады. Когнитивтік семантикада сөз мағынасы – адамның ақыл-ойымен байланысты *менталды процестері* → *когнитивті модельде* ерекше көрінеді.

Өріс теориясы қазіргі тіл біліміне лексикалық топтарға немесе парадигмаларға қатысты қолданылып жүр. Тілдік өрісті біраз ғалымдар (Л. Вейсгербер, А.А. Уфимцева, В.И. Кодухов және тағы басқалары) лексика семантикалық топ түрінде түсіндіреді, бірақ олардың бәрі өрісті ЛСТ деп атамайды. Өріске арналған ғылыми еңбектерде оның бірнеше қолданысын көрсетуге болады: парадигмалық өріс (И.Трир, Э.Косериу), синтаксистік өріс (В.Порциг, Л. Вейсгербер), грамматикалық өріс (В. Адмони), лексика-грамматикалық өріс (Э.В. Гулыга, Б.И. Шендельс), лексика-семантикалық өріс (М.Оразов, Ғ.Хасанов) функционалды-семантикалық өріс (А.В.Бондарко, З.Қ.Ахметжанова), сөзжасамдық өріс (Н.И.Букетова, Б.Қасым), лексика-фразеологиялық өріс (Е.А.Ножин, В.П. Жуков, Г.Смағұлова) және т.б.

И.М.Кобозева «Лингвистическая семантика» атты еңбегінде «семантикалық өріс деп айқындалатын құбылыстың ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастықтары мен мазмұнының жалпы болуымен біріктірілген тілдік бірліктер жиынтығын» айтады. Автордың пікірінше семантикалық өріс төмендегі қасиеттерге ие:

- 1) сөздердің белгілі бір семантикалық қатынастарға түсуі;
- 2) осы қатынастардың жүйелілігі;
- 3) лексикалық бірліктердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігі;
- 4) өрістің дербестігі;
- 5) өрістің ұғымдық сипатын таңбалаудың тұрақтылығы;
- 6) семантикалық өрістің бүкіл лексикалық жүйедегі өзара байланыстылығы [6, с 99.].

Ю.Н.Караулов та семантикалық өрістің төмендегідей қасиеттерін ажыратады:

- 1) өріс құрамындағы бірліктердің бір-бірімен байланыстылығы;
- 2) бұл байланыстардың жүйелілігі;
- 3) өріс бірліктерінің бір-бірін анықтауы;
- 4) өрістің дербестігі;

өрістің түрлі тілдердегі өзіндік ерекшелігі [7, с.61].

Ғ.Хасанов «Семантикалық өріс» атты мақаласында семантикалық өрісті жан-жақты қарастырады. Семантикалық өріс дегеніміз не деген сұраққа жауапты автор Ю.Н. Карауловтың еңбектерінен табады. Осы ғалымның еңбектеріне сүйене отырып автор үш өлшемді негізді арқау ете отырып өріске берілген анықтамаларды үш топқа бөледі: 1) лексика-семантикалық жүйенің бірлігі ретінде; 2) қасиеттері бойынша; 3) ішкі ұйымдасу принциптері бойынша. Ғ. Хасанов лексика-семантикалық топтар үлкен семантикалық өріс құрайды деген пікір білдіреді [8, 27 б.].

Ю.Д. Апресиян пікірінше, тілдің сөздік құрамы ретсіз үйіліп жатқан бірліктер жиынтығы емес. Ол сөздердің мағыналық ортақтығына байланысты біріккен бірнеше өрістерден тұрады деген пікір айтады [9].

Ю.Н. Карауловтың [7] анықтауынша, лексика-семантикалық өріс *өзегімен* (ядромен) байланысты тілдегі сөздер тобы және олар өрістің шекарасын айқын анықтауға мүмкіндік береді. Лексика-семантикалық өрісті жасауға өрісте бір-бірімен белгілі бір байланысқа түсетін сөздер мағынасы тірек болуы тиіс. Тілшінің пірінше, лексика-семантикалық өрісті зерттегенде синонимдік, түр және ассоциативтік байланыстарды есепке алу қажет. Сөйтіп, *лексика-семантикалық өріс* (ЛСӨ) бір *тектік* мағынамен біріккен белгілі бір сөздер тобы (сөз тіркестері) болып табылады. ЛСӨ құрамы мағынасы жағына өріс *ортасынан* (өзегінен) әр түрлі «қашықтықта» (орталыққа жақын және шеткері аймақтар) орналасқан тілдік бірліктерден тұрады.

Нәтижелер. «Көз», «көру» әрбір тілдегі үлкен, мазмұнды, ұлттық бедері айқын негізгі аталымдардың бірі. Оның әмбебаптық та, бірегейлік те сипаты ұшантеңіз. Бейвербалды коммуникациядағы көздердің рөлі туралы да соны айтуға болады. Өйткені *көз* – өздігінен-ақ мол ақпараттың көзі. Сондықтан да ол әрқашан күрделі зерттеулердің нысанында тұрады.

Концептті талдаудағы басқа көзқарасты ұстанатын М.И. Агиенко, аталған концепттердің концептуалды белгілерін айқындау арқылы концепттерді сипаттау әдістемесін қолданады. Аталған әдістемеге орай зерттеу барысы бірнеше кезендерден өтеді:

1. концепттің сөз-атауының этимологиясы зерттеледі, сөз мағынасының тарихы қарастырылады, концепттің *уәждік белгілері* айқындалады;

2. концепттің сөз-атауының сөздік дефинициялары (анықтамалары) және синонимдік қатардағы сөздердің дефинициялары компонентті анализ әдісі арқылы зерттеледі. Нәтижесінде, сөздік дефиницияларда семантикалық компонент түрінде көрініс тапқан ұғымдық белгілер айқындалады;

3. метафоралық үйлесімділікті зерттеудің нәтижесінде пайда болған концепттің образдық белгілері айқындалады [10, с. 8].

М.И.Агиенко аталымдарды (концептті) талдаудағы концептуалды белгілерін айқындау арқылы мағыналық сипаттау әдісін қолданады. Зерттеудің барлық кезеңдерінде айқындалған концепттің белгілері топтарға құрылып қалыптасады. Осындай топтар **тектік** немесе **түрлік сипаттаманың** (характеристика) негізінде біріктірілетін белгілердің жиынтығынан құралып, концептуалданудың белгілі-бір әдісін көрсетеді. *Белгілердің* (признаки) белгілі-бір сандық қатысымын (представленность) негізінде концептті қабылдаудағы, қорытудағы *әлемнің тілдік бейнесінде* білгілі-бір когнитивті белгілердің маңызыдылығы туралы шешімдер қабылданады. Концепт зерттеулерінің мағлұматтары кестелерде белгіленіп, аталмыш концепттің барлық дефинициялары және оның синонимдері көрсетіледі [10].

Көз сөзінің (концептісінің) **этимонын** когнитивті бағытта анықтау, зерделеуде тілдік **мән** мен **мағынаны** ажырату осы сөздің даму кезеңдерін, қазіргі тілдік деңгейдегі семантикалық өрісін көруге негіз болып табылады.

Сөздің семантикасын зерттеу көп уақыт бойы жеке сөздерді зерттеумен шектеліп келді. Өткен ғасырдың орта тұсынан бастап ғалымдар сөзді жеке қарастыру дұрыс емес екенін, жеке сөздер мағынасы мен формасы жағынан бір-біріне туыс сөздермен бірігіп, сөздердің топтарын немесе өрісін құрастыратынын, сөздің мәнін, мәнісін білу үшін оның құрамын бір-бірінен жеке алып қарастырмай, ортақ мән, мазмұнның төңірегінде талдауды ұсынды. Бұл құжеттілік тіл білімінде өріс теориясының шығуына әкелді. Ол тіл білімін тың және жаңа жолға бағыттады. Осы орайда өріс теориясының негізін салушы И.Трир және оны дамытушы Л.Вайсгербер туралы айта кеткен жөн. И.Трирдің теориясы бойынша, **семантикалық өріс** дәстүрлі немесе ғылыми түрде адамзат тәжірибесімен жасалған ұғымдардың нақты шектелген саласын толық жабатын, көбіне этимологиялық жағынан байланысты емес, оның үстіне өзара тұтас сурет құрайтын мозайка тастары сияқты қатар орналасқан кездейсоқ, еркін, жеке психологиялық әсерлермен байланыспайтын сөздер жиынтығы. И. Трирдің және оның ойын жалғастырушылардың пікірінше, семантикалық өріс – қандай да бір ортақ нышандармен біріккен, яғни ортақ мағыналық компоненті бар тілдік бірліктер жиынтығы. Өрістің барлық лексемаларын *негізгі мағынамен* (архисема), лексемамен берілген *ортақ семантикалық белгі* біріктіреді [11] (*курсив* – Б.Қасым).

Семантикалық өріс ілімі туралы айтылған ой пікірлерді мойындай отырып, біраз тілші-ғалымдар оның шектелгендігін құрылымдауға онша көп көне бермейтінін атап айтады: А. Мартине, У. Вейнрейх, П. Гиро т.б. Бірақ ғалымдар лексика жүйелік құрылымдауға неге оңай көнбейді деген сұраққа ашық және толық жауап бере алмады. Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен «лексика құрылым» деген сөз тіркесінде «құрылым» немесе «жүйе» деген сөз нені білдіреді соны анықтап алу қажет болды. Өткен ғасырдың ортасында негізі қаланған өріс теориясы туралы ілім тіл білімінде әлі де қарастыратын тұстары бар. Өрісті лексика жүйесінің басты бірлігі ретінде қарастырып, оның теориялық мәселелерін жан-жақты зерттеген ғалымдар: Ю.Д. Апресян, В.Г. Гак, Е.В. Гулыга, Ю.Н. Караулов, А.А. Уфимцева т.б. Ю.Д. Апресян пікірінше, тілдің сөздік құрамы ретсіз үйіліп жатқан бірліктер жиынтығы емес. Ол сөздердің мағыналық ортақтығына байланысты біріккен бірнеше өрістерден тұрады деген пікір айтады [12]. Ю.Н. Карауловтың анықтауынша, лексика-семантикалық *өріс өзегімен* (ядромен) байланысты [7] тілдегі сөздер тобы және олар өрістің шекарасын айқын анықтауға мүмкіндік береді. Лексика-семантикалық өрісті жасауға өрісте бір-бірімен белгілі бір байланысқа түсетін сөздер мағынасы тірек болуы тиіс. Автордың пірінше, лексика-семантикалық өрісті зерттегенде синонимдік, түр және ассоциативтік байланыстарды есепке алу қажет. Сөйтіп, *лексика-семантикалық өріс* (ЛСӨ) бір тектік мағынамен біріккен белгілі бір сөздер тобы (сөз тіркестері) болып табылады. ЛСӨ құрамы мағынасы жағына өріс ортасынан (өзегінен) әр түрлі «қашықтықта» (орталыққа жақын және шеткері аймақтар) орналасқан бірліктерден тұрады.

Ғалымдардың өріске анықтама берудегі пікірлеріндегі ортақтық – лексика-семантикалық өрістің мағыналық құрылымындағы ортақ бір семантикалық компоненттің негізінде біріккен қандай да бір тақырыпты қамтитын сөздердің жиынтығынан тұруы. А.Е. Карлинскийдің де пікірі осыған жуық. Автор семантикалық өрісті лексика-семантикалық топ түрінде түсіндіреді [13, с.42]. Мәселен, М.В. Пименова *концептуалды анализдің* келесідей әдістемесін ұстанады:

1. сөздің этимонын анықтау («концепттің жазбаға дейінгі тарихын» анықтау);
2. түбірлік тобын зерттеу (аталған этимоннан құрылған сөздердің тобын зерттеу);

3. диахронияда туынды сөздердің негізгі қолданысын зерттеу (эпидигматикалық байланыстарды анықтау);

4. аталған сөздердің негізгі қолданысын синхрондық деңгейде зерттеу (синтагматикалық байланыстарды зерттеу);

5. анализге (талдауға) түсіп отырған сөз-концепттің парадигматикалық байланыстарын зерттеу;

6. көрсетіліп отырған сөзді басқа тілдердегі аналогиялық (ұқсас) сөз-концеппен салыстыру [14].

Ғалымдардың тұжырымы бойынша *когнитивті модель* туралы үш түрлі қағидаларды жинақтап көрсетуге болады (Сурет 1):



Когнитивті моделдің (КМ) лингвистикада төрт түрлі типі көрсетіліп жүр:

пропозиционалды, образды (схемалық), метафоралық және метонимиялық; адам баласының санасында ойлау механизмі мен концептуалды жүйенің құрылуы (түзілуі) арқылы сипатталады.

Дж. Лакоффтың пікірінше КМ-ді категориялау мен мағынаны сипаттауда дәстүрлі көзқарастарды пайдалану қажеттігін көрсетеді. Ол келесі тұжырымдарға негізделеді:

- концептуалды жүйе адамның тікелей қабылдауына негізделеді және қоғамдық-әлеуметтік тәжірибесіне байланысты;

- ой бейнелі: сөз (концепті) тікелей тәжірибеге негізделмеген, метафора мен метонимияны пайдалану және «менталді бейнелілік» яғни кез келген заттың тікелей бейнесі емес, сыртқы шынайылықтың репрезентациясы;

- ой гештальттық қасиетке ие, ұғымдық «құрылымдық блоктар» жалпы құрылымдық сипат бар [16] (сурет, 2)

КОГНИТИВТІ МОДЕЛЬ:

үш түрлі мағынада қолданылады

<p>Тұжырымдама: «Тіл - когнитивті үдерістердің көрінісі. Тіл мен таным когнитивті ғылымның негізі болып саналады». [Петров, Герасимов 1988].</p>	<p>сөз семантикасын түсіну моделі - табиғи тілдік деректерді өңдеу нәтижесі. сөздің семантикалық менталді құрылымы. Жекелеген жағдаят, сөйлеу барысындағы КМ құрылым, көру арқылы қабылдау [Караулов, Дейк 1989]</p>	<p>Табиғи тілдегі категориялау үдерісінің ерекшелігі [Лакофф, 1990].</p>
--	--	--

Түбірлік тобын зерттеу (аталған этимоннан құрылған сөздердің тобын зерттеу). Бұл жерде **лексикалық фрейм** – қазіргі когнитивистикада көпмағыналы (полисемантические) сөздерді түсінеміз. **Лексикалық фрейм** мәтінде өзінің семантикалық құрылымы жағынан екі деңгейге бөлінеді:

А) **терең деңгей** – заттың шындық өмірдегі **менталді бейнесін** (образ) береді (**когнитивті модель**); -

Б) **семантиканың сыртқы деңгейі** – дәстүрлі реалийде нақты сөздің қолданыс табуы.

Диакронияда туынды сөздердің негізгі қолданысын зерттеу (эпидигматикалық байланыстарды анықтау).

Талқылау. Сөз-атаудың (концептің) этимологиясы зерттеледі, сөз мағынасының шығу тарихы қарастырылады, концептің уәжділік белгілері айқындалады.

КӨЗ *глаз*: *körür közüm körmaz teg...* – зрячие глаза мои.. словно ослепли (КТб) *künka bağsa köz qaṭar* – если смотреть на солнце в глазах рябит (МК I) [ДТС, 320].

Академик Ә.Қайдар түбірдің құрылымы мен оның бірнеше мағынасын мына тұрғыда қарастырады: «**Көз** [köz] 1) *глаз, глаза* (человека и животных), *око*; 2) *перен. исток, источник, начало* (ручья, богатства, знания и др.); 3) *ушко, отверстие, глазок* (иголки, кольца и др.)»[15, 227].

ГӨЗ турк., тур., тур.диал., аз., гаг., кум., **гөз'** ктат., кар.к., кум.; **köz** уйғ.диал.; **qüz** сал.; **qoz** сал., кум.хак., саг. **күс** тат.диал., **күс** чув.

1. **А. Глаз(а), око** (в анатомическом и общеупотребительном значениях); *глазок* – аз., гаг., кир., каз., ног., уйғ.диал., алт., чув. **Б. Отверстие** – турк., аз., каз., ног., алт., чув; *окно* – тур.диал., кум.; *окошечко* – кум.диал.; *раствор* – аз.; *дырочка, дыра* – турк., аз., алт., алт.диал., чув. **В. Ушко** – турк., тур., кир., каз., ног., ккал., баш., сал., хак.; *петелька* – кир., баш., чув.; *петля силка* – кир.; *узел основы* – чув.; **Г. Источник, родник, ключ** – тур., аз., каз., ног., уйғ., уйғ.диал.; *исток ручья* – аз., каз.; **Д.** зерно – Буд.; *крошка, крупинка* – тат.диал. **Е. Польшня, места с открытой водой среди болота** – тат.диал.;

2. *Взгляд* – кум., ног., уз., алт., алт.диал., сал., чув.; *взор* – аз., кум., ног., уз., чув.;

3. *Зрение* – турк., ног., баш., алт., алт.диал., сал., чув., хор., *восприятие*

4. *Глазной* – турк., гаг., кум., уз.; *оптический* – гаг.;

5. **А. Часть целого** (почка листьев, ушко иголки, поставка мельницы); *один из мелких предметов*; **Б. Отделение** – турк.; *отделение* (шкафа, стола и проч.) – тур., аз.; *закрома в амбаре* – гаг.; *сусек, секция, отделение в зернохранилище* – гаг.; *комната* – тур.диал.; *ячея* – турк., ног., баш., чув; *очок* (улья) – алт., алт.диал.; *надвижной ящик* – тур., аз.; *полка* – тур., аз.; *звено* – чув.; *часть оконного переплета* – гаг.;

6. *Чашка весов* – тур., аз., *одна половина переметных сум* – кир.;

7. *Арка, пролет* – тур., аз.;

8. *Яма, бассейн* – тур.;

9. *Сама вещь* – кир-каз.;

10. *Масть (в картах)* – алт., алт.диал.;

11. *Сторона, конец* – TS;
12. *Лучшее создание, венец создания* – аз.;
13. *Фунт* – алт.диал.; [ЭСТЯ; 60-61].

Ежелгі көне ескерткіштердегі мәтіндегі деректерде *көз* мағынасы ғана сақталған болса, басақа көне және ортағасыр ескерткіштеріндегі мәтіндегі деректер көп жағдайда мағынасы белгісіз, тек дереккөз ретінде көрсетілген. Сонымен қатар *көз* сөзі лексикаланған тіркес ретінде мәтінде жиі қолданыс тауып, мына етістіктермен көбірек тіркескен: **ач-, аларт-, ыз-, йару-, кыл-, кемиш-** және осыған ұқсас барыс септігімен тіркескен **көзке**, күрделі сөз түрі: **көз қарақ** және т.б. кездеседі.

Э.В.Севортян: «Кроме имени *гөз* ~ *көз* ...реален, по-видимому, также омоформный глагол, который выявляется из следующих своих производных: тур.диал. **göze** – **göz-e** – родник, фонтан, протока; **gözen** – родник, **gözmek** – фонтан, маленькая дыра, **көз-мәх** дыра, ноздри вз.диал., **күз-мәк** отверстие в стене конюшни для сбрасывания навоза аз.диал.; **гөз-әк** петля аз.диал.; **güz-el** – кружок вокруг глаз животных сюг.; **közer** – показывать; **köz-ün** – показываться, виднеться, казаться;» дқи тарихи деректерді келтіреді [ЭСТЯ, 61].

ГӨЗ-КӨЗ түбірінен тараған туынды сөздердің көбісі түбірдегі негізгі ортақ мағынаны сақтай отырып өрбіген:

-(ы)к – көрсеткішімен қалыптатасқан медиалды етістік (Медиальный глагол с показателем -(ы)к -):

Белгілі түркітанушы Э.Севортян **көз** сөзінің түркі халықтарының тілдерімен салыстыра отырып, тарихи шығу тегі мен түбірлес сөздердің мағыналарын, қалыптасуын көрсетеді: «*Гөз-үк* – турк., тур., гаг., кум. *Көзүк* – кир., уйг., алт., алт.диал.; *көзүк* – ккал., *козүк* – ул., *кезүк* – кар.г., *күзік* – баш. – со значениями *показываться турк., гаг., кум., *gözükme* (тур.) [ЭСТЯ, 62-63].

гөз сөзінің **-ла-** сөзжасамдық жұрнағы арқылы қалыптасқан туынды етістіктер: «...от *гөз* в его основном значении «глаз»: *гөз-ле* – турк., тур.диал., *гөзлә* – гаг., *көсте* – алт.диал., хак.; *көстө* – алт., алт.диал., *күсте* – алт.диал., *кезле* – кар.г., *қусла* – чув. – со значениями наблюдать, смотреть, турк., кар.г., алт., алт.диал., чув. *Gözlemek* – тур., *gözde* – тур.диал.» [ЭСТЯ, 62-63]. Қазақ тілінде: *байқау, бақылау, қарау* т.б.

3. **гөз-көз** сөзіне **-анақ** сөзжасамдық жұрнақ арқылы объектіні немесе қимылдың орнын (места действия) білдіретін зат есімдер мен етістіктер жасалған. «***көз-**, о котором говорилось выше: *Гөзенек* – турк., тур. диал., *гозенәк* – уз. диал., *көзенек* – ног., хак., тув., *көзенәх* – аз. диал., *козәнәк* – уз., *көзнәк* – уйг. диал., *козинек* – алт., алт.диал., *көзүнек* – алт.диал., *көзөнөк* – кир., *көзнөк* – алт., *күзәнәк* – тат., баш., *күсәнәк* – тат. диал., *küzlük* козилик – алт. диал., *гөзелдирик* – кум. (словообразовательный аффикс **-(х)лдырык**) – со значением «очки» во всех источниках, кроме турк. и Van: «наглазные повязки» (для лошадей) турк., «бдительный» Van. и ряд отдельных значений по языкам. Кроме приведенных от основы **гөз-көз** образовался также ряд других производных» [ЭСТЯ, 62-63]. Басақада туынды сөздердің, тілдік бірліктердің жасалуына бұл сөздер негіз болған.

• Аталған сөздердің негізгі қолданысын синхрондық деңгейде зерттеу (синтагматикалық байланыстарды зерттеу).

- Анализге (талдауға) түсіп отырған сөз-концептің парадигматикалық байланыстарын зерттеу;
- Көрсетіліп отырған сөзді басқа тілдердегі аналогиялық (ұқсас) сөз-концеппен салыстыру [14].

КӨЗ 1. Адамның, жан-жануардың көру мүшесі. 2. Заттың жіп я басақа да бір нәрсе қткізетін тесігі. 3. Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы. 4. Бір нәрсенің нақты өз басы. 5. Өткеннен қалған нәрсе; біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ. 6. **Ауысп.** Ақыл, ес, сана. **Көз айырмады (жазбады, алмады, аудармады)** – қадалып көп қарады, тесіле қарады. **Көз байлаушы (баяушы)** – арбаушы сиқыршы, фокус көрсетуші. **Көзге көрінді** – жұрт көзіне түсті, ауызға ілікті. [ҚТТС, 404]. **Көз қысты** – көзімен белгі берді, кедісім білдірді. **Көзін сатты** – телміріп қарады. **Көзі жайнады** – қуанышқа бөленді, жаны рахат тапты [ҚТТС, 405].

КӨЗ 1. көру мүшесі. Алғашқыда олар маған ұнап жүрді, *Көзінің* көктігімен, бетінің ақтығымен, мүләйім қылығымен – көбінесе жаңалығымен... (Ж. Аймауытов, Шығ.). алпыс бала ата деп Алдыңа түсіп бастаса, Тәңірі нұрлы жаратқан Маңдайдағы *көз* болмас (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** анат. «лат. *oculus*» *Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше.* Адам және омыртқалы жануарларда *көз* – жұп мүше [ҚҰЭ]. Көздің анатомиялық қалыпты құрылысына атаулар: *көз алмасы (ағы), бұлшығы, қалтасы, пердесі, қылауы,...* (Ж. Бабалықұлы, Төрт түлік). **3.** ауыс. *әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі ашекей.* Қазақстанның Орталық музейінде сақталған бір ғана әйел ерінің өзінде отыз бір *көз* орнатылған (Х. Арғынбаев, Каз. ер-тұрман.). Сақиналар да өрнектеліп, тастан *көз* орнатылып

әсемделеді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **4.** ауыс. *Нәрсенің өзі.* Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға, Бермек болған айғырдың көзі қайда? Көзді көрсен – бересің, тайсаң – танып Алдамшы атанғанның несі пайда? (Абай, Тол. жин.). Германияның бұл қылығы Европа көзіне кем кешілмес зор кінә (Ә. Бөкейханов, Шығ.). **5.** ауыс. *Адам, жан. Көздер бар, мені көрсе жылымайтын, Соны да сезгендеймін бүгін айқын...* (Т. Молдағалиев, Шақырады). **6.** ауыс. *өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе.* Хас батырдың көзі еді қара жорға, Қара жаудың астында ойнап кетті (М. Мақатаев, Шығ.). Кәріңе де, жасыңа да ие бол, Осы жердің енді қалған көзісің!... (С. Жиенбаев, Алтын қалам). **7.** ауыс. *Ақыл, ес, сана.* Білімдіден шыққан сөз Талаптығы болсан кез Нұрын, сырын көруге Көкірегінде болсын көзі (Абай, Таңд.жин.). **8.** ауыс. *Жемістің өніп шығатын жері, бүртiк кiндiгi.* Мария өстіп налып жүргенде, академик Лысенконың картоп көзін қалай егіп өсіруге арналған мақаласы газетке жарияланды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). **9.** ауыс. *Иненің жіп өткізетін тесігі.* Кесте тігетін инелер молтақ, көздері кең болғаны жөн (С. Қасиманов, Қаз.қолөнері). **10.** ауыс. *Кереге және торлы заттардың тесігі.* Керегенің босаға жағындағы көздерін пайдаланатын болған (С. Қасиманов, Қаз.қолөнері). сол сәт аудың бір көзі шортанның желбезегіне киіліп қалды (А. Сарбөпин, Ала қарға). **11.** ауыс. *Белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры.* Май алмасу жөнінде өте мәнді мәселенің бірі – денеге май болып бітетін майдың қайдан алынатын көзін білу (Т. Күлтебаев, Қой төлі). **12.** ауыс. *Алды, көз алды.* Дұшпанның көзінде болсаң да, көңілінде болма (Мақал-мәтел). **13.** ауыс. *Бұлақтың су қайнап шығып жабқан жері, қайнар тесігі.* Бұлақтың көзі шыққан қайнар жері Бұрқылдап аспанға атып тұр шымырлап (О. Шипин, Дастан). Ол екі қолымен жер тірей еңкейіп, көз суынан ғана ішті (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл.). **14.** ауыс. *Тұрғы, көзқарас, ұстаным.* ...Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек (М. Дулатов, Шығ.). (ҚТӘС, 173-174).

Концепттің сөз-атауының сөздік дефинициялары (анықтамалары) және синонимдік қатардағы сөздердің дефинициялары компонентті анализ әдісі арқылы зерттеледі. Нәтижесінде, сөздік дефиницияларда семантикалық компонент түрінде көрініс тапқан ұғымдық белгілер айқындалады.

КӨЗ 1. *Адамның, жан-жануардың көру мүшесі.* Бадана көз (Ит, бота, қарақат, көк). 2. *Заттың, я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі.* Иненің тесігі, керегенің тесігі, аудың тесігі. 3. *Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы.* Байлықтың сарқылмас көзі, бұлақ көзі. 4. *Бір нәрсенің нақты өз басы.* Көзі тұр ғой, айтсын (Тілегенов). 5. *Өткеннен қалған нәрсе, біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ.* Әкесінің көзі, ескіден қалған көз. 6. Ауыс. *Ақыл, ес, сана.* Нұрын, сырын көруге, көкірегінде болсын көз (Абай). *Көз алартты* – қарсылық білдірді, сұс көрсетті. *Көз байлады* – алдып арбады, сиқырлады. *Көзге күйік болды* – көзге шыққан сүйелдей болды, жексұрын көрінді. *Көз жазып қалды* – қапелімде айрылып қалды, жоғалтты. *Көз тартады* – көңіл аудартады, қылықтырады [ҚТС, 319].

КӨЗ сөзінен туынды сөздер:

Көзайым: көзайым болды (етті) – сағынған, күткен адамы келіп, қуанышқа бөленді. *Көзәйнек:* көзге тиетін көзілдірік. *Көзбе-көз:* бетпе-бет, жүзбе-жүз. *Көзгелдек:* жерг. *Көздей* ғана кішкентай ыдыс. *Көзде:* 1. Нысанаға алып дәлдеу, 2. Белгілі бір нәрсені мақсат ету. *Көздей:* кіп кішкентай, өте шағын. *Көзді:* 1. Көзі бар, 2. Суы мол, 3. Ауыс. Білімпаз, көзі ашық. *Көземел:* иненің бір түрі. *Көзеші:* көзе жасаушы шебер. *Көзқарас:* ой-пікір, түсінік, т.б. *Көзтана,* көзтесік: сығалап көру үшін жасалған есіктегі кішілеу дөңгелек тесік. *Көзше:* сабақ пен жапырақтың біріккен жердегі жанама бүршік, қолтық бүршік. *Көзілдірік:* көзге киетін екі әйнекті оптикалық аспап. *Көзіңше:* көзіне көрсетіп, ашықтан-ашық, көзбе-көз. [ҚТС, 320].

КӨЗ 1. *Адамның, жан-жануардың көру мүшесі.* 2. *Заттың жіп я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі.* 3. *Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы.* 4. *Бір нәрсенің нақты өз басы.* 5. *Өткеннен қалған нәрсе; біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ.* 6. Ауысп. *Ақыл, ес, сана.* **Көз айырмады (жазбады, алмады, аудармады)** – қадалып көп қарады, тесіле қарады. **Көз байлаушы (баяушы)** – арбаушы сиқыршы, фокус көрсетуші. **Көзге көрінді** – жұрт көзіне түсті, ауызға ілікті. (ҚТТС, 404). **Көз қысты** – көзімен белгі берді, кедісім білдірді. **Көзін сатты** – телміріп қарады. **Көзі жайнады** – қуанышқа бөленді, жаны рахат тапты [ҚТТС, 405]. **Көзайым болды:** жолаушылап кеткен, зарыға күтіп отырған адамы келіп қуанды, масайрады, көңілі тыншыды. Балам, дені-қарның сау ма, Айнұр байғұсты әбден сағындырып едің, баласы келіп көзайым болған екен ғой. (А.Хангелдин). **Көз алартысты.** *Өштесті, жауласты, аңдасты.* Я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па? (Абай). **Көген көз.** *Өңкей қыршын, өрім жас, көгендегі төлдей жас.* Көген көзді қосақтап, Қалай қиып береміз (Жамбыл). **Көз байлады.** *Алдап, арбады.* Түн, бұғау, алдау, арбау, дін, шарифат, қан құйып, халық көзін байлауменен (Жамбыл) [ФС, 323-324].

Проф. БҚасым *метафора* құбылысын тілдік тұрғыдан зерделеп, лексикалық бірліктердің қалыптасуы мен жасалуын дәлелдей келе, *метафоралық үйлесімділікті* зерттеудің нәтижесінде пайда болған образдылық белгілері аталымдарда айқындалады [18]. Талдаудың барлық кезеңдерінде айқындалған тілдік бірліктің белгілері топтарға жіктелеп, топтасып құрылып қалыптастады. Осындай топтар **тектік** немесе **түрлік** сипаттаманың (характеристика) негізінде біріктіретін белгілердің жиынтығынан құралып, *концептуалданудың (концептуализация)* белгілі бір әдісін көрсетеді. *Белгілердің (признаки)* белгілі бір сандық қатысымның (представленность) негізінде тілдік бірліктің қабылдаудағы, қорытудағы *әлемнің тілдік бейнесінде* білгілі бір когнитивті белгілердің маңызыдылығы туралы шешімдер қабылданады. Сөздің семантикасын саралауда мағлұматтары *кестелерде* (таблицааларда) белгіленіп, аталмыш тілдік бірліктің (**КӨЗ**) барлық дефинициялары және оның синонимдері көрсетіледі:

Кесте-1

№	ДТС	Э.Севортян	Ә.Қайдар	ҚӘТС	ҚТТС	ҚТС
1	<i>глаз:</i> kürür közüm körmaz teg... (МК I) [ДТС, 320].	А. Глаз(а), око (в анатомическом и общеупотребительном значениях; <i>глазок</i> – аз., гаг., кир., каз., ног., уйг.диал., алт., чув. Б. <i>Отверстие</i> – турк., аз., каз., ног., алт., чув; <i>окно</i> – тур.диал., кум.; <i>окошечко</i> – кум.диал.; <i>раствор</i> – аз.; <i>дырочка, дыра</i> – турк., аз., алт., алт.диал., чув. В. <i>Ушко</i> – турк., тур., кир., каз., ног., ккал., баш., сал., хак.; <i>петелька</i> – кир., баш., чув.; <i>петля силка</i> – кир.; <i>узел основы</i> – чув.; Г. <i>Источник, родник, ключ</i> – тур., аз., каз., ног., уйг., уйг.диал.; <i>исток ручья</i> – аз., каз.; Д. <i>зерно</i> – Буд.; <i>крошка, крупинка</i> – тат.диал. Е. <i>Польня, места с открытой водой среди болота</i> – тат.диал.;	1) <i>глаз, глаза, ока</i>	<i>көру мүшесі.</i>	1. Көзбен байқау, бағдарлау, байыптау	1. <i>Адамның, жан-жануардың көру мүшесі.</i>
2		<i>Взгляд</i> – кум., ног.,; <i>взор</i> – аз., кум.,	2) перен. <i>исток, источник, начало (ручья, богатства, знания и др.)</i>	2. анат. «лат. oculus» <i>Адамда, омыртқалы жануарларда және омыртқасыз жануарларда</i>	2. Қарау, көзбен шолу;	2. <i>Заттың, я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі.</i>

				<i>жарық әсерін қабылдайтын мүше.</i>		
3		<i>Зрение – турк., ног., баш., алт., алт.диал., сал., чув., хор., восприятие</i>	<i>3) ушко, отверстие, глазок (иголки, кольца и др.)</i>	3. ауыс. <i>әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей.</i>	3. Бастан кешу;	<i>3. Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы.</i>
4		<i>Глазной – турк., гаг., кум., уз.; оптический – гаг.;</i>	-	4. ауыс. <i>Нәрсенің өзі.</i>	4. Ауыс. Айыптау, жазғыру, кінәлау;	<i>Бір нәрсенің нақты өз басы.</i>
5		<i>А. Часть целого (почка листьев, ушко иголки, постава мельницы); один из мелких предметов; Б. Отделение – турк.; отделение (шкафа, стола и проч.) – тур., аз.; закрома в амбаре – гаг.; сусек, секция, отделение в зернохранилище – гаг.; комната – тур.диал.; ячея – турк., ног., баш., чув; очок (улья) – алт., алт.диал.; подвижной ящик – тур., аз.; полка – тур., аз.; звено – чув.; часть оконного переплета – гаг.;</i>	-	5. ауыс. <i>Адам, жан.</i>	5. Ауыс. Есептеу, санау, білу, тану;	<i>5. Өткеннен қалған нәрсе, біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ.</i>
6		<i>Чашка весов – тур., аз., одна половина переметных сум – кир.;</i>	-	6. ауыс. <i>өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе.</i>	-	<i>6. Ауыс. Ақыл, ес, сана.</i>
7		<i>Арка, пролет – тур., аз.;</i>	-	7. ауыс. <i>Ақыл, ес, сана.</i>	-	-
8		<i>Яма, бассейн – тур.;</i>	-	8. ауыс. <i>Жемістің өніп шығатын жері, бүртік кіндігі.</i>	-	-
9		<i>Сама вещь – кир-каз.;</i>	-	9. ауыс. <i>Иненің жіп өткізетін тесігі.</i>	-	-
10		<i>Масть (в картах) –</i>	-	10. ауыс.	-	-

		алт., алт.диал.;		<i>Кереге және торлы заттардың тесігі.</i>		
11		<i>Сторона, конец – TS;</i>	-	11. ауыс. <i>Белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры.</i>	-	-
12		<i>Лучшее создание, венец создания – аз.;</i>	-	12. ауыс. <i>Алды, көз алды.</i>	-	-
13		<i>Фунт – алт.диал.; [ЭСТЯ; 60-61].</i>	-	13. ауыс. <i>Бұлақтың су қайнап шығып жаяқан жері, қайнар тесігі.</i>	-	-
14		-	-	14. ауыс. <i>Тұрғы, көзқарас, ұстаным.</i>	-	-

Көз, жанар. *Көру мүшесі.* Абайдың екі көзі сонау алыс көк тау, Шыңғыс жотасын қыдырады (М.Әуезов). Шалдың іштегі мысқыл қуатының әсері ме, екі жанары жарқырап, езуі дір-дір етеді (З.Шашкин) [Синондир сөздігі, 287]. *Синоним:* көз – жанар – шырақ.

антоним: Көз – қорқақ, қол – батыр. *көз* – шындық, құлақ – өтірік.

омоним: Бұлақтың көзін аш. Көзі бар адам екен. (<https://znaniya.com/task/>).

Б.Қасым «Менталді кеңістік және менталді етістік ұғымы етістікті бірліктерді концептуалды талдауда қолдануға ыңғайлы және ерекше маңызды. Себебі етістіктің барлық табиғаты, категориялары шынайы өмірде ешбір теңдесі жоқ концептуалды мән-маңызды білдіреді» [17].

Жалпы көру етістіктерінің семантикалық өрісі: көру, қарау, тесірею, байқау, үңілу, тану, аңғару, тесілу, оқыраю, адыраю, одыраю, бағжию, бажыраю, жаудырау, жалтақтау, едірею, байқау, аңғару, шұқшию, сығалау, қадалу, мөлтендеу, сығыраю, телміру, тану және т.б. (*Қазақ тіліндегі көру етістіктерінің толық тізімін қосымшадан көруге болады*).

Көру қимыл мәнін қазақ тілінде көру, қарау етістіктері білдіреді: Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен [19, 96.].

Көру етістігінің семалық құрылымы өте қарапайым: қарау, көз салу, көз салып байқау. **Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі:** 10 томдық көру етістігінің 6 мағынасы көрсетілген: 1. Көзбен байқау, бағдарлау, байыптау; 2. Қарау, көзбен шолу; 3. Бастан кешу; 4. Ауыс. Айыптау, жазғыру, кінәлау; 5. Ауыс. Есептеу, санау, білу, тану; 6. Күрделі сөз құрамында жұмсалып, қосымша мағына үстейтін көмекші етістік [ҚТТС, 1916.].

Мақсатты түрде көру үрдісін, көру органдарының активті түрде көру үрдісіне қатысуын доминант қарау етістігі білдіреді: қарау, көз салу, назарлау, үңілу, бетін бұру, барлау, бақылау, шолу және т.б.; **ауызекі тілде:** бақыраю, ақшию, тесірею, жіті қарау, қадалу және т.б. **Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде қарау етістігі 12 түрлі мағына береді деп көрсетілген:** 1. Көз жіберу, назар аудару; 2. Іздеу, қарастыру, табуға тырысу; 3. Көру, тексеру, бақылау; 4. Ескеру, елеу, тындау, құлақ асу; 5. Аңғару, байқау, бағу. 6. Күту, тосу, бөгелу; 7. Бағып-қағу, күту, баптау; 8. Бағыну, қарауына, қол астына өту, тәуелді болу; 9. Есептеу, санау, ойлау; 10. Ауу, беттеу, ойысу қадам басу; 11. Арнайы сөз ету, талқылау; 12. Дәл бағытталу, тура келу [ҚТТС, 55-56 б.]. **Ал қазақ тілінің сөздігінде қарау етістігінің 10 мағынасы берілген:** 1. Назар аудару, көз жіберу; 2. Іздеу, қарастыру. 3. Көру, тексеру, аңғару, бағу, байқау, бақылау. 4. Ескеру, елеу, ден қою; 5. Күту, тосу, бөгелу; 6. бағып қағу, күту, баптау; 7. Біреудің қол астында

болу; 8. Есептеу, санау, ойлау; 9. Ауу, өту, қадам басу; 10. Арнайы сөз ету, талқылау. Мысалы: *Абай қайда өзі? – деп еді, Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып, Жиреншеге біраз наразы салқын жүзбен қарады [ҚТС, 36 б.]. Абай әкесіне көз салып еді, үндемей, түйіліп, Айғызға аса салқын қарап қалған екен [ҚТС, 130б.]. Көріп, біліп келдік. Кәмишат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады [ҚТС, 130б.].*

Сонымен қазақ тіліндегі көру етістіктерін мағыналық нышандарына қарай талдай келе олардың он лексика-семантикалық топты (ЛСТ) анықталды:

ЛСТ «Көру» үрдісіндегі әртүрлі оқшау қарасты білдіретін етістіктер («ұнатпай, жек көре қарау» немесе «үрейлене қарау» нышанды етістіктер)

Бұл топқа *адыраю, ажыраю, ақыраю, ақию, ақилану, алару, алақтау, ақшию, бадыраю, бақшию, бажыраю, бағжию, бақыраю, бежірею, бедірею, едірею, ежірею, ожыраю, оқишию, оқишыраю, оқыраю, одыраю, шадыраю* етістіктері жатады. Аталмыш етістіктердің архисемасы «қарау» және «бақырая қарау, көзін бағжиту» болғанмен олар тек қана «қарау» семасымен шектелмейді, олардың семантикалық құрылымында «көз салып байқау, көзбен байқау» семасы негізгі емес, өйткені бұл етістіктер көру үрдісінің әрекетін емес, оның сипатын, әртүрлі қырларын білдіреді. Олардың мағыналық құрамында «бақшиып қарау», «жақтырмай қарау», «сескеніп қарау», «үрке қарау», «үрейлене қарау», «қорқып қарау», «таң қалып қарау», «көз алартып тесірейіп қарау» сияқты мағыналық реңктер бар. Мысалы, **алақта** етістігі туралы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» мынандай түсініктеме алуға болады: 1. «Көздің шарасынан шығып аларуы, алақ-жұлақ етуі». Осы кезде Жаппардың екі көзі жын соққандай **алақтап**, өңі бұзылып, бет ауызы жыбырлап кетті. (К.Оразалин. Көктем.) 2. «Жалтақтап жан-жаққа қарау, асып-сасу». Жүгіріп басып Күланда келеді. Үлкен қара көздері ойнақшып, жан-жағына **алақтап қарайды**. (С.Ерубәев. Шығ.) Қазақ тілінің сөздігінде де екі мағынасы көрсетілген: 1. «Көзі алақ-алақ етті. 2. «Жан-жағына алақ-жұлақ қарау». **Одырай** етістігіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мынандай төмендегідей түсініктеме берілген: «үрке қарау, едірею, адыраю». Мысалы: *Сәкен қиғаштай кеп жанаса берген мені көрмегендей одырая өтіп кетті* (С. Мұқанов) [ҚТТС, 375б.]. *Сілем қатып өлгелі отырсам, - деп Қалампырды оқты көзімен атып, одырая сөйледі* (А.Хангелдин. Табысқан тағдырлар). Ал қазақ тілінің сөздігінде осы етістікке «адыраю, едірею, ежірею, одыраю» деп түсініктеме берілген. Мысалы: *Ол үріккен өгіздей маған одырая қарады. Ежірей* етістігі туралы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «екі көзін тікірейтіп тесірейе қарау, бақшию» делінген [ҚТТС, 167б.]. Мысалы: *Ит көрген текедей боп, иегі мен сақалын омырауына тыға түседі. Екі көзін ежірейте қарап тыңдап қапты* [ҚТС 276 б.]. **Бағжию** етістігіне «көзі бақшиып тесірейе қарау» деп түсініктеме берілген. Мысалы: *Шал бағжиып қарады*. Бұл етістіктер бір-бірімен синонимдік қатынасқа түсіп тұр. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде бұл етістіктер туралы: «*Бірдеңеден сескеніп қорыққанда, үрейленгенде, таңданып таңырқағанда, біреуді жақтырмаған пішін көрсету, көз алартып тесірейіп қарау*» деп жазылған. Мысалы: *Ислам ақия қарап еді, қатыны жым болды* (О.Сәрсембаев). *Бұзаубақ нанарын да, нанбасын да білмей, бажырайып қарады* (Майлин). *Айша бір қызарып, бір сұрланып, Дәмешке бадырая қарады* (Шашкин). *Бұл жауапты естігенде, бағанадан бері үндемей мелииіп отырған Майбасар, Жақыптар селт етіп, қабақ түкситіп, ажырая қарасты* [ҚТС, 80б.]. *Екеуі оңаша қалып, бір-біріне ажырайысып қарасқанда, түстерінде үлкен ыза бар еді* [ҚТС, 557б.]. Кейбіреулер осындай сөз шыққан жаққа қарай үріккен аттай **оқырая қарап**, ала көздерімен атып тастардай оқталысады (А.Хангелдин. Қара торғай). Осы келтірілген мысалдардан аталмыш етістіктер көру үрдісіндегі әртүрлі оқшау қарасты білдіретін етістіктер екеніне, яғни, «ұнатпай, жек көре қарау» немесе «қорқып қарау», «үрейлене қарау» нышандарын білдіретін етістіктер екеніне көз жеткізуге болады.

Лексика-семантикалық өріс деп тілде шындық болмысты бейнелеп, лексикалық бірліктер ортақ семантикалық компонент негізінде әр түрлі жүйелі семантикалық қатынастармен (синонимиялық, антонимиялық, гипер-гипонимиялық) және өріс ортасымен байланысып жатқан біріккен сөздер тобын яғни лексикалық бірліктердің жиынтығынан тұратын микрожүйешелерді (лексика-семантикалық топты) түсініледі.

Сөздер ортақ семантикалық белгіге ие болып, лексика-семантикалық парадигма құрайтыны белгілі. Лексикалық парадигма ретінде жалпы мағынасы бойынша біріккен бірнеше сөздердің жиынтығы түсініледі. Лексика- семантикалық топтың мүшелері арасындағы парадигматикалық байланысты анық көру үшін ғалымдар компонентті талдау әдісін жиі қолданады. Бұл әдіс бойынша сөз мағыналары бірнеше ұсақ бөліктерден – семалардан тұрады деп есептейді. Семалар қызметі

жағынан жалпылаушы (интегралды) және айырушы (дифференциалды) семалар болып екіге бөлінеді. Жалпылаушы семаны архисема деп те атайды. Лексикалық-семантикалық топтар архисемалардың негізінде семантикалық өріске бірігеді. Семантикалық өріс лексикалық-семантикалық топтарға қарағанда неғұрлым кең тектік ұғымдарды топтастырады. Семантикалық өріс белгілі сөз тобына жататын лексикалық-семантикалық топтардың жиынтығы ғана емес, ол өз құрамына бірнеше сөз табына жататын лексикалық-семантикалық топтарды да біріктіреді. Өрістің аймақтары мен құрылымының критерийлерін анықтаудың бірі – тіл құралдарын қолданудың ұдайылығы және жиілігі, қажет жағдайда өрістің семантикалық инвариантын және өріс мүшелерінің семантикалық құрылымының ерекшелігін белгілеу болып табылады. Сонымен, тілдік өрістің орталық аймағын өрістің семантикалық инвариантының аталымы (номинациясы) ретінде ұдайы және жиі пайдаланатын бірліктер құрады.

Қазақ тіліндегі әр түрлі сөздіктен жиналған «көз» аталымдарының сипаты мен ерекшелігі. Семантикалық өрісі Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (15 том).

Кесте-2

№	«Көз» аталымының семантикалық өрісі	Көркем әдебиеттен мысалдар
1	зат. <i>Көру мүшесі.</i>	Көп заманнан бері басымыздан кешірген зорлық зомбылық, кедейлік, надандық мұра қылып біздерге мерез, күрт, қотыр, көз ауруы сықылды пәлелерді қалдырған (М. Дулатов, Шығ.).
2	анат. <i>Адамда, жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше.</i>	Адам және омыртқалы жануарларда көз – жұп мүше (ҚҰЭ).
3	ауыс. <i>Әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей.</i>	Қазақстанның Орталық музейінде сақталған бір ғана әйел ерінің өзінде отыз бір көз орналылған.
4	ауыс. <i>Нәрсенің өзі.</i>	Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға, Бермек болағн айғырдың көзі қайда?(Абай, Тол.жин.).
5	ауыс. <i>Адам, жан</i>	Көздер бар, мені көрсе жылымайтын... (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем)
6	ауыс. <i>Өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе.</i>	Хас батырдың көзі еді кара жорға, кара жаудың астында ойнап кетті (М.Мақатаев, Шығ.).
7	ауыс. <i>Ақыл, ес, сана.</i>	Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, Көкірегінде болсын көз (Абай, Танд. жин.).
8	ауыс. <i>Жемістің өніп шағатын жері, бүртік кіндігі.</i>	...академик Лысенконың картоп көзін қалай егіп өсіруге арналған мақаласы газетке жарияланды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).
9	ауыс. <i>Иненің жіп өткізетін тесігі.</i>	Кесте тігетін инелер молтақ, көздері кең болғаны жөн (С. Қасиманов, Қаз.қол өнері).
1	ауыс. <i>Кереге және торлы заттардың тесігі.</i>	Керегенің босаға жағындағы көздерін пайдаланатын болған (С.Қасиманов, Қаз. колөнері).
1	ауыс. <i>Белгілі бір нәрсенің орны, қоры.</i>	Май алмасу жөнінде өте мәнді мәселенің бірі – деген май болып бітетін майдың қайдан алатын көзін білу (Т.Күлтебаев, Қой төлі).
1	ауыс. <i>Алды, көз алды</i>	Дұшпанның көзінде болсаң да, көңілінде болма (мақал).
1	ауыс. <i>Бұлақтың су қайнап шығып жатқан жері, қайнар тесігі</i>	Бұлақтың көзі ашылып, Бұлдырап келді жылғаға... (М.Мақатаев, Шығ.).
1	ауыс. <i>тұрғы, көзқарас, ұстаным</i>	Неше жүз жылдан бері Ломоносовтың атын орыс халқы

		көңілінде һәм тілінде сақтап келеді, мұнан соң мың жылдар өтсе де оған көрсетілген қадір, құрметтері артпаса кему жоқ. Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек (М.Дулатов, Шығ.).
--	--	--

Қорытынды. Осылайша субъектінің белгілі бір объектіге деген қатынасына және сол объектіге берген субъектінің бағасына қарай фразеологизмдер «жасырын, ұрлана қарау», «тесіле, қадала қарау», «зейін сала, зер сала қарау», «менсінбей қарау», «немқұрайды қарау», «таңдана қарау», «жақтырмай қарау» т.с.с. тақырыптық топтарды қамтиды. Назарға ілінген нысанға түрлі түрлі болғандықтан неше түрлі жағдайларды көріп, басынан өткеріп отырған адамның эмоциясы да, істеп отырған қылығы да, өзін ұстау мәнері де сан-алуан болып келеді [1].

Талданылып отырған **көз, көру** аталымдарының М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» атты еңбегінде сезім мүшелерінің қызметімен байланысты жалпылауыш семаға ие сезіну етістіктерінің тобына, оның ішінде **көру** етістіктерінің семантикалық тобына жатқызады. Сезім мүшелерінің ең негізгісі – **көз**. Адам **көз** арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстарды көріп, олардың түр-түрпатын, сан-қилы формаларын, түсін, қимыл қозғалысын және т.б. толып жатқан белгілерін біліп, таниды. Соның нәтижесінде адам санасында белгілі бір ұғымдар қалыптасады.

Сонымен, **семантика-когнитивті модель** – бұл сөздер тобы, тілдегі шындық болмысты қрсетеді, тілдік бірліктер әртүрлі семантикалық қатынастардың жүйесін (фреймдік құрылым, синонимдік қатар) және семантикалық өріс жалпы семантикасын құрайтын топтың *негізмен* (тірек сөз – **көз, көру**) байланысын сақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 2 *Аспекты семантических исследований // под ред. Н. Д. Арутюновой и А. А. Уфимцевой. – М.: Наука, 1980. – 357 с.; Арутюнова, Концептуальный анализ: методы, результаты, перспективы. //Тезисы докладов конференции / под ред. Н. Д. Арутюновой. – М.: ИЯ АН СССР, 1990. – 93 с.*
- 3 Залевская А.А. Введение в психолингвистику. – М.: Российск. гос. гуманитар. ун-т, 2000. – 382 с. : ил. - ISBN 5-7281-0282-4.
- 4 Колесов В. Русская ментальность в языке и тексте. – Санкт-Петербург: Петербургское Востоковедение, 2006.
- 5 Кубрякова Е.С. О ментальном лексиконе: лексикон как компонент речевой способности человека // Актуальные проблемы современной лингвистики. – М.: Флинта-Наука, 2011. – С. 327–343.
- 6 Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. – М.: Эдиториал УРСС, 2000. – 352 с.
- 7 Караулов Ю.Н. Структура лексико-семантического поля // Филологические науки. -1972. -№ 1 – 57-63 с.
- 8 Хасанов Г. Семантикалық өріс // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 1996. – № 5. – Б. 14-22.
- 9 Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. – М., 1974. – 366 с.
- 10 Агиенко М.И. Структуры концептов правда, истина, truth в сопоставительном аспекте. Авторферат дисс...канд.филол.наук. – Екатеринбург, 2005. – 23 с.
- 11 Trier, J. Der Deutsche Wortschatz. Bd. i. Heidelberg:/ J.Trier // Winterin Sinnbezirk des vestandes, 1931. S. 347
- 12 Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. – М., 1974. – 366 с.
- 13 Карлинский А.Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы, 2003. – 184 с.
- 14 Пименова М.В. Методология концептуальных исследований.//Антология концептов // Под ред. В.И. Карасика, И.А. Стернина. – М.: Гнозис, 2007. – С. 14–17.
- 15 Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.
- 16 Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем // Теория метафоры. – М., 1990. – С. 387–415.; Лакофф Дж. Когнитивное моделирование // Язык и интеллект. – М.: Прогресс, 1996. – С. 143–184.

17 Қасым Б. Түркі тілдеріндегі қозғалыс етістіктерінің құрылымы мен мағынасы. //Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы, 2016. – 241-246 б.

18 Қасым Б. Метафоралы аталымдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам. – Алматы: ЖК Волкова Е.В. 2015. – 300 б.

References:

1 Baitürsynov A. Aq jol. Öleñder men täjrimeler, publ. maqalalar jäne ädebi zertteu. – Almaty: Jalyn, 1991. – 464 b.

2 Aspekty semanticheskikh issledovani // pod red. N. D. Arutiñovoi i A. A. Ufimsevoi. – M.: Nauka, 1980. – 357 s.; Arutiñova, Konseptuälñyi analiz: metody, rezültaty, perspektivy. //Tezisy dokladov konferensii / pod red. N. D. Arutiñovoi. – M.: IA AN SSSR, 1990. – 93 s.

3 Zalevskaia A.A. Vvedenie v psiholingvistiku. – M.: Rosisk. gos. gumanit. un-t, 2000. – 382 s. : il. - ISBN 5-7281-0282-4.

4 Kolesov V. Ruskaja mentalnöst v iazyke i tekste. – Sankt-Peterburg: Peterburgskoe Vost kovedenie, 2006.

5 Kubräkova E.S. O mentalnom leksikone: leksikon kak komponent rechevoi sposobnosti cheloveka // Aktuälñye problemy sovremennoi lingvistiki. – M.: Flinta-Nauka, 2011. – S. 327–343.

6 Kobozeva İ.M. Lingvisticheskaia semantika. – M.: Editorial URSS, 2000. – 352 s.

7 Karaulov İu.N. Struktura leksiko-semanticheskogo polä // Filologicheskie nauki. -1972. -№ 1 – 57-3 s.

8 Hasanov G. Semantikalyq öris // Izdenis. Gumanitarylyq ğylymdar seriasy. – 1996. – № 5. – B. 14-22.

9 Apresän İu.D. Leksicheskaia semantika. – M., 1974. – 366 c.

10 Agienko M.İ. Struktury konseptov pravda, istina, truth v sopostavitelnom aspekte. Avtorferat diss...kand.filol.nauk. – Ekaterinburg, 2005. – 23 s.

11 Trier, J. Der Deutsche Wortschatz. Bd. i. Heidelberg:/ J.Trier // Winterin Sinnbezirk des vestandes, 1931. S. 347

12 Apresän İu.D. Leksicheskaia semantika. – M., 1974. – 366 c.

13 Karlinski A.E. Prinsipy, metody i priemy lingvisticheskikh issledovani. – Almaty, 2003. – 184 s.

14 Pimenova M.V. Metodologia konseptuälñyh issledovani.//Antologia konseptov // Pod red. V.İ. Karasika, İ.A. Sternina. – M.: Gnozis, 2007. – S. 14–17.

15 Kaidarov A.T. Struktura odnoslojnyh kornei i osnov v kazahskom iazyke. Alma-Ata: Nauka, 1986. – 328 s.

16 Lakoff J., Jonson M. Metafory, kotorymi my jivem // Teoria metafory. – M., 1990. – S. 387–415.; Lakoff J. Kognitivnoe modelirovanie // Iazyk i intelekt. – M.: Progres, 1996. – S. 143–184.

17 Qasym B. Tүrкі тілдеріндегі қозғалыс етістіктерінің құрылымы мен мағынасы. //Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы, 2016. – 241-246 б.

18 Qasym B. Metaforaly atalymdar: когнитивті-семантикалық сөзжасам. – Алматы: ЖК Волкова Е.В. 2015. – 300 б.

Сөздіктер:

ДТС – Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с. [ДТС].

ЭСТЯ – Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. – 767с. [ЭСТЯ].

ҚТС – Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Алматы, Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974-1986.

ҚТӘС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том. - Қ. – Алматы: Арыс, 2009. – 752 б.

ҚТСС – Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі. 1-3 бөлім/ құраст.: А.Б.Салқынбай. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 418 б.

ФС – І. Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.

интернет ресурсы: <https://znaniya.com/task/>

МРНТИ 16.01.09

Калбирова Т.Н. ¹

¹ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ ТІЛІНДЕГІ ӨЛШЕМ КАТЕГОРИЯСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада заттың, нәрсенің сапалық және сандық сипаттарының диалектикалық бірлігін көрсететін философиялық категория саналатын өлшем ұғымы туралы мәлімет беріледі. Қазақ және француз тілдеріндегі өлшем атаулары қарастырылады. Өлшем ұғымын білдіретін соматизмдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері сөз болады. Адамның денесі дүниедегі алғашқы өлшеу құралы болғандығы, адамдар сызғышты және бір нәрсенің көлемін өлшеуге арналған өзге де құралдарды ойлап тапқанға дейін заттарды өз денесімен салыстырғандығы, тұрмыстық жағдайларға байланысты адам өзінің болашақ баспанасының ұзындығын, енін және биіктігін өзінің бойына шақтап жасағандығы туралы айтылады. Қазақ және француз тіліндегі өлшем атаулары салғастырмалы және компоненттік талдау әдістері арқылы зерттеледі. Соматикалық өлшем атауларының адам тұрмыс-тіршілігіндегі нысандардың арақатынасындағы реттілік пен меже-шаманы, көлем мен мөлшерді айқындаудағы ментальдық сипаты қарастырылады. Өлшем бірлігі ретіндегі соматикалық атаулардың ерекшеліктері талданады.

Түйін сөздер: өлшем, өлшеу құралы, өлшеу жүйесі, соматизм, қазақ және француз тілі

Kalbirova T. ¹

¹ Doctoral student of KazNU named after Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

MEASUREMENT CATEGORY IN KAZAKH AND FRENCH

Abstract

This article contains information about the presence, which is a philosophical category that determines the dialecticization of units of qualitative and prickly characteristic objects, objects. We are talking about circulation in Kazakh and French. We are talking about the lexico-semantic foundations of somatism, representative assemblies. He said that telemedicine was the first measured environment in the world to be used to gain access to information and other means for the development of cheques, and it had therefore been divided. In this regard, methodology and component analysis are being analysed in Kazakh and French. It is assumed that the mental nature of these closed goals in determining tasks and quantities, objects and species in accordance with the living conditions of people. The relevance of the main directions of development is analyzed.

Keywords: extraction of instruments, measurement system, somatism, Kazakh and French writing

Калбирова Т.Н. ¹

¹КазНУ им. Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

КАТЕГОРИЯ ИЗМЕРЕНИЯ НА КАЗАХСКОМ И ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация

В данной статье приводятся сведения о понятии измерения, которое является философской категорией, отражающей диалектическую единицу качественных и количественных характеристик предмета, предмета. Рассматриваются названия измерений на казахском и французском языках. Речь идет о лексико-семантических особенностях соматизма, представляющих собой понятие измерения.

Говорят о том, что тело человека было первым в мире измерительным средством, что люди сравнивали вещи со своим телом до изобретения чертежей и других средств для измерения размеров чего-либо, и что в силу бытовых условий человек строил на себе длину, ширину и высоту своего будущего жилища. Названия измерений на казахском и французском языках исследуются методом сопоставительного и компонентного анализа. Предусматривается ментальный характер названий соматических измерений в определении последовательности и величины, объема и размера в соотношении объектов жизнедеятельности человека. Анализируются особенности соматических названий как единицы измерения.


Ключевые слова: измерение, измерительное средство, система измерений, соматизм, казахский и французский языки

Кіріспе. Өлшем – заттың, нәрсенің сапалық және сандық сипаттарының диалектикалық бірлігін көрсететін философиялық категория. Диалектика теориясында өлшем оның негізгі заңдарының бірі болып табылатын сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге және керісінше, сапалық өзгерістердің сандық өзгерістерге өту заңының құрамына енеді. Бұл заң бойынша, қандай да болмасын объектінің сапасы мен сандық сипатының арасында терең байланыс бар. Өлшем берілген сапаның өзін сақтай отырып, сандық өзгерістердің шегін білдіреді. Бұл шектен асқанда объект сапалық өзгеріске ұшырайды, ал сапаның өзгеруі, жаңа сапаға өтуі өз кезегінде сандық өзгерістерге жетелейді. Сондықтан Гегель өлшемді «сандық сапа» немесе «сапалық сан», яғни сапа мен санның бірлігі деп анықтаған [1].

Өлшемдер жөніндегі ғылым – метрология деп аталады. “Метрология” (грек “метрон” - өлшем және “логос” - сөз, ой, түсінік) деген сөздерінен алынған. Өлшеудің жалпы теориясы, физикалық шамалардың және оның жүйелерінің бірліктерін ұйымдастыру, өлшеудің әдістері мен құралдары, өлшеудің дәлдігін анықтау әдістері, өлшеу бірлігін және өлшеу құралдарының метрологиялық жарамдылығын қамтамасыз ету, эталондар мен өлшеу құралдарының үлгілерін жасау, эталонды бірлік өлшемдерін тарату әдістері осы ғылым аясында зерттеледі. Философиялық сөздікте: “Өлшем – тиісті өлшеуіш аспаптардың көмегімен ғылыми зерттеуді эмпирикалық деңгейде іске асыратын, материалдық нысандардың сипаттамаларын (салмағы, ұзындығы, нүктелік шамасы, жылдамдығы, т.б) анықтайтын танымдық рәсім” [2, 525б.], - ретінде сипатталады.

Әдістеме. Адамның денесі дүниедегі алғашқы өлшеу құралы болған. Адамдар сызғышты және бір нәрсенің көлемін өлшеуге арналған өзге де құралдарды ойлап тапқанға дейін заттарды өз денесімен салыстыратын. Тұрмыстық жағдайларға байланысты адам өзінің болашақ баспанасының ұзындығын, енін және биіктігін өзінің бойына шақтап жасады. Еңбектің қарапайым құралдарын дайындай, үйін салды. Осы күнге дейін көлемді немесе қашықтықты өлшеу бірлігі ретінде адамның дене мүшелерінің атауларын пайдаланылады. Адамдар саусақтарын санау үшін, ал қол-аяғын өлшеу үшін пайдаланады. Өлшеудің ең үлкен өлшем мөлшері – адам денесінің ұзындығы, ең кіші өлшем мөлшері - бір тал шаштың қалыңдығы.

1-сурет – адам дене мүшелері арқылы жасалған өлшем атаулары



Әлемдегі барлық халық өлшемді дене мүшелері арқылы өлшеген. Зерттеуші И.Ньютон ежелгі египеттік **шынтақ**, **қары ұзындық** өлшемдерінің авторы ретінде әлемге танылған. Ресейліктер ғалым Д.И.Прозоровский орыс халқының метрологы ретінде көптеген зерттеулер жазған. Оның “Древняя русская метрология” атты еңбегі орыс метрологиясының қайнар көзі, бастауы болып саналады. Сонымен қатар Л.В.Черепнина, Н.В.Устогова, Б.Р.Рыбакова, Е.И.Каменцевалар да өлшемді білдіретін атауларды жан-жақты қарастырады. Ресейлік зерттеуші Л.А.Молчанованың “Народная метрология” еңбегінде ұзындық өлшемдерінің тарихы жан-жақты қарастырылған. Ғалым өз еңбегінде: “Начало измерений можно отнести к периоду, когда людям при выяснении своих взаимоотношений и взаимоотношений с окружающим миром потребовалось ввести понятия: много и мало, близко и далеко, скоро и долго, легко и тяжело. Вначале единицы устанавливали применительно к физическим возможностям. Известное изречение древнегреческого философа Протогора: “Человек есть мера всех вещей” доказало, что в основах метрологии у всех народов мира использовали части человеческого тела в качестве мер длины, в частности, ступня – фут, кисть руки – пядь, палец – дюйм”[3, 11 б.], - деп өлшемдік ұғымдардың қалыптасу ерекшелігіне тоқталады.

Қос тілдегі соматизмдер арқылы жасалған өлшем атауларының қолданылу жиілігі әртүрлі. Көзге көрінер негізгі мүшелер мен ағзалардың негізінде, олардың атқарар қызметі негізінде қалыптасқан соматикалық атаулар арасында қол мен аяққа арқылы жасалған өлшем атаулары басым түседі. Себебі бұл соматизмдер екі тілдің әр түрлі құрылымды, туыстас тілдер емес екендігіне қарамастан, қос тілде де фразеологиялық бірліктерді құруда жиі қолданысқа түседі және тақырыптық көп түрлілігімен ерекшеленеді. Оның қажеттілігі мен қызметі айқын. Осы соматизмдер негізінде құралған өлшем атаулары салғастыра зерттелінеді. Жалпы салғастырмалы зерттеудің негізгі міндеті туыстас тілдер мен туыстас емес тілдердің өлшем атауларының маңызды және терең ұқсастықтары мен

айырмашылықтары анықтау болып табылады. Мұндай зерттеулер туыс емес тілдердегі тілдік құбылыстардың заңдылықтары мен ерекшеліктерін түсінуге, тілдік құрылымды терең тануға, терең зерттеуге, тек бір тілді қарастырған кезде жасырын қалатын құбылыстарды айқындауға көмектеседі. Әр түрлі құрылымды екі тілдегі өлшем атауларды салғастырмалы зерттеу үшін компонентті талдау әдісін қолдануға болады. Ең алдымен соматикалық лексемалардың тура номинативтік мағыналарының семасын анықтау үшін қажет. Екітілде де “аяқ” және “royal foot” соматизмдерінің өлшеу құралы ретіндегі мағыналары сәйкескеледі. Яғни олар қостілге ортақ ұғымдар.

Нәтижелер. Қазақ танымында “өлшем – тұрмыс-тіршілігіндегі нысандардың арақатынасындағы реттілік пен меже-шаманы, көлем мен мөлшерді айқындаудағы ментальдық негізгі ұғым” [3, 60 б.] ретінде көрініс табады.

Заманында ата-бабаларымыздың кеңінен қолданған “қолдың қары” өлшемі ағылшын “ярдмен” шамалас. Ал Ресейде 17-20 ғасырларда қолданылып келген ағылшын футы (*foot – табан*) байырғы қазақ өлшемі “табанға” жуықтау келеді: “табан” өлшеміне қазақ табанның енін алса, ағылшын футы – табан тұрқына тең. Сондай-ақ ағылшынның дюйм (*голландша – үлкен саусақ*) өлшемі қазақ халқының байырғы “бармақ” өлшеміне (“Бармақ елі қазы”) сәйкес келеді. Орыстың “верстасы” мен қазақтың “шақырымы”, орыстың “долясы” мен қазақтың “мысқалы”, сондай-ақ ағылшынның “фунты” мен қазақтың “қадағыз” шығу төркіні, атқаратын қызметі жағынан төркіндес, тектес деуге әбден болады.

Орта Азия мен Қазақстанда ұзындықтың ең көп тараған байырғы өлшемдері қолдың қары немесе қары – кеуденің орта тұсынан кере созылған қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралыққа (80 – 85 см шамасы) тең ұзындық бірлігі. Кейде оң иықтан бүкіл кеудені бойлай өтіп, кере созылған сол қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралық та (*шамамен 1 м*) қары ретінде алынады.

Қарыс – толық жазғандағы бас бармақ пен шынаша құштарының арасына тең ұзындық (*шамамен 19 – 20 см*) бірлігі. Ол тұрмыста, құрылыс жұмыстарын да пайдаланылған. Мысалы, киіз үйдің уығы он екі – он алты қарыс мөлшерінде жасалады.

Қарыстың туынды бірлігі – сүйем, ол кере созылған бас бармақ пен сұқсаусақ ұштарының арасына тең (*шамамен 17 – 18 см*). Ал бармақ пен бүгілген сұқ саусақтың арасына тең өлшемді сынық сүйем дейді. Сүйем – шамамен аршынның ширегіне (*төрттен бір бөлігіне*) тең. Елі – сұқ саусақтың еніне тең ұзындық бірлігі (*шамамен 2 см*). Қазы майының қалыңдығы, ою-өрнектің мөлшері, т.б. елі мен өлшенген.

Буын – ортаңғы саусақтың ұшынан оның ортаңғы буынына дейінгі аралыққа тең ұзындық (*шамамен 5 – 6 см*) бірлігі. Сәулетті сарайлар мен түрлі ғимараттардағы ою-өрнектің мөлшері осы буынмен өлшенген. Ол тігін, киім пішу жұмыстарында да қолданылған.

Қадам – адамның бір адымына тең ұзындық (*шамамен 60 – 70 см*) бірлігі.

Құлаш – иық деңгейіне сәйкес кере созылған екі қол ұшының арасына тең ұзындық бірлігі. Орта Азия мен Қазақстанда кеңінен тараған кейбір салмақ өлшемдері:

Қазақтанымында өлшем бірлігі ретінде адамның өз сүйегі алынған:

Бой – кісі бойы;

Құлаш – иық деңгейінде кере созылған екі қол ұшының арасы (166см-170 см), әркімнің құлашы өз бойына тең;

Құшақ – периметрі кісі бойына тең шеңбер;

Жарты құшақ(құлаш) – кісі бойының 2:1-не тең өлшем;

Адым – жарым құлашы қатен;

Жарты адым – бойдың 4:1-не тең өлшем;

Қолтық – қолдың басы мен қолтықтың аралығы;

Шынтақ – қолдың басы мен қолтықтың аралығы;

Білем – қолдың бірінші буынының арасындағы қашықтық;

Кереқарыс – бас бармақтың ұшы мен кішкене саусақтың ұшын кергендегі ара қашықтық;

Қарыс – бас бармақ пен төртінші саусақты кергендегі ара қашықтық;

Сүйем – бас бармақтың ұшы мен сұқ саусақты екінші буынынан бүгіп, кергендегі ара қашықтық;

Сынықсүйем – бас бармақтың ұшы мен сұқ саусақты екінші буынынан бүгіп, кергендегі ара қашықтық;

Елі – бір саусақтың қалыңдығы, бір еліге тең, екі саусақ – екіелі, үшсаусақ – үшелі, төрт саусақ – төртелі;

Табаннемесетабанелі – төртсаусақ пен бас бармақтыбіріктіреұстағандағықалыңдық;

Тұтам – жұмырзаттытұтамдапқысыпұстағандағықалыңдық;

Табан – аяқтыңөкшесі мен бас бармағыныңарасы;

Шымшым – ұсақ затты бас бармақ пен сұқ саусақтың арасына қысып алғандағы сиымдық өлшемі;

Уыс – қолдың алақанын қобылай ұстағандағы сыйымдылық өлшемі;

Қосуыс – қос қолдың алақанын біріктіре қобылай ұстағандағы сыйымдылық өлшемі;

Кез – саусақтардың ұшынан иыққа дейінгі қашықтық (70-80 см);

Аршын – бір метрге жуық ұзындық (90-100 см);


Ғалым Ә.Болғанбаев көлем мөлшері, төгіліп-шашылып немесе топталған заттардың өлшемдері, малдың сүті мен етінен істелген тағамдарға қатысты, ыдыстық бұйым өлшемдері, бір сан есімнің көмегі арқылы жасалған өлшемдер, қазының арық-семіздігіне байланысты мөлшер, кеңістікті білдіретін өлшем, тереңдікті кісі бойымен салыстырып өлшеу – қазақ халқының күнделікті тұрмысында, кәсібінде жиі кездесетіндігін айтады. Өз пікірінде: “Су тереңдігін ат бойымен өлшеген. Мәселен: *аттың шашасынан, үзеңгіден, қабырғалықтан, ат кекілінен, ат құлағынан, ат бойынан асады, келеді*” [4, 28 б.] – деп мысалдармен нақтылай түседі. Сонымен қатар судың тереңдігін *бақайдан, қызыл асықтан, тізеден, белуардан, кіндіктен, иықтан, төбеден, кісі бойынан* деп өлшеудің де қолданыста жиі айтылатынын сөз етеді.

Саусақтар оның ішінде бас бармақ та, адамдарда әртүрлі болғандықтан, сенімді өлшеу құралы болып табылмайды. Сондықтан “бас бармақ қағидасы” “шамамен” дегенді білдіреді. Көптеген еуропалық тілдерде (соның ішінде француз, испан, итальян, швед, португал) “дюйм” сөзі “бес бармақ” дегенді білдіреді[5].

Француз тіліндегі *mesurer avec deux coudées* - екішынтақпенөлшеу, *parler avec deux bouches* – екіауызбен сөйлеу, *travailler d’arrache-pied* – белсенді жұмысжасау, **lever le pied** – аяқты көтеру» (жылдамдықты төмендету) сияқты тілдік бірліктерді соматизмдер арқылы жасалған өлшем атаулары деп қарастыруымызға болады.

Талқылау. “Өлшемдік атауларға деген қажеттілік сауда-саттықтың, зат алмасудың дамуымен, мемлекеттің өркендей түсуімен арта түсті. Тұрмыстық жағдайда орын алып жататын үй салу, қару-жарақ әзірлеу, киім-кешек тігу сияқты әрекеттердің бірде-бірі «өлшем үлгісіңіз» іске аспаған”[3, 15 б.].

1-кесте Қазақ және француз тіліндегі соматизмдер арқылы жасалған өлшемдік атаулар



Соматикалық атаулардың өлшемге ауналуы туралы зерттеуші К.Күркебаев: “Соматикалық атаулар – дене мүше атауларының өте ежелгі лексика-сематикалық сөздер тобы. Тілдің эволюциялық дамуына сәйкес, дене мүше атаулары сөз мағыналары дамуы мен кеңеюі үрдісінде өлшемге айналған” [6, 62б.].

Адамның дене мүшелері жаратылыстан берілген түрлі физикалық-биологиялықтабиғи функцияларға ие екені белгілі. Айталық, *қол* – барлық жұмысты атқару құралы, ал *аяқ* – көзделген бір нысанадан екінші нысанаға жетудің құралы. Тұрмыс-тіршілігінде бұл құралдарды адамдар қажеттілігіне қарай өлшем атауларына айналдырған. Адам дене мүшелерінің қосалқы қызметтері туралы “адам ағзаларының екінші, үшінші, деңгейдегі функциялары, ең әуелі, тілдік санада ұғым ретінде пайда болады, содан кейін нақты тілдік бірліктерге айналады. Процесс мұнымен тоқтамайды, алғашқыда соматикалық мөлшер болжаммен, шамамен айтылады да, шамасы нақты сандық мәнге жақындай бастайды, нәтижесінде нақты сандық мәнге теңеседі. Бұл тек соматикалық мөлшерліктердің қасиеті ғана емес, өлшем бірлікке айналған барлық мөлшерлердің даму иерархиясы” [7, 65 б.], - дейді.

Бүгінгі таңда Францияда құрылған метрикалық жүйе-бұл АҚШ, Либерия және Мьянма (Бирма) қоспағанда, әлемнің барлық елдерінде ресми өлшеу жүйесі. Бірақ олар халықаралық сауда мәселелерінде метрикалық жүйеге көшеді.

XVIII ғасырдың аяғында француз революциясына дейін дәл солай болды, сол кезде өлшемдер мен салмақтардың бірлігі әртүрлі елдерде ғана емес, сонымен бірге бір аумақта да ерекшеленді. Кейбір бағалаулар бойынша революцияға дейінгі бір ғана Францияда 250 мыңнан астам түрлі өлшем бірлігі болған. Француз революциясы бәрін өзгертті. 1789-1799 жылдардағы турбулентті онжылдықта революционерлер монархия мен шіркеуден билікті алып, саяси жүйені өзгертуге ғана емес, сонымен бірге ескі дәстүрлер мен әдеттерден бас тарту арқылы қоғамды түбегейлі реформалауға тырысты. Осы мақсатта олар 1793 жылы сағатына 100 минут және минутына 100 секунд болатын 10 сағаттық күндерден тұратын республикалық күнтізбені ұсынды. Осылайша олар шіркеудің күнтізбеге әсерін жоюға тырысты, бұл католиктерге жексенбі мен діни мерекелерді бақылауды қиындатты, бірақ бұл жаңа Үкімет енгізген ондық жүйеге көшуге сәйкес келді. Бірақ күнтізбедегі ондық жүйе тамыр алмаса да, ол біз әлі күнге дейін қолданатын метр мен килограмның өлшем бірліктерінің негізін құрады. Ағартушылықтың ең жақсы ойшылдарына жаңа өлшеу жүйесін ойлап табу тапсырылды. Олар жергілікті дәстүрлерге емес, ұтымдылыққа негізделген біртұтас шаралар жиынтығын құруға тырысты. Осылайша, жаңа өлшем бірлігі тек табиғат заңдарына негізделуі керек деп қабылданды.

Қорытынды. Қазақ және француз халқы өз тіршілік-тұрмысында ертеден кәсіптік ерекшеліктеріне, атқаратын әрекеттерінің түрлеріне сай өлшемдік ұғымдағы сөздерді, тіркестерді мол қолданған. Заттардың, құбылыстардың сыр-сипатын, түрлі ерекшеліктерін бір-бірімен салыстыра қарастыруда да бұндай мағыналы сөздердің септігі ерекше болды. Кез келген халық тіліндегі өлшем ұғымдар астарынан сол халық тұрмыс-тіршілігінің айқын көрінісін аңғаруға болады. Мұндай өлшем ұғымдар әр ұлттың дүниетанымын, болмысын сипаттайды. Кез келген елдің, ұлттың халықтың тұрмыс-тіршілігі қашанда оның тілінде көрініс табады. Өлшем ұғымы астарынан да әр халықтың өмір сүру салтын аңғаруға болады. Әр елдің, мемлекеттің тарихы - бәрі де уақытпен өлшенеді. Қазақ және француз халықтары табиғаттың небір құпия сырларын ғасырлар бойы ой елегінен өткізіп, ұзақ жылғы тәжірибесі негізінде туған уақыт пен мезгілді болжайтын лексемалардың метрологиялық лексиканың ауқымды бір саласын құрайтыны айдан анық. Уақыт пен кеңістік, өлшем категориялары кез келген халықтың бағыт-бағдарын айқындауының алғышарты болып есептеледі және дүниетанымдық ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді. Уақыт өлшемдері ұғымдары мен олардың атаулары жоқ кезінде белгілі бір іс-әрекеттің белгілі мерзім ішінде өтуі немесе белгілі бір мезгілде басталуы уақыт өлшемі ретінде пайдаланған. Өлшемдік атаулар мен бірліктер өзі өлшейтін, мөлшерлейтін затына жақын алынады. Соның нәтижесінде өлшем бірліктер айтуға ыңғайлы, түсінуге жеңіл қалыптасады. Ұзындықты, енді, қалыңдықты, биіктікті, тереңдікті білдіретін өлшем бірліктері өлшеуде ғана қолданылып қоймай, сөздік қордың молаюына да септігін тигізеді сөзсіз. Өлшемдік атауларды, өлшемдік ұғымды білдіретін сөздерді қарастыру бүгінгі күні қазақ тілі үшін ғана емес, басқа да шет тілдері үшін өзекті мәселе. Өлшемнің есепке қатысты түрлі мағыналық реңктегі сөздер мен сөз тіркестері әлемдегі барлық халықтарда өз тұрмыс-тіршілігі мен танымдық ерекшеліктеріне қарай қолданылады. Өлшемдік мәндегі сөздердің қолданыстық сипатын зерттеу арқылы сөздік қордың толығын айқындауға болады. Қазақ және француз тіліндегі өлшем атаулары сөздігін, өлшем атаулары анықтамалығын құрастыруда мұндай зерттеулердің маңыздылығы орасан зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *kk.wikipedia.org*
- 2 *Философиялық сөздік. – Редкол.: Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов., Ж.М. Әбділдин. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 бет.*
- 3 *Сабырханова Р.Т. Ж.Көпеев шығармаларындағы метрологиялық лексика (халық өлшемі мен нумеративтер): монография. -С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2007. – 161 бет.*
- 4 *Болғанбаев Ә., Қалиев Б. Қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы. – Алматы, 2006. – 264 бет.*
- 5 *Қазақтың байырғы өлшем бірліктері - Білімділер порталы// bilimdiler.kz*
- 6 *Күркебаев К. Қазақ тіліндегі өлшемдікатаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003. – 120 бет.*
- 7 *Маралбек Е.М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі «өлшем-мөлшер» ұғымын білдіретін соматизмдер //Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы, №2 (60), 2017. – 65-66 бб.*

References:

- 1 *kk.wikipedia.org*
- 2 *Filosofialyq sözdik. – Redkol.: R.N. Nūrǵaliev, Ğ.Ğ. Aqmambetov., J.M. Ābdıldin. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 1996. – 525 bet.*
- 3 *Sabyrhanova R.T. J.Köpeev şyǵarmalaryndaǵy metrologialyq leksika (halyq ölşemi men numerativter): monografiya. -S. Toraiǵyrov atyndaǵy PMU, 2007. – 161 bet.*
- 4 *Bolǵanbaev Ā., Qaliev B. Qazaq tiliniñ leksikologiasy men leksikografiasy. – Almaty, 2006. – 264 bet.*
- 5 *Qazaqtyñ baiyrǵy ölşem birlikleri - Bilimdiler portaly// bilimdiler.kz*
- 6 *Kürkebaev K. Qazaq tilindeǵi ölşemdikataulardyñ etnolingvistikalıq sypaty. Filol. ǵyl. kand. diss. – Almaty, 2003. – 120 bet.*
- 7 *Maralbek E.M. Qaşqaridyñ «Diuani lūǵat-it-türık» eñbegindeǵi «ölşem-mölşer» üǵymyn bildiretin somatizmder //Abai atyndaǵy QazŪPU, Habarşy «Filologia ǵylymdary» seriesy, №2 (60), 2017. – 65-66 bb.*

МРНТИ 16.01.09

Мамедова Ф.З.,¹ Дулаева Э.З.²

*¹Шетел тілдері және іскерлік карьера университеті,
²аль-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**ОРЫС ЖӘНЕ АРАБ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ
АНТРОПОЦЕНТРИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ**

Аңдатпа

Мақалада орыс және араб тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің антропоцентрикалық парадигмасы зерттеледі. Тұжырымдамаларды жүзеге асыру белгілі бір деңгейде қарастырылған: әлеуметтік, рухани, физиологиялық, материалдық, эмоциялық, зияткерлік. Құндылықтардың әлеуметтік деңгейі "еңбек, жұмыс – жұмыстың жоқтығы, ішсіз, жалқау, демалыс" аксиологиялық диадасымен ұсынылған. Құндылықтардың рухани деңгейі "мейірімді, жомарт – ашкөз, жомарт емес" аксиологиялық диадамен ұсынылған. Физиологиялық деңгей антонимов мысалында қарастырылған: өмір-өлім, денсаулық-ауру, ұйқы-ұйқысыздық. Материалдық деңгей "Байлық – кедейлік" жұбы ұсынылған. Құндылықтың эмоциялық деңгейі "қуаныш – қайғы" парадигмасының мысалында қарастырылады. Құндылықтардың зияткерлік деңгейі "ақыл, ақылды – ақымақтық, ақымақтық" аксиологиялық диадамен ұсынылған. Ұсынылған антропоцентрикалық белгілер "адам" концептін жан-жақты сипаттайды: бұл бейне, ақпараттық мазмұн және бағалау белгілері.

Түйін сөздер: антропоцентрикалық парадигма, фразеологиялық бірліктер, әлеуметтік деңгей, рухани деңгей, физиологиялық деңгей, материалдық деңгей, эмоциялық деңгей, зияткерлік деңгей

Mamedova F¹., Dulayeva E².

¹University of languages and business career,

²Al-Farabi Kazakh national University,
Almaty, Kazakhstan

ANTHROPOCENTRIC PARADIGM OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN RUSSIAN AND ARABIC

Abstract

Жазушы шығармаларында кездесетін *Ар* онцептісі ұлттық мінезді саралап, белгілі бір кейіпкердің мінез-құлық өзгешелігін көрсетуде де көрсетілген. Мәселен, жеке басқа тән “*намыс*” немесе *қоғамға тән “намыс”* т.б. Ал, *Намыс* концептісінің синонимі *Ар* концептісі қазақи ортада ежелден қалыптасқан ұғым болып саналады. Т.Ахметжан *Ар* концептісін “*өлімнен ұят күшті*”, “*ар-намысты тапталпау*”, “*ар-намысты аяққа бастырмау*”, т.б. деген тұрақты метафоралық сөз тіркестерімен де алмастырып қолданған. “Желтоқсан оқиғасынан кейін “ұлтшыл”, “жікшіл”, “ағайыншыл” деген аттарға ие боп, қудалауға да түстік. Қызметтен айрылды, партия қатарынан қуылды. Небір сорақы жалаларды естідік. Ар-намысымыз аяққа тапталды. Өлімнен ұят күшті, сынбадық. Мүжілдік, бірақ мұқалмадық. Күреспен, азаматтық намысымызды аяққа бастырмаймыз деген деген жанталаспен өмір сүрдік... Соңымыздан ерген ұрпақ бар, олардан өрбитін болашақ бар...” [13,8б]. *Ар* концептісін адами қасиеттерді қамтитын және *белгілі бір ортада өмір сүруге бейімделген* адамдар санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін танымдық лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі ретінде де алуымызға мүмкіндік бар. Сонымен бірге, адам баласының өзін қоршаған ортаға бейімделу ерекшелігінің нәтижесінде қалыптасқан рухани дәстүрлік ережелерін сақтау да *Ар* концептісімен тығыз түрде байланыстырылған. Мәселен, “Ең басты мақсат – соңымнан ерген ұрпақтарыма туған жерінің қадір-қасиетін білдіру. Еліне, жеріне, адамға деген құрметін, махаббатын арттыру. Өйткені олардың түп-тамыры сонда жатыр. Адам түп-тамырынан ажырап қалса көктеп, көгере алмайды. Бұл – табиғаттың заңы... Байқаймын, қазір кейбір жетілдік деген азаматтар ауылдасымен амандасуға, бір дастархан басында отыруға да арлана бастапты...” [13, 8-9бб]. “Жамандықты жамандықпен жеңе алмайсың. Адам рухани биіктеген сайын осыны түсінеді” [13, 8б]. Демек, кез келген адамға тән қасиет тұжырым жасау арқылы адам ойлау әрекетін ғана жүзеге асырып қана қоймайды, ол әлемді танудың негізін құрайтын тәжірибе мен білім жүйелерін талдауды, олардың болмыс-табиғатын пайымдауды міндет етеді. Тұжырым жасау барысында адам өз санасында бұрыннан орныққан қағидаларды басшылыққа алады әрі дүниені тану, оның заңдылықтарын ой таразысынан өткізу, тың деректерді жинақтау, оларды жадыда сақтау секілді мақсаттарды да жүзеге асырады. Ойша жасалған болжам мен адам нақты көріп білген, бақылау нәтижесінде көз жеткізген фактілер өзара тығыз байланыс құрай келе, концептілер жүйесінің негізгі құрылымдық бөлшектерін қалыптастырады. Сөйтіп, субъективті тәжірибе мен объективті қоғамдық норма ұстанымдары адамның танымдық әрекетін айқындауға, оның кез келген қоғамда дұрыс бағдарлай білуіне және заттар мен құбылыстардың, ұғымдардың өзіндік ерекшеліктерін нақты айыра білуге көмектеседі.[14]. Мысалы, “Көзіме қарауға дәті шыдамады, жүзін жерден көтермеген күйі: – Мына масқараны мен өлгенше тірі пендеге айтпаңдаршы, садаған кетейін, қарағым! – Мына шірікте ұят жоқ, оған бәрібір. “Ішінде Дәркембай бар екен” деген сөз сүйегіме таңба болады ғой... Елдің бетіне қалай қараймын?!

...Осы оқиғаны есіме алсам тікен үстіне отырғандай ыңғайсыз күйге тап боламын. Жүрегімді әлдеқандай бір түсініксіз сезім өткір тырнағымен бүре түскендей қиналып, қапаланып қаламын” [13,976]. Осыған орай, ғалымдар тұжырым жасау тек теориялық ұстанымдар арқылы ғана емес, нақты антропологиялық функциялар негізінде де дәйектеледі деп есептейді. Олар маңызды концептілер адамның жақсы, жамандықты сезу, бақылау, пайымдау, зер салу әрекеттерімен байланыса дамытылады деп атап көрсетеді, себебі затты я болмаса құбылысты жанжақты тану процесі оның сыртқы формалық сипатына түсініктеме берумен шектелмейді, ол үшін оның ортаға деген көзқарасы, сезімталдық қабілеттеріне, бағалану ерекшелігіне және жалпы мақсатына да мән беріледі. Мысалы, “Қарлыға көшетін болыпты дегенді естігенде әкем қатты қиналған. Көшірісуге ары жібермеді. Намысшыл кісі еді ғой. Шешеме өкпелеп теріс қарап жатып алған болатын. Ас та ішпеді... Содан әкем айықпас дертке ұшырады...” [8,1336]. Т.Ахметжан шығармаларындағы (образ, портреттік негіздегі) намысқа, ар ұжданға негізделген адам ойы тек тілдік құралдар негізінде ғана емес, портрет негізін көрсететін адамның бейвербалды қимыл-әрекеттері арқылы да көрініс береді, себебі олар адамның логикалық заңдылықтарға бағынған әрекеттерінің нәтижесі болып табылады. Осыдан келіп, когнитивтік әдеби негіздерде *Ар* ұғымы, *өждан* ұғымы және *ұят* мағынасы сөздерінің ара-жігін ажырату қажеттігі туды. Бастапқы кезде өзара мағыналас, синонимдес деңгейде қарастырылған бұл терминдер, кейін тек мазмұны жағынан ғана емес, әдіснамалық тұрғыдан да, ғылыми жүйеге қатыстылығы тұрғысынан бөлшектеніп талданатын болды. Біріншіден, *Ар* ұғымы – объектінің танып білген белгілерінің ғана жиынтығы делінсе, *А* концептісі – кез келген ұғым емес, ментальді ұлттық сипаттағы құрылым, белгілі бір мәдениеттің табиғатын ашуға көмектесетін күрделі механизм ретінде анықталды; екіншіден, *ар* ұғымы логика мен пәлсапа терминдері қатарында қабылданса, концептісі математикалық логика, мәдениеттану, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика ғылымдарының нысанын құрады; үшіншіден, *ар* мен *ұят* сөздерінің мағына айырмашылығы да екеуінің ұғымдық арақатынасымен дәйектеледі: *ар* концептісі шынайы объектінің әлдеқайда тұрақты танымдық көшірмесі іспеттес, өйткені *ұятты* білдіретін мағынаға қарағанда, ол қоршаған ортамен еркін байланысқа түсе алады, ал *сөз* бен оның мағынасы, керісінше, сол концептінің бір бөлшегі деп қабылдану керек. Дегенмен, өзге танымдық әрекеттер секілді концептік тану да, негізінен, тек метафоралық құралдар арқылы, яғни *сөз*, *сөйлем*, *дискурс* құрылымдарымен бірлікте ғана жүзеге аса алады [14].

А.Б.Әмірбекованың ғылыми зерттеуінде *ар*-намыс концептісі мәселесі қарастырылып, концептінің лингвомәдениеттану, лингвокогнитивтік, психолінгвистикалық салаларында өзара ұштасатын қасиеттері айқындалады. Аталған ғылым салаларында концепт тар деңгейде ұғынылатындығы сөз болады. Концепт когнитивтік тіл білімінің басты термині ретінде қаралады. Зерттеушілер арнамыс концептісі лексикалық мағынаға қарағанда ауқымы кең дүние, – деп таниды. Егер ұғым танылатын объектінің, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал *ар*-намыс концептісі – ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы. Оның мазмұн межесі – объект туралы ұжымдық, тұлғалық санадағы барлық біліми ақпараттар шоғыры болса, тұрпат межесі – тіл бірліктерінің жүйеленген көрінісі (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.). Концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады. [15]. *Ар*-намыс концептісі ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең бастысы жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды тани аламыз. Т.Ахметжан шығармаларында қолданылған: қазақ халқы үшін - *намыс*, *ар*, *ұят*, *өждан* ұғымдарына тікелей қатысты метафоралы-эпитетті сөздер – “қара шаңыраққа ие болу” [8,1846], “түтеткен түтініне ие болу” [8,1286], “жесіріне ие болу” [8,1266] “Алланы аузынан тастамау” [8,1916], “садақа” [8,1926], “тектілігін таныту” [8,706], “шаңырағын шайқалтпау” [8,1286], “ошақтың тағдыры” [8,1286], т.б. сөздер лингвомодени бірлік ретінде *ар*-намыс концептісі деп таныла алады. Яғни “*ар*, *намыс*, *ұят*, *абырой*” концептілері қоршаған ортаның берген тәрбиесінен бастау алады.

Қорытынды. Т.Ахметжан шығармашылығының негізгі лейтмотиві – адамдықты, адалдықты, әділдікті, тазалықты, пәктікті паш ету, ездікті, арамдықты, зұлымдықты әшкерелеу. Дегенмен жазушының ұлттық танымы мен өзіндік психологиялық когнициясы көрініп, арақидік айқын жағымсыз коннотацияда сыртқа шығып отырады.

Т.Ахметжан шығармаларында *ар* концептісі әртүрлі қырынан кең түрде көрсетіледі. Арлы адам арына сай өмір сүреді, оның өмір сүру мәнерінде, әдет қылығында мұның бәрі сәйкес келеді. Арлы адам – бұл жеке адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі ретінде адами баға болып қоғаммен

қабылданады, қазақ концептосферасында *Ар* лексемасы тікелей денотативті белгісіне қарай емес, коннотативтік семема-халықтық белгісімен белгілі. Қазақ тіл мәдениетінде халықтан алған баға ең жоғары баға болып есептеледі. Қазақ тілінде *ар* лексемасын – елсүйгіштіктің негізгі ұғымы ретінде қабылдауға болады. Т.Ахметжан бүгінгі қоғамның рухани, адамгершілік көкейкесті мәселелерін жалпы адамзаттық деңгейге көтереді. Автордың айтатын ойының ауқымы глобалды, жаһандағы проблемалық мәселелерді көтереді. Т.Ахметжан адамзатты ежелден толғандырып келе жатқан, қазіргі уақытта да аса алаңдатып отырған мәселелерді түбегейлі көрсетуге тырысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Маслова В.А. Лингвокультурология: учебное пособие. – М.: Академия, 2001. – С. 5. - книга
- 2 Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов / Под ред. Кубряковой Е.С. – М.: Филологический факультет МГУ им. Ломоносова, 1997. – С. 93, 90-92. - книга
- 3 Уәли Н. “Қамшы” концептісі //Академик Ш.Ш.Сарыбаев және қазақ тіл білімі мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, Дайк-Пресс, 2005. – 204-213 бб. - журналда жарық көрген мақала
- 4 Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. – Воронеж: Истоки, 2003. – С. 38, 60-61. - книга
- 5 Философский энциклопедический словарь. – М.: Инфра, 1999. – С. 144. - книга
- 6 Есим Г. Наука совести. – Алматы, Раритет, 2008. – С. 11. - книга
- 7 Қалиев Б.Қ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1983. – 317 б. - кітап
- 8 Ахметжан Т. Мұң. – Алматы, 2003. – 234 б. - кітап
- 9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі // Тілтаным. – Алматы, Арыс, 2006. - кітап
- 10 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде // Этнолингвистикалық сөздік. I том. – Алматы, 2009. - кітап
- 11 Косович П.В. Казахско-русский и русско-казахский словарь. – Костанай, Толмач – Евразия, 2009. – С. 169. - книга
- 12 Рыспаева Д.С. Қазақ тіліндегі *намыс* концептінің лингвистикалық репрезентациясы. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №4-5 (150-151). 2014. - журналда жарық көрген мақала
- 13 Ахметжан Т. Ақиқат жолы. – Алматы, Жалын, 2008. – 240 б. - кітап
- 14 Шеризат А. М.Әуезов шығармаларындағы “*намыс*” концептісінің қолданылу ерекшеліктері. “Мәңгілік Ел” идеясы мен ұлттық идеясының әдебиетінде көркемдік көрініс табу дәстүрі мен инновациялық жаңашылдық мәселелері”: Халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары. – Алматы, ал-Фараби ат. ҚазҰУ ун., 2015. – 228 с. - журналда жарық көрген мақала
- 15 Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. Монография. – Алматы, Елтаным, 2011. – 204 б. - кітап

References:

- 1 Maslova V.A. Lingvokulturologia: uchebnoe posobie. – М.: Akademia, 2001. – С. 5. - kniga
- 2 Kubräkova E.S., Demänkov V.Z., Pankras İ.G., Luzina L.G. Kratki slovär kognitivnyh terminov / Pod red. Kubräkovoı E.S. – М.: Filologicheski fakültet MGU im. Lomonosova, 1997. – С. 93, 90-92. - kniga
- 3 Uäli N. “Qamşy” konseptisi //Akademik Ş.Ş.Sarybaev және qazaq til bilimi мәseleleri: Halyqaralyq ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Almaty, Daik-Pres, 2005. – 204-213 bb. - jurnalda jaryq körgen maqala
- 4 Popova Z.D., Sternin İ.A. Ocherki po kognitivnoi lingvistike. – Voronej: İstoki, 2003. – С. 38, 60-61. - kniga
- 5 Filosoфski ensiklopedicheski slovär. – М.: İnfra, 1999. – С. 144. - kniga
- 6 Esim G. Nauka sovesti. – Almaty, Raritet, 2008. – С. 11. - kniga
- 7 Qaliev B.Q. Qazaq tiliniñ tüsındırme sözdıgı. – Almaty, 1983. – 317 b. - kitap
- 8 Ahmetjan T. Mūñ. – Almaty, 2003. – 234 b. - kitap
- 9 Qazaq ädebi tiliniñ sözdıgı // Tiltanym. – Almaty, Arys, 2006. - kitap
- 10 Qaidar Ä. Qazaqtar ana tılı äleminde // Etnolingvistikalıyq sözdık. I tom. – Almaty, 2009. – kitap
- 11 Kosovich P.V. Kazahsko-ruski i rusko-kazahski slovär. – Kostanai, Tolmach – Evrazia, 2009. – С. 169. - kniga
- 12 Ryspaeva D.S. Qazaq tilindegi namys konseptiniñ lingvistikalıyq reprezentasiyası. QazŪU habarşysy. Filologia seriasy. №4-5 (150-151). 2014. - jurnalda jaryq körgen maqala
- 13 Ahmetjan T. Aqiqat joly. – Almaty, Jalyn, 2008. – 240 b. - kitap

14 Şerizat A. M. Äuezov şyğarmalaryndağy “namys” konseptisiniň qoldanyly erekşelikleri . “Mähgılik El” ideiasy men ultiq ideiasynyň ädebiyetinde körkemdik körınıs tabu dästürı men innovasiyalıq jaňaşyldyq mäseleleri”: Halyqaralyq şyl.-teor. konf. materialdary. – Almaty, äl-Farabi at. QazŪU un., 2015. – 228 c. - jurnalda jaryq körgen maqala

15 Ämirbekova A. Qazırğı qazaq til bilimindeгі jaňa bağyttar. Monografia. – Almaty, Eltany, 2011. – 204 b. - kitap

МРНТИ 16.21.07

Мухамеджанова Г.Т.,¹ Мухамеджанова А.Т.²

*^{1,2} М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Петропавл қ., Қазақстан*

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда кез келген ұлттың мәдениеті, тілі, ұлттық болмысы, әсіресе әдебиетімен арасындағы ара-қатынастарды байланыстыруда тілдік тұлғалардың арқасында ұлттың болмыс-санасымен ұштастырып, әдебиетті дамытуда лингвистика мен лингвомәдениеттануда оның түрлі қыры мен сыры ашылууда.

Осы тұрғыдан лингвистика сөз болғанда, алдымен лингвистикалық поэтиканың мәнін ашуда оның тілдегі, әдебиеттегі тұратын дәрежесін айқындап, сол саланың зерттелуі, дамуы, пәнде оқытылуы, ғылымның өзге салаларымен байланысын көрсету мәселенің маңызды тұсын ашып көрсетеді.

Бұл мақалада көркем шығарма тілінің фонетикалық микропоэтикасы қарастырылады, сондай-ақ көркем шығармада қолданылған фонетикалық құбылыстардың табиғаты нақты мысалдармен талданады.

Түйін сөздер: қазақ тіл білімі, лингвистикалық поэтика, макропоэтика, микропоэтика, фонетикалық құбылыстар, протеза, редукция, метатеза, элизия, гаплогология, паронимдер

Mukhamejanova G.,¹ Mukhamejanova A.²

*^{1,2} North Kazakhstan State University named after M.Kozybayev,
Petropavlovsk, Kazakhstan*

POETIC FEATURES OF THE LITERARY TEXT

Abstract

Currently, due to linguistic personalities associated with culture, language, national existence, especially with literature, various aspects and aspects of linguistics are revealed in the development of literature in linguistics and linguoculturology.

From this point of view, linguistics, first of all, reveals the essence of linguistic poetics, determines the degree of its residence in the language, literature, reveals the subject of study, development, teaching, and connections with other branches of science.

This article examines the phonetic micropoetics of the language of a work of art, and also analyzes the nature of phonetic phenomena used in a work of art, using specific examples.

Keywords: kazakh linguistics, linguistic poetics, macropoetics, micropoetics, phonetic phenomena, prosthesis, reduction, metathesis, elision, the haplogology, paronyms

Мухамеджанова Г.Т.,¹ Мухамеджанова А.Т.²

^{1,2} Северо-Казахстанский государственный университет им. М.Козыбаева,
Петропавловск, Казахстан

ПОЭТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

Аннотация

В настоящее время благодаря языковым личностям, связанному с культурой, языком, национальным бытием, особенно с литературой, в лингвистике и лингвокультурологии в развитии литературы раскрываются различные аспекты и аспекты лингвистики.

С этой точки зрения лингвистика, прежде всего, раскрывает сущность лингвистической поэтики, определяет степень ее проживания в языке, литературе, раскрывает предмет изучения, развития, преподавания, связи с другими отраслями науки.

В данной статье рассматривается фонетическая микропоэтика языка художественного произведения, а также анализируется природа фонетических явлений, использованных в художественном произведении, на конкретных примерах.

Ключевые слова: казахское языкознание, лингвистическая поэтика, макропоэтика, микропоэтика, фонетические явления, протеза, редукция, метатеза, элизия, гаплоглогия, паронимы

Кіріспе. Бүгінгі таңда қай халықта болмасын, тіл және әдебиеттің, әдебиет пен мәдениеттің арақатынасын байланыстыру үшін тілдік тұлғалардың арқасында ұлттың болмыс-санасымен ұштастырып, әдеби тілді дамытуда лингвистика саласы мен лингвомәдениеттану аясында зерттеу арқылы оның түрлі қыры мен сырын ашуда өзінің ықпалын тигізуде.

Осы тұстан қарастыра берсе, лингвистикалық поэтиканың мәнін анықтауда және оның тіл мен әдебиет саласында дәрежесін айқындап, поэтиканың зерттеу нысаны мен пәнде оқытылуын, негізгі мәнісі мен ғылымда басқа салалармен байланысын көрсетуде, сол салалармен ара-жігін ажыратып қарастыру мәселенің маңызды тұсын ашып көрсетеді.

Жалпы поэтика түсінігін бізде қазақ тіл білімінде көптеген ғалымдар зерттеп зерделеген, алайда тілмен қатар әдебиет жағы да қалыс қалып қоймаған. Қазақ тіл білімінде көптеген ғалымдар бұл салада кеңінен зерттеу жүргізген, оның бастауы Р.Сыздықтан бастау алады.

Поэтика терминін поэтикалық ұғымымен байланыстыратын ғалым зерттеуші Р.Сыздық өз еңбегінде: “Поэтикалық деген анықтауыш тек поэзияға (өлеңге) қатысты ғана емес, жалпы бейнелілікке (образдылыққа), көркемдікке қатысты деген мағына береді. Сондықтан поэтикалық сипат тек өлең сөзде ғана емес, прозалық шығармаларда да көрінеді”, – деп көрсетеді белгілі ғалым [1, 74 б.].

Поэтика ұғымына анықтама беруде қысқа әрі нақты анықтама берген Т.Жанұзақов өзінің “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі” еңбегінде: “Поэтика әдеб. Поэзиялық шығарманың құрылысын, суреттеу, бейнелеу тәсілдерін зерттейтін ғылым” – деп жазады [2, 679 б.]. Осы тұрғыда бұл ұғымның әдебиетте көркем шығармалар мен драмаларда айқын көрінетінін ұғамыз.

Поэтика терминін зерттеп зерделеу барысында тілтанушымыз А.Тымболова әдебиеттанушылар секілді бұл терминді негізгі 3 түрге бөліп қарастырады: “Жалпы әдебиеттегі көркемдік құралдардың барлығы тілге қатысты екенін ескерсек, онда поэтика тілді зерттейтін көркемдік құралдардың жиынтығы деп те айтуға болады. Негізінде, поэтика, жалпы, (теориялық немесе жүйелік “макропоэтика”), жеке баяндау түрінде “микропоэтика”) және тарихи поэтика болып үшке бөлінеді”, – деген пікірін алға тартады [3, 104 б.]. Соның ішінде макропоэтика – берілген көркем шығарманың дыбыстық жағын, сөздік жүйесін және жоғарыда тоқталған образдық жүйесін қамтиды. Және де композицияны, мәтіннің сюжетін, шығарманың тақырыптық жағы мен авторлық жеке пікірін де қарастырады. Яғни, жалпы түрде қамтиды, ал микропоэтикаға макропоэтикаға қарама-қарсы термин ретінде анықтама береді.

“Микропоэтика – негізі жеке шығарманы, зерттеу талабының ерекшеліктеріне сай топ шығарманы (бір циклды, жеке автордың, әдеби бағыттағы жанрдың, тарихи кезеңнің қатысына қарай) баяндап, талдап түсіндіреді. Оның тақырыптық және идеялық қалыптасуында, сөзбен зерделенуіне дейінгі үдерістің (генеративтік поэтика) қамтылуы да қарастырылады”, – деп жазады А.Тымболова [3, 108 б.]. Демек, микропоэтика көркем мәтіннің табиғатын барынша ашып, ондағы эстетикалық әсерлердің өз

алдына дара жүйесін құрап, оның жеке құрылымын жасайды. Ал, макропоэтикада шығармада қолданылған көріктеуіш құралдарды саралап, олардың жай-күйі анықталады.

Әдістеме.Лингвист-мамандар түркі оның ішінде қазақ тілінің үндесім құбылысын ең маңыздысы деп таныған. Тілдік құбылыстарда фонетикалық және фонологиялық сипаттарына назар аударып отырған. Фонетика ұғымы айтылғанда көркем шығармалардағы кездесетін фонетикалық құбылыстарға да кеңінен зерттеулер жүргізілген.

“Әр тілдің өзіне ғана тән дыбысталу заңдылықтары – сол тілді дербес тіл етіп тұратын белгілердің бірі”– деп жазады ғалым Р.Сыздықова [4, 7 б.]. Десек те, сол тіл өзінен басқа тілдерден сөздер қабылдамай тұра алмайды, себебі сөздік қоры кеңеюіне себепші болады. Ал сол өзге тілден келіп енген кірме сөздер тілге ену барысында түрлі өзгерістерге ұшырайды. Сол сияқты оның айтылуы мен жазылуында үлкен айырмашылықтар болады. Түрлі дыбыстық өзгеріске ұшырап, кейбір жат дыбыстар төл дыбыстарға айналуы мүмкін. Сөйтіп сөздің құрамында сапалық та, сандық та айырмашылықтар туындауы мүмкін. Мұндай өзгерістер тілдің төл дыбыстарында да ара-тұра кездесіп тұрады.

Мақалада поэтика терминіне қатысты ғылыми зерттеулер, оқулықтар, монографиядағы ғылыми теориялар басшылыққа алынды. Атап айтқанда Р. Сыздықова, Б. Шалабай, Г.С. Нуриев, П.А. Николаева, Ғ. Қалиев, Т. Жанұзақов, А. Тымболова, А.М. Алдашева, Х.Р. Курбатов, Н.В. Шевченко, В.В. Виноградов, В.М. Жирмунский сынды ғалымдардың еңбектері жұмысымызға негіз болды. Сонымен бірге жазушы Ғ. Мүсіреповтің “Ұлпан” атты көлемді шығармасы талдауға пайдаланылды.

Сондай-ақ поэтикамен қатар макро және микропоэтика ұғымдарына түсіндірмелер беріледі. Макропоэтика – әдебиеттегі жазушылардың туындыларының көркем идеясын, құрылымын, ондағы эстетиканың қолданылуын қарастыратын сала. Яғни, оның қатарын анықтап айтсақ, көркем шығарманың сюжет құрылысын, туынды композициясы мен жазушының өзіне тән стилін атап өтуге болады. Микропоэтиканың басты мақсаты жеке бір автордың иелігіндегі жеке көркем шығармасының зерттелуі, оның әдеби бағыттағы жанры қандай, тарихи жағына да назар аудару болып табылады. Бұл салада тақырыбы да, шығарма мазмұнының идеясы қандай, бәрі де жан-жақтама қарастырылады.

Көркем әдебиеттегі жазушының жеке көркем шығармасының лингвистикалық тұрғыдан құрылымын, құрылысы мен ондағы тілдік құбылыстарын анықтау, сондай-ақ тілдік қолданымдарға мән беру және де тіл мен әдебиеттегі тілтанушылар мен ғалымдардың поэтика мен лингвистика ұғымдарына берген анықтамаларын саралап ажырату және де зерттеу барысында сақталып отырған мәселелерге талдау жасау жұмыстың басты мақсаты болып табылады.

Зерттеудің мақсатына сәйкес, жалпы тіл білімінде қалыптасқан сипаттамалы, салыстырмалы, тілдік фонетикалық талдау әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар, жүйелеу, топтау, бағалау, талдау тәсілдері де қолданылады.

Зерттеудің өзекті тақырыбы лингвистикалық поэтикада жоғарыда атап өткен поэтика ұғымы мен лингвистикалық заңдылығын байланыстыра отырып, көркем шығармалардың тілдік ерекшеліктерінің сыртқы формасына тоқталып өтеміз. Оның ішінде көркем шығармалардың қолданыстағы тілдік ерекшеліктеріне фонетикалық құбылыстарға мысалдар келтіру арқылы талдау жасалынды.

Нәтижелер мен талқылау.Фонетиканың ғылым саласында болсын, теориялық жағынан болсын үлкен маңызға ие екенін дәлдеп айта аламыз. Оның маңызын әдістемеді қолдану барысында және ана тіліміз қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту кезінде байқай түсеміз. Тіл біліміндегі қазақ тілін оқыту әдістемесін биік деңгейге жеткізу үшін, оның негізгі бастау бұлағы фонетика саласынан бастаған оңтайлы.

Біз білеміз, қазақ тілтанымындағы фонетикалық зерттелімдер барысында бұл саланың бірнеше тарихи дәуірлерден өткенін, оның қалыптасуы мен дамуында зерттеушілердің түрлі пікірлері барын. Қазіргі таңда фонетиканың қалыптасуын, фонетикалық талдау және оның ішіндегі түрлері мектеп бағдарламасынан басталып, жоғарғы оқу орындарына дейін тереңінен оқытылуда.

Тілдегі фонетикалық құбылыстар – кейбір сөздердің құрылымында кездесетін әр түрдегі дыбыстық өзгерістер. Тілдегі мұндай өзгерістегі дыбыстардың өзіне тән ерекшеліктеріне қарай ғалымдарымыз келесідей түрлерге бөліп қарастырған: протеза, эпентеза, редукция, метатеза, эпитеза, элизия, гаплогия, синкопа, апакопа және т.б.

Біз ендіосы аталған дыбыстық өзгерістерге кеңінен тоқталамыз.

Протезалық өзгеріс.Протеза негізінен грек тілінен енген, қазақ тіл білімінде протеза болатындар қысаң дауыстылар, *л, р* дыбыстарынан басталатын кірме сөздердің алдында айтылуында кездеседі.

Осыған шығармадан мысал келтірсек: “Атақ құмар, лақап құмардың сөзін қайталай береді”. Берілген мысалдағы протеза болып тұрған сөз – *лақап*. Ондағы *ылақап* деп айтылады да, *лақап* болып жазылады. *Ы* дыбысы алдынан қосылып айтылады да, сөзге бір күш түсіріп тұрғандай болады. Сонымен қатар *ы* дыбысының қосылып айтылуының бір себебі сөз толық жуан дыбыстан жасалып тұрғандықтан жуан дыбыс қосарланып айтылады. Фонетикадағы айтылым мен жазылым мәселесінде оның санында айырмашылық байқалады, айтылғанда бес дыбыс, жазылған кезде алты дыбыс болады.

Ал келесі мысалға тоқталсақ. “Түрікпен Мүсіреп жас жігіттің сөз саптауынан ашынғандық лебін өзі де танып тұрған”. Бұл мысалымызда *лебін* сөзі протеза болып тұр. Мұнда сөз толық жіңішке дыбыстардан құралып тұрғандықтан айтылуда алдынан жіңішке *і* дыбысы қосылып айтылады. Яғни *ілебін* болып айтылады да, сан жағынан да сапа жағынан да айырмашылыққа ұшырайды.

Негізінен протезаны зерттегенде ғалымдардың көпшілігі байырғы сөздерден құралатынын айтады. Протезада сөздер өз алдына күшке иеленіп, өз алдына буын болып тұрады. Сондай-ақ араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздерде дауыссыз дыбыстан басталғандықтан алдынан дауысты дыбыс бірінші айтылады.

Ие, “*малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы*” дейтін елдің нақылын еске алсаң, *лайықты жұмыс болмапты*. Бұл берілген сөйлемдегі протезалық құбылысқа ұшыраған ерекше сөз – екінші жай сөйлемдегі *лайықты* сөзі. Бұл сөзде де жоғарыдағы секілді жуан дыбыстардан құралғаны үшін *л* дыбысының алдына *ы* жуан қысаң дыбысы қосылып шығады. Сөйлемде берілгендей жеті дыбыстан құралып нақты жазылады, ал айтылуы кезінде айырмашылық еніп сегіз дыбыс айтылып жазылады.

Протезада *л* және *р* дыбыстары негіз болатынына жоғарыда тоқталып өттік. Келесі мысалда *р* дыбысының алдына қосарланған дыбыс туралы сөз болады. *Кенесары орыс шекарасынан шеткей отырған Керей – Уақ елдерін екі рет шауып әкетті*. Берілген мысал сөйлемдегі *рет* сөзі *і* дыбысының алдына қосылып айтылуынан жасалады. Сөйлемде берілгеніндей үш дыбыспен жазылып, алдына бір дыбыстың қосылып айтылуы нәтижесінде төрт дыбысқа айналады. Сонымен қатар айта кетсек, *рет* сөзінің алдында екі сөзі де жіңішке әріптермен жасалып *рет*, сөзінің алдында *і* дыбысының қосарлануына өз ықпалын тигізіп отыр.

–*Қозыдай көгендеп қойып маңдайларына қырықтық қыздырып басып, «Итжеккенге» айдатайын деп жатыр дейді. Құдай біледі, рас!*. Бұл берілген мысалда *рас* сөзі протезалық құбылысқа жатады. *Рас* сөзінде *ы* дыбысы қосарланып сөздің алдында айтылымда қолданып тұр, ал жазылғанда *рас* болып қолданылады. Фонетикадағы айтылым бойынша үш әріп, ал *ы* дыбысы қосылып айтылғанда төрт әріпті құрап тұр.

Протезада сондай-ақ *ы*, *і* дыбыстарымен қатар кейде *у*, *ұ*, дыбыстарыда айтылуында қолданылады. Бұл сөздер көбіне араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздерде болады. Осы сөзімізге дәлел ретінде келесідей мысалды келтіре аламыз. *Жүрер алдында генерал-губернаторға кіріп, лұқсат сұрап шықтым*. Мұндағы мысалда көрініп тұрғандай *лұқсат* сөзі протезалық құбылыстағы өзгеріске түскен сөз. Берілген протезалық құбылыстағы сөздің алғашқы буынында *ұ* әріпі кездескен, сондықтан осы езулік әріп сөздің алдынан *ұ* дыбысының қосарлануына өзінің септігін тигізіп тұр.

Ендігі кезекте қазақ тіліндегі байырғы сөздердің о бастағы атауына байланысты протезалық құбылысқа аз ғана тоқталсақ. Қазақ тіліндегі кейбір сөздер анығырақ одыбысынан басталатын сөздер де протезаға жатқызылады. Оны кейінгі мысалдан көре аламыз. *Аманқарағай дуанына қарайтын көп рулы елдердің өміріне базар кірген, шай, қант, нан, орамал, сабын, сиса, барқыт, жібек, былғары кірген*. Бұл сөйлемдегі *орамал* сөзін жатқыза аламыз. Мұндағы *орамал* бастапқы кездегі атауы *ромал*, кейіннен *о* дыбысы алдына қосылып айтылуына байланысты *орамал* болып толықтай аталып, *орамал* болып жазылатын болып кеткен.

Эпентезалық өзгеріс. Эпентезалық құбылыс негізінен сөздің арасындағы айтылуға тиісті екі дауыссыз дыбыстың арасында дауысты дыбыстың қыстырылып айтылуы. Эпентезалық өзгеріске мысал сөздермен дәлелдесек. *Қысқа қарай жылқы малын ықтасыны бар қара отты шұбарға жақын ұстамасаң – “Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық” - кейде тақыр-таза жаяу да қаласың*. Осы сөйлемдегі *жаяу* сөзін алсақ, ол эпентезалық құбылысқа ұшырап тұр. Ондағы *жаяу* сөзі төрт әріптен жазылып тұр, ал айтылым саласында ол бес әріптен құралып айтылады. Оның бірден-бір себебі *я* әріпінің айтылуда екі дыбыстың нәтижесінде пайда болуы. Яғни *я* әріпі *й* және *а* дыбыстарының қосылып бір таңбаны беруі. Демек *жайау* болып айтылуда бес дыбыстың естіліп, төрт дыбыстың жазылуына күйеу боламыз.

-Шырағым, арызың аяқсыз қалмас, - деді ол, - аяқсыз қалдыратын арыз сияқты емес. Ауылдарыңа осыны айта барарсың. “Түсі игіден түңілме” дегендей, көргенсіз деуге ішім қимай тұр. Әттең, ашынғандықтан болса да азды-көпті асқақтай сөйлегеніңде болды. Аулыңа мұны да айта барарсың. Берілген бұл сөйлемде эпентезалық құбылысқа бір емес бірнеше мысалды келтіре аламыз. Оның біріншісі *аяқсыз* сөзі, бұл сөзді жоғарыдағы сөйлемде талқылаған болатынбыз. Яғни *я* әріпіне қатысты екі дыбыстың қосарлануына байланысты ережені атай аламыз. Дәл осы ережеге қатысты сөйлемдегі *сияқты* сөзіндегі *я* әріпі жатады. Ал келесі эпентезалық құбылыстағы сөз *қимай* сөзі, мұнда тіл біліміндегі тағы бір ережені атаймыз. Екі дауыссыз дыбыстың арасындағы бір дауысты дыбыстың қыстырылып айтылып, айтуға жеңілдік беруі. *Қ* және *и* дауыссыз дыбыстарының арасында *ы* дыбысының қыстырылып айтылып, *қыймай* болып өзгертілгенін байқауға болады. Мұнда әріп санына әріп қосылып тұр, яғни бес әріпті сөз *ы* дыбысының қыстырылуының арқасында алты әріпті сөз болып өзгеріске түсіп тұр.

Осы тұста эпентезалық құбылыстың грек тілінен енгенін, оның *trenthesis* – қыстырылу деген мағынаны білдіретінін айта кетсек жөн болады. Эпентезалық құбылыс негізінен сөздердің айтылуына жеңілдік тудыруға өз ықпалын тигізеді. Бұл ертеректе орыс тілінен енген кейбір кірме сөздердің әсерінен туындаған деседі ғалымдар. Алайда кейіннен өзге ғалымдарымыз эпентезаның тек кірме сөздерде ғана емес, қазақтың байырғы сөздерінде де кездесетінін айтады.

Тобыл, Бағлан, Стап, Книтан қалаларына жақын отырған бес болыс Керей – Уақтың шетірек отыратындарын әлденеше рет шауып әкетті. Бұл берілген мысалда екі фонетикалық құбылыс бар, олар эпентеза және протезадағы сөз *рет* сөзі. Эпентеза болып тұрған сөз қаланың атауы – *Книтан* сөзі, бұл сөз – сөздің басында келген екі дауыссыз дыбыстың арасындағы бір дауыстының қыстырылып шығуы. Яғни *Кыпитан* болып айтылуы, *Книтан* болып жазылуы. Мұнда *К* және *п* екі қатаң дыбыстың арасындағы *ы* дыбысының қосарлануынан болып тұрған құбылысқа жататын сөз.

Әділ де қатал би атанған адам. Енді осы сөйлемдегі эпентезалық өзгеріске түсу арқылы ерекшеленіп тұрған сөзге тоқталсақ. Ондағы *би* сөзін жатқыза аламыз, себебі *би* сөзінде *б* және *и* дауыссыз дыбыстарының арасында *і* жіңішке дауыстының қыстырылып қалуы себеп болып тұр. Яғни *би* болып айтылып үш дыбыстың естілуі, ереже бойынша *би* болып екі әріптің жазылуынан құралып тұр. Осылай екі ұяң дауыссыздың арасында *і* жіңішке дыбысының қосарлануы арқасында эпентезаға ұшырап тұр.

Ал келесі ойды өлең жолдарынан келтіріп, эпентезаны толығырақ тани түссек:

-Қазақ – қазақ болғалы,
Өз алдына ел болып,
Оңаша бір қонғалы,
Хандығынан айрылса.

Мұндағы берілген өлең түрінде келген мысалда біз фонетикалық өзгеріске түскен *айрылса* сөзін нақты атай аламыз. Бұнда *й* және *р* екі үнді дауыссыздардың арасындағы бір дауыстының қыстырылып естілуі жатады. Демек анығырақ *айырылса* деп *ы* жуан дыбысы жағаласып тұр. Сондай-ақ айта кетсек, негізінен бұл сөзді кейбір ғалымдарымыз эпентезаға жатқызбайды, ол сөздің қалыптасуы осылай болған, ғалымдардың екінші тобы эпентезалық құбылысқа жататынын баса айтады.

Ендігі уақытта біз өзге ғалымдарымыздың эпентезаға қатысты басқаша ойларына да мысалмен тоқтала кетсек. Эпентезаны сөз ішіндегі қатар келген екі дауыссыздың арасына дауыстының қыстырылып айтылуын жатқызамыз. Алайда бұл фонетикалық өзгеріске түсуді жоққа шығарып, айтылуға тиісті екі дауыссыздың арасындағы дауыстының түсіп қалуында жатқызамыз. Бұл көбіне араб-парсы тілдерінен енген сөздердің қатарында кездеседі. Байырғы қазақ тіліндегі сөздер *з*, *һ*, *г* дыбыстарынан басталмайтындығы айқан нәрсе. Олар қазақ тілінде әртүрлі орын тапқан. Көп жағдайда олар жат дыбыстан «қашып», сөз басындағы дыбыстар түсіріліп қалған. Соның нәтижесінде мысалы *әзір* сөзінде *қазір* болып, қазақ тіліне лайықталып құрамы өзгерген.

Жоғарыдағы сөзімізді бір мысалмен айқындап ашық көрсетсек. Мәселен, келесідей сөйлемдегі *қазір* сөзін *әзір* сөзімен алмастырылған. *Тілеуімбет би аға сұлтан сайлауында бұрынғы би атағынан айрылып қалып, қазір Кенесарының “анда бар, мында барында” жүр.* Қазақ тілінде эпентезалық құбылыста негізі қатып қалған қағида жоқ. Ол өз орнымен өзгеріске түсіп тұрады. Онда ереже

бойынша эпентеза бір ғана сөйлем мүшесі болуы керек немесе бір ғана қызмет атқаруы керек дегені емес. Ол кейде еліктеуіштерде де көрінеді.

Олары әрі аға сұлтанды қорғаушы, әрі тырп еткізбейтін бақылаушы болатын. Әуелі солар ат үстіндегі ойындарды көрсетті. Тырп етпей жатып қалады. Қазақ аттары мұндайда өзінен-өзі есеңгіреп, болмашыдан үркіп әурелер еді. Осы берілген қатар екі сөйлемдегі бір ғана еліктеуіш *тырп* сөзін алсақ, ол фонетикалық оның ішінде эпентезалық өзгерістегі сөз болып тұр. *Тырп* сөзінің құрамындағы сөздің соңындағы екі дауыссыздың *p* және *n* әріптерінің арасындағы *ы* дауысты дыбысының жағаласып айтылуында. Және айта кетсек, *тырп* сөзі *ы* жуан дыбысының әсерінен *тырып* болып эпентезаға ұшырап бес әріптің естілуіне ықпал жасап тұр.

Алдағы сайлауда Шыңғыс Есенейді орнынан түсіріп басқа біреуді би қоюға әзірленіп жүр. Кенесары қолымен Есенейдің соңғы айқасы аяқталып қалғанда кездесті де, жауынгер казак-орыстардың қол қышуы қанған жоқ... Бұл мысалға алынған қатар екі сөйлемдегі фонетикалық құбылыс жасап тұрған сөздер – *қоюға* және *аяқталып* сөздері. Бұл аталған сөздердің құрамындағы аяқталып сөзіндегі құбылыс жоғарыдан бері айтылып жатыр. Ал екінші сөзіміз *қоюға* – мұнда *ю* әріпін аламыз, онда *й* және *у* екі дыбысының қосарланып бірге айтылуынан жасалады. Солай бірге жасалуынан протензалық құбылыстың түріне жатқызылып тұр, негізінен *қою* деп жазылып заңдылық бойынша үш әріптен, *қойу* деп дыбысталғанда төрт әріпке айналады.

Жалпы осы жоғарыда атап өткен *я (йа), ю (йу)* дыбыстарының айтылуы мен жазылуында, дыбыстық өзгеріске түсуінде және т.б. жайттар тіл білімінде кең түрде зерттелген. Бұл заңдылық өз жүйесін тапқан ережелердің бірі. Бұл өзі жеке мәселе болып зерттелгенінен кейін оны фонетикалық құбылыстардың қатарына жатқызыла бастады.

Осы ретте келесі мысалда жіңішке дыбыстың эпентезаға ұшырауына назар аударсақ. *Сол өрік-мейіз, тана-моншақ арқылы бала қыз Ұлпан Есенейге бір жетіден кейін әрең үйірілген.* Осы көрсетілген сөйлемнің құрамындағы соңғы баяндауыш қызметінде тұрған *үйірілген* сөзі. Бұл сөзіміз фонетикалықтың ішіндегі эпентезалық өзгеріске түсіп тұр. Айтар ойымызды сөзбен дәлелдей түссек, *үйірілген* сөзі заңдылық бойынша ережеге сүйеніп, қатаң түрде дұрыс жазылып беріліп тұр. Алайда мұнда фонетикалық құбылысқа сөздің арасындағы *і* жіңішке дауыстының қыстырылуы дәлел, яғни үйірілген деп жазылып, *үйірілген* боп қыстырылумен айтылуы. Сапасымен қатар санында да айырмашылық болады. Негізі фонетикалық өзгеріске түскен сөздердің құрамы мен қатар саны жағынан да ерекшеленеді. Бұл сөзімізді мысалға келтіріп жатқан сөйлемдердің ішіндегі өзгеріске ұшыраған сөздердің көпшілігі дәлелдей түседі.

Кейінгі кезекте эпентезаның еліктеуіштен жасалған түріне тағы бір мысалмен тереңінен ашсақ. Келесі мысалды өлең жолдарымен келтірсек:

*Кәрі Кастий қара көк көзін ашты,
Терекке жылы жүзбен амандасты,
Жыбыр қағып қозғалып, сылқ-сылқ күліп –
Қатынды алды, қитықсыз араласты...*

Бұл беріліп тұрған өлең құрылысынан фонетикалық өзгеріске түсіп тұрған ерекше сөз – *сылқ-сылқ* сөзі. Бұндағы алдымен айта кететін жайт бір сөздің қайта-қайта қайталануынан жасалып, қайталама қос сөз, еліктеуіштен жасалуында. *Сылқ* сөзінің құрамындағы *л* және *қ* әріптерінің арасында *ы* дауыстының қыстырылып, жағаласып жалған буын жасау арқылы эпентезаның түріне жатқызылып тұр. Сонымен қатар сан жағынан да айырмашылығы барын білдіріп тұр, *сылық* болып өзгеріс еніп отыр.

Қазақ тіл білімінде фонетиканың орнының ерекше екені бәрімізге белгілі. Осы сала арқылы бүкіл дыбыстардың айтылуы, жазылуы мен дыбысталуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтардың қыры мен сыры ашылады. Олар тіл мен әдебиеттің дамуында, оның сауаттылығына алып келеді. жоғарыда біз осы саланың зерттелген кейбір тұстарына тоқталып өттік. Мұнымен фонетикалық өзгерістер тоқтап қалмайды.

Редукциялық өзгеріс. Бұл құбылыс тілдегі кейін ысырып тастау, қайта оралуды білдіреді. Бұл өзгерістегі сөздер тілде, әдебиетте кейбір бірқатар сөздерде байқалады. Мәселен, сөзімізге дәлел ретінде мына мысалдарды қарастырайық. *Қыр жайлаулардан құлап келе жатқан Есенейдің жылқысы екенін аулы біліп отырған.* Біз мұндағы *аулы* сөзін редукция құбылысына жатқыза аламыз. Осы тұста айта кетсек, әдетте редукция тілдегі дауысты дыбыстарға тән болып келеді, соған

байланысты оның кейбірі сөздің ішінде әлсіреп, түсіп қалады. Сол сияқты берілген мысалдағы аулы сөзінде ы дыбысы түсіп қалып жазылып отыр, ол негізінен ауыл, аулы деп айтылып жазылады. Бұл сөз тілде ертеден осылай қалыптасқан сөз.

-Қара жорғаның мойнына ат қосақтап қайтарған дұрыс болар! – деді “түрікпен” Мүсіреп. Мұндағы көрсетілген *мойнына* сөзі, ол да жоғарыда айтқандай әбден тілде осылай қалыптасып, сіңісіп кеткен сөздердің қатарында. Ол заңдылық бойынша шөгіп, кері дамыған, тілде коректің жетіспеушілігінен де немесе тілдегі атрофияға да ұшырауынан болуы мүмкін. Кейбір ғалымдар бұны алға шығарады. Сонымен қатар мұндағы редукция құбылысына *мойны* сөзіндегі (*мойны*) *ы* түсіп қалуы, ықшамдалу құбылысы да жатқызылады. Және де тілдегі буынның айтылу мәнеріне сай дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық сипаттағы айырмашылығының да әсерінен болуы мүмкін.

Алайда, кей зерттеуші ғалымдарымыздың редукция құбылысы жайлы пікірлері басқаша сипатта. Олардың көпшілігі бұны түркі тіл білімінің құбылысы деп таниды, орыстың тілінің үлгісімен дауысты дыбыстардың түсіріліп қалуы деп танылады. Ал қазақ тіліндегі редукциялық өзгерістердің көбісі сөздердің құрамындағы кездесетін ашық және жабық буындарымыздың сазы мен әуенділігіне байланысты дүниелер болып табылады.

Ханның қазанына түсіп кеткеннің сенің аузыңа көбігі де тимейді, сүйегі де тимейді. Ал бұл келтірілген мысалымызда *аузыңа* сөзі, ол тілде қалыптасуы *ауызыңа* деп айтылуы, *ы*-ның ысырылып әлсіз болуы. Мұнда екі дауыссыз дыбыстың арасындағы дауыстының әлсіреп, түсіріліп айтылу құбылысы. Негізінен бұл қазақ тіліндегі қай сөз болса да бірдей келген екі ашық буындарда жүзеге асады.

Осы құбылыстың тіл ғылымында зерттелуінде қазақ және түркі зерттеушілерінің ойлары мен тұжырымдары қарама-қайшы келетіндері де аз емес. Негізінен тілде болсын, көркем әдебиетте болсын сөйлеу мен жазуда оның өзіне тиісті жүйесі болуы тиіс. Кейбір зерттеушілердің пікірінше фонетикалық өзгерістер сөздің құрамынан, ал кей жағдайларды айналасындағы сөздердің әсері болуы мүмкін, немесе сол сөздердің қаыптасу тарихынан да болуы әбден мүмкін. Соның бірі осы редукциялық құбылыс.

Қыз мұрнына келіп көрмеген жиіркеніш иістен жүрегі айнып кетті. Енді бұл сөйлемімізде *мұрнына* сөзі, мұндағы *мұрыны* сөзінің құрамындағы *ы* әріпінің көнеден қалыптасып, кейіннен айтылуы мен жазылуында түсіріліп қалғанын байқауға болады. Бұл сөздің де құрамындағы өзгеру процесі зерттеушілердің кейбір пікірлеріне сайып келеді. Сонымен қатар, айта кететін жайт, жоғарыда кей өзгеріске түсетін сөздер қасындағы сөздердің құрамынан болуы мүмкін деген пікір айтқан болатынбыз. Осы сөйлемдегі *қыз мұрны* сөзі егер *қыздың мұрыны* деп те өзгертіліп айтылуы мүмкін. Ол сөздер көнеден сіңісіп кеткен сөздер.

Қыз даусы танылып қалды.

Апарады да, сасық Мырзааштың қойнына салады. Осы берілген екі сөйлемнің ішіндегі *даусы* және *қойнына* деген сөздерді дауыстылардың түсіріліп айтылу құбылысына жатқыза айтамыз. Алғашқы сөйлемнің құрамындағы *дауысы* сөзінің *ы*-сы ысырылып, қыз даусы болып жазылуы құбылысы. Екінші мысалдағы *қойнына* сөзі алдыннан *қойны* болып айтылған, кейін *қойны* болып тілімізде сіңісіп кеткен. Тіл мен әдебиеттегі редукциялық ысырылып түсірілу өзгерісіндегі сөздердің құрамында анау айтқан мәселе жоқ.

Метатезалық өзгеріс. Метатеза бәріміз білетіндей грек тілінен енген термин болып табылады. Бұл ұғымның беретін мағынасы және көркем шығармалардағы сөздердің құрамындағы екі қатар келген дыбыстардың (не әріптердің), немесе кей буындардың орын ауыстыруын айтамыз. Олар қатар келіп өзара орындарын алмастырғанымен, ол сөздің мағынасы өзгермеуге тиіс.

Негізінен метатеза құбылысындағы сөздердің саны әдебиетте тым аз, санаулы ғана, бұл құбылыстағы сөздердің өзіне тән қатарлары бар. Олар о баста қалай қалыптасқан болса, солай айтылу мен жазылуда қалыптасып кеткен. Бұл сөзімізге мынадай мысалдарды баса айта аламыз.

Қазір Кенесары қалың қолын Керей – Уақтың өкпе тұсына, Есіл бойына топтап, Еснейге қарсы үлкен жорыққа әзірленіп жатқаны байқалған. Біз мұнда белгіленген *өкпе* сөзін метатезалық өзгеріске түскен деп айта аламыз. Себебі, *өкпе* сөзі әуелден *өпке* деп деп әдеби көркем шығармаларда қалыптасып кеткен сөздердің болмысының қатарынан. *Өкпе* сөзіндегі тілдегі ереже бойынша қатар келген *кп* дыбыстарының *пк* болып орын ауыстырып тұрғанын байқаймыз.

Келесі бір мысалдағы сөзімізді метатезаға жатқызуға кейбіреулер қарсы. Алайда бұл сөздің құрамы жоғарыда келтірген мысалымызбен ұқсас сөз, тек мағынасы жағынан беретін

айырмашылыққа ие. *Ұлпан әуелі оның өкшесіне шығып, жағасынан тартып әрең дегенде қолы мойыңға іліккен соң: енді тұр! – дейді.* Енді мұндағы мысалымызда оның өкшесіне деген сөзіндегі өкше сөзін атай аламыз. Онда өкше сөзінің құрамындағы *ки* әріптерінің *шк* болып, сөздің өшке болғанын, олардың қатарынан келіп, орындарының ауысқандығын байқай аламыз.

Негізі тілдегі метатеза құбылысының құрамына көбіне *өкпе* сөзінің арасындағы екі дыбыстың өзгерісі жатады, көптеген көркем шығармаларда осы *өкпе* сөзі көптеп кездеседі. Қазір де мысалға алып отырған *Ғ.Мүсіреповтің “Ұлпан”* романында сол сөз көптеген сөйлемдерінде кездесіп отырады. Ол сөйлемдерді қайта-қайта мысалға келтіре берудің қажеті жоқ деп санаймыз. Сондай-ақ, айта кетсек, көптеген әдебиеттегі көркем туындылардың (роман, поэзия, көркем шығармалар т.б.) арасында осы фонетикалық өзгерістің түрі аздап келтіріледі десек болады, жазушылардың көбі пайдалана бермейді.

Эпитезальық өзгеріс. Бұл фонетикалық құбылысымыз жоғарыда атап өткен протезальық құбылысымызға қарама-қайшы десек те болады. Яғни, протеза сөздің басында қосылып жағаласып айтылса, бұл құбылыс сөз құрамындағы соңғы буында жүретін түрі. Эпитеза көбінесе сөздердің соңғы дыбысына жағаласып жүреді, мәселен келесі сөйлемге назар аударсақ. *Жазы-күзі мал тұяғы тимеген шүйгін екені көрініп-ақ тұр.* Яғни мұндағы сөйлемнің басындағы сөз *жазы-күзі* деген қос сөзді аламыз. Ондағы сөз негізінен *жазы-күзі* сөз бен *жаз-күз* сөзінің арасындағы мағыналары жағынан да ешқандай айырмашылық байқалмайды. Жай ғана екі сөздің оқылым кезіндегі интонация жағынан айырмасы бар екенін сеземіз.

Шығармада көп кездесетін эпитезаға *тәңірі* сөзін атай аламыз.

*-Жоқ, жоқ! Иесіз демедім бе? Бұл өңірде мен білмейтін жер бар ма, тәңірі! Қасқыры мен түлкісінің ен-таңбасына дейін білемін. Құдай біледі деп айтайын, “Қаршығалыда” үш мың қасқыр, бес мың түлкі, он екі мың күзен, жеті мың қоян бар!.. Мұндағы тәңірі сөзінің соңындағы *i* дыбысының интонациялық өзгеріске түсіп тұрғанын байқай аламыз, ал негізінен *тәңірі* сөзі мен *тәңір* сөзіндегі арасындағы мағынасы жағынан ештеңе сезіле қоймайды.*

Ал келесі мысал сөйлемде екі бірдей фонетикалық құлыстар байқалады. *Тәңірі-ау!, менің ойыма не келіп жатыр өзі! Ләқаулы елда-белда, галы мен қазым... оң жағымға аунап жатайыншы, ұйықтайыншы...* Яғни бұл көрсетілген сөйлемде бір-біріне қарама-қарсы мән тудыратын екі құбылыс та қатар келген. Олар *тәңірі-ау* сөзі эпитезальық өзгерісте, *ләқаулы* сөзіндегі протезальық (сөздің алдынан *i*-нің қосарлану) құбылысты баса айта аламыз.

Элизиялық құбылыс. Осы жоғарыда аталғандардан басқа элизиялық құбылыс та көркем шығармаларда көптеп жолығып отырады. *Ат шашасынан аз-ақ асатын алғашқы жауған ақша қар жердің шөбін әлі жасыра алмапты. Сондай жерге ертерек келіп ірге тепкеніне байдың көңілі әбден тоятпағандай.* Бұл жерде элизияға *жасыра алмапты* деген етістік болып тұрған өзгерісті мысалға ала аламыз. *Жасыра алмапты* сөзіндегі қатар келген екі дауыстының біріншісі ығыстырылып, *жасыралмапты* болып өзгеріске түсуін айтамыз. Элизиялық жағдай осылай дауыстыларға тән болып келеді. Бұл жерде дауыс ырғағының да әсері барын ұмытпауға тиіспіз.

-Есенейі жоқ елді де ел екен, жұрт екен десеңіздер, қара өрттей қаптап келе жатқан жылқысының бетін кейін бұрсаңыздар екен. Осы арызымыз. Бұл мысалымызда элизиялық өзгерістегі сөзіміз айдан анық байқалып тұр. Яғни, *қара өрттей* сөзін аламыз, бұның құрамындағы *қара* сөзіндегі соңғы *a* дыбысы екінші тұрған *өрттей* сөзіндегі *ө* жіңішке дыбысының ықпалымен түсіп қалып отыр. Демек, *қара өрттей* болып жазылып, айтылғанда *қарөрттей* болып дауыс ырғағына байланысты элизияға жатқызылады.

Осы тұста айта кететін жайт, кебір зерттеулер бір-біріне қарама-қарсы келеді, тілде зерттелген редукциялық және элизиялық фонетикалық өзгерістерде ұқсайтын тұстары көрінеді. *Мұрны (мұрыны), орны (орыны), ерні (еріні)* сөздеріндегі өзгеріс редукцияға жататынын жоғарыда татап көрсеттік. Бірақ зерттеулерде контактісіз элизия да бар, яғни ол дегеніміз екінші кездескен дауыстының алғашқы буындағы дауыстымен тығыз қатысы бар деген тұжырымды атай аламыз. Ал қалған сөздердің өзгерісін контактілі элизия қатарына жатқызамыз.

Ендігі сөйлем құрамындағы элизиялыққа *ы* мен *a* дыбыстарының қатар келуіне мысал айтамыз. *Осы кісі бас болып келіп, екі жеті өтті, сары аланың тұқымын түгел айдап әкетті. Содан кейін өзім кеше көшіп келіп, Книтан аузына тоқырадым.* Бұндағы *сары аланың* сөзінің құрамындағы элизияға жататын жеріне тоқталсақ, *Сары ала* сөзінің айтылу ырғағындағы өзгерісі *сарала* болып айтылуы, екінші сөз *ала* сөзіндегі *a*-ның ықпалымен *сары* сөзіндегі *ы*-ның ығыстырылуы фонетикалық құбылысқа жататынын дәлелдейді.

Біз жоғарыда келтірген мысал сөйлемдер мен мысал сөздердің құрамындағы өзгерістер тілдегі терең зерттелген фонетиканың құбылыстары.

Гаплогиялық құбылыстар. Тілде бұл да өзге құбылыстар секілді зерттеуден қалыс қалмаған. *Әлі ақ кірмеген сақал-мұртын жарасымды қырқып ұстайды.* Гаплогияға кірмеген сөзін атай аламыз, ондағы сөздің құрамы түбегейлі өзгергенмен мағынасында анау айтқан өзгеріс байқай алмаймыз. Кірмеген сөзінің негізгі толық нұсқасы кіріп көрмеген болып табылады. Ол сөздің құрамындағы ұқсас буындардың әсерінен осы гаплогиялық өзгеріске түсіп отыр.

Гаплогиялық құбылыс сөздердің ішіндегі бір-біріне ұқсас буындардың түсіріліп қалып айтылуы, ол сөйлеуге де жеңілдік береді. Бір тұсынан бұл сияқты өзгерістегі сөздерді диалектикалық құбылыс деп тануға да келеді, яғни сөздердің қысқартылып жеңіл қолданыста жүруі.

Найзаларымды қайрап, оқ жонып ермек етем. Маңайда жан жоқта нысана атам. Кейде оғым нысанаға дәл тиеді, кейде жосып айдалаға кетеді. Берілген көркем шығарманың бұл мысалында екі бірдей гаплогиялық сөз бар. Олар *етем* және *атам* сөздері, *етем* сөзі толық *етемін*, *атам* сөзі *атамын* болып толық айтылады. Алайда, ол сөздердің ереже бойынша ұқсас буындарының түсіп қалуы жағынан тілде гаплогиялық құбылысқа жатқызамыз. Негізінен бұл түрге айта берсең мысал көп, *әкелген – алып келген, әкетуге – алып кетуге, әкел – алып кел* болып буындарының ығыстырылуының нәтижелерінде гаплогияға жатады.

Біз осы мысалдармен фонетикалық құбылыстарға дәлелдемелер бердік, ендігі кезекте фонетикалық құбылыстың басқа бір түріне де мысал сөйлемдер келтірсек. Ол паронимдер, паронимдер сөйлемнің арасындағы бір-біріне айтылуы ұқсас сөздер, алайда мағына жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Мына бір сөйлемге тоқталсақ. *“Барлық түні ойын-күлкі, мастықта, күндіз басы жастықта!”* – дейтіні де бар. Мұнда біз паронимдердің қатарына *мастықта* және *жастықта* сөздерін айтамыз. Ондағы *мастықта* сөзінің мағынасы жаман қылық, *жастықта* сөзінің мағынасы жас, дәурен шақты айтып тұр. Екі сөздің арасында жай ғана дыбыстық ұқсастықтар бар.

Соның бірде-бірін не иіріп, не шиырып әкете алмадым. Ұстата бердім. Паронимге алғашқы жай сөйлемдегі *иіріп*, екінші сөйлемдегі *шиырып* сөздерін жатқызамыз. Бұл мысал сөздердің құрамындағы дыбыстық ұқсастықтар, алайда айта кетсек, *иіріп* сөзінде бірыңғай жіңішке, *шиырып* сөзінде бірыңғай жуан дауыстылар келіп тұр. Бірақ айтылу жағынан ұқсас, беретін мағыналары жағынан әр түрлі.

Ұлтан не айтса да қағып алып... біресе күлдіріп, біресе ойландырып... кейде төбесінен шүйілген қырандай... кейде оқтай қадалып... күйдіріп, жандырып... қайтармын... Күйдіріп, жандырып сөздері паронимдік өзгерістер қатарына еніп, алайда жоғарыдағы мысалдағыдай жуан-жіңішке дауыстылар жағынан және мағыналық құрамы жағынан айырмашылық байқалып тұр.

Пароним құбылыс кейде көркем шығармаларда өлең жолдарынан да байқалады:

*Бәт құндыз қыз балаға жарасқандай,
Тұман жоқ ер жігітке адасқандай.
Саласын Сартоғайдың мекен еткен
Бар екен Қантай атты бір асқан бай.*

Мұнда берілген алғашқы жолдағы *жарасқандай* сөзі мен екінші қатарда тұрған *адасқандай* сөздерін жатқызамыз. Олардың айтылуы жағынан ұқсастықтары айқын байқалады, беретін мағынасы жағынан екі түрлі.

Қорытынды. Жалпы қарастырылған фонетикалық құбылыстар, олар тілде кеңінен таралған өзекті мәселелердің бірі. Жоғарыда талданған еңбектерге қатысты түйінді тұжырымдарды былайша санамалап көрсетуге болады:

- поэтикалық тіл әлемді, кеңістікті образ жүйесімен сипаттайтын, оқырманның ойына көз алдына құбылысты елестету арқылы әсер беретін, танымдық дүниені қалыптастыратын ерекше құбылыс. Демек, поэтика мен поэтикалық тілдік жүйе эстетикалық әсер туғызуға бағытталған.

- Поэтиканың негізгі мақсаты – шығарма құндылығынан эстетикалық әсерленуді қалыптастыруға қатысатын тексттегі элементтерді айқындап және оны жүйелеу болып табылады.

- Поэтикалық мәтіндегіміз – тілдің феномені болып табылады. Поэтикалық мәтін тіл арқылы жасалатын шығармашылық өнер. Мәтіннің тілі – шығармаға поэтикалық және эстетикалық сапа дарытатын қару.

- Лингвистикалық поэтиканың тіл мен әдебиет саласында дәрежесін айқындалды.

- Шығармада қолданылған фонетикалық құбылыстардың түрлері анықталып, нақты мысалдармен дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Сыздық Р. Сөз құдіреті .– Алматы, Санат, 1997. – 224 б.

С 50-х годов XX в. были опубликованы фундаментальные исследования, направленные на изучение словообразования, грамматического строя, звуковой системы современных языков, составляющих кыпчакскую группу наследников древнего кыпчакского языка - казахского, каракалпакского, ногайского, башкирского, татарского, караимского, кумыкского, карачаевского, балкарского и др., у каждого из них сформировалась лингвистическая наука. Звуковая, лексико-грамматическая структура -структура языковой системы стала самостоятельными формами отраслей фонетики, морфологии, синтаксиса, лексикологии, фразеологии, лексикографии и др., которые были классифицированы на внутренние ветви (фонология, морфонология, синтаксис текста, терминология, ономастика, историческая лексикология, лексикография и др.). Таким образом, в языкознании одного

отдельного языка изучался язык средневековых тюркских памятников с точки зрения отношения к конкретному языку.

Столкнувшись с проблемами лингвистического кипчаковедения, произведения, написанные на древнем кипчакском литературном языке в Средние века, обязывают сформировать основу сравнительно-исторической лексикологии кипчакских языков, изучающих язык на стыке «история: язык: культура» с каждым из десятков современных кипчакских языков: казахским, каракалпакским, башкирским, татарским, ногайским, кумыкским, Карачаевским, балкарским, киргизским и др.

Ключевые слова: тюркская лексикография, кипчаковедение, сравнительно-историческая лексикология, лексикография современных кипчакских языков

Кіріспе. Қазіргі түркі тілдері – адамзаттық құндылықтар жүйесінің құрамдас бөлігі, түркі халықтарының төлтума болмысын айқындайтын әлеуметтік-қоғамдық фактор және түркі әлемінің тұтастығын қамтамасыз ететін басты тетіктердің бірі ғана емес, бірегейі. Замана көшінде тарихи сан алуан жағдайларға байланысты түркі тектес халықтарда қарым-қатынас үдерістерінің әлеуметтік шарттары мен әлеуметтік-мәдени факторлары, этногенетикалық үдерістердің тілдік салдары, әрбір этносқа тән ұлттық-мәдени дүниетанымның өзіндік ерекшеліктері қалыптасты.

Бүгінгі күні түркі әлемінің саяси, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, тарихи, мәдени кеңістігінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер салдарынан тарихи тамырын жалпытүркілік бір ғана тектілден алатын әр түркі тілінің сөздік қорында мазмұндық құрылым мен құрамы жағынан түрлену, жаңа атаулармен толығу, терминологиялық шет-шекарасын кеңейту тәрізді тілдік үдерістер қарқынды жүрілуде. Түркі тілдерінің алуан түрлі тілдермен қарым-қатынасқа, өзара ықпалдастыққа түсуі тілдік қорларында кірме сөздердің молаю процесін де жеделдетуде. Бұл үдерістер түркі тілдерінің барлық деңгейлеріндегі алшақтықтардың ұлғаюына алып келуде. Сондықтан қазіргі түркі тілдерінің заманауи лексикалық қорын толық жинақтап алу, терминологиялық жүйесін біріздендіру түркі тіл біліміндегі ең өзекті мәселе саналуда. Демек техногендік өркениеттің, әлемдік ақпараттық кеңістіктің біртұтастануы, түркілердің өзара және өзге халықтармен жасап отырған мәдениетаралық қарым-қатынастарының сапалық жаңа деңгейге көтерілуі, жаһандану жағдайында жалпытүркілік этномәдени құндылықтарды сақтап қалудың және оны насихаттаудың маңыздылығы т.б. факторлар түркі тілдерінің сөз қазынасын әр сипаттағы сөздіктер түрінде барынша жинақтаудың, түстеп-түгендеудің қажеттілігін алға тартады. Ол үшін, ең алдымен түркі лексикографиясының қалыптасу тарихына үңіліп, осы күнге дейінгі сөздік түзу тәжірибесін қортындылауға, сондай-ақ жеткен ірі жетістіктерін анықтап, өзекті проблемалары мен алдағы мақсат-міндеттерін айқындауға тура келеді. Басқаша айтқанда, этникалық құндылықтарға қауіп төніп отырған қазіргі ғаламдастыру заманында түркі лексикографиясына толыққанды лексикографиялық талдау жасау, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтай отырып, сөздік түзу ісіндегі дәстүр сабақтастығын жаңғырту, жекелеген түркі лексикографияларындағы тарихи дамудың алғышарттарын, динамикасын айқындау, алға қарыштап басудың тетіктері мен жолдарын қарастыру – заманауи түркі лексикографиясының қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелері болмақ.

Түркі лексикографиясының тарихында ортағасыр салыстырмалы көптілді және екі тілді аударма сөздіктер түзудің дәстүрін қалыптастырған кезең болып саналады. Ортағасырлық түркі лексикографиясында, ортағасырлық араб жазулы сөздіктерде, сондай-ақ, кейінгі түркі тілдерінің лексикографиясында, соның ішінде қазақ, түрік, өзбек, башқұрт, ноғай т.б. түркі тілдерінің лексикографияларында белгілі бір дәрежеде бұрынғы дәстүр сабақтастығы жалғасып келеді.

Әдістеме. Түркі лексикографиясының тарихында салыстырмалы ұстанымды басшылыққа алған ең алғашқы көптілді сөздік XI ғасырдағы Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі болды. Бұл бірегей сөздік түркі тілдерінің сөз қазынасын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеудің басы ғана емес, лингвистикалық түркітану саласындағы ғылыми зерттеулерге осы күнге дейін дереккөз қызметін атқарып келе жатқанымен құнды екені белгілі. Орта ғасырлық араб лексикографиясының түркі лексикографиясына игі әсерінің нәтижесінде екі тілді аударма сөздіктер түзудің негізі қаланып, көптеген түркі-араб, араб-түркі сөздіктері дүниеге келді. Солардың ішінде қыпшақ сөздіктері атанған Әбу Хайан сөздігі, «Ат-тухфа», Халил Мухаммад ибн Юсуфтың «Тәржіман» сөздігі, Жамаладдиннің «Бұлғат әл-мұштақ» сөздігі т.б. бар. Аталған сөздіктердің сөздік құрамы аралас (оғыз-қыпшақ) болғанымен, олардағы қыпшақша сөздер тобының қазақ, башқұрт, ноғай, каракалпак, татар тәрізді қазіргі қыпшақ тілдеріне етене жақын екендігі анықталып отыр.

Жалпы лексикографиялық еңбектердің қай түрлерін алсақ та, түркі тілдері бойынша даму динамикасының әрқилылығы көзге түседі. Тәжірибенің де, ғылыми-теориялық ізденістердің де дәреже-деңгейінде алуан түрлікті байқаймыз. Түрік тіліндегі Шемсеттин Самидің «Қамуси Түрки» сөздігі 1317 жылы түзілсе, ортаазиялық түркі (шағатай) тіліндегі алғашқы аударма сөздіктер қатарында Әлішер Науаи шығармалары негізінде түзілген «Бадаи лұғат» (XV ғ.) атты шағатайша-парсыша және «Абушқа» (XVI ғ.) атты шағатайша-түрікше сөздіктер, М.Махдихан құрастырған «Саңлақ» атты шағатайша-парсыша сөздік (XVIII ғ.), Фазлуллаханның шағатайша-парсыша сөздігі (1825) бар.

Махмұд Кашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі арқылы негізі қаланып, тарихи құманша туынды «Кодекс Куманикус», «Мәмлүк қыпшақтарының сөздігі» секілді орта қыпшақ кезеңіндегі сөздіктер арқылы буыны бекіген түркі лексикографиясындағы салыстырмалы ұстаным XIX ғасырдың соңы және XX ғасыр басында жарияланған Л. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (I 1869; II 1871) және В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (I–IV, 1893, 1899, 1905, 1911) сөздіктерінде өз жалғасын тапты. Дегенмен XX ғ. түркі лексикографиясында бірқатар түркі тілдері лексикасын қатар қоя отырып, жарыстыра түгендеген және салыстыра сипаттаған мұндай іргелі сөздіктер санаулы болды. Мұндай сөздіктердің бірі –Наделяев В.М., Насилов Д.М., Э.Р.Тенишев, Щербак А.М., Боровкова Т.А., Дмитриева Л.В., Зырин А.А., Кормушин И.В., Летягина Н.И., Тугушева Л.Ю. тәрізді белгілі түркітанушы ғалымдардың авторлығымен 1969 жылы Ленинградта жарық көрген «Көне түркі сөздігі». 20 000 көне түркі сөздері мен тұрақты тіркестер қамтылған «Көне түркі сөздігі» күні бүгінге дейін 8-13 ғасырлардағы орхон-енисей, араб, ұйғыр, манихей, брахми тәрізді әртүрлі жазу жүйесінде жасалған жазба ескерткіштер бойынша дереккөз қызметін атқаруда.

Э.В. Севортянның (1901-1978) басшылығымен 1974 жылы басталып, қазіргі кезде жалғасын тауып отырған (7 том жарық көрді) «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» (ЭСТЯ) түркі лексикасының тарихи дамуы барысындағы морфемдік, фонетикалық және семантикалық өзгерістерін көрсеткен бірден-бір ірі сөздік ретінде құнды. Көптеген жылдар бойы алтаистикалық және түркологиялық бағыттағы теориялық-методологиялық, қолданбалы-практикалық зерттеулерге аса маңызды лексикографиялық дереккөз қызметін атқарып келе жатқан түркі тілдеріаралық деңгейдегі ЭСТЯ [1], «ЭСЧЯ» [2], EDAL [3] тәрізді танымал сөздіктер генеалогиялық принципті басшылыққа алған этимологиялық сөздіктер болып табылады.

Нәтижелер.Қазіргі түркі тілдерінің салыстырмалы сипаттағы алғашқы көп сөздіктерінің бірі – XX ғасырдың соңғы ширегінде жарық көрген Куртулуш Өзтопчының сегіз түркі жазба тілінің сөз қорына негізделген «Түркі тілдері сөздігі» [4]. Бірақ мұнда бассөздің реестрлік қатары ағылшын тілі сөздеріне құрылғандықтан, сөздік ағылшын тіліндегі сөздің өзге түркі тілдеріндегі баламасын беру бағытындағы салғастырмалы сипат алған-ды.

Қазіргі түркі тілдерінің көптілді аударма сөздігін жасауға деген талпыныс 1991 жылы Анкарада жарық көрген «Karsilastirmali turk lehceleri sozlugu» (Жалпы редакциясын басқарған А. Ержиласун) атты сөздікте бой көрсетті. Реестрлік тізімге барлығы 8000 лексикалық единица қамтылған бұл сөздікке түркі тілдерінің қыпшақ тобынан қазақ, қырғыз, татар, башқұрт тілдерінің, оғыз тобынан түрік, әзірбайжан, түрікмен тілдерінің, қарлұқ тобынан өзбек, ұйғыр тілдерінің материалдары енді және соңғы қатарда түркі сөздерінің орыс тіліндегі баламасы берілді. Сөздікте 9 түркі тілдеріндегі XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы ең актив лексикалық бірліктердің салыстырмалы сипатын таныту мақсатын көздеді. Демек,«Karsilastirmali turk lehceleri sozlugu» (Анкара, 1991) сөздігін түркі лексикографиясында В. Радловтың «Опыт тюркских наречий» (I–IV, 1893, 1899, 1905, 1911) сөздігінен кейін қазіргі түркі тілдерінің лексикалық құрамының ядросы саналатын негізгі лексикалық қорды біршама толық қамтуғаталпыныс жасалған сөздік деп санауға болады.

XX ғасырда түркі лексикографиясы негізінен әр түркі тілдерінің сөздерін сол тіл шеңберінде әр қырынан (диалектологиялық, орфографиялық, түсіндірме т.б.) түстеп-түгендеген немесе орыс, ағылшын сияқты құрылымы басқа тілдерге аударып берген сөздіктердің көптеп жарық көруімен ерекшеленеді.

XX ғасырдағы түркологиялық бағытта жүргізілген сан алуан зерттеулердің эмпирикалық материалдық базасын құрап, дереккөз ретінде пайдаланылған түркі лексикографиясының айтулы жетістіктері қатарын қазақ, қырғыз, әзірбайжан, түрік, түрікмен, өзбек тәрізді мемлекеттік деңгейдегі түркі тілдері бойынша, сонымен қатар, башқұрт, чуваш, ноғай, құмық, тува, якут т.б. региональдық деңгейдегі түркі жазба тілдері бойынша жарық көрген әр алуан сипаттағы сөздіктер құрайды.

Мәселен, XX ғасырдағы екінші жартысынан бастап қазақ лексикографиясы саласында айрықша маңызды еңбектер жарық көрді десек, Н. Сауранбаевтың «Орысша-қазақша сөздігі» (Алматы, 1954), «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (Алматы, 1963), Ф. Мұсабаевтың «Орысша-қазақша сөздігі» (Алматы, 1978), «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі» (Т. 1–10., Алматы, 1974–1986), он мыңнан аса фраза қамтылған І.К. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (Алматы, 1977), «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» (Алматы, 1996) және т.б. сөздіктер – қазақ лексикографиясының толағай табыстары. Ал қазақ тілінің барша лексика-фразеологиялық-паремиологиялық байлығын мүмкін болғанынша түгел қамтып, мағына-мәніне, қолданысына түсініктеме беру, жүздеген тақырыптардан тұратын единицаларды жинақтап, жүйелеу мақсаты көзделген Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты үш томдық этнолингвистикалық сөздігі [5] XXI ғасырдың алғашқы он жылдығындағы қазақ лексикографиясының жоғары деңгейін көрсететін еңбек деуге болады.

Қырғыз лексикографиясының негізі К.К. Юдахиннің «Қырғызша-орысша сөздігімен» (Мәскеу, 1965) қаланды. Қырғыз лексикографиясы тарихында Х. Карасаевтың орфографиялық сөздіктерінің, нақыл сөздер сөздігінің, қырғыз тіліндегі кірме сөздер сөздігінің «Қырғыз тилинин орфографиялық сөздүгү» (1966), «Қырғыз тилинин орфографиялық сөздүгү» (2009), «Нақыл сөздер (тил казынасынан баян)» (1982), «Өздөштүрүлгөн сөздөр» (1986) алатын орны ерекше.

Қырғыз ғалымдары әртүрлі типтегі сөздіктерді құрастыру және жариялау ісімен көптеген жылдар бойы айналысты, нәтижесінде энциклопедиялық сөздіктер «Қырғыз Совет энциклопедиясы» (I–VI томдор; 1976 – 1980), «Географиялық энциклопедиялық сөздүк» (1987), «Үй-тиричилигинин кыскача энциклопедиясы» (1989), «Манас» энциклопедиясы» (I–II, 1995 және т.б.), түрлі сипаттағы лингвистикалық сөздіктер жарық көрді: «Русско-киргизский словарь» (1938), «Киргизско-русский словарь» (1955), «Русско-киргизский словарь» (1944), «Русско-киргизский словарь» (1957), «Русско-киргизский фразеологический словарь» (1977), «Русско-киргизский гнездовой словарь» (1979) тәрізді аударма сөздіктер; «Қырғыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү» (1969), «Қырғыз тилинин синонимдер сөздүгү» (1984), «Қырғыз тилинин омонимдер сөздүгү» (1986), «Қырғыз тилинин антонимдер сөздүгү» (1988), «Қырғыз тилинин диалектологиялық сөздүгү» (1972) түсіндірмелік сипаттағы сөздіктер; «Орфографический словарь киргизского языка» (1942), «Қырғыз тилинин орфографиялық сөздүгү» (1956), «Қырғыз тилинин орфографиялық сөздүгү» (авт.: Х. Карасаев 1966; 2009) көрсеткіштік сипаттағы сөздіктер.

Әзірбайжан лексикографиясының тарихында XX ғ. 50–60 жылдарынан бергі кезең «Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti» (Баку, 1966), И. Тагиевтің жетекшілігімен 4 томдық «Орысша-әзірбайжанша сөздік» (Баку, 1986, 1989, 1997, 2000), «Әзірбайжан тіліндегі араб-парсы сөздер сөздігі» (Баку, 1945), «Әзірбайжан тілінің энциклопедиялық сөздігі» (10 томдық, 1965–1975), Әзірбайжан тілінің орфографиялық сөздігі (1929, 1940, 1960, 1975, 2004), «Шет тілдер сөздерінің қысқаша сөздігі» (1981), «Әзірбайжан тілінің диалектологиялық сөздігі» (Баку, 1964; Анкара, 1999) тәрізді екітілді сөздіктер, түсіндірме сөздіктер, орфографиялық, диалектологиялық сөздіктер т.б. жарық көрген жемісті жылдар болып саналады. Жаңа ғасыр басында әзірбайжан тілінде бірқатар терминологиялық сөздіктер, энциклопедиялық сөздіктер, орыс-әзірбайжан, әзірбайжан-орыс дипломатиялық сөздіктері т.б. жарық көрді.

Талқылау. Түрік лексикографиясы тарихында Осман империясының ресми тілі – түрікшеге қатысты Османша сөздіктер, сондай-ақ латынша, немісше, италиянша, французша және полякша салғастырылмалы сипаттағы көп тілді «Thesaurus onomasticus» және «Thesaurus Linguarum Orientalium Turcicae, Arabicae, Persicae (Lexicon Turcico – Arabico – Persicum)» т.б. сөздіктер болды.

Түркияда Тіл реформасымен басталған якут, қырғыз, чуваш сияқты түркі тілдерінің сөздіктерін түрікшеге аудару, сондай-ақ Хусейн Казым Кадринің «Түркі лұғатынан» (*Hüseyin Kâzım Kadri. Türk Dillerinin İştikakî ve Edebî Lûgatları, Maarif Vekaleti, Devlet Matbaası, İstanbul I 1927, II 1928; Türk Dillerinin İştikakî ve Edebî Lûgatları, Maarif Vekaleti, Türk Dil Kurumu Neşriyatı, Cumhuriyet Matbaası, II İstanbul 1943, IV 1945*) басталған салыстырмалы сөздік түзу тәжірибесі түрік лексикографиясының тарихындағы салыстырмалы көптілді сөздіктер түзудің алғашқы үлгілері болып табылады. Бұл үрдістің заңды жалғасы ретінде 1991 жылы Анкарада жарық көрген «Karsilastirmali turk lehceleri sozlugu» (Жалпы редакциясын басқарған А. Ержиласун) атты сөздікті көрсетуге болады.

Башқұрт лексикографиясында соңғы 40–50 жылда тілдің семасиологиялық және сөзжасамдық құбылыстары бойынша лексикографиялық жұмыстар жүргізіліп, синонимдер сөздігі (құрас.: З.Г. Ураксин; 1966, 1985, 2000), омонимдер (құрас.: М.Х. Ахтямов; 1966, 1986), антонимдер (құрас.: М.Х.

Ахтямов; 1973, 2009), паронимдер (құрас.: К.Г. Ишбаев, З.К. Ишкильдина; 2001), фразеологиялық бірліктер (құрас.: З.Г. Ураксин, Ф.А. Надршина, Х.Г. Юсупов; 1973, 1989, 1996, 2006), морфемалар (құрас.: М.Х. Ахтямов, З.Г. Уразбаева, Ф.Г. Хисамитдинова, А.М. Ишегулова; 1992, 1994, 2004, 2005, 2008); ономастикалық материалдар жарияланды: жалқы есімдер сөздік-анықтамасы (құрас.: Т.Х. Кусимова, С.А. Биккулова, Ф.Г. Хисамитдинова, Р.И. Султанова, С.Х. Тупеев; 1976, 1982, 1991, 2000), топонимдер (құрас.: А.А. Камалов, Р.З. Шакуров, Г. Ураксин, М.Ф. Хисматов, Ф.Г. Хисамитдинова, З.А. Сиразитдинов, Н.Ф. Суфьянова, Ю.Х. Юлдашбаев; 1980, 1992, 1994, 2000, 2001, 2002, 2005, 2006, 2008, 2009); сөздіктің жаңа формалары жарық көрді: функциональды-когнитивті (2000, 2002, 2003, 2007), жиілік (құрас.: З.А. Сиразитдинов; 1995, 1997, 2002, 2006), идеографиялық (құрас.: М.Г. Усманова; 2005).

Соңғы онжылдықта әртүрлі ғылым саласына қатысты терминологиялық сөздіктерді жасау жұмыстары жанданды: ауылшаруашылығы (2001), омарташылық (2001, 2008), қоғамдық-саяси терминдер (2001), ботаника (2002), лингвистика (2002), педагогика және психология (2002), этнолингвистикалық және этномәдени танымдық лексика (2002, 2003, 2006), мифология (2002, 2010, 2011), техника (2003), заң (2003), офтальмология (2004), архитектуралық-құрылыстық терминдер (2004), сауда және қоғамдық тамақтандыру қызметкерлері үшін сөздік (2005), халықтық медицина (2005), малшаруашылығы (2006), кітапхана, баспа және ақпараттық қызмет қызметкерлері үшін сөздік (2006), медицина (2007), орман шаруашылығы (2007), экономика (2007), әскери лексика (2007), өлікті жерлеу, бата оқу дәстүрі бойынша сөздік (2008), астрономия (2008), экология (2008), эстетика (2008), сызу (2008), этика (2009), денешынықтыру және спорт (2009), жаратылыстану (2009), мәдениет қызметкерлері үшін сөздік (2009), сауда, кәсіпкерлік және сыртқы экономикалық қызмет, дипломатия бойынша сөздік (2009) және т.б. екітілді сөздіктер мен анықтамалар шығарылды. Башқұрт лексикографиясының ең ірі жетістіктері қатарын 10 томдық Башқұрт тілінің академиялық сөздіші толықтырады [6].

Ноғай тілі бойынша лексикографиялық жұмыстар А.Ш. Джанибековтың терминологиялық сөздіктеріне енген Н.А. Баскаковтың «Қысқаша ноғай-орыс глоссарийінен» басталады. 1940 жылы Н.А. Баскаковтың «Ноғай тілі және оның диалектілері» деген еңбегі жарық көреді. Мұнда автор грамматика және мәтіндерден кейін, сөздікті қосымша етіп тіркейді. 1956 жылы Н.А. Баскаковтың редакциялығымен ғылыми қызметкер С.А. Калмыков құрастырған «Орыс-ноғай сөздігі», ал 1963 жылы «Ноғай-орыс сөздігі» жарық көрді. 1960 жылы З.З. Бамматов редакциялығымен 30 000-ға жуық сөз қамтылған «Орыс-құмық сөздігі» жарияланды. Бұл сөздікте құмық тілінің кең қолданылатын лексикасы алғаш рет жинақталып, жүйеленіп берілді. 1969 жылы З.З. Бамматов редакциялығымен 13000 сөзден тұратын «Құмық-орыс сөздігі», 1984 жылы Д.М. Шихмурзаевтың «Ноғай тілінің фразеологиялық сөздігі» жарық көрді. Ноғай лексикографиясы тарихындағы айтулы жетістік 1999 жылы Б.Г. Бамматов редакциялауымен 40 000 сөзден тұратын «Орыс-құмық сөздігінің» баспадан шығуы болды. Бұл сөздік аударма тілінің жаттықтығымен, онда қамтылған сөздердің әдеби нормаға сәйкестігімен ерекшеленеді. Жаңа ғасыр басында ноғай тіліндегі көнерген сөздер, атап айтқанда, ескі қару-жарақтар, тұрмыс-зат атаулары, анатомиялық және медициналық терминдер, жан-жануарлар және өсімдік әлеміне қатысты атаулар т.б. ноғай тілінде сирек қолданылатын лексика, калькалар және кірме сөздер қамтылған «Ноғайша-орысша тақырыптық сөздік» (2005 ж.), ал 2013 жылы 30 000 сөзден тұратын «Құмық-орыс сөздігі» жарияланды.

Ғаламтор кеңістігінің кең жайылуы сөздіктердің жаңа түрлерінің пайда болуына әсер етіп, тілаларлық, мәдениетаралық байланыстар өріс алып, күшейе түсті. Бұл өз кезегінде лексикография мәселелеріне деген қызығушылықты арттырды. Техникалық мүмкіндіктердің кеңейе бастағанына байланысты қоғамның қажеттілігі де арта бастады, осының негізінде лексикография теориясы мен тәжірибесі жаңа деңгейге көтерілді. Бұл сөздік жасауды автоматтандыру жұмыстары мен ғаламдық жүйеге енумен тығыз байланысты болды. Бүгінгі күннің талаптарына сәйкес түркі лексикографиясында сөздік жасаудың жаңа форматы, яғни электронды сөздіктері пайда бола бастады. Мәселен, татар лексикографиясында онлайн екітілді татарша-орысша сөздіктер, түсіндірме сөздік, жеке бір автордың шығармаларының сөздігін дайындап және түркі тілдерінің ішінде алғашқы бастама ретінде көтеріп Қазан лингвографиялық қоры дайындаған Қазан өлкесіндегі XVI ғ., XVII ғ. ескерткіштер тілінің интернет сөздіктері жасалды:

1. Жаңа сөздер мен жаңа мағыналардың татарша-орысша сөздігі.
2. Татарша-орысша он-лайн сөздік.
3. татар тілінің tatsoft он-лайн сөздігі.

4. Аңлатмалы татар тілінің түсіндірме сөздігі.
5. “Lingvo” татарша-орысша, орысша-татарша сөздік.
6. Berençe on-line tatar-rus-tatar süzlege.
7. Татарша-орысша үлкен сөздік. Ред. Р.А. Сабыров.
8. КАМУС сөздігі (Комплексный Автоматический Мультилексемный Универсальный Словарь//Кешенді автоматтық мультилексемалық әмбебап сөздік).
9. Қазан лингвографиялық қоры дайындаған Қазан өлкесіндегі XVI ғ., XVII ғ. ескерткіштер тілінің интернет сөздіктері.
10. Мұса Жәлелдің "Моабиттік дәптерлер" тілі
11. Сөздікке арналған М.В.Ломоносов хаттарының тілі
12. Ғабдолла Тоқайдың поэзия тілінің интернет сөздігі.

Қазақ лексикографиясында да бұл салада жетістіктер жоқ емес. Қазақ тілінің электрондық лексикографиялық ресурстары негізінен екітілді қазақша-орысша, көптілді аударма сөздіктер және энциклопедиялық сөздіктен тұрады:

1. “АВВҮҮ Lingvo” қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік.
2. sozdk.kz қазақша-орысша, орысша-қазақша сайты
3. Н.Сауранбаев атындағы қордың жасаған қазақша-орысша сөздігі сөздік: <http://www.kaz-rus.kz>
4. СөзАна 1.0 электрондық сөздігі
5. IZET Tilmash 1.5
6. СөзКөмек 4.0 сөздігі – бұл қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған 500 мыңға жуық сөздік мақалалар.
7. Лена Ленешмидт құрастырған ағылшынша-орысша-қазақша сөздік (<http://www.kazakh-glossary.com>)
8. Википедия ашық энциклопедиялық сөздігі

Электрондық лексикографиялық ресурстардың жаһандық жүйесіне енуінде түрік және өзбек лексикографиялары да мән беруде. Айталық, «АВВҮҮ Lingvo түрікше-орысша, орысша-түрікше сөздік» және «Түрік тілінің түсіндірме сөздігі: Türkçe sözlük ve Yazım Kılavuzu» тәрізді түрік тілінің электрондық сөздіктері, сондай-ақ «<http://fmc.uz/word> өзбекше-орысша, орысша-өзбекше электрондық сөздік», «<http://jazyki.ru/uzbekskij>», «www.jargon.uz» тәрізді өзбек тілінің электрондық сөздіктерін түркі лексикографиясының жаңа форматтағы жетістіктері ретінде атап айтуға болады.

Электрондық лексикографиялық ресурстардың жаһандық жүйесіне енуі, түркі тілдерінің қолданыс аясын кеңейтіп, жан-жақты дамуына айтарлықтай септігін тигізері сөзсіз. Жалпы түркі тілдерінің сапалы электрондық сөздіктерін жасау және оларды кешенді тұрғыдан зерттеу ісін қолға алу күн тәртібінде тұрған міндеттердің бірі. Бұл күн тәртібіне әлемдік электрондық лингвография саласының теориясы мен тәжірибесін жүйелеу, сонымен қатар даму бағыттарының маңызды нақты ұстанымдарын анықтау мақсатында түркі тілдерінің электрондық лексикографиясын талдау мәселесін қойып отыр.

Электрондық ресурстарды білім алудың жаңа форматы ретінде қарастырып, электрондық лексикографиялық құралдардағы сөз мағынасының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін берудің жаңа жолдарын табу дереккөз тұрғысынан ғылыми негіздеуді қажет етеді. Электрондық сөздіктердің негізгі түрлерін анықтап, олардың құрылымы мен композициясын талдау, электрондық сөздіктерді білім берудің жаңа формасы ретінде бола алу мүмкіндігін зерттеу де бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Түркі лексикографиясының қалыптасуының алғашқы кезеңдерінен бастап қазіргі кезге дейін қол жеткізген табыстары ерен екеніне қарамастан, қазіргі түркі тілдерінің лексикалық байлығын бір арнаға тоғыстыруды көздеген, түркі тілдерінің өз арасында жасалған әр сипаттағы (салыстырмалы-түсіндірме, диалектологиялық, фразеологиялық, терминологиялық, екітілді, көптілді аударма т.б.) қолға алына қойған жоқ.

В. Радлов (XIX ғ. соңы XX ғ. басы) заманынан бері бір ғасырдай уақыт өткенін ескерсек, бұл аралықта қоғамдық-әлеуметтік факторлар ықпалымен көптеген жаңа сөздердің пайда болуы, қоғамдық санадағы қайсыбір ұғымдардың ескіруі салдарынан бір кезде актив қолданыста болған сөздердің көнеленіп, көне сөздердің архаизмдерге айналуы, техногендік өркениеттің, ақпараттық жаһандандудың әсерінен терминологиялық қордың интер-националдық шет-шекарасы кеңеюі түркі тілдерінің сөз қазынасын, сөздік қорын толассыз толығуларға, айтарлықтай өзгерістерге жетелегені сөзсіз. Сондықтан түркі тілдерінің лексикалық қазынасының біртұтас электрондық базасын түзу және қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қорын барынша түстеп-түгендеуге бағытталған сөздіктерді құрастыру, ондай сөздіктерде қамтылатын лексикалық бірліктердің лексика-семантикалық,

морфологиялық, генеалогиялық, қолданыстық т.б. сипаттамаларын салыстырмалы түрде толықтай көрсетуді көздейтін түркі тілдеріаралық деңгейде екітілді, үштілді және көптілді сөздіктерді жасаудың маңызы зор болмақ.

Түркі халықтарының сөз байлығын жинақтай отырып, оларды жүйелеуге, реттеуге, біріздендіруге қызмет ететін жалпытүркілік сөздіктерді жасаудың қажеттілігі дау тудырмайды. Сондай-ақ, жекелеген түркі тілдерінің арасындағы қатынасты реттеуге қызмет ететін екітілді аударма сөздіктерді түзу де заман талабынан туындап отырған қажетті іс.

Түркі тілдері аралық деңгейде сөздік түзу тәжірибесін жандандыру сайып келгенде түркі әлемінде жүріліп жатқан интеграциялық үдерістергеқызмет етері сөзсіз. Әлемдік және отандық лексикографияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, түркі тілдерінің сөздіктерін ғылыми негізде түзу – заман талабы. Соған орай жалпытүркілік тарихи-этимологиялық сөздіктерді, түркіаралық біртүлді және екітілді түсіндірме сөздіктерді, екітілді аударма сөздіктерді, шағын көлемді оқу сөздіктерін түзудің негізгі ғылыми-әдістемелік ұстанымдарын анықтап алу да заманауи түркі лексикографиясында ең маңызды мәселе қатарынан орын алады.

Осы орайда жаһандану үдерісіне сай ғаламдық ақпараттық кеңістіктің біртұтастануы; өркениеттер тоғысының, мәдениеттераралық диалогтардың, діндераралық келісім мен толеранттылықтың халықаралық қауымдастықтың тұрақты дамуының кепіліне алынуы, инновациялық технологияның айрықша дамуы және т.б. заманауи факторлар еліміздің қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінің сан-алуан салаларында жедел қарқынмен жүріліп жатқан интеграциялық үдерістердің тілдік және мәдениеттанымдық тетіктерін іздестіруді міндеттейді. Осы орайда қазақ лексикографиясы – интеграциялық үдерістердің жедел қарқын алуына игі әсерін тигізетін тілдік және мәдениеттанымдық тетіктердің бірі ғана емес бірегейі саналады. Сондықтан әлемдік озық тәжірибеге және отандық ғылыми дәстүрлерге сүйене отырып, қазақ лексикографиясында үштілді және көптілді аударма сөздіктер жасау тәжірибесін қолға алудың және олардың электрондық лексикографиялық қорын қалыптастырудың маңызы зор.

Көптілді аударма сөздіктер қоғам өміріндегі мәдениеттанымдық және тілдік бағыттағы қажеттілікті, тәржімелік-практикалық сұранысты өтеуге ықпал етеді.Түркітілдес мемлекеттер және олармен геосаяси, әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынастардағы өзге халықтар арасындағы қарым-қатынас үшін аса қажет түркі тілдерінің әр сипаттағы сөздіктерін ғылыми негізде түзуге, түркі терминологиясын біріздендіруге белгілі дәрежеде септігін тигізеді, қазақ лексикологиясы мен лексикографиясын ғылыми тұрғыдан байытып, дамудың жаңа сатысына көтереді.

Сөздіктерді әлемдік және отандық лексикографияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, ғылыми негізде түзу – заманауи мәдениеттің талабы. Сондықтан жалпытүркілік тарихи-этимологиялық сөздіктерді, түркіаралық біртүлді және екітілді түсіндірме сөздіктерді, екітілді аударма сөздіктерді, шағын көлемді оқу сөздіктерін түзудің негізгі ғылыми-әдістемелік ұстанымдарын анықтап алу ең маңызды мәселе болып отыр. Зерттеуде алға қойылатын басты міндеттер ретінде: түркі тілдері бойынша тарихи-этимологиялық сөздік түзудің басты ұстанымдарын айқындау; біртүлді және екітілді, көптілді түсіндірме сөздікте ашылатын негізгі параметрлер құрамын анықтап, түркі сөздіктері бойынша лексикографиялық параметрлік талдау жасау; сөздіктердің нысанға, көлемге, адресатқа байланысты басты типтері мен жанрларына жіктеме жасау; екітілді, үштілді және көптілді аударма сөздік жасаудың басты ұстанымдарын айқындау, туыс тілдердің аударма сөздіктерін түзудің өзіндік ерекшеліктерін анықтау; ареалдық және аймақтық, елтанымдық біліктерді ашудың, тілтанымдық, мәдениеттанымдық, елтанымдық құндылықтарды лексикографиялаудың заңдылықтарын белгілеу; шағын көлемді оқу сөздіктеріне алынатын базалық лексиканың құрамы мен құрылымын айқындау; түркі сөздіктерінің типологиялық, жанрлық ерекшеліктеріне байланысты сөзтізбеге сөздік бірліктерді сұрыптап алу ұстанымдарын анықтау; түркі сөздіктерінің типологиялық, жанрлық ерекшеліктеріне байланысты сөздік бірліктерге жасалатын фонетикалық, грамматикалық,лексика-семантикалық сипаттама түрлерін анықтау тәрізді мәселелерді атап көрсетуге болады. Түркі тілдерінің электрондық және қағаз сөздіктерін лексикографиялық жүйе ретінде және қолданушы үшін дереккөз материалы ретінде қарастыру келешектегі зерттеу жұмыстарының нысаны болмақ. Ғаламтор арқылы жаңа ғылыми және лексикографиялық коммуникацияға, парадигмаға жол ашылып, қазіргі лексикография қарыштап даму үстінде, соған сай түркі тілдерінің сөздіктеріне жаңаша бір даму серпін беріп, өз кезегінде түркі лексикографиясының теориясы мен практикасының алдына жаңа міндеттер мен мақсаттар қойып

отыр. Жақсы сапалы электрондық сөздік тілші мен бағдарламашының бірігіп жұмыс жасауынан туындайтындығын тәжірибе көрсетіп отыр.

Қорытынды. Қорыта айтқанда түркі әлемінің саяси-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық, мәдени-гуманитарлық өмірінде жүріп жатқан түбегейлі өзгерістерге игі ықпалын тигізіп отырған көптеген экстралингвистикалық факторлар түркі тілдерінің әрқайсысының сөздік қорының мазмұндық құрылым мен құрамы жағынан түрленіп, жаңа атаулармен толығуы, терминологиялық шет-шекараның кеңеюі тәрізді тілішілік үдерістердің қарқын алуына жетелеуде.

Қазақстанның халықаралық қауымдастықтың терезесі тең, сенімді мүшесі ретінде танылуы және түркі әлемінің геосаяси кеңістігінде көшбасшылық рөлі атқаруы, Қазақстанның экономикалық жедел дамудың индустриялық-инновациялық бағытын ұстануы, Қазақстанның Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан тәрізді түркітілдес мемлекеттермен, сонымен қатар құрамында көптеген түркі халықтары өмір сүріп жатқан Ресей, Қытай, т.б. мемлекеттер арасында сан-салалы форматта дамып отырған өзара ықпалдастық пен ынтымақтастық, стратегиялық серіктестік, тамыры терең тарихи-мәдени байланыстар қазақ лексикографиясы алдына түркі тілдері аралық деңгейдегі жаңа форматтағы сапалы сөздіктер түрлерін түзу міндетін жүктейді.

Бұл мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2020-2022 жылдарға арналған №АР08856398 XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясы: қыпшақтық фактордың лингвистикалық аспектілері» гранттық жобасымен қаржыландырылған. Жоба жетекшісі Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные* / АН СССР. Институт языкознания. - Москва, 1974; Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б»* / АН СССР. Ин-т языкознания. - Москва, 1978; Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «В», «Г» и «Д»* / Ред. Н.З.Гаджиева/. - Москва, 1980; Севортян Э.В., Левитская Л.С. *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Ж», «Ж», «Й»*. - Москва, 1989; *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «К», «Қ»* / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин. - Москва, 1997; *Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С»*. - Москва, 2003; *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ»* / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин/. - Москва, 2000.

2 Федотов М. Р. *Этимологический словарь чувашского языка*. - Чебоксары, 1996. Т. 1-2.

3 Starostin S., Dybo A., Mudrak O. *Etymological Dictionary of the Altaic Languages*. - Leiden; Boston: Brill, 2003. - Vol. 1. - P. 858. (A-K); Vol. 2. - P. 859-1556. (L-Z); Vol. 3. - P. 1557-2096. (Indices).

4 Öztopçu Kurtuluş. *Dictionary of the Turkic languages: English, Azerbaijani, Kazakh, Kyrgyz, Tatar, Turkish, Turkmen, Uighur, Uzbek*. - London: Routledge, 1996. - 422 p.

5 Қайдар Ә. *Қазақтаранамілі әлемінде*. - Алматы: Дайк-Прес, 2009. - 780 б.

6 *Академический словарь башкирского языка: в 10 т. / под ред. Ф.Г. Хусамитдинова*. - Уфа: Kuman, 2011. - Т. 1. - 432 с.

References:

1 Sevortyan E.V. *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na glasnye* / AN SSSR. Institut iazykoznanija. - Moskva, 1974; Sevortyan E.V. *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvu «B»* / AN SSSR. In-t iazykoznanija. - Moskva, 1978; Sevortyan E.V. *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvu «V», «G» i «D»* / Red. N.Z.Gadjieva/. - Moskva, 1980; Sevortyan E.V., Levitskaia L.S. *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvy «Zh», «J», «I»*. - Moskva, 1989; *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvy «K», «Q»* / Avt. sl. statei L. S. Levitskaia, A. V. Dybo, V. I. Rassadin. - Moskva, 1997; *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov. Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvy «L», «M», «N», «P», «S»*. - Moskva, 2003; *Etimologicheskii slovar' t'urkskikh iazykov: Obshet'urkskie i mejt'urkskie osnovy na bukvu «Q»* / Avt. sl. statei L. S. Levitskaia, A. V. Dybo, V. I. Rassadin/. - Moskva, 2000.

2 Fedotov M. R. *Etimologicheski slovar chuvashskogo iazyka.* - Cheboksary, 1996. T. 1-2.

3 Starostin S., Dybo A., Mudrak O. *Etymological Dictionary of the Altaic Languages.* – Leiden; Boston: Brill, 2003. – Vol. 1. – P. 858. (A-K); Vol. 2. – P. 859-1556. (L-Z); Vol. 3. – P. 1557-2096. (Indices)

4 Öztopçu Kurtuluş. *Dictionary of the Turkic languages: English, Azerbaijani, Kazakh, Kyrgyz, Tatar, Turkish, Turkmen, Uighur, Uzbek.* – London: Routledge, 1996. – 422 r.

5 Qaidar A. *Qazaqtaranatılıäleminde.* – Almaty: Daik-Pres, 2009. – 780 b.

6 *Akademicheski slovar bashkirskogo iazyka: v 10 t. / pod red. F.G. Hisamitdinova.* – Ufa: Kitap, 2011. – T. 1. – 432 c.

МРНТИ 16.21.23

Сейтбатқал Ә.Б. ¹ Бектемірова С.Б. ²

^{1,2} ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан

XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӘЛЕМДІК ТАРАЛЫМЫ

Аңдатпа

Мақалада түркі халықтарының әлем өркениетінде алатын орны шынайы деректерге сүйене отырып айтылады. Теориялық тұрғыдан қазақ және бауырлас түркі, шетел ғалымдарының зерттеулеріне және түркітану ғылымының қайнар көзі саналатын еңбектерге шолу жасалады. Түркі тілдес халықтардың орналасуы мен әлемдік таралымы тарихи дәуірлермен сабақтаса сипатталады. Бір тектен шыққан түркі тілдерінің ақпарат қорын түзу, оны жүйелеп ұсыну басшылыққа алынды. Мәліметтер қоры келесі бағыттарды қамтуды жоспарлауда: қазіргі дүние жүзіне таралған түркі тілінде сөйлеушілердің санын анықтау, түркі тілдерінің таралымын WebGIS жүйесінде көрсету, түркі тілдерінің жіктелуі туралы мәліметтерді саралау, қазіргі түркі тілдерінің мәртебесін көрсету, жойылу қаупі төнген түркі тілдерін жандандыруға нақты бағдарлама негізінде ұсыныс жасау. Қазақ түркітану ғылымына жаңа серпін әкелетін ғылыми жұмыс – Түрік Одағының дамуына өзіндік үлесін қосады.

Түйін сөздер: алтайтану, түркітану, ареалды лингвистика, лингвожағрапия, түркі халықтары, түркі тілдері

Seytbatkal A., ¹ Bektemirova S. ²

^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

WORLD SPACE OF TURKIC-SPEAKING PEOPLES AT THE BEGINNING OF THE XXI CENTURY

Abstract

The article reveals the role of Turkic peoples in world civilization. Theoretically, a review of the research of Kazakh and Turkic, as well as the works of foreign scientists which are the source of Turkic science is conducted. Localization and world distribution of Turkic-speaking peoples is characterized by a combination of historical epochs. It is necessary to form and systematize the database of Turkic languages of the same origin. The database includes the following directions: to determine the number of speakers of Turkic languages in the modern world, to show the distribution of Turkic languages in the WebGIS system, to analyze data on the classification of Turkic languages, to demonstrate the status of modern Turkic languages. It is planned to make proposals on the activation of Turkic languages under threat of extinction on the basis of the specific program. The scientific work, which brings a new impetus to the Kazakh Turkology, contributes to the development of the Turkic Union.

Keywords: altaistics, Turkology, areal linguistics, linguogeography, Turkic peoples, Turkic languages

Сейтбаткал А.Б.,¹ Бектемирова С.Б.²

^{1,2} КазНУ им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

МИРОВОЕ ПРОСТРАНСТВО ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ НАРОДОВ В НАЧАЛЕ XXI ВЕКА

Аннотация

В статье раскрывается роль тюркских народов в мировой цивилизации. Теоретически проводится обзор исследований казахских и тюркских, а также трудов зарубежных ученых, являющихся источником тюркологической науки. Локализация и мировое распространение тюркоязычных народов характеризуется сочетанием исторических эпох. Следует формировать и систематизировать базу информации тюркских языков одного происхождения. База данных включает следующие направления: определить числа носителей тюркских языков в современном мире, показать распространение тюркских языков в системе WebGIS, анализировать данные классификации тюркских языков, показать статус современных тюркских языков. Планируется внести предложения по активизации тюркских языков, находящихся под угрозой исчезновения, на основе конкретной программы. Научная работа, которая приносит новый импульс в казахскую тюркологию, вносит свой вклад в развитие Тюркского Союза.

Ключевые слова: алтаистика, тюркология, ареальная лингвистика, лингвогеография, тюркские народы, тюркские языки


Кіріспе. Мың жарым (1500) жыл уақыт бұрын Еуразия даласында Ұлы Түрік қағанаты дүниеге келді. Ол сақ, ғұн мемлекеттерінің заңды жалғасы әрі мұрагері болды. Түрік қағанаты корей түбегінен Қара теңізге дейінгі кең байтақ өлкеге иелік етті .

Б.з.б. 1 мыңжылдықта Еуразия далаларында мекен еткен сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, сарматтардың көне түрік тілінде сөйлеген халықтар екені баршаға мәлім. Олардың төл жазуы болған және қалалар салып өз мемлекеттігін қалыптастырған. Темір дәуірінде өмір сүрген түркі тектес халықтардың адамзат өркеніне берген дүниесі айдай анық. Түркілердің арғы тегі саналатын Ботайлықтардың жылқыны алғаш қолға үйретіп, тұрмысында пайдалануы олардың жаратылыс жайлы терең білімін дәлелдесе, «Аң стилі» өнері мен зергерлік бұйымдардың көркемдігі сана-сезімінің биіктігін көрсетеді.

Ерте орта ғасырда түрік тілі өркендеп, түрік жазуы халық арасында қанат жайды. Түрік жазба әдебиетінің негізін салған Йоллығ тегін сияқты ғұламалар тасқа қашалып жазылған мәңгі мұраларына манат етіп қалдырды. Түрік қағанаты тұсында сақ, ғұн дәуірінен де көп бұрын пайда болған жазу әдеби норма дәрежесіне көтерілді. Көне түрік әдеби тілінде ежелгі түріктер Талас, Шу, Орхон, Енесай бітіктастарын дүниеге әкелді. Түркітану, түркі филологиясын зерттеуде осы ескерткіштердің және орта ғасырда жазылған М. Қашқаридың «Түрік сөздігінің» орны ерекше.

Бұл сөздік түркі әлемін тілдік тұрғыдан зерттеуге негіз болатын еңбек. Сонымен қатар әлемдік ғылым кеңістігінде салыстырмалы-тарихи тіл білімінің алғашқы үлгісін көрсеткен ғылыми еңбек саналады. Мұнда бай тілдік деректермен қатар түркі халықтарының сол кездегі қоныстанған аймақтары мен этнографиясынан да құнды деректер бар (1-сурет).

1-сурет. XI ғасырдағы түркі халықтарының қонысы



Әдістеме.Түркітану қазіргі кезде түркі тілдерін зерттейтін ғылымның атауы ретінде де қолданылып жүр. Түркітану – түркі тілдерін тұтастай алып зерттейтін жалпы тіл білімі іспеттес. Түркітану XX ғасырда жалпыдан жалқыға өтіп, жеке түркі тілдері негізгі зерттеу нысанына айналды. Осы кезеңде ұлттық тілтанушы ғұлама ғалымдар келіп, тіл білімінің берік іргетасын қалап, кейінгіге мол мұра қалдырды. А.Байтұрсынұлы, Қ.Қ.Жұбанов, Ә.Т.Қайдар, Р.С.Сыздық, Ф.Айдаров, Т.Жанұзақ т.б. ғалымдар қазақ тіл біліміне көп еңбек сіңірді.

Қырғыз тіл білімінде Б.М. Юнусалиев, Б. Орузбаева, Т.Ахматов, Т.К. Сартбаев, татар тіл білімінде М.З.Закиев, Д.Г.Саттаров, башқұрт тіл білімінде Ж.Кигенбаев, А.А.Юлдашев, Н. Ишбулатов, З. Ураксин, С.Миржанова, А. Харисов, қарақалпақ тіл білімінде Д.Насыров, Е.Бердімұратов, О. Доспанов, өзбек тіл білімінде С. Ибрагимов, Ф. Абдуллаев, А.И. Гулямов, Ш. Шабдурахманов, Ф. Абдурахманов, А. Шерматов, С. Муталлибов, Ш. Рахматуллаев, эзирбайжан тіл білімінде М. Ширалиев, А. Демиарчи-заде, А.А. Ахундов, Ф. Зейналов, А.А. Абдуллаев, түрікмен тіл білімінде А. Азимов, Б. Чарыяров, М. Хыдыров, Т. Таджмұратов, З. Мұхаммедова, қарайым тіл білімінде С.М. Шапшал, К.М. Мұсаев; құмық тіл білімінде Ю.Д. Джанмаев, А.Т. Базиев, қарашай-балқар тіл білімінде А.М. Аппаев, У.Б. \ Алиев, М.А. Хабичев, М. Ахматов, ұйғыр тіл білімінде Ә.Р. Тенишев, Ә.Т. Қайдар, Г. Садвакасов, Т. Талипов, А. Шамиева, Р.А Авакова, тува тіл білімінде А.А. Пальмбах, Д.А. Монгуш, З.Б. Арагачи, алтай тіл білімінде Т.М. Тоцакова, А.Т. Тыбыкова, хакас тіл білімінде М.И. Боргояков, Д. Патачакова, О. Субракова, шор түркітану ғылымы: Ш.С. Сат, М.Д. Бичеол, саха тіл білімінде Л.И. Харитонов, Н.К. Антонов, Е.И. Коркина, В.В. Надеяев, Н.Д. Дьячковский, чуваш тіл білімінде В.Г. Егоров, И.П. Павлов, И.А. Андреев, Л.П. Сергеев қажырлы еңбек етті. Аталған ғалымдардың еңбегінен қазіргі түркі тілдері туралы негізгі мәлімет аламыз. Жекетүркі тілдерінің құрылымы, дыбыстық ерекшеліктері, сөзжасам жүйесі, сөйлем құрылысын XX ғасырдың басында ұлттық тіл ғалымдары зерттеді. Қазақ тіл білімінен мысал келтірсек: “Осы орайда КСРО түркологиясының басшысы академик А.Н. Кононовтың бір сөзі еске түседі. 20-шы жылдардан бастап әр түріктестес республикаға орталықтан мамандарды жолдадық. Басында жергілікті тілді үйреніп, кейіннен Мәскеуден жетекшілік жасап отыру үшін. Әр жерге ғалымдарды жібердік. Тек қана Қазақстанға ешкімді аттандырмадық. Өйткені, ол кезде Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбановтар бар еді ғой... Яғни қазақ зиялылары – КСРО түркологиясы мен алтаистикасының іргесін қалаған ғалымдар екені дау туғызбайтын ақиқат. А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков сынды ірі түркітанушы ғалымдардың ұстаздары да – сөзсіз, біздің арыстарымыз болған» [1, 296].

Талқылау.Түрік тілдерін дәуірлеу Алтай кезеңінен басталады.Түркі тілдері – алтай әулеті бұтағының бір бөлігі.Алғашқы руникалық жазбалардың сырын ашқан дат ғалымы В.Томсен. Ол 1893 жылы құпия болып келген жазудың сырын тауып, түркі тілдес халықтардың төл жазуы екені дүниежүзі алдында дәлелдеді. XVIII-XIX ғ.ғ.шетел ғалымдары түрік тілдес халықтардың мәдениетін,

тарихын, тілін зерттеп, ғылым айналымына енгізді. Олардың көрнекті өкілдері В.В. Радлов, М.М. Казем-Бек, П.М. Мелиоранский, А.Н. Самойлович, С.Е. Малов, Э.Н. Наджип, Э.В. Севортян, К.К. Юдахин, Н.А. Баскаков, А.М. Щербак, Н.З. Гаджиеват.б. XX ғасырда өмір сүрген көрнекті түркітанушы Н.А. Баскаковтың топтастыруы әлі күнге дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Ол өзіне дейінгі жасалған бөліністерді қорытындылаған топтастыру болып саналады. Көрнекті түркітанушы Н.А. Баскаков Түркі тілдерінің тарихын төмендегідей кезеңдерге бөледі:

- 1) алтай дәуірі;
- 2) ғұн дәуірі;
- 3) көне түркі дәуірі;
- 4) орта түркі дәуірі немесе негізгі түркі тайпаларының дамуы мен қалыптасу дәуірі;
- 5) жаңа түркі дәуірі немесе түркі халықтарының қалыптасуы мен даму дәуірі;
- 6) ең жаңа дәуір немесе түркі тілдерінің Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі даму дәуірі.

Түркі тілдері дамуының Алтай дәуірі уақытын дәл айту мүмкін емес, белгісіз уақыттан б.з.д. III ғасырға дейінгі кезеңді қамтиды. “Б.з.д. I мыңжылдықта Еуразия даласында Ордостан Донайға дейін антикалық және ежелгі шығыс жазуларында скифтер, сақтар, ғұндар, сарматтар атымен әйгілі болған халықтар қоныстанды” [2, 240].

Ғұн дәуірі б.з.д. III ғасырдан б.з. V ғасырына дейінгі уақытты қамтиды. Б.з.д. V ғасырда Оңтүстік Моңғолия мен Ордоста түркі тілдес ғұндардың мекен еткені жайлы деректер бар. Бұл аймақты ғұндардың атамекені ретінде санасақ болады. Түркі тілдес халықтар б.з.д. 3-2 мыңжылдықтан бастап, қазіргі күнге дейін, Қиыр Шығыстан Қара теңізге дейінгі кең байтақ далада қоныс тепкенін тарихи деректер айғақтайды. Ғұндардың ұлы көші мен батысқа жасаған жорықтары олардың Еуразияның батысына одан да терең енуіне ықпал етті. Еділ патша кезінде ғұн империясы Қара теңіз жағалауынан Днестрге дейінгі аралықты өз иелігіне қосты.

Көне түркі дәуірі Еділдің өлімінен кейін, яғни, V ғасырдың ортасынан басталады. Бұл кезде Еділ құрған патшалықтың орнына батыста Бұлғар мен Хазар мемлекеті пайда болды. Олардың иеліктеріне Еділ, Донөзенінің бойы, кавказ етегі, Қара теңіз бен Қырым даласы кірді. Көне түркі дәуірінде түркі тілдері тармақтана, бөліне түсті. “Батысты V-IX ғасырларда көптеген түркі тайпаларының басын қосқан хазар және бұлғар тілдері өмір сүрді. Түркі тілдерінің орталық аймақтарында қыпшақ, оғыз, қарлұқ одақтарының тілдері бөлініп шықты, ал шығыста көк түрік, ұйғырлар және қырғыздар одағы құрылды. Көне түркі дәуіріндегі ескерткіштер Орхон-Енисей немесе Көне түркі жазулары деп аталады. Түркі халықтарының тасқа қашалып жазылған алғашқы жазба ескерткіштері осы әліпбимен жазылған. IV ғасырда қазіргі батыс Моңғолиядан Донға, Қара теңіз жағалауына дейін көшіп-қонған түркі тайпасы, Ғұн одағы ыдыраған соң, тарих сахнасына бұлғарлар мен хазарларды, IX ғасырда печенегтер мен оғыздарды алып келеді. Түркі тайпаларының ішіндегі ең күштісі де, ықпалдысы болған қыпшақтар XI ғасырда Балқаш пен Ертістен бастап, Прут өзеніне дейінгі ұлан-байтақ өлкеде көшіп-қонған. Түркі ру-тайпалары туралы алғашқы мәлімет біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірде жазылған қытай жылнамаларында берілген. Одан кейінірек көне армян, көне еврей, көне грузин, араб жылнамалары мен тарихи жазбаларында ертедегі түркі тайпалары туралы хабар берілген. X ғасырдан бастап түркі тайпалары туралы мәлімет орыс жылнамасы мен жазбаларында кездесе бастайды.

Орта түркі дәуірі (IX-XV ғ.) Қарахан және Моңғол кезеңі деп екіге бөлінеді. Бұл кезеңде қазіргі түркі тілдерінің негізі жасалды. Батыста бұлғар мен хазар тілдерінің бірігуінен чуваш тілі пайда болды, қыпшақ-бұлғар тайпасы тілдері, қыпшақ-половец, қыпшақ-ноғай, оғыз-бұлғар, қарлұқ-ұйғыр тілінен тува, қарақас, якут тілдері, көне қырғыз тілі қалыптасты. Осы кезеңде жазылған жазба ескерткіштер араб графикасында сақталған” [3, 332]. Орта түркі дәуірі ғылым-білімнің дамып, мәдениеттің гүлденген дәуірі болды. Көптеген ғылыми еңбектер, әдеби көркем шығармалар дүниеге келді. Түркі жұртынан шыққан Махмұд Қашғари «Түрік сөздігін», Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанын, әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби мен ибн-Сина өзінің мол мұрасын, Қожа Ахмет Йассауи «Даналық кітабын», Ахмет Йүгінеки «Ақиқат сыйы» аталатын теңдессіз туындаларын жарыққа шығарды. Осы кезеңде түркі тілдес халықтардың таралу ареалы шығысқа, араб, парсы қалалық аймақтарына бағытталды.

«Жаңа түркі дәуірінде (XV-XIX ғ.) қазіргі түркі тілдерінің диалектілері және кейбірінің әдеби тілдері қалыптасты. Батыста бұлғар диалектісінен – чуваш тілі; қыпшақ-бұлғар тобынан – татар және башқұрт тілдері; қыпшақ-половец тобынан – қарайым, қарашай-балқар, құмық, қырым татары тілдері; қыпшақ-ноғай тобынан – ноғай, қазақ және қарақалпақ тілдері; оғыз-бұлғар тобынан – гагауыз тілі, балқан түркілерінің диалектілері; оғыз-селжүк бірлестігінен – түрік, әзірбайжан тілдері;

оғыз-түрікмен тобынан – түркімен тілі, қарлұқ-хорезм және қарлұқ-ұйғыр тобынан – өзбек, ұйғыр тілдері тарады. Шығыста тува, қарақас, якут, камасин, шор, сағай, белтір, қойбал, качи, телеуит, төлеңгіт, қызыл, тува, құманды, чалқан, кюэрик, сары ұйғыр, қазіргі қырғыз т.б. тілдер бөлектенеді.

Ең жаңа дәуірде – XX ғасырда бұрынғы Кеңестер Одағындағы көптеген түркі тайпасы, тайпа одақтарының тілдері, диалектілері бірігіп, ұлт тілдері пайда болды. Жазуы жоқ және жазуы кеш дамыған халықтардың әліпбиі жасалды, әдеби тілі өркендеді»[3, 332].

«Соңғы бес ғасырда жер шары халқының саны күрт өсті. Оның бірнеше тұрғыдан әсері бар. Бұл тілдердің барлығы дерлік өз сөйлеушісіне ие болды дегенді білдіреді»[4, 244]. Бес ғасыр бұрын қазіргі түркі халықтары қалыптасып дами бастады. Осы кезеңде халық саны өсіп, ұлттық әдеби тіл бой көрсетті. Тіл болу үшін бірінші алғы шарт тілдің атауы болу керек. Атаусыз тіл де жоқ, өйткені ол туралы ешкім ештеңе айта алмайды. Түркі халықтарында ұлт атауы мен тіл атауы бір. XIV ғасырда түркі халықтары этникалық тұрғыдан бірігіп, ұлт ретінде ұйысты. Ұлт атаулары этникалық мәнге ие болды да, тілге де сол атау берілді. Мысалы, Қазақтар қазақ тілінде, өзбектер өзбек тілінде, ноғайлар ноғай тілінде, қарақалпақтар қарақалпақ тілінде сөйлейді.

Нәтиже. «Түркі тілдері – Қиыр Шығыстан Жерорта теңізі мен Үнді мұхитына дейінгі кең байтақ өлкеде тұрып жатқан 40-қа жуық туыстас халықтардың тілі. Түркі тілдері – алтай семьясы бұтағының бір бөлігі. Қазіргі таңда түркі тілдері 170 млн-ға жуық адамдардың сөйлеу тілі (2008). Олардың басым көпшілігі ТМД елдері мен Түркия, Иран, Әзірбайжан, Өзбекстан мемлекеттерінде тұрақтанған. Ресей, Қытай, Қазақстан секілді іргелі елдердің әрқайсысын 12-15 млн. түркі тілдес халықтар мекендейді. 2008 жылғы мәлімет бойынша түркі тілдес халықтар өкілі Еуропалық одақ – 2 млн (Ұлыбритания, Германия және Францияны қоспағанда), АҚШ – 1 млн., Германия – 5 млн., Франция – 0,4 млн., Ұлыбритания – 0,4 млн., Моңғолия – 80 мың, Жапония – 0,1 млн., Канада – 0,2 млн., Бразилия – 0,1 млн., Аргентина – 0,1 млн., Украина и Белоруссия – 0,3 млн., Латин Америкасы (Бразилия және Аргентинаны қоспағанда) – 0,8 млн., Австралия – 60 мың. Дүниежүзінің қалған аймақтарында – 1,4 млн». [5, 826] (1-кесте).

«Түркі тілдерінде сөйлейтіндердің жалпы саны – 250 миллиондай, тіпті кейбір деректерде 250 миллионнан астам деп көрсетілуде»[6, 456]. Түркі әлемінің мәдени мұрасы қазіргі таңда әлемде ана тілдерінде сөйлетін 300 млнға жуық халықтың ұлттық қазынасы болмақ [7,482].

Багдин елип қулақларға Bahçeden toplayarak kulaklara

Қисқан қизил гүлимиз бир. Taktığımız çiçek aynı.

Бир алмини багдин үзүп, Bir elmayı bağdan alıp,

Чишлэп йесэк, теңиму бир. Bölüşürsek, ikiye denk.

Мүһəббəт һәм шатлигимиз, Aşklık ve sevincimiz,

Жүригимиз беги му бир [6, 147] Kalbimiz ve bahtımız bir –

diye söylüyorsa, ünlü Kazak şairi Tumanbay Moldagaliev'in Uygur halkına adanmış bu şiiri adeta ona cevap gibidir:

Уйғурлар қан жан бағрим, Uygurlar kanı, canı bir kardeşim,

Сән билэн бирғу тәғдирум. Seninle birdir hayatım.

Аңлисам муңлуқ нахшаңни, İşitsem kederli sesini,

Титрəйдү биллэ дил тарим. [6, 147] Titriyorum, kalbim ezilip.

Bu iki şairin şiirlerinde, iki halkın birbirilerine duyduğu saygı ve güvene tanık oluyoruz.

Kazakistan'ın bağımsızlığı, ülkedeki diğer etnik gruplarla birlikte Uygur diasporası şiirinin de gelişmesi için büyük bir fırsat sağladı. Uygur şairleri düşüncelerini özgürce ifade ederek şiirler yazdı. Uygur şairleri Nurahmet Ahmetov, Gulnar Avutova, Telman Nurahunov, Patigul Mahsatova, İmincan Tohtiyarov, Şairam Baratova ve diğerleri bağımsız Kazak Devletinin refahı ve birliği hakkında şarkı söyleyerek Kazakistan'daki Türk halkları literatürünün gelişmesine katkıda bulundular.

Bağımsız Kazakistan'da Uygur şiiri ve şairleri

Mahmut Abdurahmanov, Kazakistan'daki Uygur diasporasının önde gelen şairlerinden biridir. Şairin «Жиллар садаси» (Yıllar Ünü) (1999), «Түгүнлэр» (Sonuçlar) (2004), «Маһарəт чоққисифа интилип» (Uсталığın zirvesi için çabalamak) (2009), vb. eserleri ve bilimsel yazıları yayınlandı. Kazak ve Uygur halklarına ortak şair M. Abdurahmanov'un şiirleri çoğunlukla vatan sevgisi konusunu işler. Tarihi anavatanlarında yaşayan Uygur halkının Çin üsttacakası tarafından ağır bir şekilde ezilmesi şairin gücüne gidiyor ve bu durumda hiç bir şey yapamaması kendisini son derece yıpratıyor. Bütün bunları şiirlerine yansıtan şair eserlerinin anlaşılması kolay, sade bir üslupla yazmıştır. Aşağıda yer alan «Пələк чəрхи» (Yuvarlak Dünya) şiiri de şairin milliyetçi ve vatansever yazılarından biridir:

Өзи ели болсиму чəксиз, паянсиз, Kendi ülkesi olsa da uçsuz buçaksız,

Жаһанға тарилип кəткэн уйғурум. Dünyaya yayılan Uygurum.

Тəғдиргə тəлмүрүп жүрдүң амалсыз, Kaderine bağlandın çaresiz,

Тəлийиң талашта өткэн уйғурум. [6, 326] Hayatın hep mücadelede geçen Uygurum.

M. Abdurahmanov'un "Kazak dostuma", "Assalam Uygurum" vb. şiirlerinde, Türk halklarının kesintisiz tarihi yolu, bağımsız bir devlete sahip bir ulus olmanın gerçeği, bağımsızlığa duyulan özlem, Kazak halkı uzatan dost elive dostça kucak, vb. çeşitli siyasi ve sosyal konular romantik-reel bir bütünlük içinde söylenmiştir. Şair "Kazakistan" şiirinde ise Kazak topraklarını ebedi bir vatan, mübarek bir yer olarak kabullendiklerini yazmıştır.

...Туғулған қутлуқ диярим, ...Doğduğum kutsal mekanım,

Әзизсән маңа анамдəк. Azizsin bana anam gibi.

Бақимән, Ebedi,

Қанмас хумарим, Tükenmez sevgim,

Өзәңдин қудрәт алай дәп....Kendinden ilham almış gibi....

...Бағдики әркин қушлириң, ...Bahçedeki özgür kuşların,
Тағлириң, чәксіз далариң –Dağların, sınırsız bozkırın -
Барчиси һаят хушлуғум,Һepsi yaşamı sevmeyi destekler,
Қазақстан, қутлуқ диярим [6,269] Kazakistan kutsal mekanım.

Uygurların Kazak topraklarında diğer uluslarla eşit şartlarda, dostça yaşadığını şiirlerine yansıtan Mahmut, şiirlerinde Kazaklara daima minnettar olduklarını yazıyor. Kazak aydınlarıyla arkadaşlığı, dostluğu sıkı olan şair, bütün sırlarını ve sevinçlerini hep Kazak arkadaşlarıyla paylaşmıştır. Kazak Devletinin Bağımsız bir devlet olmasına en içten sevinen M. Abdurahmanov bu yeni tarih sahnesinde Uygurların da aynı mutluluğu hissedeceğini umuyor. Kazak halkının ulusal refah yolundaki tüm verimli ve muzaffer eylemlerine sevinen bir arkadaşın ve akrabanın duygularınışiirlerinde bu şekilde işlemiştir:

...Менің үшін кейде аспан қаралы аспан.
Көңіл жүйрік алайда ала қашқан.
Келгендеймін бәйгеден сен келгенде,
Қалсам-дағы байлаулы мама ағашта. [6, 150] (Kazakçaya Çev. K. Myrzaliyev)

Türkçesi:

... Benim için bazen gökyüzü karanlıktır.
Ancak gönül her tarafa sürüklüyor.
Sanki ben gelmiş gibiyim, yarıştan sen geldiğinde,
Kalmış durumda isem de bağlanarak bir ağaca.

Kazak halkı Bağımsızlığı elde ettiği sırada halkın sevincini ilk yazan şair de M. Abdurahmanov idi. Şairin "Kazak Dostuma" şiirinde:«Бақытыңды қалайша бағаламан?! / Түбіміз бір, ешкімді алаламан. / Сыймағанда еліне ұйғыр-қазақ, Бірін – бірі өзара паналаған» [7., 150] (Kazakça Çev. K. Myrzaliyev).Türkçesi: «Mutluluğuna nasıl değer vermeyeceğim?! / Aynı soya sahibiz, kimseye karşı ayrımcılık yapmıyorum. / Uygur ve Kazak kendi topraklarında (zalim yüzünden) yaşayacak yer bulamadıklarında, /Hep birbirilerinin ülkesine gidip sığındılar».

Patigul Mahsatova, Kazakistan'daki Uygur şiirinde özel bir yeri olan şairdir. Şairin «Жүрәктин төкүлгән яш» (Kalbin Gözyaşları) 2007, «Мән мүһәббәт кучиғида» (Ben Sevgi Kucağında) 2002, «Диянәт» (Onur) 2003, «Ой тамчилири» (Düşünce Damlları) 2009, vb. kitapları yayınlandı. Ayrıca, edebiyat eleştirisi ve iletişim alanında birçok bilimsel makale yayınlamıştır. Özel, eşsiz bir cazibe ile şiire gelen P. Mahsatova, ulusal fikirlerle dolu şiirleriyle okuyucularınıbüyüleyen bir şairdir. Şiirlerindeki ana karakterler kötülük ve iyiliktir. İçeriği de iki görüntü arasındaki bir anlaşmazlık etrafında dönüyor. Kötülük tarihi vatanının düşmanıdır, iyilik ise sıradan insanların, yani halkın imajıdır. Şairin şiirleri yüksek iyimserlik, yaşama tutkusu, vatanseverlik, milliyetçilik, bağımsızlık, enerji, cesaret ve onur temalarını işliyor.

Aşağıdaki "Kazak Dostuma" şiirinden verilmiş alıntıdan gördüğümüz gibi, Kazakistan'ın bağımsızlığı şairin kendi başındaki tacı, Kazak halkı ise canı ve ruhudur:

Қандай ғажап қазақтың азаттығы,
Артта қалды қараңғы, азап түні...
Мен де бірге сайрадым, сайраңдадым,
Қайта қонып басыма қайран бағым.
Менің туған Отаным – Қазақстан,
Кіндігіммен өзіңе байланғанмын.
Қазақ досым, өзіңмен тағдырласпын,
Мұңайғанда сырласып, қалжыңдастым...» [8, 10]

Türkçesi:

Ne güzel Kazagın özgürlüğü,
Karanlık ve ıstırap gecesi sona erdi ...
Ben de beraber şarkı söyledim, eğlendim,
Tekrar başıma döndü bahtım.
Benim Anavatanım - Kazakistan,
Sana göbeğimle bağlanmışım.

Kazak dostum, seninle kaderim аynы,

Üzүldүgүmdе sırrımı sana anlattım, şakalarımı da... », - diye söylüyor.

Uygur halkının yetenekli şairi Hurşida İlahunova'nın «Жутум – аnam пурайду» (Jutum - anam puraidu) ("Anavatanım annem kokuyor") (2001), «Турнилар» (Turnilar) (Turnalar) (1978), «Бөшүк нахшиси» (Böşük nahşisi) (Beşik Şarkısı) (1988), vb. eserleri yayınlandı. Şair, Anavatan'a sevgi ve saygı, ülkenin bağımsızlığı, doğa, gençlik, çocuklara sevgi, aile, ebeveynler, ebedi aşk, yaşama arzusu temalarında lirik şiirler yazmıştır. Onun «Мустәқил Қазақстан» (Bağımsız Kazakistan) şiirinde Kazak halkının bağımsızlığı, ülkenin kalkınması, gelişmesi, Kazakistan'da yaşayan milletler arasındaki birlik ve refah, Kazak halkına şükran ve sevgi konuları işlenmiştir. «Миң өлүп, миң тирилгән» бағрим казак, / Азатлиқ туғини көккә көрәрдиң сән. / Күткәндиң бу мубарәк күнни узақ, / Тәғдириң буйруғида көкәрдиң сән. / Мустәқил Қазақстан әзиз мақан, / Теғиңдәк қәддиң бүйүк турувалдиң. / Қийинчилик чүшти башқа, йәндиң аман, / Астана – тажу – тәхти курувалдиң...») [5., 3].

Tercümesi: "Bin ölüp ve bin dirilmiş Kazak kardeş, / Özgürlük bayrağını dalgalandırdın sen. / Bu mübarek günü uzun zamandır bekliyorsun, / Kaderin fermanıyla refahlara eriştin. / Bağımsız Kazakistan kutsal mekan, / Sen bir dağ gibi durdun (eğilmedin) / Ne kötü belalar geldi başına, galip çıktın, / Astana – tacın ve tahtını yapabildin sen... ».

Bağımsızlık yıllarının önde gelen şairlerinden Şairam Baratova, Uygur diasporası şiirinde özel bir yere sahiptir. Şiir dünyasına cesur şiirleriyle gelen şairin «Шатлиққа Тәшналик» (Sevince Özlem) adlı kitabı 2013 yılında yayınlandı. Ş. Baratova'nın şiirlerindeki ana lirik karakter, tarihi anavatanlarını özleyen, atalarının yurdunu görmeyi hayal eden milliyetçilik ruhtaki bir neslin görüntüsüdür. Şair, «Шатлиққа Тәшналик» (Sevince Özlem) kitabının «Ана Вәтән – қутлуқ дияр» (Ana Vatan - kutsal mekan) adlı bölümünü tarihi anavatanı hakkındaki şiirlerine ayırmıştır. Çin baskısı altındaki Uygur halkının durumu, şairin onlara yardım edemeyişinin çaresizliği şiirlerinin ana konusudur.

Aşağıda tarihi anavatanına adanmış eserlerinden «Гәр көрмисәм...» (Eğer görmezsem ...) şiiri verilmiştir.

Уйғурумниң өмүр йоли азаплиқ, Уйғурумун hayatı hep işkence,

Тилигини пәқәт һурлуқ, азатлиқ. İsteği bir özgürlük ve bağımsızlık.

Набут қилди талай жигит-қизини, Öldürüldü sayısız çok kız ve oğlan,

Яв-дүшимәнниң яман ойи, каззаплиқ. Düşmanın kötü niyeti, ikiyüzlülük.

Мән шу қайсәр, улук халиқ әвлади, Ben bu cesur, büyük halkın evladıyım,

Өз қайғумдин артуқ маңа әл дәрди. Kendi derdimden daha önemlidir halk derdi.

Ахирәткә көзүм очуқ кетимән, Öbür dünyaya gözlerim açık giderim,

Гәр көрмисәм азат болған Вәтәнни... [9, 24] Eğer görmezsem özgür olan Vatanı...

Şairam Baratova, insan yaşamının tüm temalarına şiirlerinde yer veren bir şairdir. Vatan sevgisi, çocukluğa seyahat, ata yurdun değeri, tarihi anavatanına karşı duyulan özlem, öz milletine olan şefkat, bağımsız Kazakistan'ın geleceğine güven, özgürlüğün değeri, kutsal Kazak toprağı, Kazak halkına şükran ve memnun gönül coşkusu, hepsi şairin şiirlerinde yer almıştır. Son yıllarda, özellikle Uygur aileleri arasında Avrupa'ya göç etme geleneği daha yaygın hale gelmiştir. Şair uygurların "Avrupa'ya göç etme" meselesine de dokunuyor, susmuyor, kendi düşüncelerini şiirleriyle iletiyor:

Әрик сәндә, мәйли буйри әйткә, Sen bilirsin, belki beni suçlarsın,

Қизиқмаймән һәргиз әсла гәрипкә. İlgilenmemişim hiçbir zaman batıyla.

Билип қалғин дилимдики сиримни, Öğren, anla kalbimdeki sırrımı,

Бу дунияда жәннәт мәнчүн шәриқтә [9, 111] Bu hayatta cennet bana doğuda

Kazakistan'daki Uygur şiirinin en yetenekli genç nesil şairlerinden biri Vilyam Molotov. Şair «Көк бөрә әвладимән» (Kök börü evladiman) (Boz Kurdun Evladıyım) (2013), «Йултузларлы арманда» (Yultuzlarlı armanda) (Yıldızları hayal et) (2018), «Қәлбимән асмани» (Kalbiman asmani) (Kalbimin gökyüzü) (2019), vb. kitapları yayınlandı. «Көк бөрә әвладимән» (Kök börü evladiman) (Boz Kurdun Evladıyım) (2013) adlı kitabı lirik, destansı bir sanat eseri olarak Uygur gençlerine ilham verdi. Her zaman çok öğrenmeye gayret eden şair şiirlerinde bugün ana vatanı Doğu Türkistan'da yaşayan Uygur halkının durumunu ve bağımsız Kazakistan'daki bazı siyasi zayıflıkları görerek büyüyen bir nesil olarak hesap veriyor ve cesur atalarının ruhunu arıyor. Şiirlerine bakarak, ünlü Kazak şairleri Mircaqyp Dulatov ile Magcan Cumabayev ve Uygur şairleri Nazargoca Abdusemyatov ile Abdulhay Muhammadilerin yoluyla yürüyen ve onların geleneğini sürdüren bir şair olduğunu görüyoruz. Geçmiş ve bugünü analiz etme, gelecek için umut verici şiirler yazma ve insanlığa ilham verme yeteneği, şairi diğer genç şairlerden ayırt etmektedir.

Sonuç. Kazakistan'daki Uygur diasporası şiiri, Kazak toprağında gerçekleşen edebi sürece Türk halklarının şiiri olarak katıldı. Uygur şairlerinin lirik ve destansı şiirlerinde vatansever sivil halkın bakış açısı ile tüm Türk halklarına özgü şiir tarzını görebiliriz. M. Abdrahmanov'un «Қазақстан», (Kazakistan), H. Iskanderov'un «Егиз көктен нурлар құйып» (Gökten nurlar dökülüp), A. Muhammedi'nin «Ечилмас көңлүм» (Yenilmez kalbim), «Яш жүрегим» (Genç kalbim) vb. şiirlerinde halkın kaderi, Kazak ve Uygur halklarının asırlık dostluğu büyük gururla aktarılıyor. Uygur şiirlerinin çoğu Doğu Türkistan'ın özgürlüğü, Kazakistan'ın egemenliği, Kazak halkının kardeş kucacı, vb. konuları işlemiştir. Örneğin, İlya Bahtiya'nın "Anavatan Hakkında", "Anavatana Mektup", H. Hamrayev'in "Kazakistan'ım benim", "Vatandan daha iyi bir dost yok" vs. şiirleri okuyucular arasında çok yaygındır. Bununla birlikte, "Vatan - Kazakistan" teması, bağımsızlık yıllarındaki Uygur şiirinde en çok yazılan konulardan biriydi.

Şairlerin eserlerinde "Kazakistan" kavramı Kazak topraklarında yaşayan tüm halkların ortak anavatanı, kutsal yer, ata yurt, dünyanın dört bir yanındaki Türk halkının anavatanı olduğu dile getirilmiştir. Örneğin, şair Abdumecit Dulatov'un şiirinde "Kazakistan" kelimesi "dünyanın mührü" (mektup, mühür) anlamında kullanıldı; Rahimcan Roziyev şiirinde ise, "dostluk ve uyum ülkesi", Abdugopur Kutlukov'da "kandaş, kardeş", Patigul Mahsatova'da "Ebedi Destan", Mirzahmat Merimov'un şiirlerinde "açılan çiçek" anlamlarında kullanılmıştır. [1.,201]

Tanınmış Uygur şairi Abdumecit Dulatov, "Kazakistan - benim vatanım" şiirinde, hayallerin gerçekleşebileceği bir ülke varsa o da Kazakistan'dır demiş, akrabalarını ve arkadaşlarını Kazakistan'a güvenerek emanet ettiğini belirtmiştir.

Уйғур дегән намда йезилған Uygur adıyla yazılan
Келәчәккә мәр – хетим мениң. Geleceğe mühürlü mektubum benim.
Арманлардин қанат пүркүзгән, Arzularıma kanat çırpıran,
Қазақстан – вәтиним мениң. [10, 13] Kazakistan - vatanım benim.

Sonuç olarak, Kazak topraklarındaki Uygur şiiri, neredeyse bir asır süren komünist ideolojiye rağmen, ulusal değerlerini korumaya, insanların hayallerini gerçekleştirmeye ve ulusal zihniyet, kültür ve edebiyat, gelenek ve göreneklerini sürdürmeye devam etmiştir. Bugün Kazakistan'daki Uygur şiiri, yeni fikirler ileri sürüyor ve yeni edebi başarılar elde ediyor.

***Notlar:** Kazakistan'da 1986 yılında gerçekleşen "Aralık" olayı Sovyet Devleti İdarecileri tarafından Kazakların başına Kazakistan Sovyet Cumhuriyetinin Başkanı D.A. Konaev'in yerine Rus uyruklu G.V. Kolbin'in getirilmesi ve Kazak gençlerinin Kazakları Kazak uyruklu başkanın idare etmesini isteyerek baş kaldırması olayıdır.

Kaynaklar:

- 1 Ananyeva S.V. (2014) *Kazakistan halkının modern edebiyatı.* (Sovremennaya literatura naroda Kazahstana), Almatı, Evo Press. 488s.
- 2 Valihanov Ş.Ş. (1985) *Seçmeler. (Tandamalı) Almatı, Cazuşı. 570s.*
- 3 Mukanov S. (1959) *Dev'in Adımları. (Alıptın adımları), Almatı, KMKAB. 304s.*
- 4 Tilipaldi-Hamraev A. (2014) *Bağımsız Kazakistan'da Uygur şiiri.* (Uygurskaya poyeziya Nezavisimogo Kazahstana), Almatı, 256s.
- 5 İlahun H. (2001) *Anavatanım annem kokuyor. Şiirler. Şeirler), Almuta, Bilim. 136s.*
- 6 Abdurahmanov M. (2004) *Sonuçlar. (Tügünler), Almuta, Eğitim. 472s.*
- 7 Abdurahmanov M. (1999) *Gelişim Adımlarına Bir Bakış // (Makaleler ve Şiirler. (Tárákkıyat baskuçlıriga bir názár) // Makalılar vá şeirler), Çonca: Cazuşı. 222s.*
- 8 Mahsatova P. (2016) *Kendine İnaniyorum (Şiir koleksiyonu) Uygur dilinden çev. D. Baytursynov. (Özine senem. Ölender cinagı), Almatı, Cazuşı. 168s.*
- 9 Baratova Ş. (2013) *Sevince Özlem. (Şatlıkka táşnalık), Almuta, Mir. 228s.*
- 10 *Kazakistan benim vatanım. Toplu Koleksiyon. (Kazakstan –menin vätinim. Kollektivlik toplam). (2008), Almuta, 220s.*

References:

- 1 Ananyeva S.V. (2014) *Kazakistan halkının modern edebiyatı.* (Sovremennaya literatura naroda Kazahstana), Almatı, Evo Press. 488s.
- 2 Valihanov Ş.Ş. (1985) *Seçmeler. (Tandamalı) Almatı, Cazuşı. 570s.*
- 3 Mukanov S. (1959) *Dev'in Adımları. (Alıptın adımları), Almatı, KMKAB. 304s.*

- 4 Tilipaldi-Hamraev A. (2014) *Bağımsız Kazakistan'da Uygur şiiri. (Uygurskaya poeziya Nezavisimogo Kazahstana)*, Almatı, 256s.
- 5 İlahun H. (2001) *Anavatanım annem kokuyor. Şiirler. Şeirler*, Almuta, Bilim. 136s.
- 6 Abdurahmanov M. (2004) *Sonuçlar. (Tügünler)*, Almuta, Eğitim. 472s.
- 7 Abdurahmanov M. (1999) *Gelişim Adımlarına Bir Bakış // (Makaleler ve Şiirler. (Tárákkıyat baskuçlıriga bir názár) // Makalılar vá şeirler)*, Çonca: Cazuşı. 222s.
- 8 Mahsatova P. (2016) *Kendine İnanyorum (Şiir koleksiyonu) Uygur dilinden çev. D. Baytursynov. (Özine senem. Ölender cinagi)*, Almatı, Cazuşı. 168s.
- 9 Baratova Ş. (2013) *Sevince Özlem. (Şatlıkka táşnalik)*, Almuta, Mir. 228s.
- 10 *Kazakistan benim vatanım. Toplu Koleksiyon. (Kazakstan –menin vátinim. Kollektivlik toplam)*. (2008), Almuta, 220s

МРНТИ 11.25.41

Дүйсенбі А. К. ¹

¹ Шет тілдер және іскерлік карьера университеті,
Алматы, Қазақстан

«БОЗҰҒЛАН», АХМЕТБЕК ҺӘМ ЖҮСІПБЕК» ЖЫРЫНЫҢ ҚОЛЖАЗБА МӘТІНДЕРІНЕ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада «Бозұғлан, Ахметбек һәм Жүсіпбек» жырының Қазанда 1904 жылы басылған «Ешбай» деп аталған нұсқасының «Бабалар сөзіндегі» ғылыми басылымы мен Түркіменстан Ғылым академиясының қолжазбалар қорындағы «Юсуп бег-Ахмет бег» дастандары салыстырылып, текстологиялық талдау жасалды. Жырдың «Ешбай» нұсқасының шумақтарындағы кейбір сөздер, ұғымдар, бейнелі теңеулерге түсініктеме берілді.

Мәтіндер ортақ мәдени мұралардың зерттелуінде жол көрсететін әдеби заңдылықтар мен әдіс-тәсілдер аясында талданды.

Мақалада ұлттық әдебиетіміздің бастау көзі болып табылатын тарихи мәтіндердің өз кезеңінің әдеби дәстүрлері, сөз қолдану әдіс-тәсілдері, бейнелеу құралдары аясында қарастырылуының маңызы баяндалады. Сондай-ақ жырдың қазақ-түркімен мәтінін салыстыра отырып, жыр жолдарында үйлеспей тұрған кейбір сөздерді, ұғымдарды жан-жақты мысалдармен салыстыра отырып зерделедік. Ғылыми жұмыс барасында өз топшылау, бағамдау пікірлеріміздің нәтижесі бұл саланы болашақ зерттеушілер үшін пайдалы дүние боларын қаперге алдық.

Түйін сөздер: Бозұғлан дастаны, текстологиялық талдау, әдеби құралдар, мәдени мұра, әдеби теңеулер

Duisenbi A. ¹

¹ University of Foreign languages and business career,
Almaty, Kazakhstan

TEXTOLOGICAL ANALYSIS OF THE MANUSCRIPT TEXTS OF THE SONG «BOZUGLAN», AHMETBEK AND ZHUSUPBEK»

Abstract

In this article, manuscripts of epos «Bozoglan, Ahmetbek, Zhusipbek» published in Kazan in scientific work "Babalarsozi" and manuscripts of epos "Yusuf beg - Ahmet beg" from the fund of manuscripts of Academy of Science of Turkmenistan are analyzed. Explanations to some words, phrases and meanings from text are given in the Kazakh version of manuscripts.

In our article, we compare the Kazakh-Turkmen text of the poem, compare some words and concepts that contradict each other or cannot convey meaning in verses, comparing them with detailed examples. We have considered that the results of our research and evaluation will be useful to future researchers in this area.

Analysis of the works was done according to intercultural literature researches and methodologies build upon them. This article states that historical literature of early periods, should be analyzed considering the features, literary traditions, and usage of words of that period.

Keywords: Epos Bozoglan, Babalarsozi, literature researches, literary tradition

Дуйсенби А. К.¹

¹ *Университет иностранных языков и деловой карьеры,
Алматы, Казахстан*

ТЕКСТОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ РУКОПИСНЫХ ТЕКСТОВ ПЕСНИ «БОЗУГЛАН», АХМЕТБЕК И ЖУСУПБЕК

Аннотация

В статье произведен текстологический анализ рукописи Ешбая – эпоса «Бозоглан, Ахметбек и Жусупбек» опубликованного в 1904 году в Казани в научном труде «Бабалар сөзі» и рукописи эпоса «Юсуп бег –Ахмет бег» из фонда рукописей Академии Наук Туркменистана. В казахском варианте рукописи даются разъяснения некоторых слов, фраз и понятий, содержащихся в тексте.

В нашей статье мы сравниваем казахско-туркменский текст стихотворения, сравниваем некоторые слова и понятия, которые противоречат друг другу или не могут передать смысл в стихах, сравнивая их с подробными примерами. Мы учли, что результаты нашего исследования и оценки будут полезны будущим исследователям в этой области.

Анализ произведений был проведен на основании общекультурных литературных исследований и созданных на их основе методов.Статья раскрывает значение методов исследований исторических литературных произведений начального периода, исходя из особенностей, литературных традиций, использования слов того периода, когда оно вышло в свет.

Ключевые слова: Эпос Бозоглан, текстологический анализ, литературныепредметы, культурные наследства, литературные фразы

Кіріспе.Мақаламызда «Бозоғлан» жырының қазақ-түркімен нұсқаларын ғылыми басылымдық мәтіндерін салыстыра отырып, текстологиялық талдау жасаймыз. (Бозұғлан), Ахметбек һәм Жүсіпбекжырының «Бабалар сөзі» жүзтомдық мәдени мұрасының 47 томындағы Ешбай нұсқасы мәтіні– жырдың 1904 жылы Қазанда басылған, Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулыараб әріпті түпнұсқасынан (ОҒК: 2610) ешбір өзгеріссіз дайындалған ғылыми басылым. «Бұл томға негізінен түркімен бектері Бозұғлан, Жүсіп және Ахмет сынды батырлардың ерлікке толы өмірін баяндайтын бес жыр нұсқасы енді». [1, 5-7] Мәдени мұрамыздың танытылып, ғылыми айналымға енуіне орасан зор еңбегі сіңген ғалым ағамыз V. Халықаралық Туркологиялық Конгресіндегі мақаласында «Бозоғланның»қазақ-түркімен нұсқалары жөнінде жан-жақты мәлімет береді. «Дастанның бір вариантын баспаға ұсынған қазақ азаматының аты жөні – Ешбай Көзбергенов екенін білеміз. Біздің қолымызға түскені – дастанның 1904 жылғы басылған нұсқасы». [7, 475]

Әдістеме. Зерттеу мақала салыстырмалы текстологиялық әдістемелік жүйе бойынша жүргізіліп, мәтіндік талдаулар арқылы жүзеге асады.

Нәтижелер. Текстологиялық жұмысымызға арқау болатын жырдың түркімен варианты – Түркіменстан Ғылым академиясының қолжазбалар қорындағы «Юсуп бег-Ахмет бег»дастанының «Керкі» нұсқасы. Аталған әдеби мұра – сол жерде сақталынған бес түрлі қолжазбасалыстырыла отырып, 1943 жылы жарияланған ғылыми басылым. Түркия университетінің профессоры, фольклорист ғалым Иса Өзкан 1989 жылы Анкара қаласында «Иусуф бей-Ахмет бей» (Бозоғлан) дастанының Керкі нұсқасын негізге ала отырып,жырдың түркімендерде жырланған вариантының латын әріпті ғылыми басылымын дайындады. Жырдың аталған ғылыми басылымын дайындауда ғалым «Түрікмен», «Күмбет»,«Уйғыр» және «Вамбери»деп атаған төрт түпнұсқанысалыстырғанын

және Қазақстан, Түрікменстан, Түркияда сақталған жырдың басқа да түпнұсқаларын назарда ұстағанын жазады. [2, 6]

“Вамбери нұсқасы” деп аталған нұсқа 1911 жылында Будапештте шығып тұрған «Келете сземле» (Келети семле) деп аталған ғылыми шығыстану журналында жарияланған. (Вамбери А. Н. Jusup und Ahmed einOzbekischevolksepos in chivairdialekte text` Keleteszemle.X.c. Budapest. 1910. 79 s). Вамбери бұл нұсқаның 19 ғасырдың екінші жартысында көшірілгені туралы айтады.

«Юсуп бег Ахмет бег» дастанының «Күмбет» нұсқасы жөнінде зерттеу еңбек жазған Юсуп Азмун деген ғалым ғылыми жұмысында латын әріпінде жазылған 134 беттік бұл нұсқадағы кейбір сюжеттердің шығарылғаны жөнінде мағлұмат береді. (Азмун Юсуп, «Юсуп және Ахмет» дастаны Истанбул, 1968) «Бабалар сөзінде» жарияланған кирилл әріпті «Ешбай» нұсқасын түркімен мәтінімен салыстыру барысында жыр кейіпкерінің әулиелермен сөйлескен сюжетінің шығарылғанына куә болдық.

«Уйғыр» нұсқасы 1982 жылы Мехеммет Зүнун уйғыр тілінің ерекшеліктері айқын көрінетін қолжазбаның «Иусур-Ухмед» деген атпен ғылыми басылымындайындаған. (Үрімжі, 1982, 212.б)

Өзкан Бозұғлан жырының латын әріпті ғылыми басылымының тіл ерекшелігі жайында «Бұл нұсқа түркімен тілінде жазылған, бірақ ең көне дәуірде жазылған» деген Вамбери нұсқасы ортақ Орта Азия тіл ерекшеліктерін көрсетеді. Түркімен, уйғыр, және Орта-Азиядағы қазіргі түркі тілдері арасында қағазға түскен «Юсуп бег-Ахмед бег» дастаны мәтіндерінің сөздік қорында айырмашылық жоқ» деп жазады.[2, 107] «Дастан түркімен аймағында жазылса да, сөздік қоры жағынан ортақ Орта Азия түркі тілдерінде қолданылатын сөздерді қамтиды» [2, 109]

Орта Азия түркі тілдері арасында ауызша түрде болсын, жазбаша болсын ортақ дастан тілінің бар екенін көрсетеді. [2, 109]

Салыстырылып отырған қолжазба мәтіндердегі жыр жолдарының өте ұқсас болуы бір түпнұсқадан көшірілген пікірді дәлелдей түседі. Кейбір сөздер мен ұғымдардың бір-біріне үйлеспей тұруы көшіруде немесе мәтіннің оқылуында жіберілген қателіктер болуы мүмкін.

Талқылау.«Бозұғлан, Ахметбек хәм Жүсіпбек» жыры алғаш XIX ғасырдың екінші жартысынан қағазға түсіп, жариялана бастады. Бұл жырдың он екі нұсқасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының және Орталық ғылыми кітапхананың сирек басылымдар мен қолжазбалар қорларында сақталған. «Бозұғлан, Ахметбек хәм Жүсіпбек» жырының қазақ тіліндегі нұсқасы тұңғыш рет 1890 жылы Қазан қаласында Ешбай Көзбергенұлы деген азаматтың қолдауымен жарыққа шыққан. Бұл жыр – осы тақырыпқа арналған эпостық жырлардың ішіндегі ең толық нұсқасы болуымен қатар, баспа бетінде толық жарияланған ең бірінші шығарма.[3,154-164]

Түркімендерде жырланған «Юсуп бег-Ахмед бег» (Бозоғлан) дастанынан қазақтармен дәстүр сабақтастығының көптеген мысалдарын кездестіреміз.

«Ат қою»—«*Бозоглан Хан чаганы еліне алып, оңа ат гойып бір сөз сөйледі*» [2, 147]. Бала-шағадағы «шаға» сөзі осы жырда айтылады екен.

«Шелпек» —«Юсуп Бег той үшін керек болған заттарды айтып, былай дейді: *«Шелпектен йүкленсін алты йүз нерім, ника гатламасы қырқ гар герекір»* [2, 165] Бүгінгі тілімізде айтсақ: *«Шелпектен алты жүз нарға артылсын, қырық қап неке қаттамасы керек»*. «Шелпек» тойға дайындалатын ең басты тағам ретінде осы жырда кездеседі.

«Өлең-жырмен ат қойды».Жырда атын үш рет айтып, бата беріп ат қояды. [2, 148] Жырда кездесетін ұлттық дәстүріміздің үлгілерін осылайша жалғастыра беруге болады, бірнешеуін ғана мысалға келтірумен шектелеміз.

Жырда мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер шебер қолданылған. *«Көңліңдәкі сырны айтма намарда: Дүшманларға сағу-сольн білдірер»*. Қазақ тілінде айтылатын мақал *«Жауға жаныңды берсең де, сырынды берме, өрісінді берсең де, қонысыңды берме»*. [6,320]

Ұлттық санадан сусындаған шешендік дәстүрде Шалкиіз *«Жаманға сырынды қосып сөз айтпа, күндердің күні болғанда, сол жаман айғақ болар басыңа»* –деп толғайды емес пе...

Мақаламызда жоғарыда айтылған жырдың қазақ-түркімен мәтінін салыстыра отырып, оқығанымызда жыр жолдарында үйлеспей тұрған немесе мағына бере алмаған кейбір сөздерді, ұғымдарды кездестірдік.

Ешбай нұсқасы:

Бір шаһарда екі сұлтан не іслер,

*Пітнәшілік деп **тұман** болар-мыш.*[1,11]

Түркімен нұсқасында:

Бір шәхерде екі солтан не ісләр

Питнәшиләк едип дүшман болармыш. [2, 150]

Екі мәтіндегі «тұман-дүшман» сөздерінің дұрысы «дүшман» болу керек, өйткені «*бір қалада екі сұлтан болса, араларында бүлік шығып дүшпан болар*» деген жыр жолдарында «тұмен» сөзіне қарағанда «дүшман» сөзі – мағыналық жағынан да, жыр жолдарындағы сөздердің бір-бірімен байланысып, қолданылуы тұрғысынан үйлесетін сөз. «Бабалар сөзінде» жарияланған ғылыми басылым сөздігінде «тұман» сөзінің болмауы мағыналық жағынан жыр жолына үйлеспеуінен болса керек.

Ешбай нұсқасы: Шишмада жүралмай бірнешік құстар,

Қарға, құзғын, заг һәм болар-мыш. [1,11]

Түркіменше: Мишеде иер алмаз бір нише гушлар,

Гарга гузгунлар хәм шабаз болармыш. [2, 150]

Екі мәтіндегі «шишма-мише» сөздерінің жыр жолдарына мағыналық жағынан үйлесімдісі «мише» парсы тілінен «орман ағашы», «емен» дегенді білдіреді.

Ешбай нұсқасында сөздікте «чешме»- бұлақ, «көз» мағынасы көрсетілген. [1,399] Шағатай әдебиеті дәстүрінде «чешме» сөзінің «бұлақ» және «көз» мағынасында қолданылуы дәстүрі бар. Жоғарыдағы жыр жолдарындағы қолданысына келетін болсақ, «бұлақта құстар» дегеннен «ағашта құстар» мағынасы үйлесімді, әрі «шишмада жүреалмай» құстар үшін «жүреалмай» тіркесінің қолданылуына қарағанда «мишеде иер алмаз» «*мишеде қандай құстар орын болмас, қандай құстар орын алмайды (дейсің)*» мағыналырақ.

Ешбай нұсқасында «Қарға, құзғын, заг (қарға) һәм болар-мыш, Түркімен нұсқасында «*Гарга гузгунлар хәм шабаз болармыш*» заг-шабаз. «Шабаз» (шах-баз)- парсы тілінен енген әдеби дәстүрімізде «қырғи», «қыран құс» мағынасында қолданылып келе жатқан сөз. Ешбай нұсқасында «заг» сөзі «қарға» деп берілген. Бір шумақта әрі «қарға», әрі «заг» деп айтылып тұр. Классикалық шығыс әдебиеті дәстүрінде қарғаны «заг» деп қолданатын дәстүр бар. Ол «қарға» сөзі тек өзі жеке айтылған жерде қарғаның дауысының сүйкімсіз болуы немесе жүрісінің ебедейсіз болуына теңеліп айтылады. Ал қарға басқа құстармен бірге айтылатын болса, оның өлексе жейтін құс болуы себепті қыран құспен салыстыра бейнеленетін тұсы көбірек айтылады. «Қырғи», «қыран құс», басқа құстарды аулауда ұсталығы, жылдам және жыртқыш болуы жағымен бейнеленеді. Жыр жолында қолданылуына келсек, «Ешбай» нұсқасында «қарға, құзғындар да қарға болады екен». Түркімен нұсқасында «қарға, құзғындар да шабаз (қырғи) болады екен». «Қарға, құзғын қарға болады дегеннен, қарға, құзғын қырғи болады екен-ау» деп таңырқағанның мағыналық рені, әсері анық көрініп тұр емес пе. «*Ер Есім жүр, шүйгенде – қырғи дерсің! Жауға жебе тигенде – шырғұй дерсің!*» (Еңсегей бойлы Ер Есім дастаны). *Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап, Жұрт жүр зой күйкентай мен қарға сақтап. Қыран шықса қияға, жібереді, Олар да екі құсын екі жақтап.* (Абай) *Жиылған көп күшіген әрбір тұстан, қалмастан қарға құзғын түгел ұшқан. Тояттап қазы, қарта, түйе кекірік, Қып-қызыл билер жатыр қымыз құсқан... (І. Жансүгіров, «Құлагер»).* Құстардың әдебиетіміздегі бейелеу құралы ретінде арқалаған мағыналық жүгінің әдеби дәстүр сабақтастығы жалғасып кете береді.

«Ешбай» нұсқасы: Ұғры қылып барар ермыш қасыға,

Халын біліп тәубе қылып ісіне. [1,12]

Түрікмен: Оғры галлап барар ермыш гашына

Халын біліп тоба қылсын ісіне. [2, 150] «галлап» қарақшы мағынасын беретін сөз.

Қазақша: Ұры қарақшы оның алдына барады, Халин билип тәубе етсін.

Е: Саудалар түсіп оның басына,

Барахиндан тиг жүрер боран болар-мыш.

Қазақша басылымның сөздігінде «Барахин» – дәлел, дәйек деген арабша сөз, ал «тиг» – «қылыш» деп түсіндірме берілген. Жыр жолдарын қазіргі қазақ тілінде сөйлетер болсақ, «*Саудалар түсіп басына, дәлел қылыш боран болар екен*» деген мағынасыз сөздер жиынтығына айналады.

Түркімен: Көп сөудалар дүшер оның башына

Хер бір ахен тигі бұрран болармыш. [2, 150]

Жыр жолдарындағы «ахен» парсы демір «бұрран» – өткір деген сөздер арасында байланыс бар. «Тигі-бұрран» өткір қылыш. Жыр жолдарын қазақшалайтын болсақ «*Көп гашықтық түсер оның басына, әрбір темір, өткір қылыш (секілді) болады*» Шығыс әдебиеті дәстүрінде «*өткір қылыш –*

ғашықтың өткір көзі» теңеуі, «темір», «қылыш» байланысы қолданылған. Физулидың мына шумақтарында «Гам гүні итме дил-и бимардан **тігун** дірығ, Хайрдур вирмек карану гиседе бимара су». (Қайғылы күнімде дертті көңлімнен қылыш (секілді көзіңмен қарағаныңды аяма; қараңғы түнде ауруға су берген жақсы). Ғашықтың бір қарағаны қылышқа теңеліп тұр.

Шумақтарда айтылған сөздер мен ұғымдардың әрбіреуінің арқалаған мағына жүгі бар. Сол кездегі адамдардың дүниетанымы, адамдар арасындағы қарым-қатынас, табиғатқа деген көзқарасжырдың әдеби әлемінің жалғыз куәгері. Табиғаттың маңызды бір бөлшегі ретінде хайуанаттар жырларда көрініс тауып отырған. Жырда «ит»барлық нәрсенің кері, жағымсыз жағын ойлаушы ретінде суреттеледі.

«Ешбай нұсқасы»: *Исфаһан тиг жаһан менде дүр,*

Калблидай закир қабылан болармыш. [1,12]

Түркімен нұсқасы: *Исфаһанда нусбы-жаһан мендедір*

Кәлби заты турур гаплан болармыш. [2, 150]

Жырдың алдыңғы шумақтарында «қарға-құзғын»-қырғи қасиеттері салыстырылса;бұл шумақтарда «ит қабылан бола ма екен деп отыр. Осы шумақтағы сөз **«калбли»** емес «арабша **«кәлб»** – **«ит»**сөзі. Түркімен нұсқасының кейінгі шумақтарында **«Ит дек йүрүп гапар, пәлін білдіріер.** [2, 151] (*«ит болып үріп ниетін білдірер»* деген жолдардың болуы, мәтінде **«кәлб-ит»** сөзінің қолданылғанын дәлелдей түседі.

«Ешбай» нұсқасы:Махаббатсыз гүлінен әула дүр жапырақ,

Бейбаһра гияһыдан баһрақ дүр топырақ.[1, 12]

Қазақша басылымда **«гоя»** сөзіне парсы тілінен алынған **«шешен»**,**«секілді, сияқты»** деп түсініктеме берілген.[1,390]. Бұл жолдарды **«шешен немесе «секілді»** сөздерін қолдана отырып бір мағына бере алмадық, ал түркімен нұсқасындағы**«Мухупбетсіз гүлден яхишыдыр иапрақ, Бибәхре кемхадан бәхрақдыр топрақ»**[2, 151]жолдарын **«Махаббатсыз гүлден жақсы жапырақ, пайдасыз («кемха») жібектен жақсы топырақ»** деп қазақшаладық.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Қазақ, Қарақалпақ, Өзбек, Түркімен, Уйғыр түркі халықтарында жырланған«Жүсіпбек-Ахметбек» (Бозоғлан) жырының әртүрлі варианттарының болуы, оқиға желісінде, жер-су, адам аттарында өзгешелік болуы ауыз әдебиеті мұраларында бола беретін заңды құбылыс. Қолжазбамәтіндердің нұсқаларын салыстыру барысында жыр жолдарының бірдей болып келуі бір нұсқадан көшірілгенін дәлелдейді, ал жыр жолдарының бірдей болып кейбір сөздердің ғана басқаша болуы немесе жыр жолдарына үйлеспей тұруының себебі көшірілгенде немесе мәтіннің оқылуында кеткен текстологиялық қателіктерден болып отырғанын көрсетеді. Дұрыс оқылмаған сөздер өте маңызды болмаса да, жырдың көркемдік қасиетін кемітеді. Белгілі бір кезеңнің ортақ әдеби стилі, бейнелеу құралдары, әдеби дәстүрін білу – жырдың сөздік қорын дұрыс анықтауымызға көмектеседі. Тарихымыздың бұрынғы кезеңіне тән мәтіндерде айтылған, жырланған дүниелерден сол кездің адамдарының көркемдік шешімдері суреттелгенін көре білу өте маңызды.

Ұлттық әдебиетіміздің бастау көздері көне мәтіндер өне-бойларында ұлттық кодтарымыздан хабар береді. Көне мәтіндерді түсінудегі қиындықтар сөздің мағынасын білумен шектелмейді. Шумақ ішінде айтылған әрбір сөз, әрбір ұғым жайдан-жай тұрмайды. Олардың мәтінде орын алу себебі, бір-бірімен байланысы, бейнелеудегі арқалаған мағына жүгі болады.

Түркі халықтарының әдеби дәстүрлерінің бастау көздері – ортақмәдени, әдеби мұраларымыздың «ұлттық кодтары» ұлттық сана тұрғысынан танылуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Бабалар сөзі: Жүз томдық. –Астана, Фолиант, 2008. Т.47: Батырлар жыры. –2008.- 424.*
- 2 *Иусуф бей-Ахмет бей (Бозоғлан) дестаны, Өзкан Иса. –Анкара, Күлтүр Баканлығы иашыналары, –1989.-749.*
- 3 *Әуесбаева П. «Бозұғлан. Ахметбек-Жүсіпбек» жырының жиналу тарихы// Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау МУ Хабаршысы. Көкшетау, 2017. № 2, 154–164б.*
- 4 *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, Жазушы баспасы, 2005, 1.том.*
- 5 *Жансүгіров І., Құлагер (поэмалар мен өлеңдер) – Алматы, Жазушы баспасы, 1974.*
- 6 *Қайдаров А. Халық даналығы, –Алматы, Тоганай Т баспасы, 2004.*
- 7 *Қосан С. «Жүсіп-Ахмет» дастанының қазақ-түркімен нұсқалары// Ұлысаралық түркологиялық конгресс. – Түркістан, 2013,474-483бб.*

References:

- 1 *Babalar sözi: Jüz tomдық. –Astana, Foliant, 2008. T.47: Batyrlar jyry. –2008.- 424.*
- 2 *İusuf bei-Ahmet bei (Bozoğlan) destany, Özkan İsa. –Ankara, Kültür Bakanlyғы iaiynlary, –1989.- 749.*
- 3 *Äuesbaeva P. «Bozūğlan. Ahmetbek-Jüsıpbek» jyrynyñ jinalu tarihy// Ş. Uälihanov atyndaғы Kökşetau MU Habarşysy. Kökşetau, 2017. № 2, 154–164b.*
- 4 *Abai (İbrahim) Qūnanbaiüly. Şyğarmalarynyñ eki tomдық tolyq jinaғы. – Almaty, Jazuşy baspasy, 2005, 1.tom.*
- 5 *Jansügirov I, Qūlager (poemalar men öleñder) – Almaty, Jazuşy baspasy, 1974.*
- 6 *Qaidarov A. Halyq danalyғы, –Almaty, Toғанai T baspasy, 2004.*
- 7 *Qosan S. «Jüsıp-Ahmet» dastanynyñ qazaq-türkimen nūsqalary// Ülysaralyq türkologialyq kongres. – Türkıstan, 2013,474-483bb.*

МРНТИ 17:82.30

Жанбершиева Ұ.Н. ¹

*¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ.,Қазақстан*

АБАЙ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОЙ АЙНАСЫ

Аңдатпа

Мақалада Абай Құнанбаев шығармашылығы танымдық идеялар тұрғысында қарастырылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Абай және XX ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласын негізге ала отырып, Абай әлемі құрылды. Абай шығармаларының көмегімен ұлттық код, ақын болмысының даналығы талданды. Абай шығармаларының бүкіл мәнін зерттейтін ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, ақын шығармашылығындағы “толыққанды” адам термині талданып, ой-пікір пайымдалды. Адамгершілікке деген сүйіспеншілік, ұлы адамның ұлылығы, ақыл, білім, байлық, шыншылдық, күшті болуға, жақсылыққа деген ұмтылыс ойлары ғылыми тұрғыдан негізделді. Ұлттық бірегейлік, ұлттық намыс, ұлттық сапа, осының бәрі ақынның рухани келбетін ашты. Ақынның тұлғасына, мәніне және ақын шығармашылығының барлық құрылымына ғылыми талдау жүргізілді.

Абайдың ұлттық руханияттағы рөлі анықталды. Оның өлеңдері мен қара сөздеріндегі ерекшеліктер әдеби-теориялық тұрғыда талданды. Абайдың кейбір жұмбақ сырлары фактілермен дәлелденді. Адамның табиғи қасиеттері мен қоршаған әлемді тануға деген құштарлық Абай шығармашылығында талданады. Өмір туралы қорытынды пікірмен Абайдың өмір жолын философиялық тұрғыдан тануға айналған шығармаларына талдау жасалынды.

Түйін сөздер: толыққанды тұлға, даналық, ойшыл, руханилық, қара сөздер, ұлттық болмыс, ұлттық мұра және дін, дүниетаным

Zhanbershieva U. ¹

*¹ Kyzylorda University Korkyt Ata,
Kyzylorda, Kazakhstan*

ABAY – A MIRROR OF THOUGHT OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract

The article deals with cognitive ideas in the work of Abay Kunanbayev. Reflects the spirit of the wise poet on national knowledge, national identity, national Outlook, religion and language.

Based on the article of the President of the Republic of Kazakhstan Kasym-Jomart Tokayev "Abay and Kazakhstan in the XX century", the world of Abay was created. Thus, with the help of Abay's works, the national code was identified and the wisdom of the poet's existence was analyzed. The future of the entire spirituality of culture was proved by the deep feature of Abay's work. In addition, referring to the works of scientists who study the entire essence of Abay's works, the term "full-fledged" person was noted in the

poet's work. The exemplary life of Abay's works is connected with his spiritual integrity. The life principles and attitudes of the poet were expressed in significant and valuable works that answer the most important questions of the present and future. The ideas of love for man, the greatness of the great, reason, knowledge, wealth, justice, good deeds, the desire of the heart, the desire to be strong, the desire for good were justified first of all. A scientific analysis of the personality, essence of the poet and the entire structure of the poet's work was carried out. The role of Abay's national spirituality was identified. Features in his poems and words of edification were analyzed in a literary and theoretical context. Some of Abay's mysterious secrets were proved by facts. With the final opinion about life, the works of Abay, which became a philosophical recognition of the life path, are analyzed. A scientific review was conducted that Abay is a critic, a sage, a deep thinker, and a witty person. Abay's legacy is the legacy of the younger generation and the continuation of the waves of the era.

Keywords: full-fledged personality, wisdom, thinker, spirituality, words of edification, national being, national heritage and religion, worldview

Жанбершиева Ұ.Н. ¹

*¹ Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
Кызылорда, Казахстан*

АБАЙ – ЗЕРКАЛО МЫСЛИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация

В статье рассматриваются познавательные идеи в творчестве Абая Кунанбаева. Отражает дух мудрого поэта на национальном знании, национальной идентичности, национальном мировоззрении, религии и языке. Основываясь на статье Президента Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаева “Абай и Казахстан в XX веке” был создан мир Абая. Чтобы возродить национальное самосознание, нужно возродить историю. Таким образом, с помощью произведений Абая был выявлен национальный код и проанализирована мудрость бытия поэта. Будущее всей духовности культуры была доказано глубинной особенностью творчества Абая. Кроме того, ссылаясь на работы ученых исследующих всю сущность произведений Абая был отмечен термин “полноценный” человек в творчестве поэта. Образцовая жизнь произведений Абая связана с его духовной целостностью.

Идеи любви к человеку, величия великого, разума, знания, богатства, справедливости, добрых дел, стремления сердца, стремления быть сильными, стремления к добру были обоснованы прежде всего. Национальная идентичность, национальная честь, национальное качество, все это раскрыло духовный облик поэта. Была опознана роль национальной духовности Абая. Особенности в его стихах и словах назиданий были анализированы в литературно-теоретическом контексте.

С заключительным мнением о жизни, проанализированы произведения Абая, ставшие философским признанием жизненного пути. Был проведен научный обзор о том, что Абай и критик, и мудрец, и глубокий мыслитель, и остроумный человек. Наследие Абая является наследством подрастающего поколения и продолжением волн эпохи

Ключевые слова: полноценная личность, мудрость, мыслитель, духовность, слова назидания, национальное бытие, национальное наследие и религия, мировоззрение

Кіріспе. Қазақ халқының біртұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін Абай Құнанбаев - өз ұлтының шыншыл жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезінің шындығын дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген ойшыл ақын. Ол қазақ халқының болашағы үшін қызмет етіп, оны мәдениет нұрына үндеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласында: “Абай шығармаларындағы ұлттық болмыс, бітім, тіршілік –тұрмыс дүниетаным, мініз, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген құбылыс болған”, - деген болатын. [1,4]

Әрине, қазақ халқының біртұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің асқар шыңын бейнелейтін Абай-қазақ үшін ұлы құбылыс.

Тарихты тірітпей ұлттық сананы жаңғырту мүмкін емес. Сондықтан да қазақтың қара өлеңімен әлем әдебиетінің биігіне шыққан ақын Абайдың кемеңгерлік болмысын тани түсу қажет.

Алысты болжаған терең ойдың, үлкен сарынының ақыны Абай алды-артын шолып, қазақтың әдебиеті ғана емес, бүкіл рухани мәдениетінің келешегіне жол сілтеп кетті.

Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы “Қазақтың бас ақыны” деген мақала жариялап, “Бұрынғы соңғы заманда қазақ баласында Абайдан асқан ақын болған жоқ”, -деп түйген еді. Осы баға әлі күнге дейін өз күшінде. Алдағы уақытта да дәлдене бермек. [2,217]

Абай шығармаларын зерттеп, зерделеуші ғалымдар жеткілікті, бірақ М. Әуезовтей зерттеген ешкім жоқ. Абайтану ғылымының негізін салған ұлы ғұламаның өзі: “Абай шығармаларының жұмбақ сырлары әлі ашылған жоқ”, - деген. Абайдың өзі: “Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын мұны да ойла”, - Абай әлемінің жұмбақ сырлары әлі де ашыла бермек. Абай келер нәсіл адамына бар сырын ашып, мұң шағады. [3,169]

Әдістеме. Абайды түсіну үшін Абайдың деңгейіне көтерілу керек. Оның өз заманасы емес, қазір де ұлағатты ойларын түсінгенмен, жұмбақ сырларын түсініп болдық дей алмаймыз. Абайтанушылар Абай туралы қанша зерттеу еңбек жазғанымен, әлі ашылмаған қырлары мен сырлары көп.

Абайдың ұлылығы-ол тарихи жағдайларда адаспай, алар бағытын, түсер жолын дәл тауып, қазақ елін ұлы орыс халқының бауырына бейімдеп, сол ұлы халықтың ұлы мәдениетіне құшағын кең аша ұмтылуында. Ойлы ақын Абай патша отаршылдығының тұсында-ақ орыс халқының шын тұлғасын дұрыс таныған. Орыс классиктерімен толық үндесудің бірінші нәтижесі, қазақ поэзиясының өзіне дейінгі халін басқа елдердің әлдеқашан басып өткен кезеңі деп тапты.

Абай шығармашылығындағы негізгі бағыт – қоғамдық құрылыстың бейнесі, қалың бұқараның халі, сонымен байланысты туып отырған бүкіл қазақ атты ұлттың тағдыры, оның болашағы, келер буын ұрпақ тағдыры.

Абай алдымен адамды сүю, ұлыдан ұлағат үлгі алуды айтып, шарқ ұрып толық адамды іздейді, барлық ізгілікті жастар бойынан көргісі келеді. Осы ойларын ақын:

*Заман ақыр жастары,
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бірі қастыққа,
Қойнына тыққан тастары.
Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы [11,140]*

Өлеңнен алар ғибрат сонда толық адам ілімін рухани тұтастыққа айналдыру. Абай танымында толық адам-ақыл, білім, дәулет, әділет, жақсылық жасау, жүрек қалауымен қайратты болуды ізгілікке жұмсаған адамды толық адам деп санайды. Толық және жарым адамды қарама-қарсы қою арқылы терең мағыналы таным жасаған.

Нәтиже. Халық тағдыры қай кезең, қай дәуір болмасын, қоғамдық құрылысқа, ел басқарушылардың ұстанған саясатына байланысты. Осы жәйтті мейлінше ұғынған ақын:

*Елде сияз,
Ойда ояз,
Оңбай-ақ түр әр түрі,*

- деп халықты мүшкіл халге душар етіп отырған патшалық құрылысты батыл сынап отырған.

Ұлы ойшылдың ақындық өнері – өз дәуірінің басты сұрақтарына жауап беретін, мазмұны терең, құнды туындылар. Ел басқаруда ұстанған саясатпен байланыс өріледі. Он сегіз мың ғаламшарда адамды ерекшелейтін ақыл болса, Абай ақыл көрінісін толық адам белгілерінен іздейді.

*Ақыл, жүрек, қайратты бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек,*

- деп ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек сияқты тұжырымдауы адамның басқа жан иелерінен артықшылығы демек. Осы ойын он жетінші қара сөзінде де айтады. Қайрат пен ақылдың маңызын бағалау және жүрек әмірінің қуатын ұқтыру туралы байыптаулар жасаған.

“Ақыл, қайрат, жүрек осы үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет”, -деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен”, -деген [5,41].

Абай мықты болсаң өзіңді жең, ақылды тыңдайтын болыс, би, бай жоқ. Ақыл айтқың келсе, ұлық бол, иә бай бол деп, ой түйеді.

Ол ақыл ұғымын философиялық даналыққа құрып, ізгілік иесін адам десе, сол адамның ақыл-ары арқылы көрініс тапқан.

Талқылау. Елдік билік, ұлттық намыс Абай қара сөздерінде мол кездеседі. Ұлттық тұғыры негізі жоқ елдің елдігі де болмайды, ұлттық намыс жоқ елде, ұлттық қасиет те болмайды. Сондықтан Абай шығармаларындақ ұлттық болмыс, ұлттық бітім, ұлттық мінез, діні мен тілі рухы көрініс тапқан.

М.Әуезов: “Абайдың халықтығы мынада, ол өз халқының рухани көзі болып, алысты көре білді, халық үшін ойлап, халық үшін сезіне жүріп оның тарихи келешегін көрсетіп береді”, - дейді. [3,189].

Әуезов Абайдың перзенттік, азаматтық танымын, рухани келбетін осылай ашқан. Демек, Абай өз ұлтын ұлттық кемелдікке жеткізуді ойлаған. Абай дәуірінен бері талай буын алмасты, тарих өз ізін қалдырады, уақыт озған сайын биіктей түседі.

Абайдың дана ойшылдығын Орынбеков: “Абайдың жұмбақ сырын түсінуге талпынып көрдік пе? Көрсек не түсіндік! Абайдың: “Дүние-үлкен көл, заман-соққан жел, алдыңғы толқын-ағалар, артқы толқын-інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер”, - [9.15] деген ойын қалай түсіндік? – десе, Ғ.Есім: “Екі дүние бірі-жалған, екіншісі бақи ғұмыр. Тақуа болмысы осы дүниені жоққа шығарады, ол дүниеге бой алдырғандар, бақи ғұмырды естерінен шығарып жібереді. Абай болса, екеуіне ортақ болар сана іздестіру жағында” - Абай дінін ақылдың шарты деп, жаратылыс сырын философия тілімен түсіндіреді. Қысқасы, шындықты мойындау – Алланы мойындау. Бұл - Абай гуманизмінің көзі. Алла ісіне мойын ұсынып, мұсылман болудың Абай айтқан шарты – адамға адамшылық жасау [8,93].

Ақын өнердің маңызын, оның қоғамға қатысын саралай келе, өлең жазу еріккеннің ермегі емес, өнердің қадірін кетірмеу керек деп ой түйеді. Өнердің игі мақсаттарын айқын түсінген Абай:

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін [11,103],*

- деп өлең жазған ақын өмір оқытушысы, үгітшісі деп танып, көкірегі сезімді, тілі орамды, жастарға үлгі боларлық, өлең жазудың шебер үлгісін көрсетіп берді.

“Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел”, “Бірінді, қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі бос”, “Ынсап, ұят, ар-намыс біздің елден жүр шалыс”, “Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып”, - тәрізді сөздері бұл күнде сөз төркінін танитын екінің бірінің аузында нақыл, қағида болып айтылып жүр.

Ұлы ақын -өзі өмір сүрген дәуір шындығын ақтара зерттеп, ішкі-сыртқы сырларын жете ашқан. Елдегі қулар мен пысықтардың бетін ашып, пысықсыған қазақ даукестерін өлтіре мысқыл етті.

Бұдан кейін болыстардың іс-әрекеттерін сақтап сынап,

*Қайнайды қаның,
Ашиды жаның.
Мінездерін көргенде*

- деп, бұларға қарсы қаны қайнап, халыққа жаны аштынын сездіреді.

Ақын сөзімен айтқанда:

*Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қааштым
Жалма-жан,*

- деп ол топтап біржола қол үзіп, қалың халықтың ортасына енеді.

Осылайша, Абай кезіндегі ел билеушілерге қарсы шығып, олардың қылмыстарын бетіне басады, ел мұңын, халық тілегіне үн қосады. Іреңі кеткен қазақ елінің бейнесін:

“Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” деген әйгілі өлеңінде:

*Бас-басыңа би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ- па елдің сиқын.
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың, деп түйрейді.*

Бұдан кейін халықтың санасын оятып, ой салғысы келеді:

*Өтірік, ұрлық,
Өкімет зорлық
Құрысын, көзің ашылмас.
Ұятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын [4],*

- деп өмір шындығына сын көзбен қарап таныған әлеуметтік көзқарасы айқын, теңсіздік пен қайшылықты ақындық шабытпен жырлайды.

Абай өлеңдеріндегі беті ашық әлеуметтік мәселенің бірі – қазақ әйелдерінің жайы, жастардың махаббат, еркіндік мәселесі. Бұл тақырып адамгершілік идеясымен ұштасып жатады. Қалың малдың құрбаны болған, басында билігі, өзінде еркі жоқ қазақ қыздарының тағдырына да мән бере қараған. “Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында” деген өлеңде зорлыққа, қара күшке бас имей, ханның байлығына да қызықпай, өз арын жоғары ұстаған қыздың жүрек күшін сүйсіне жырлап:

*Етімді шал сыйпаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлады терең суға, -дейді.*

Гуманист ақын өлеңдерінде адам баласын достыққа үндеп отырады. Үй-іші, жолдасымен шын дос болып, тату-тәтті өмір сүру дүниенің қызығы дей келе:

*Пайда, мақтан –бәрі тұл,
Доссыз ауыз тұшымас[4], деді.*

Дана ақынның шығармаларындағы ерекше орын алатын - ағартушылық идеялары. Өнер-білім, тәрбие мәселесіне арнаған өлеңдері өз алдына бір төбе.

Қазақ халқын дамыған елдер қатарына қосу үшін күллі қазақ қоғамы осы кертартпа қырсықтан – ел басқарушылардың зорлық-зомбылығынан, пысықтардың алаяқ қулық-сұмдығынан, халық арасындағы надандық, бойкүйез еріншектіктен, талапсыздықтан арылу керек деп санады. Сондықтан ол елді осындай кері жетелейтін мінезден арылтпақ болып, жастарды өнер-білім қууға шақырды. Өркенді, мәдениетті болудың кілті өнер-білімде, ғылымда деп, мәдениеті өскен, өнерлі елдерден үйренуге шақырды.

*Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз,*

- деген өнегелі өсиетінде дүние, мал ғылыммен жеңіл табылады деген тұрғыдан танып, ұғынуымыз керек. Абайтанушы М.Мырзахметов: “Абай өзінің 38 қара сөзіндегі ғақлия-нақлия туралы пікіріне Ғұлама Дауанимен байланыстырып қарастырған”, -дейді [7.,28]. Бұл-Абайдың программалық өлеңі. Адам болам десеңіз танымның үш түрін атап өтеді. Абай Ө. Науай арқылы тәжік ғалымы-ақын Ғұламаһи Дауанидің шығармаларын білген. Мұны жазған білген құл, Ғұламаһи Дауани”, -дейді. Шын ықыласпен, көңіл бөліп, ғылымның соңына түс деп ақыл береді.

Тіл шеберлігі жағынан да ерекше көзге түседі, ол қазақ әдебиетінде өлең кестесінің үлгісін жасап берді. Ол заманның озат идеяларымен сусындаған ақындық өнердің күрескері болды.

Ақынның өз сөзімен айтқанда: “Сөз түзеледі, сен де түзел” , -деп поэзияның қоғамдық міндетін түсіндіргендей.

Сөз өнерінің кемел суреткері Абайдың шығармалары қазақ өмірінің айнасы тәрізді. Абай поэзиясы ақын өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді. жан-жақты барынша толық бейнелеп берді дейміз. Бірақ оның шығармалары жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Қоғам көшіндегі бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттың мінез-құлқын тарихи

тұрғыдан кең арнадан алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп, көрсете білген.

Ақын шығармашылығын түгелдей талдап шығу мүмкін емес, оның өлеңдері, қара сөздері, поэмалары т.б. әрқайсысы жеке-жеке зерттеуді қажет ететін мол дүниелер.

Қорытынды. Біз тек Абайдың өлеңдерінің қоғам өміріндегі рөліне тоқталдық. Абай шығармаларын түгелдей алып қарағанда да, жеке шығармаларын талқылағанда да екі түрлі талдау принципін дұрыс ұштастыра білу шарт. Оның бірі – тарихи принцип, яғни, ақын шығармаларын туғызған заман, қоғамдық орта, әлеуметтік жағдаймен байланыстыра қарау болса, екіншісі – бүгінгі заман тұрғысынан қарап бағалау.

Академик С. Қирабаев: “Абайдың саяси - қоғамдық, тарихи, философиялық көзқарасын кең ашу - алдағы күннің жалғаса беретін міндеттерінің қатарына жатады. Абай жайлы жаңа ұрпақтың сөзі керек”,- деген [10,37]. Бүгінгі күнде ақынның мұралары ұрпақтарға мирас болып қала беретіндігі, тарихи-әдеби дамудың үзілмейтін, ұласа білетін жалғастығы екені сөзсіз.

“Ғылым саласы еліміздің экономикалық және әлеуметтік өзгерістерінің іргелі ресурсы саналатын ұлттық мұраның маңызды бөлігі болып табылады. Көптеген жағдайларда ғылыми әлеует елдің әлемдік қоғамдастықтағы орнын, сыртқы нарықтағы бәсекелестік күрестегі перспективаларын және оның ішкі мәселелерін шешу мүмкіндігін анықтайды” [12] - дегенді ескерсек, Абай шығармашылығын зерттеу, ғылыми айналымға ендіру ешуақытта күн тәртібінен түспеуі тиіс. Сөз өнерінің кемел суреткері Абайдың шығармалары-қазақ өмірінің айнасы. Бүгінде оның мұралары ұрпаққа мирас болып, тарихи дәуірде үзілмейтін, ұласа беретін жалғастығы деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тоқаев Қ. “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан”. “Қазақ әдебиеті” газеті 10.01.2020 жыл. 4-бет-мақала
- 2 Байтұрсынов А. Ақ жол мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жазушы 1991-464б.-кітап
- 3 Әуезов М. Абай Құнанбайев. – Алматы: Санат 1995-320б.-кітап
- 4 Құнанбаев А. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: 1995ж.-кітап
- 5 Абай қара сөз, поэмалар-Алматы: Жазушы 1992-272б.-кітап
- 6 Абай Құнанбаев 2-томдық шығармалар жинағы-Алматы: Жазушы, 1986-304б.-кітап
- 7 Мырзахметов М. Абайтану тарихы.-Алматы: Ана тілі, 1994-192б.-кітап
- 8 Есім Ф. Хакім Абай. –Астана: Фолиант, 2012-400 б.-кітап
- 9 Орынбеков М. Абайдың философиялық көзқарастары. –Алматы: Ғылым, 1999-260 б.-кітап
- 10 Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері (ұжымдық монография) – Алматы: Ғылым, 2002-274 б.-кітап
- 11 Абай. Өлең – сөздің патшасы. - Семей – Жидебай: Халықаралық клубы, 2006 – 543 б. - кітап
- 12 Тлесова Эльвира, Хойч Айжан, Кураш Назерке \\Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. 5 (321), 2018ж \\ <https://orcid.org/0000-0001-7057-0461>;-мақала.

References:

- 1 Toqayev Q. “Abai және ХХІ ғасырдағы Қазақстан”. “Qazaq ädebieti” gazeti 10.01.2020 jyl.4-bet-maqala
- 2 Baitürsynov A. Aq jol maqalalar және әдеби зерттеу. – Алматы: Jazuşy 1991-464b.-kitap
- 3 Äuezov M. Abai Qūnanbaiev. – Алматы: Sanat 1995-320b.-kitap
- 4 Qūnanbaev A. Tolyq şyğarmalar jinağy. – Алматы: 1995j.-kitap
- 5 Abai qara söz, poemalar-Алматы: Jazuşy 1992-272b.-kitap
- 6 Abai Qūnanbaev 2-tomdyq şyğarmalar jinağy-Алматы: Jazuşy, 1986-304b.-kitap
- 7 Myrzahmetov M. Abaitanu tarihy.-Алматы: Ана тілі, 1994-192b.-kitap
- 8 Esim Ğ. Hakım Abai. –Астана: Foliant, 2012-400 b.-kitap
- 9 Orynbekov M. Abaidyñ filosofialyq közqarastary. –Алматы: Ğylym, 1999-260 b.-kitap
- 10 Qazirgi Abaitanudyñ özekti мәселелері (ūjymdyq monografiya) – Алматы: Ğylym, 2002-274 b.-kitap
- 11 Abai. Öleñ – sözdiñ patşasy. - Semei – Jidebai: Halyqaralyq kluby, 2006 – 543 b. - kitap
- 12 Tlesova Elvira, Hoich Aijan, Kuraş Nazerke \\Qazaqstan Respublikasy Ūlttyq ğylym akademiasynyñ Habarlary. Qoğamdyq және gumanitarlyq ğylymdar seriesy. 5 (321), 2018j \\ <https://orcid.org/0000-0001-7057-0461>;-maqala.

МРНТИ 17.82.31

Каримова Г.С.,¹Ақыш Н.Б.²

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
²М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АЯСЫНДА ЖАҢАША ҚАРАСТЫРУ – ҒЫЛЫМИ ҚАЖЕТТІЛІК
(Оралхан Бөкей шығармашылығы негізіндегі когнитивтік талдау)

Аңдатпа

Мақаланы қазақтың талантты қаламгері, артында жазып қалдырған мұрасы бүгінде тарихқа айналған Оралхан Бөкейдің эстетикалық әлеміне жасалған кезекті ғылыми барлаудың бірі деп қабылдаған жөн. Бүгінде жекелеген мақалаларды айтпағанда, дарын иесінің көркем туындыларын мақсаткерлікпен зерттеу толыққанды жүзеге асырылмай келеді. Қазақтың көркемсөзін жете игере білуі арқылы қазақ әдебиетіндегі өзінің орынын айқындап алған қаламгердің әңгіме, повесть, романдары қайтадан үнілуді, зерделей талдауды қажет етеді. Мақалада қазақ жанының тереңіне бойлауды мақсат еткен жазушының өзіне тән қаламгерлік ерекшелігінің неде екендігі пайымдалып, прозалық шығармаларға лирикалық поэзияға тән үлгіні қолдануы арқылы жанр табиғатына көркемдік құлышыныстарының нақты көрінісін енгізуі сөз болады.

Түйін сөздер: Оралхан Бөкей, «Рухани жаңғыру», эстетикалық деңгей, көркем ұстаным, схематизм

Karimova G.,¹Akysh N. ²

¹Kazakh National Women's Pedagogical University,
² Institute of Literature and Art. M. Auezova,
Almaty, Kazakhstan

SCIENTIFIC NECESSITY IS A NEW APPROACH WITHIN THE FRAMEWORK OF "
MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS "
(Cognitive analysis based on Oralkhan Bokei's work)

Abstract

The article is about one of the next scientific explorations of the aesthetic world of the talented Kazakh writer OralkhanBokei, whose legacy left behind has become history today. Nowadays, not to mention individual articles, the purposeful study of the artistic works of the talented writer is not carried out scientifically in full. Stories, short stories, novels of the writer, who defined his place in the Kazakh literature through the mastery of Kazakh artistic expression, need to be reconsidered and studied. The article deals with the characteristic features of the writer's work and introduction of a clear expression of his artistic aspirations in the nature of genre by using a pattern characteristic of lyrical poetry in prose works.

Keywords: Oralkhan Bokei, "Ruhani zhangyru", ethical level, artistic principles, schematism

Каримова Г.С.,¹Ақыш Н.Б.²

¹Казахский национальный женский педагогический университет,
² Институт литературы и искусства им. М. Ауэзова,
Алматы, Казахстан

НОВОЕ РАССМОТРЕНИЕ В РАМКАХ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» - НАУЧНАЯ НЕОБХОДИМОСТЬ

(Когнитивный анализ на основе творчества Оралхана Бокея)

Аннотация

Статью следует рассматривать как очередное научное исследование эстетического мира Оралхана Бокея, талантливого казахского писателя, наследие которого вошло в историю. Сегодня, не говоря уже об отдельных статьях, целенаправленное изучение произведений искусства талантливого человека реализовано не в полной мере. Рассказы, повести, романы писателя, определившего свое место в казахской литературе благодаря овладению казахским искусством, нуждаются в переосмыслении и изучении. В статье говорится о том, в чем заключается особенность самобытного писания писателя, поставившего цель раскрыть казахскую душу, а в прозаических произведениях речь идет о том чтобы внести в природу жанра реальную картину художественного культа с использованием образов, характерных для лирической поэзии

Ключевые слова: Оралхан Бокей, «Рухани жаңғыру», этический уровень, художественные принципы, схематизм

Кіріспе. Төл әдебиетіміздің руханият әлеміндегі әлеуметтік салмағын, эстетикалық болмыс-бітімін түстеп тани білетін, нәрі мен дәмін жете сезіне алатын сергек оқырман Оралхан Бөкей шығармаларын сүйсініп оқиды деп сенуге әбден болады. Оның артында қалдырып кеткен мұрасын бүгінгі «Рухани жаңғыру» аясында зерделеп өту қай жағынан да қажет деп білеміз. Өз қатарластарының алдында Оралхан Бөкей шығармашылығының алатын орны бөлек.

Өзіндік көркем ұстанымымен, эстетикалық деңгейінің биіктігімен қазақ әдбиетінде бірсыпыра құнарлы шығармалар қалдырған қаламгерлеріміздің бірі Оралхан Бөкей Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай білім алып жүріп, әр түрлі деңгейдегі газет редакцияларында еңбек етіп, біртінде сатылап өсті.

Еңбек жолын ең төменгі лауазымнан бастаған ол алдымен облыстың Большенарым ауданындағы «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. Бертіндеп әдебиетке публицистикадан келді. Онан кейін облыстық «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер болып жүрген кезінде республикалық «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы Ш.Мұртазаның шақыруымен осы республикалық газеттің редакциясына қызметке орналасады. Бұл жас жазушы үшін үлкен әдебиетке барар жолдағы тұғырлы баспалдақ болды. Ол қызмет бабында «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушілігінен кейін «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторлығы қызметіне дейін көтерілді.

Нәтижелер мен талқылау. Оның мерзімді баспасөз беттерінде есімін алғаш танытқан «Үркер ауып барады», «Екеу», «Түйелер маңып барады», «Ардақ» сияқты көркем публицистикалық шығармалары, қазақтың көркемсөз кеңістігіне ерекше дарын иесінің келендігін әйгіледі. Көркемдігі кемерінен асып төгіліп жатқан мөлдір туындыларының тілдік табыстары өз алдына, сонымен қоса ол қазақ жанының тереңіне бойлауды мақсат еткен қаламгер десек еш қателеспейміз. Осы арада әдебиеттанушы ғалым М.Арғынбаеваның «По Бокееву и в человеке и в мире заключен древний код познания и человека и мира» (1,21) деген философиялық түйін жасауы бекер айтылған сөз емес еді. Жалғыз сөйлемде айтылған осы тұжырымнан-ақ қазақ әдебиетіндегі Оралхан Бөкейдің өзіне тән қаламгерлік ерекшелігінің неде екендігі көрініп тұр дей аламыз.

1970 жылы шыққан «Қамшыгер» атты тұңғыш жинағынан кейін әр жылдары «Үркер», «Қайдасың, қасқақұлыным», «Мұзтау», «Әнсаладышағылдар», «Үркер ауып барады», «Біздің жата қыс ұзақ», «Өз отыңды өшірме», «Тоқадан қалған тұяқ» сынды прозалық шығармалары жарық кріп жатты. Бұл арада О.Бөкейдің әдебиеттің басқа да жанрларында өзінің қаламгерлік қуатын синап көргенін еске сала отырып, айтар ойымызды шашыратып алмау үшін оның тек прозалық туындыларына тоқталғанымыз тиімді.

Жазушы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына «Біздің жата қыс ұзақ» атты прозалық жинағы үшін ие болды. Жазушы сонымен бірге «Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Н.Островский атындағы бүкіл одақтық әдеби сыйлықтың (1976) иегері» (2,107).

«Кейіпкер болмысын табиғатпен байланыстыра суреттеу арқылы таныту О.Бөкей шығармашылығының бір ерекшелігі болып табылатыны анық» (3,13). Жазушы қаламына тән ерекшеліктердің бірі – өзіміз күнделікті көріп жүрген күйкі тіршілікті сол қалпында мазмұндап жаза

салудымен шектеліп қалмай, айналаға лирикалық көзбен, нәзік сезіммен сәл басқаша қарауға мәжбүр ететін романтикалық леп. Филология ғылымдарының докторы Н.Ақыштың осы қаламгер жайлы «Жазушының қазақ әдебиетіндегі орны бүгінгі таңда да әлі толық айқындала қойған жоқ»(4) деген пікірін осы мақалада тағы қайталап еске салуды жөн көрдік.

Кеңес өкіметі тұсында «Осындай совет адамы» деген девизді сүйекке сіңіріп өскен ұрпақтың көркем әдебиет туралы түсінігі де осы ұранға сәйкес қалыптасуы тиіс болатын. Бірақ О.Бөкей тәрізді шын мәніндегі адам жанының инженері үшін ондай қаламды шектейтін идеологиялық құрсау тарлық етті. Ол айтылып жүрген шаблондық образдар мен суреттерден, схематизм аясындағы ойлардан басын аулақ салуға тырысты. Жазушының әу бастан ұстанған көркемдік кредосы – ең алдымен адамның жан дүниесіне, көзге көріне бермейтін ішкі әлеміне үңілу болды.

Осы арада тағы бір әдебиеттанушы ғалым әрі жазушы С.Асылбекұлының мына бір тұжырымын дәлел ретінде көлденең тартқанды жөн көріп отырмыз. «Д.Исабековтің «Дермене», Ә.Таразидің «Құйрықты жұлдыз», «О.Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным» секілді повестері советтік адамдардың бойларындағы рухани жұтандық секілді қатер жайында дабыл қақты» (5,30). Осы дәйек сөзде айтылған ойдың біздің ұсынатын ұстаныммен толық үйлесетінін байқау қиын емес.

Шынында да адам жанының инженері ретінде Оралхан қандай адамның болсын үнемі армандарына жете бермейтінін, Кеңес өкіметінің бақытты билігіне қарамастан, замандастарының ішінде рухани да, материалдық та жоқшылық көріп жүрген жандардың болатынын жекелеген тағдырлар арқылы дәлелдеуге тырысты. Әрбір индивидуумнан ішкі әлеміне, өзіне ғана тән түрлі деңгейдегі трагедиялық нышандар тауып ала білді. Кішкентай ғана мұқтаждықтарын орындауға қолдары жете алмай жүрген қарапайым жандардың жоқтаушысы, тіпті оптимист пенделердің де бойында ұшырасып жататын күйзелісті сәттерінің, жан әлемінің жыршысы болу жазушының көркемдік кредосы еді. Ол осы ойларын қазақтың қара сөзінің көркемдік кеңістігінде иін қандыра, илеуін келістіре отырып, қарымы сынбастан, қаламы талмастан жеткізе білді.

Ендеше, ең алдымен адам жан әлемін кестелі сөздермен, келісімді де үйлесімді құйылыстармен оқырманын тебіренгізіп, сөз толқынымен тербете білген Оралхан Бөкейдің есімі әдебиеттанушы қауымның аузынан сирек айтылуын, кейінгі ұрпақтың көңіл көкжиегінен көріне бермеуін әдебиетіміздің тарихындағы қалыпты норма деуге болмайды.

Тебіреніске толы беттеріне аялай көз жүгіртіп, Оқырман ретінде шама-шарқымыздың жеткенінше ішкі әлеміне ене түскен сайын бұрын байқамаған жаңа нәрсе тауып алатынымыздың сыры неде деген ойдың келуі бекер емес. Бұның өзі қаламгердің шеберлігін паш ететін ерекшелік деп түйіндеуге болады. Жазушының көркемдік позициясын жете түсіну үшін тіпті терең білімнің, интеллектуалдық дайындықтың болуы шарт емес. Оқырманнан талап етілетіні – оның эстетикалық қабылдауының объективтілігі, сезімталдық түйсігінің табиғилығы ғана.

Мысалы, «Іңкәр», «Қамшыгер», «Ұйқым келмейді», «Жұлдыз жауған түндер-ай», «Ардақ», «Бура», «Қар қызы», «Қайдасың, қасқа құлыным», «Ән салады шағылдар», «Мұзтау», «Жылымық», «Ел мен жер», «Сарыарқаның жаңбыры», «Түйелер маңып барады», «Мынау аппақ дүние» сияқты әңгіме, повесть, эсселері арқылы О.Бөкей оқырман қауымға әдебиет босағасынан тағы бір талант иесінің аттағанын дәлелдеді. Әдебиетшілер, жазушылар күткен үміт ақталып, жазушының кейінгі туындылары көркемдік сапасының жоғары болуымен заманауи әдебиетке айтулы үлес болып қосылды.

Бұл аталған шығармалардағы тұнып тұрған мөлдір сезім, адам жанын тазалыққа үндейтін әсем лирикалық көркем ұстанымдар және сол қара сөзбен жазылған лирикалардың қаламгердің өзіне тән философиялық пайымдарымен ұштасып жатуы.

Ізденуші Б.Құралханова «О.Бөкеев өмір материалдарын қорыту арқылы оған әлеуметтік-философиялық салмақ қосып, бірегей характер жасайды» (6,24) деген қорытындыға бекер келіп отырған жоқ, жазушы философиясының мән-мағынасына ой жүгірткендіктен айтып отырғаны анық.

Сыншылар аузында жиі айтылатын «Қасқыр ұлыған түн», «Өз отыңды өшірме», «Ауыл хикаялары» атты әңгімелер шоғыры, «Жасын», «Сайтанкөпір», «Жербұғылардың» көркемдік деңгейі осал емес, құнарлы тілмен жазылған, айтар ойлары астарлы шығармалар. Ал символикалық нышандардың бетке ұстайтын астарлы ойды көркемдік тұрғыдан талапқа сай айтылған жағдайда философиялық түйіндеулер туғызатыны классикалық әдебиет үлгілерінің шежіресінен белгілі.

Оралханның жекелеген туындыларында постмодернизм үлгілерінде ұшырасып қалатын ой, сана ағыстарының сипаттары да байқалып отырады. Оларда жалаң идея айтатын қарапайым реализмнен

гөрі сезім құбылыстары тереңірек бейнеленгендіктен, тілді көркемдеу жолдарындағы ізденістері айқынырақ.

«Қазақы қара сөздің қадірін құлынның жонындай құлпыртқан құнарлы тіл, өз машығымен айтқанда, мынау аппақ дүниеге деген шексіз іңкәрлік, балаққа жармасып, ілгері бастырмайтын жадағай күйкі тіршіліктің күрмеуіне алданбай, айналаға қолға түспес әлдебір асқақтықпен қарауға мәжбүр ететін лапылдаған романтика, кейіпкердің ішкі әлемінен, тіпті өзегінің өзінен суырылып шығып жататын нәзік сезімдер құйылысы, осының барлығы бірігіп келіп, жалғыз қаламның кестелі іздеріне айналып жататын. Ал қалам иесі – өз дәуіріндегі сөз өнеріне өзіндік өрнек салып, алымы жеткенше әспеттеуге тырысқан сол Орекең еді» (4).

Көбіне астарлы ой тастайтындықтан, оның әңгімелерін бір оқығанда толықтай түсініп алу қиын. Кезінде сыншылардың «Бура» әңгімесін зоологиялық тақырыпта жазылған деп. қабылдағаны да сондықтан. «Терісаққан», «Бура», «Қамшыгер», «Кербұғы» әңгімелеріне тән ерекшелік – мазмұн тереңдігі, идея сонылығы. Автор табиғат құбылыстарын кестелі тілмен өрнектей отырып, оқырманды қат-қабат ойлардың астарына, берілген суреттердің тереңіне үңілуге жетелейді.

Бұлардың ішінде ауырлау оқылатыны – «Терісаққан» әңгімесі. Тіпті жанрлық талаптар тұрғысынан қарағанда оны толыққанды жеке әңгіме деуге деболмайды. Өйткені, басынан аяғына дейін тұтас ұстап тұратын сюжеттік желілі, образдар арасында өрбитін тартыстар мен шиеленістер байқалмайды. Негізінен басым көрінетін – өзен ағысымен жарысып жататын сана ағысы.

Жазушының «Бура», «Кербұғы» әңгімелерін жан-жануарлар туралы деп. Бағалайтын пікірлердің жаңсақ екендігін айту керек. Символдық әңгімеге заманы өткен Кербұғы мен Жасбұғының ашық айқасы мен адамдар арасындағы тартыстардың жасырын жүретінін параллелизм арқылы салыстыру нышаны тағы да философиялық түйіндер жасауға жетелейді.

«Жиырмасыншы ғасырдың басында Алаш азаматтары М.Дулатов «Оян, қазақ!» деп. ұрандаса, А.Байтұрсынов «Маса» болып ызындап еді. Ал, О.Бөкеев солғасырдың екінші жартысында аға буян дәстүрін бураның зарлы боздауымен жалғастырды. Ол зымиян саясаттың шырмауынан шығуды астарлап (символмен), қатпарлап бура болып боздап, зарлап жеткізді. Кешкі ауаны шымырлата боздаған сол бір үн – болашақ ұрпақ алдындағы жазушының өз зары еді» (7,448).

Кеңес дәуіріндегі әлеуметтік-моральдық түрлі кемшіліктердің кең етек алып, типтік сипатқа ие болып кеткенін жазушы «Ауыл хикаялары» топтамасына енген «Көк тайынша», «Бестиын», «Апамның астауы», «Тортай мінер ақ боз ат», «Қасқыр ұлыған түнде» сынды әңгімелері арқылы сенімді түрде әсерлі жеткізе білді.

Осынау өзекті мәселелер бүгінгі еліміз тәуелсіздік алған жылдарда біржова жойылып кетті дейтін болсақ, артық айтқандық болар еді. Ал енді «Қасқыр ұлыған түн», «Тоқадан қалған тұяқ», «Күлпәштің ұршығы», «Күлашаның шоты еді» әңгімелері аул өмірінің жекелеген кемшіліктерін, қарапайым жандардың аянышты тағдырларын реалистік тұрғыда бейнеледі. Кеңестік дәуірдің кезекті бір дерті жалған ақпар беру, шаруашылықтарда көзбояушылыққа орын беру болғаны кейінгі уақыттарда дәлелденіп жүр. Аталған шығармаларында қаламгер осы мәселені тілге тиек ете отырып, имандылық тұрғысынан жетпей жатқан мәселелерге де нәзік оралымдар арқылы тоқталып өтеді.

Жазушы «Құммінезі», «Өліара», «Бәрі де майдан», «Сайтанкөпір», «Қарқызы», «Жетім бота», «Мынау аппақ дүние», «Атау кере» повестерінде өзінің ешкімге ұқсамайтын сөз саптауын танытып, көпшілік оқырманның ыстық ықыласына бөленді. «Қайдасың, қасқақұлыным», «Елең-алаң», «Аспирант қыздың тракторшы жігіті» сынды әңгіме-повестерінде қазіргі жастар өмірін, олардың арман-мақсаттарын шынайы бейнелеп, өз замандастарының заманауи бейнесін жасады.

«О.Бөкеевтің «Қар қызы», «Мұзтау» және т.б. шығармалары «ойындық» стилімен, жанрлық шекараларының бұлдырлығымен, қалыптасқан эстетикалық және идеологиялық шеңберлерден шыға білу қасиетімен, романтикалық бояуымен ерекшеленеді» (8,23). Бұл – Қ.Жанұзақованың жазушы шығармашылығына қатысты жинақтай айтқан пікірі.

«Біздің жата қыс ұзақ» атты егіз повесінің біріншісі «Сайтанкөпір», екіншісі «Қарқызы» деп аталады. Жазушы бұл повестерінде өмір жайында философиялық тұжырым жасаса, архитекторлар өміріне арналған «Жетім бота» повесінде адамның байта оралмас жастық шағына деген сағынышы олардың жүректебіренісі арқылы жеткізілген. «Жетім бота», «Мынау аппақ дүние» повестерінде замандас бейнесі арқылы заман тынысын көрсеткен жазушы мәңгілік құндылықтарды көрсетете отырып, адамның жан дүниесіндегі қайшылықтарды да көрсете алды.

Әдебиеттанушылар А.Таңжарықова мен Д.Сәтемірованың «Д.Әшімханұлы өзі туып өскен Алтай таулары сияқты өрлігі кейіпкерлерінің ішкі әлемінен айқындалып тұратын қалам иесі» (9,189) деген

піркірін О.Бөкейге де қаратып айтуға әбден болады. Өйткені бұл екі жазушы да жерлес, асқақ Алтай тауының түлектері. Сонымен бірге О.Бөкейдің «Мұзтау» повесімен «Ел мен жер» эссесінде, «Жылымық», «Жасын», «Жұлдыз жауған түндер-ай», «Шұғыла», «Аспанда ұшқан алты қаз», «Мезгіл әуендері» атты новеллаларында өз образының өр бейнесі аңғарылып отырады.

Қара сөздің дүлділі Ә.Кекілбаев «О.Бөкеев қаншама бір қиян, шетпұшпақта жатқан өңірдің адамдарын, оның жан дүниесіндегі бүгінгі күрделі толғаныстарды көрсетеді» (10,178) деп, жазушы кейіпкерлерінің кімдер екендігін аңғартып кетеді.

«Мұзтау» повесініңтүпкіидеясы– жүрегі таза Ақтан мен алаяқ Қанның арасындағы шешімін таппас қақтығыстар арқылы жақсылық пен жамандықтың мәңгілік келіспеушілігін бейнелеу. Өмір жайлы жеке пікірге ие қатар құрбыларының тіршілік-тынысын көрсете отырып,жазушы солардың ойларынан өмір туралы тосын философиялық тұжырым жасауға ұмтылады.

«Өз отынды өшірме» атты романында қазақ даласында Кеңес өкіметін түпкілікті орнатумен Түркістан-Сібір магистралын салудағы қарапайым еңбек адамдарының жан қиярлық ерлігін шынайы қалпында бейнеледі. Дархан ақсақалдың өмірі – сол тұстағытрагедияғытолықазақтарихының бір үзік шындығы. Өзін еңбек үшін жаратылғандай сезінетін бұл жан Түрксибтің темір жолында қайлашы болып бастаған. Одан кейін Құландыдағы разъезде поездың қауіпсіздігіне жауап беретін жұмыста табан аудармастан қырық жыл істейді.Кейіпкердің өмір шежіресі сол уақыттағы қазақ өмірінің тынысын көрсететін эпизодтарға толы екенін аңғартады.

Зерттеуші У.Абдыхановтың пікірінше: «О.Бөкеев, веря в свой народ, опираясь на мысли интеллигенции, отечественной и мировой, в мучительных поисках истины в художественной форме передает чаяния лучших сынов народа» (11,9).

Қорытынды. Жазушы өзінің прозалық шығармаларында лирикалық поэзияға тән үлгілерін қолдануының өзі жанр табиғатына енгізген көркемдік құлышыныстарының нақты көрінісі деуге әбден болады. Бұл жанр табиғатына қайшы болып табылмайтындығын, керісінше жанрды осындай ізденістер арқылы байытуға болатындығын дәлелдей алды. Көркемтілдегі неше алуан айшықтау үлгілері тек поэзияға ғана тән деп. Саналып келген түсініктің шеңберін жазушы өзіндік кеңейте түсті друге әбден болады.

Өз заманының көркем бейнесін жасаған жазушы қаламынан туған жекелеген персонаждар типтік деңгейге көтеріле алғаны жайлы зерттеушілеріміз көп қозғай бермейді. Нақты дәлел мен айтатын болсақ, «Қайдасың, қасқа құлынымдағы» Орал, «Өліарадағы» Қойшы, «Мұзтаудағы» Ақтан, «Өз отынды өшірмедегі» Дархан, «Елең-алаңдағы» Зарлық, «Құммінезіндегі» Бархан, «Сайтанкөпірдегі» Аспанбелгілі бір көркемдік жүк арқалаған, өмірде ұшырасып қалатын, сондықтан да бояулары қанық жасалған образдар.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Тебегеновтің «Әдебиет тарихындағы көрнекті қаламгерлер шығармалары халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік ойлау дүниетанымын танытады» (12,142) деген тұжырымды ойына сүйенетін болсақ, О.Бөкейде нақ осындай бағытты ұстанған талант иесі болды.

Бұл қаламгердің қалдырып кеткен көркем шығармалары жөнінде зерттеушілер әлі де зерделілік танытып, талантына табынушылар толымды, қонымды пайымдауларын әлі деайтатын шығар деп үміттенеміз. Түрлі көркемдік әдістерді оңтайлы қолданып, пішіндік ізденістерге батыл барған жазушының күрделі шығармашылық әлемі әлі де тереңдетіп зерттей түсуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аргынбаева М.Х. Концепция мира и человека в казахской литературе (1970-1980 годы) Автореферат на соискание ученой степени кандидата филологических наук 2005, - 30 б.
- 2 Қазақстан жазушылары. Анықтамалық, Алматы, «АнАрыс» баспасы 2009,- 480 б.
- 3 Тілеубекова Б.Т. Қазақ романдарындағы қаһарманның рухани әлемі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты 2010,- 34 б.
- 4 Ақыш Н. Жабырқау жандардың жоқтаушысы// Қазақ әдебиеті... 2020
- 5 Асылбекұлы С. Қазақ повесі (генезис, эволюция, поэтика). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты 2009,- 46
- 6 Құралханова Б. Қазіргі қазақ повестері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты 2007 - 34
- 7 Орда Г. Бөкей Оралхан// Кітапта: Қазақ көркем сөзінің шеберлері. Анықтамалық. Қарағанды: Экожан, 2010. - 512 б

8 Жанұзақова Қ. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі (генезис, эволюция, поэтика). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты 2010, -50 б.

9 Таңжарықова А., Сәтемірова Д. Дидахмет Әшімханұлының «Зауал» әңгімесіндегі кие мотиві. // Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы №1, 2019

10 Кекілбаев Ә. Орман кезіп, олжалы оралған Оралхан // Кітапта: Біздің Оралхан. Алматы, Орхон баспа үйі. 2013. - 392б.

11 Абдыханов У. Социально-нравственные аспекты раскрытия образа интеллигенций в современной казахской прозе. Автореферат на соискание ученой степени кандидата филологических наук 2002. - 30

12 Тебегенов Т. Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті. Семей, «Үш биік» баспасы, 2013. - 380 б.

References:

1 Argynbaeva M.H. *Konsepsia mira i chelovka v kazhaskoi literature (1970-1980 gody) Avtreferat na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk 2005, - 30 b.*

2 *Qazaqstan jazushylary. Anyqtamalyq, Almaty, «AnArys» baspasy 2009,- 480 b.*

3 Tileubekova B.T. *Qazaq romandaryndaғы qaharmannyñ ruhani әlemi. Filologia ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертацияның авторефераты 2010,- 34 b.*

4 *Aqys N. Jabyrqau jandardyñ joqtauşysy// Qazaq әdebieti... 2020*

5 *Asylbekuly S. Qazaq povesti (genezis, evolüisia, poetika). Filologia ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертацияның авторефераты 2009,- 46*

6 *Qūralhanova B. Qazırgı qazaq povesteri. Filologia ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертацияның авторефераты 2007 - 34*

7 *Orda G. Bökei Oralhan// Kitapta: Qazaq körkem söziniñ шеберleri. Anyqtamalyq. Qarağandy: Ekojan, 2010. - 512 b*

8 *Janūzaqova Q. Qazaq prozasyndaғы romantizmniñ körkemdik әlemi (genezis, evolüisia, poetika). Filologia ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертацияның авторефераты 2010, -50 b.*

9 Таңжарықова А., Сәтемірова Д. Дидахмет Әшімханұлының «Зауал» әңгімесіндегі кие мотиві. // Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы №1, 2019

10 *Kekilbaev Ä. Orman kezıp, oljaly oralğan Oralhan // Kitapta: Bizdiñ Oralhan. Almaty, Orhon baspa üii. 2013. - 392b.*

11 *Abdyhanov U. Sosiälno-nravstvennyye aspekty raskrytia obraza inteligensi v sovremennoi kazahskoi proze. Avtreferat na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk 2002. - 30*

12 *Tebegenov T. Täuelsızdık дәуіріндегі jaña qazaq әdebieti. Semei, «Üş biik» baspasy, 2013. - 380 b*

МРНТИ 17.09.91

Көшекова А.А.¹

¹Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ АТ БЕЙНЕСІНІҢ БАСТЫ СИПАТТАРЫ

Аңдатпа

Эпостың өзге жанрларымен салыстырып қарағанда қаһармандық эпостан аттың ең бір кемелденген, аса үлкен көркемдік дәрежеге жеткен бейнесін көреміз. Бұлай болатын себебі - архаикалық эпоста қиял-ғажайып элементтердің, мифтік мотивтердің тым басым болуы, әлі де жетіліспеген балаң сана толық көлемді ат бейнесін жасауға кедергі болса, лиро-эпостың басты тақырыбы жаугершілік, батырлық емес, ғашықтық хикаялары болуы ондағы жан-жақты бейнеленген ат образының қалыптасуына кедергі болған. Ал, тарихи жырлардың, әдетте, көлемінің эпосқа қарағанда кішірек болуы ондағы тұлпар образының аумақты, әр қилы тұрғыдан бейнеленуіне мүмкіндік бермеген. Сондықтан да қазақ эпосындағы барынша жан-жақты, терең, әр қилы сипатта бейнеленген ат образы негізінен қаһармандық эпоста қалыптасқан деуге болады. Бұған тұлпардың,

әдетте, батырлықпен ерлікпен, дұшпанмен шайқастармен қатар бейнеленетіні де әсер еткен. Осы орайда мақалада эпостағы ат бейнесінің басты сипаттары туралы сөз болады.

Түйін сөздер: эпос, архаика, миф, мотив, лиро-эпос, хикая, образ

*Kosheikova A.*¹

¹*Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

THE MAIN CHARACTERISTICS OF A HORSE IN THE EPOS OF HEROES

Abstract

Compared to other genres of the epic, in the heroic epic we see one of the most perfect images of the horse, which has reached a high artistic level. This is due to the fact that in the archaic epic the predominance of fantastic elements, mythical motives, the consciousness of an immature child prevents him from creating a full-fledged image of a horse, the main theme of the lyric epic. which prevented the formation On the other hand, historical poetry is usually smaller in size than epic, which does not allow portraying tulpar in a variety of forms. Therefore, we can say that the image of the horse in the Kazakh epic, which is depicted in the most comprehensive, deep and diverse character, is formed mainly in the heroic epic. This was due to the fact that tulpar are usually portrayed with heroism, courage, battles with the enemy. In this regard, the article discusses the main features of the image of a horse in the epic.

Keywords: epic, archaic, myth, motive, lyric-epic, story, image

*Кошекoвa A.A.*¹

¹*Казахский Национальный Женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ОСНОВНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ЛОШАДИ В ЭПОСЕ ГЕРОЕВ

Аннотация

По сравнению с другими жанрами эпоса, в героическом эпосе мы видим один из наиболее совершенных образов коня, достигший высокого художественного уровня. Это связано с тем, что в архаическом эпосе преобладание фантастических элементов, мифических мотивов, сознание незрелого ребенка мешает ему создать полноценный образ лошади, главной темы лирического эпоса. что предотвратило образование С другой стороны, исторические стихи обычно меньше по размеру, чем эпос, что не позволяет изображать тулпара в самых разных формах. Следовательно, можно сказать, что образ коня в казахском эпосе, который изображен в наиболее всеобъемлющем, глубоком и разнообразном характере, формируется преимущественно в героическом эпосе. Это было связано с тем, что тулпар обычно изображают с героизмом, отвагой, сражениями с противником. В связи с этим в статье рассматриваются основные особенности изображения лошади в эпосе.

Ключевые слова: эпос, архаика, миф, мотив, лирико-эпос, рассказ, образ

Кіріспе. Ахмет Байтұрсынов: «... бұрынғы жаугершілік заманда халық тән есебінде болған да, батырлар жан есебінде болған. Сондықтан батырлар турасындағы әңгіме - халық жаны, рухы турасындағы әңгіме. Батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған» – деп жазады [1, 236]. Шынында да, батыры кеткен ел рухы кеткен, бүкіл ерік-жігерінен, күш-қуатынан айырылған елге ұқсайды. Бұны елдің батырлары да біледі, «мен кетсем, ел қорғансыз болып қалады» деп жапа шегеді:

Өзім-ақ іздеп кетер ем,
Асынып жаудың құралын,
Қалған елде қамқор жоқ,
Оған не амал қыламын?!
Елді иесіз тастасам,

Қаптап келіп қалмақтар
Білемін елді қырарын, -деп күйінеді Қарғабойлы батыр
(Б.ж., 6 т. 90. 79)
(Қарғабойлы, Қазтуған» эпосы).

Әдістеме.Бұл жәйт қалмақтарға да қатысты, олар да батырынан айырылса болды бүкіл қауқарынан айырылып, жалғыз батырға шамасы келмей, мың-мыңдап, баудай қырылады:

Қаптаған қалың қалмақты
Бұта құрлы көрмеді.
Он екі күн соғысты,
Мыңдай келген қалмақтан
Тек жүз кісі ғана көрінеді
Мұны көріп алған соң,
Аруағы асады
Қалғандары қалмақтың
Еліне қарай қашады. (Б.ж., 6 т. 90. 230)
(«Әмет батыр» эпосы)

Бұның бәрі шаманның ана дүниеге барып, құбыжықтармен шайқасуын еске түсіреді – шаман мен құбыжық бір-біріне қарсы тұрған құдіретті тұлғалар, ал төңіректегі халық, екі жақтың әскерлері кейінгі дәуірде пайда болған кейіпкерлер екені анық. Батырлар, әдетте, жауға жалғыз аттанады, жалғыз шайқасады, тек кейінгі дәуірлердегі тарихи жырлардың, оқиғалардың әсері тиген эпостарда ғана батырлардың жаумен топтасып соғысу мысалдары кездеседі:

Сол бес батыр қосылып
Қалмақтың жойды қаласын.
Шулатып қатын-баласын. (Б.ж., 6 т. 90. 209)
(«Айсаның ұлы Ахмет» эпосы)

Нәтижелер. Сонымен, жоғарыда келтірілген мысалдарды қорытындылай келе қазақ эпосындағы батырдың тұлғасы туралы төмендегілерді айтуға болады:

1) Батыр образында ескілікті архаикалық сарындар көптеп сақталып қалған, оларды атап өтетін болсақ:

а) батыр ата-анадан жалғыз туылады;

ә) рудың магиялық күш-қуаты батырда болады — батыр елден кетсе ел барлық қауқарынан айырылады;

б) ертедегі тайпалық түсініктер бойынша билеушілер елдің ырысын сақтайтын болса, эпоста тиісінше батырлар елді асырайды, мал-мүлік береді;

в) батырларды қолдайтын пірлері (сиқырлы көмекшілері) болады, егер жынынан айырылған шаман бүкіл магиялық құдіретінен айырылып қарапайым адамға айналса, пірінен айырылған батыр бүкіл ерекше біткен күш-қуатынан айырылып батыр болудан қалады. «Жалпы қай жырда болса да пірлерін тәрк еткен батыр көп ұзамай мерт болады. Пірлерден медет сұрамаған батыр жеңіске де жете алмайды» деген тұжырым айтады бұл туралы Ш. Ыбыраев [2, 204].

2) Соңғы кезеңдегі көшпелілердің феодалдық, патриархалдық қоғамдық қатынастарға негізделген мемлекеттері құрылған дәуірлер де батыр бейнесіне зор әсерін тигізді, атап айтсақ:

а) батыр белгілі бір дәуірдің ұғым-түсініктерін, моральдық ұстанымдарын, құндылықтарын бойына жинақтайды;

ә) ол нақты рухани-материалдық құндылықтарды (ел-жұрт, жер, отбасы мүшелері, дос-жаран, ағайын-бауыр, мал т.б.) қорғау үшін қызмет етеді;

б) батыр ел ішіндегі және сыртындағы түрлі қақтығыстарға, оқиғаларға билік үшін күреске белсенді қатысады;

в) жаумен жеке-дара ғана емес, топтасып та соғысады.

Талқылау.Жалпы қазақ батырының ең кемелденген түрі — тек білек күшімен ел қорғаған тұлға ғана емес, терең ақыл-парасатты, елдің бүгіні мен ертеңін тең ойлайтын, бүкіл елге басшылық жасап,

қамқорлық жасап, ел-жұртты жаугершілікке ұрындырмай бейбіт сақтай білетін, жарлысын байға, азын көпке теңгеріп жүретін әділ билеуші-батыр:

Ерегiссe ел алған,
Дұшпанын басып кек алған.
Атаң таққа мiнген соң,
Ноғай мен халқың демалған.
Аға да жоқ, iнi жоқ,
Ерлiктен басқа мiнi жоқ,
Астана жұртты меңгерген,
Азын көпке теңгерген,
Артық туған хан едi,
Асылы артық жан едi, (Б.ж., 6 т. 90. 232 б.)
(«Шынтасұлы Төрехан» эпосы)

Әрi әдiл хан, әрi қаһарлы батыр болған Шынтасхан осылай суреттеледi. Эпос дәстүрiнде халық ешқашан ханды батырдан артық қоймайды, керiсiнше, көбiне хан батырға тәуелдi болады. Ер Тарғын Ханзада ханға өкпелеп елден кетпек болған кездерi хан да, халық та батырдан кешiрiм сұрап, жалынады. Демек, бiздiң ойымызша, қазақ эпосындағы батыр бейнесi тек елдi қорғау, оған қамқорлық жасау идеясын бейнелемейдi, сонымен қатар елдiктi, халық болып бiрiгу, қоғамдық әдiлдiк, парасатты билiк идеяларын да қамтиды.

Соған орай, қаһармандық эпостағы ат бейнесiн барынша кеңiрек тұрғыдан қарастыра отырып, оның басты сипаттамаларын ашуға тырысамыз. Бұл үшiн тұлпардың төмендегiдей бiрнеше сипаттамаларын жеке-жеке қарастырмақпыз: ат таңдау, тұлпарды табу, оны құлынынан баптап бағып, жетiлдiру

Кез келген жылқы малы батырға тұлпар бола алмайды, тек ерекше қасиеттерi бар ат қана тұлпар бола алады. «Ақжонасұлы ер Кеңес» (Б.ж., 6 т. 90. 135-159 бб.) эпосында Кеңес атты баласы Ақтанау деген тұлпарын мiнiп кеткенде, Ақжонас хан:

- Айналайын, жан балам,
Ақжонас жаяу қалды деп,
Қалмақтар қалар қуанып,

- дейдi.

Әрине, қырық таңбалы Қырымның он екi жарым ханының бiрi болған Ақжонас ханның мыңдаған жылқысы бар екенi анық. Бiрақ, Ақжонас хан сол қаптаған жылқыдан бiр тұлпар таба алмасын бiледi, себебi көрiнген ат тұлпар бола алмайды. Ең соңында Ақжонас хан соғысар сәтте жауы Бағлан таздың торы атын мiнiп шығады майданға.

Жалпы батырға ат таңдау эпостағы ең қиын күрделi кезеңнiң бiрi. Мұрын жыраудың нұсқасында Құртқа Қобланды мiнетiн Тобылғы мендi торы атты туатын кер биенi атасы Қыдырбайдан Хансұлудың көмегiмен әрең алады.

Өмiрiнiң көп бөлiгiн ат үстiнде, жаугершiлiкте өткiзетiн көшпендi үшiн жылқы малының қадiрi ерекше, батырдың өзiне лайық сәйгүлiк табуы өте қиын шаруалардың бiрi. «Қарасай - Қази» (Д.Х. А. 127-141 бб.) эпосында Қарасай батыр жауға аттанар кезiнде өзiне тұлпар iздейдi. Бұдан әргi оқиғаны эпос былай баяндайды: «Сол заманда қартайып, от басындағы құмалақты көсеумен қуалап отырған, ноғайлының Көкше деген батыры бар екен. Қарасай Көкшеден Көк бұйра атты саудалайды. Көкше: «Атымды бiр қызға беремiн», - дейдi. «Жаудан әкелiп төрт қыз берейiн», - дейдi Қарасай. «Жаудан түскен қыздың керегi жоқ. Алсаң, Орақтан қалған қарындасың Қибатты берiп ал», - дейдi Көкше. Атты ала алмай қайтып келiп, Қарасай шешесiмен ақылдасады». Сонда шешесi:

Жауға таман бармасаң,
Сыртымыздағы дұшпанның
Бiзге де кептi табасы-ай.
Қибат түгiл менi сат
Ат көңiлiңе жараса-ай,

- деп кеңес береді.

Түркілік дүниетанымда «ана» қастерлі ұғым екені белгілі, бірақ, баласына ат тауып беру үшін Қарасайдың шешесі қызы Қибатты беруге ғана емес, тіпті өзін де сатып жіберуден де тайынбайды. Сонымен Қарасай батыр қарындасы Қибатты беріп:

Мінер атым осы деп,
Тәңірінің берген досы деп,
Көк бұйра атқа ер салды.
Өзін сыртынан сатып жібергенін естіген қарындасы Қибат Қарасай батырға:
Кешегі әкем кеткен соң
Кемішілік басқа жеткен соң
Жалғыз тайға саттың ба?

- деп ұрысады. Бірақ, Қарасайдың аттан түсіп, жауға жаяу кетіп бара жатқанын көргенде шыдай алмай:

Сен томсарып кетпе, күліп кет,
Қалаған атың мініп кет, (Д.Х. А. 133-134 бб.)

- деп, болған іске көнеді. Бұл үзіндіден жаугершілік заманда аттың қаншалықты құнды болғанын байқауға болады.

Архаикалық эпоспен тығыз генетикалық байланыста өрбитін қаһармандық эпостағы ат бейнесін талдау үшін алдымен эпостың басты кейіпкері болған батырдың бейнесін жан-жақты қарастыру қажет, онсыз ат образының қыр-сырын жан-жақты ашу, анықтау мүмкін емес деп пайымдаймыз. Қазақ эпосындағы ат образының шығу тегі, қалыптасуы мәселелерін хал-қадарымызша қарастырып өттік. Бұл бағыттағы айтқан ой-идеяларымызды бір арнаға жинақтап, қорытындылауға тырыссақ, біздің пікірімізше төмендегі бірнеше жәйттерді мән беріп, атап өткен дұрыс сияқты. Эпостық шығармалардың әрбір жанры атты бейнелеудің өзіне ғана тән құралдарына ие, яғни ат образы эпостың жанрлық ерекшеліктеріне тәуелді болады. Халқымыздың дастандарындағы ат образы архаикалық эпостардағы батырды бастап, жөн-жоба көрсететін зор магиялық қасиеттерге ие жануарлардан, соңғы дәуірлерде жазылған романдық, ғашықтық эпостардағы жылқы малын таза реалистік сипатта суреттеулерге дейінгі тарихи даму жолынан, өзгерістерден өткен.

Ат образының түп-тамырына көз жіберіп, тарихи-диахрондық тұрғыдан қарастырсақ, оның жеке тұлға емес, бас қаһарманның тұлғасының бір бөлігі, оның магиялық қасиеттерінің өз тұлғасынан бөлініп шығуының көрінісі екенін көреміз. Ол алдымен қаһарманнан сиқырлы көмекші түрінде бөлініп шыққанын, яғни көне эпостарда атқа қолдап-жебеуші, сиқырлы көмекші функциялары таңылған. Соңғы дәуірлерде өндірістік қатынастардың дамуына, сананың жетілуіне орай ат образы қиял-ғажайыптық элементтерден, мифологиялық мотивтерден арылған.

Фольклордағы, соның ішінде қиял-ғажайып ертегі мен эпостағы ат бейнесі бірден қалыптаспаған. Оның бастауларына көз жіберсек, ежелгі тотемистік, мифологиялық сананың тұсында о дүниеге жеткеруші, тасымалдаушы қызметін құс, от, жылан, т.б. атқарған. Тасымалдаушылар адам жанын (ал кейінірек шаманды) тек қана о дүниеге жеткеріп қана қоймай, оған жол бойы көмектесіп, жол-жоба көрсетіп отырған. Осыдан барып, сиқырлы көмекшілер, қолдап-жебеушілер туралы ұғымдар дүниеге келген.

Адамдар атты қолға үйреткен соң тасымалдаушылардың (оттың, құстың, жыланның, т.б.) көптеген функциялары (ана дүниеге апару, өлген адамның ана дүниеге сапары кезінде жол бойы оны қолдап-қуаттап, жол-жоба көрсетіп отыру) атқа ауысқан. Және мұндай ауысу адам санасының инерттігіне байланысты бірден болмаған, алдымен құс пен аттың белгілері бар симбиоз жануарлар (қанатты аттар), сондай-ақ жылан мен құстың белгілері бар мақұлықтар (айдаһарлар) т.б пайда болған. Осылайша тек тасымалдаушы функциясын ғана орындап қоймай, қолдаушы, жебеуші функциясын да атқаратын аттар пайда болған.

Қазақ халқының бүкіл дүниетанымдық жүйесінің қалыптасуында шаманизм зор рөл атқарды. Соған орай шамандық сенім-нанымдар, мифтер эпоста кең көрініс тапқан. Сонымен қатар, өзге де халықтық салт-жоралғылар, соның ішінде әсіресе инициация салты эпосқа өте мол мотивтер беріп, оның қалыптасуына үлкен әсерін тигізген. Ат образын жасауда да осындай мифтік, салттық мотивтердің ықпалы өте үлкен болғанын талдап-зерттеулердің барысы дәлелдеп отыр.

Қазақ эпосында аттың қандай қызметтер атқаруы мүмкін екендігін, оның бас қаһарманы арасындағы қарым-қатынасты тұрғысынан талдап-зерделесек, эпоста тұлпардың негізінен бес түрлі функцияны атқаратынын байқаймыз.

Эпостағы ат бейнесі ең алдымен бас қаһарманның ежелгі жыр нұсқаларында сиқырлы көмекшісі, ал соңғы батырлық эпостарда «жан серігі», жауынгер жолдасы ретінде көрініс табады. Қалай болғанда да ат образы бас қаһарманмен тығыз байланысты. Сондықтан, эпостың бас қаһармандарының бейнесін талдап көрсек, оның төрт типі бар екенін байқаймыз.

Қазақ эпосының ең ежелгі түрі архаикалық эпос. Эпостың осы жанрының өзіндік ерекшеліктерін есепке ала отырып, архаикалық эпостың бір-бірінен түбегейлі айырмашылықтары бар екі бағынқы тобын бөліп көрсету қажет деп есептейміз, олар ежелгі архаикалық эпос пен туынды архаикалық эпос. Ежелгі архаикалық эпостың үлгілері ретінде «Ер Көкше» және «Желкілдек» эпостарын атап өтуге болады. «Ер Көкше» ежелгі архаикалық эпосындағы Сары аттың бейнесінің мынадай типтік белгілерін атап өтуге болады: ат көбіне батырға тәуелсіз, өз бетінше әрекет қылады, ол батырға бағынышты жануар сияқты емес, терезесі тең жан сияқты әрекет етеді; солай болғанымен де ат ылғи батырға шын берілген, оның қамын істеп жүреді; ат болашақты болжап, алда қандай оқиғалар болатынын біліп, батырға бағыт-бағдар беріп отырады; ат батырсыз-ақ жаумен соғыса алады, тіпті жалғыз өзі біраз жауды қырып тастайды; ат өлген адамды тірілте алады (яғни, шамандық қасиеттерге ие; атта магиялық сиқырлы, құдіретті қасиеттер бар; ат адамдармен сөйлесе алады, ойлай біледі. Бұл эпостағы аттың осы аталған бүкіл қасиеттерін жинақтап, қорытындылайтын болсақ, ол батырға бағынышты көмекші емес, оның айтқанынан, еркінен шықпайтын жануар ғана емес, толыққанды жеке дара кейіпкер дәрежесіне көтерілгенін байқаймыз. Сонымен қатар, аттың көп жағдайда батырды өзіне бағындырып, алға бастап, бағыттап отыратынын, ал бас қаһарманның өз атының айтқанын екі етпей орындап отыратынын көреміз.

«Желкілдек» эпосындағы батырдың күрең атының Ер Қосайдың сары атына ұқсас бейнеленетінін, екі тұлпарды сипаттауда сәйкес тілдік бірліктердің қолданылатынын байқаймыз. Бұл ежелгі көне эпостың типтік-генетикалық бірлігінен, оның негізінде жатқан архаикалық-мифтік сананың сәйкестігінен туындаса керек.

Бұрынғы ертегілік-мифтік шығармалардың негізінде соңғы дәуірлерде шығарылған туынды архаикалық эпостардағы ат бейнесінің төмендегідей ерекшеліктері бар, оларға қаһармандық, батырлық эпостардағы ат бейнесін сомдаудың элементтері көптеп енген, архаикалық мотивтердің көптеп сақталуына қарамастан, олардағы ат бейнесі ежелгі эпостардағыдай өз бетінше әрекет ететін, жеке-дара тұлға, тәуелсіз кейіпкер дәрежесіне көтерілмеген, бұл шығармалардағы қиял-ғажайыптық, архаикалық-мифологиялық мотивтер соңғы дәуірдің ұғым-түсініктері тұрғысынан қайта қаралып, өңделген, бұл эпостардағы ат бейнесі барынша бейнелі, жетіліскен, дамыған тілмен суреттеліп, ең үздік классикалық қаһармандық эпостармен теңдей көркемдік дәрежеге жеткен.

Қорытынды. Сонымен, қазақтың қаһармандық эпосындағы батыр бейнесінің кейбір ерекшеліктерін қарастырып өттік. Батыр бейнесін қарастыруымыздың себебі, әдетте, ат бейнесі батыр образымен тығыз бірлікте болады. Эпостағы ат образын батыр бейнесінен бөлектеп алу мүмкін емес. Тек осы екеуінің органикалық бірлігі арқылы ат бейнесін жан-жақты талдап-зерделеуге болады деген пікірдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.*
- 2 *Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақ батырлық жырларының поэтикасы. -Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.*

Шартты қысқартулар

- 1 *Б.ж. 6 т. 89. – Батырлар жыры. 4- том. –Алматы: Жазушы, 1989. – 400 б.*
- 2 *Д.Х.А. – Досмұхамедұлы Х. Аламан. –Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.*

References:

- 1 *Baitursynov A. Şyğarmalary. Öleñder, audarmalar, zertteuler. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 320 b.*

- 2 Ybyraev Ş. *Epos әlemi. Qazaq batyrlyq jyrlarynyñ poetikasy.* -Almaty: Ğylym, 1993. – 296 b.

Şartty qysqartular

- 1 B.j. 6 t. 89. – *Batyrlyq jry.* 4- tom. –Almaty: Jazyşy, 1989. – 400 b.
2 D.H.A. – *Dosmūhamedūly H. Alaman.* –Almaty: Ana tili, 1991. – 176 b.

МРНТИ 16.21.55

Өтеген Н.О.,¹ Қалниязова А.Қ.²

¹ Сулеймен Демирел университеті,
Қаскелең қ., Қазақстан

² Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

**ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕЛ БАСҚАРУ ІСІНЕ ҚАТЫСТЫ
ЖЫР-ТОЛҒАУЛАР ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ**

Аңдатпа

Жыраулар қай кезде де елдің әлеуметтік жағдайын, хан-сұлтандар мен халық арасын, жаугершілік заманда ұрпағының бас амандығына алаңдаушылықты және сол мәселелерді шешуді басты мақсат етіп қояды. Қай кезеңде болмасын жыраулар жыр-толғауларында ел, жер, қоғамның шешілмеген мәселелері, орта, ұрпақ тәрбиесі, жақсы мен жаман арасы, жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік айырмасын жете түсіну, қиындықтарды шешу, т.б. айтылады. Мақалада жауынгер жыраулар келелі прагматикалық қуатты жыр толғауларымен елдің, ел мен жерін қорғайтын ер азаматтардың патриоттық рухын көтерудегі рөлі талданады. Жауынгер жыраулардың тыңдаушысына айтар сөзінің құдірет күші ел рухын көтеріп қана қоймай, күрмеуі қиын шешілмеген мәселелерге және ел басқаруға қатысты келелі ойларын айта білді. Жауынгер жыраулар ырғақты, ұйқасты, терең ойлы толғауларымен елдің ішкі де, сыртқы да саясатына араласып, қазақ халқының ер азаматтарына жауынгерлік рух беріп отырған.

Түйін сөздер: жауынгер жырау, жауынгерлік рух, тарихи тұлға, прагматика

Otegen N.,¹ Kalniiazova A.²

Suleyman Demirel University,
Abay Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

**PRAGMATIC POTENTIAL OF THE WORKS OF ZHYRAU RELATED TO GOVERNING THE
COUNTRY**

Abstract

Zhyrau always paid attention to the social situation in the country, the relationship between khans and sultans, the welfare of their descendants during the war and the solution of these issues. At any time, Zhyrau's poems speak of unresolved issues of the country, land, society, environment, education, the difference between good and evil, the difference between good and evil, justice and injustice, problem solving, etc.

This article analyzes the role of citizens protecting their country and raising patriotism. The power of words that the warrior-zhyrau spoke, not only lifted the spirit of the people, it helped to express their bright thoughts about difficult unsolved problems and the governance of the country. The warrior-zhyrau spoke rhythmically, harmoniously, with the deepest sayings intervened into the domestic and foreign policies of the country, and raised the spirit of the people.

Keywords: warrior-zhyrau, warlike spirit, historical person, pragmatic

Өтеген Н.О.,¹ Қалниязова А.К.²

¹ Университет Сулеймен Демирел,
Алматы, Казахстан

² Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЭЗИИ ЖЫРАУОВ УЧАСТИЕ В ДЕЛЕ УПРАВЛЕНИЯ СТРАНОЙ

Аннотация

Жырау всегда уделял внимание социальной ситуации в стране, взаимоотношениям ханов и султанов, благополучию их потомков во время войны и решению этих вопросов. В любое время в стихах Жырау говорят нерешенные вопросы страны, земли, общества, окружающей среды, воспитания, разницы между добром и злом, разницы между добром и злом, справедливости и несправедливости, решения проблем и т. д..

В статье анализируется роль стихов -сказания воин жырауов в важных вопросах, как управление государством, и в поднятии патриотического духа защитников Отечества. Воинжырауовв своих творениях не только показали могучую силу слова, но и выражали свои взгляды по сложным проблемам управления государства. Воины-жырауов дали патриотический дух населению, также своими проникновенными стихами -сказаниями влияли на внутреннюю и внешнюю политику государства.

Ключевые слова: воин жырау, боевой дух, историческая личность, прагматика

Кіріспе. Жыраулар қай кезде де елдің әлеуметтік жағдайын, хан-сұлтандар мен халық арасын, жаугершілік заманда ұрпағының бас амандығына алаңдаушылықты және сол мәселелерді шешуді басты мақсат етіп қояды. Қай кезеңде болмасын жыраулар жыр-толғауларында ел, жер, қоғамның шешілмеген мәселелері, орта, ұрпақ тәрбиесі, жақсы мен жаман арасы, жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік айырмасын жете түсіну, қиындықтарды шешу, т.б. айтылады. Соның ішінде ел басқару ісіндегі хан-сұлтандар әрекеті, алда кездескен қиындықтардан қалай құтылу жолдары, күрделі түйінді істерді шешу жолдары, сонымен бірге елдің түрлі мәселелеріне деген көзқарасы анық, нақты көрсетіліп отырады. Жыраулардың ішінде жауынгер жыраулардың рөлі, қызметі ерекше болған. Жауынгер жыраулардың өмірден алған тәжірибесі, өмірлік пайымы ерекше екенін «бір ауыз жыр жолдарынан» байқаймыз. Адамзат баласының дүниетанымын, адам болмысын танып білуде қыр-сырын, қоғамда болып жатқан түрлі жағдайларды терең түйсікпен, ерекше байқампаздықпен түйсіне білді, оны толғауларында өткір тілмен жеткізіп отырды.

Повестің қысқаша сюжетінде мына нәрселер көрінеді. Жұлдыз ауылы жеңістің отыз жылдығын тойлағалы жатқанда, Ақан қарт ертемен шығып, қасқа биесін ерттеп аттанып кетеді. Оның қайда кеткенін, неге кеткенін сұрастырған да, керек еткен де ешкім болмапты. Тек кешке қарай шалының әлденеге ренжүлі екенін Алма кемпір ғана байқаған. Бірақ әрнәрсені сұрап Ақанды мазалап көрмеген әдетімен үнсіз қалған. Жалғыз-ақ шалының ел болып жиналған жерден бөлініп кетпейтінін, тек қаңқу сөзден ғана қашқақтайтынын білетін ол Ақанның бір нәрсеге қырсығып, өкпелеп кеткенін сезеді. Шынында да Ақан өкпелеп кетіпті. Аудан басшылары жеңіс тойын тойлауға соғысқа қатысқандарды ғана шақырыпты, Ақанға шақыру жібермепті. Оның үстіне Құмырайды шақыруға келген бала Ақанға бәрінде айтып береді. Ақан ойға қалады. Үлкен тойға шақырылмайтындай жазығы неде? Кінәсі - майданға бармағаны ма? Оны майданға емес, еңбек армиясына жұмыс істеуге жіберген өкіметтің өзі ғой. Ол осындай қиын-қыстау жағдайда аянбай тер төккен жоқ па еді? Аурулығына қарамай еңбек озаты атанды. Партия қатарына кірді. Жұмысқа қыры жоқ Құмырай сияқты жалқауларды майданға жіберіп мұны 1946 жылға дейін босатпады. «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деп еңбек етті. Өкінішке қарай, осыны бағалаған ешкім жоқ. Сол кездің өзінде трудармияны киноға түсірген бір адам көрмепті, «газеттенбіз» деп бір журналист келмепті. Ал бүгін жұрт назары түгелдей майдангер-жауынгерлерге ғана ауған [3,9].

«Қазірдің өзінде қарт солдаттар соғыс ардагері атанып, «немісті тырқыратып қуып барамыз, жолдасыма оқ тиді, мен аман қалдым» деп отырғанда, «Күн демей, түн демей кен қазып, топырақ тиіп жатырмыз» деп әңгімеге араласудың өзін әбес санаймыз, - дейді Ақан - Бірақ менің жарылыстың астында қалған Бураның, ауылға келген соң көп ұзамай дімкәстік пен жіңішке аурудан қайтыс болған Қожақ пен Қаймақтың жазығы не? Жазығы сый-құрмет дәмеппей, жанталаса еңбектенгені ме? Жазығы - жауынгерлерге қару дайындап бергені ме? Отыз жыл бойы осы оймен соғысып келемін. Жеңістің отыз жылдығына шақырылмадық. Оны былай қойғанда, «Ата, сенің наградаларың неге жоқ? Әлде, соғысқа қатыспадың ба?» - деген немеремнің сұрағына да жауап бере алмадым-ау. Ол сұраққа әсте де мен емес, басқа біреулер жауап беруі керек еді!» [5,11].

Бұл үлкен қоғамдық проблема. Адамды және оның еңбегін бағалау бірінші рет іске асып отырған жерде мұндай ұлы істі аяқсыз қалдыруға ешбір жол жоқ.

Нәтиже. Кеше ғана жеңістің алпыс жылдығын атап өту үстінде де майдан мүддесі үшін жан аямай күш жұмсаған тыл еңбеккерлерінің жеңіске қосқан үлесі атап айтылды. Алайда, күнделікті тіршілігімізде үнемі еске ала бермейтініміз, олардың әрқашан сый-құрмет пен атақ абыройдан сырт қалатыны да жалған емес. Ақан осыған күйінеді. Жазушы да тыл еңбеккерлері мен еңбек армиясында адам төзгісіз қиыншылық жағдайында жұмыс істеген азаматтардың ерлігін көре білуге, бағалауға шақырады. Сондықтан да ол повесін «Бәрі де майдан» деп атап, Ақанның еңбек армиясындағы, оның әйелі Алманың ауылдағы өмірін, азапты да ауыр еңбек жолын көркем бейнелеуді мақсат еткен. Шығарманың бүкіл идеялық түйіні оның образдары арқылы ашылады. Бұл тұрғыдан Ақан, Алма, екінші кезектегі Құмырай, тағы басқалар жазушының үлкен табысы болып есептеледі.

Әрине, повестің осы негізгі қаһармандары қарт адамдар, дегенмен олар да біздің замандастарымыз. Біз олардың бойларынан адалдық пен азаматтық, Отанға деген ыстық сүйіспеншілік табамыз, олар істеген қызметтері үшін ақы дәмеппейді, қарапайым да адал жандар, әрине олардың арасында Құмырай тәрізді қазіргі заман жастарына үлгі болу тұрсын ілтифатқа да жарамайтындар бар. Негізгі құрмет Құмырай тәрізді сұмырайлардікі емес, Ақан сияқты адал жандарға берілуі қажет қой. Бірақ өкінішке орай, басқаша, тек майданға барды дегені болмаса

Құмырайлардың не бітіргені белгісіз. Трудармияда жалқау болғандықтан үнемі сөгіс алып жүрген Құмырай майданда нендей ерлік көрсете қойды деген ойға қаласың.

Повестегі үлгі боларлық жарқын образ, сонымен бірге аса күрделі образ - Ақан. Ақан - жасынан еңбек астында өскен, саналы өмірін жалтақсыз, бұлтақсыз, адал өткізген адам. Намысын ешкімге бермейтін, басқаға қиянаты жоқ жан. Бүгін де ұлғайған жасына қарамай шағын шаруасын жып-жинақы етіп, дөңгелетіп ұстайды. Аурулығы себепті өкімет дайындаған шағын зейнетақысын тәуір болған соң алудан бас тартып, еңбекке қайта араласты, ауыл малшыларына газет тасиды. Қатардан қалып отырып қалғысы келмейді.

Повесте жазушы негізінен Ақанның соғыс кезіндегі еңбегіне көбірек көңіл аударады. Кейіпкер образын аша түсетін тұстар да осы еңбек армиясындағы күндер. Соғыстың төрт жылын ол Орал тауы маңында еңбек армиясында өткізеді. Жазушы кейіпкер Ақанның естеліктері арқылы Ұлы Отан соғысы кезінде майданға қару дайындасқан көпшіліктің адам айтқысыз ауыртпашылық жағдайында жасаған ұлы еңбегін суреттейді. «Біздер, еңбек армиясында болғандар, жаумен мылтықсыз шайқастық, әрине, өлім-жітім аз болды. Сондықтан да қадірсіз болдық, - дейді Ақан. Дене жарасынан жүрек жарасы әлдеқайда ауыр дегенді ширек ғасырдан бері Құмырайға түсіндіре алмай-ақ келемін... Қайтейін, тағдырдың жазуы шығар» [5,26].

Еңбектің ауыр бейнетін кештік дегенмен, қадірсіз болдық дегенінің де жаны бар Ақанның. Еңбек армиясына қатысушылардың тұрмыс-күйінің ауырлығын, моральдік жүдеулігін біздер, соғыстан кейінгі ұрпақ кітаптардан, кинофильмдерден ғана білеміз. Әрине, автор қазіргі кезде соғыс ардагерлерімен бірге сол кезде еңбек армиясында болғандарға да құрмет ету керектігін Ақанның ойы мен сезімі, ішкі күйзелісі арқылы өте тиімді етіп ұқтыра білген. Повесте Алтай бойының халқы, оның соғыс жылдарындағы жай-күйі оқушыны бей-жай қалдырмайтындай дәрежеде болып шыққан. Соғысқа қатыспағанмен, тылдағы еңбектің ауыртпалығын көрген, сөйтіп жеңіс мүддесіне жан аямай күш қосқан Ақан осындай жалған түсініктерге қарсы күреседі. Содан бері арылмай келе жатқан «қадірсіздігіне» күйінеді. Оның жүрек жарасы» деп отырғаны да осы. Бүгінгі жеңіс тойына Ақанның шақырылмай қалуы да сол ұғымнан әлі арылып болмағандықтың белгісі.

Оралда еңбек еткен жылдар ауырлығына қарамастан Ақан үшін үлкен мектеп болғанын көреміз. Ол азаматтық жол кешті. Отанға берілгендіктің, іске жауапкершіліктің, жолдастық, адамдық қарым-қатынастардың сынынан өтті. Денсаулығын сақтап қалмай, көппен бірге адал еңбек етті, абыройға ие болды. Қостас жолдастары - Қожақ, Бурамен ғана емес, басқа ұлт өкілдерімен де достық қарым-қатынасқа түсті. «Бұған дейін көз көріп, аяғымыз тимеген мүлдем басқа ұлттың өкілдері бір шаңырақтың астында бірігіп, қара нан, үсіген картопты бөліп жедік. Түр-түсіміз, тіліміз бен дініміз бөлек демедік, бір ененің баласындай маңырап табыстық. Отан соғысы біздің басымызға қайғының қара бұлтын төндіріп қана қойған жоқ, біздерді айнымас ұлы достыққа да үйретті», - дейді Ақан.

Қорытынды. Бұл айтылғандар Оралхан Бөкей повесінің Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбек армиясында болғандар мен ауылдағы жесір әйелдер еңбегін көркем бейнелеген туынды екенін көрсетеді. Ол бүгінгі ұрпаққа тыл еңбеккерлерінің жеңіске қосқан үлесі жайын әңгімелейді. Оларды Ақан, Алма сияқты жарқын бейнелермен таныстырады. Повесті оқыған адамның бойында оның қаһармандарының тағдырымен ортақтастық туатыны, сол арқылы жаңа соғыс өртін тұтатушыларға қарсы сезім пайда болатыны даусыз. Шығарма сонымен бірге соғыс кезіндегі ауыр еңбектің майдандағы жеңіске қосқан үлесі ғана емес, адамгершіліктің, азаматтық үшін күрестің де майданы болғанына сендіреді. Ақан да, Алма да қандай азап сапарынан өтсе де, адам боп қалған қылығымен қызықтырады. Керісінше, майдан жолынан өткен Құмырай өмірдің өгей баласы қалпында қалады.

Осыны көркемдік тұрғыда бейнелей отырып, Оралхан адамды ардақтау, оның еңбегін бағалау туралы ұлы идеяны уағыздайды. Повестегі негізгі кейіпкерлер Ақан, Алма, тіпті Құмырай бейнелері де шыншылдылығымен, нанымдылығымен есімізде ұзақ сақталатын, ойымызға ой қосатын жанды образдар. Олар да біздің замандастарымыз ретінде қазіргі дәуір азаматтарына өз әсерін тигізбей қала алмайды. Құмырай типіндегі адамдар қазіргі жастар арасында жоқ деп айтуға әлі ерте екенін ескерсек, повестегі образдардың өміршеңдігін тағы да дәлелдей түскен боламыз.

Сондай-ақ кешегі майдангерлер, бүгінгі қарттар Ақан, Алма, тіпті маскүнем Құмырай бейнесі де бізге бейтаныс емес. Олар біздің кез келген аулымызда, көшемізде өмір сүріп жатқан заманы бір жерлестеріміз. Қорыта айтқанда, Оралхан Бөкей повестері сол кезеңнің өзекті проблемаларын көтеріп, соларды өз замандастарының образдары арқылы шешіп бере алған маңызды туындылар дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1969. – кітап
- 2 Қаратаев М. Ізденіс іздері. – Алматы, 1982. – кітап
- 3 Қирабаев С. Шығармалар. (Сын-мақалалар мен зерттеулер) I, II том. – Алматы, 1992.
- 4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992. – кітап
- 5 Бөкеев О. Біздің жақта қыс ұзақ. – Алматы, 1984. – кітап.

References:

- 1 Jūmaliev Q. Ädebiet teoriasy. – Almaty, 1969. – kitap
- 2 Qarataev M. Izdenis izderi. – Almaty, 1982. – kitap
- 3 Qirabaev S. Şyğarmalar. (Syn-maqalalar men zertteuler) I, II tom. – Almaty, 1992.
- 4 Qabdolov Z. Söz öneri. – Almaty, 1992. – kitap
- 5 Bökeev O. Bizdiñ jaqta qys ūzaq. – Almaty, 1984. – kitap.

МРНТИ 14.07.01

Сейсенбаева Ж.А.¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**БАҚҚОЖА МҰҚАЙ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ
КӨРКЕМДІК ШЕШІМ**

Аңдатпа

Мақалада жазушы Б.Мұқайдың «Құлдық ғұмыр» повестіндегі адам тағдырын суреттеуі, азаматтық рух тұлғасына қатысты сындарлы пікірлерді жинақтаған кейіпкердің ішкі жан-дүниесіне ене отырып, шынайы шеберлікпен сипаттауы туралы ғылыми зерттеу жасалынған. Туындының идеялық мазмұны терең. Шығармада өмір құбылыстары әсерлі тілмен суреттеліп, қоғам келбеті зерделенді. Қарапайым әйелдің тіршілігі жазушы шеберлігінің арқасында әлеуметтік-қоғамдық мәнге ие болады. Кейіпкерлерінің көңіл-күйін, жан-дүниесіндегі құбылту сәттерін тап баса суреттеуі арқылы жазушы характердің ішкі сезімін көрсетудегі ерекшелігі мақалада зерделенген.

Повестегі жазушы баяндауы мен ішкі монологтың қабысып жатуы, образдар арқылы өткен күн мен бүгінгі өмірдің жалпы шындығын аңғартуы туралы нақты мысалдар келтірілген.

Баққожа Мұқайдың осы бір шығармасы ғана емес, тұтас шығармашылығы өмір жайлы терең тартымды ойлар түйіндете білетін, қайсыбір тақырыпты қозғаса да адамдық ізгі қасиеттерді дәріптеуді ұмытпайтын, ірі күрделі жағдайларды суреттеумен қатар, салықалы идеяларды көркем жеткізе білетін қайраткерлікті танытатындығы мақалада ашылған. Мақалада уақыт озған сайын тарихи мазмұны ашыла түсетін, тәрбиелік сипаты арта беретін, ең бастысы идеялық айтары анық көркем туынды екені дау тудырмайды.

Түйін сөздер: идеялық мазмұн, шынайы шеберлік, азаматтық рух, көркемдік қызмет, көркемдік амал-тәсілдер, диалог, монолог.

Seisenbayeva Zh.¹

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

**THE REALITY AND ARTISTIC SOLUTION OF THE ERA
IN THE NOVELS OF BAKKOZHA MUKAI**

Abstract

The article examines how the writer B. Mukai describes the fate of a person in the story "Slave Life", describes the true skill of the hero, penetrating into his inner soul, generalizing constructive views on the personality of the civil spirit. The ideological content of the work is deep. The work illustrated the phenomena of life, studied the image of society. The life of an ordinary woman acquires social and social significance thanks to the skill of the writer. The article examines the features of the character of the writer in the expression of his inner experiences by accurately describing the mood and mood of the characters.

The story presents concrete examples, a narration and an inner monologue of the writer, a presentation through images of the general reality of the past day and today's life.

The article reveals that not only one work by Bakkozha Mukai, but also a whole work is a figure who knows how to deeply think about life, who does not forget to glorify human virtues, touching on a particular topic, without describing major difficult situations, but also artistically presenting the wise ideas. Undoubtedly, the article is a work of art, the historical content of which is revealed over time, the educational nature of which enhances, and most importantly, the ideological message.

Keywords: ideological content, genuine skill, civic spirit, artistic activity, artistic techniques, dialogue, monologue.

Сейсенбаева Ж.¹

¹*Казахский Национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан*

**РЕАЛИИ И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ РЕШЕНИЕ ЭПОХИ
В ПОВЕСТЯХ БАККОЖА МУКАЯ**

Аннотация

В статье было рассматривается, как писатель Б. Мукай описывает судьбу человека в повести «Рабская жизнь», описывает подлинное мастерство героя, проникая в его внутреннюю душу, обобщая конструктивные взгляды на личность гражданского духа. Идею содержание произведения глубокое. В произведении проиллюстрированы явления жизни, изучен образ общества. Жизнь простой женщины приобретает социально-общественное значение благодаря мастерству писателя. В статье исследуются особенности характера писателя в выражении своих внутренних переживаний за счет точного описания настроения и настроения персонажей.

В повести представлены конкретные примеры, повествование и внутренний монолог писателя, изложение через образы общей реальности минувшего дня и сегодняшней жизни.

В статье раскрывается, что не только одно произведение Баккожа Мукай, но и целое творчество представляет собой деятель, умеющий в глубоком размышлении о жизни, не забывающий прославлять человеческие добродетели, затрагивая ту или иную тему, не описывая крупных сложных ситуаций, но и художественно излагая мудрые идеи. Несомненно, статья является произведением искусства, историческое содержание которого раскрывается с течением времени, просветительский характер которого усиливает, а главное - идеологический посыл.

Ключевые слова: идейное содержание, подлинное мастерство, гражданский дух, художественная деятельность, художественные приемы, диалог, монолог.

Кіріспе. Көркем туындыларына ұлттық өмірдің шындығын арқау етіп, сол ақиқаттың бейнесін көркем суреттеген талантты қаламгер – Баккожа Мұқайдың жазушылық көркемдік ойлау ерекшелігі, ұлт психологиясын жанымен түйсіне отырып шығарманың өн бойына дарыту қасиеті оның көркем дүниелерімен таныс әрбір оқырманға белгілі. Автор туындыларының табиғаты өткен күн мен бүгінгі күн арасын салыстыра отырып, салмақтай келе болашақты бағдарлай білетіндігімен бағалы. Жазушының рухани болмысы, өмірді терең түсіне алуы, адамның жан- дүниесіне мұқият үңіле келе, қоғамдық талаптың жоғары деңгейінен көріне білуі, халықтың ұлттық сипаттарын жан-жақты қамтуы кез-келген шығармасынан айқын көрінеді.

Б. Мұқай повестеріндегі күнделікті тіршілікте адам баласының бірін толғантса, енді бірін тіпті ойландырмайтын мәселелер терең философиялық тұрғыдан тұрғыдан суреттеледі. Кез-келген шығармасына өзек болып отыратын жағдай жалпы адамзатқа ортақ гуманистік мәселелер негізінде тарамдалып, қамтылып түйінделеді. Ең бастысы, адамгершілік қасиеттер терең тартыстармен күрделеніп, суреттеледі. Кейіпкерлер портреті, психологиялық диалог түрлері, т.б. шебер

қолданылумен бірге, адам ішкі сезім-шарпулары мен мінез құбылыстарын ашып көрсетін ұтымды монологтары арқылы өз шешімін табады.

Бұны көрнекті жазушы шығармашылығының қоғамдық мәні терең оқиға мен образ сомдаудағы ерекшелігі ретінде атап өтуге болады. Туынды төркініне тән жаңа характер ізденісі өмір құбылыстарын жаңаша өзгеше қырынан қарауға жетелейді. Жаңа ізденіс пен соны өрнек қаламгер туындыларының идеялық-көркемдік табиғатын жан-жақты талдауға, жазушы шеберлігінің жаңа сипаттарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Әдістеме. Б. Мұқай өз кейіпкерінің қиын-қыстаудағы шытырман тағдырын, өткен өмір жолының соқтықпалы кезеңін, тарихи оқиғалармен сабақтастыра отырып, тіршілік көріністерін кең әлеуметтік тұрғыда суреттейді. Көркем шығарманың негізгі предметі адам екенін, оның рухани әлемін, ой сезімін, мінез-құлқын, түсінік-түйсігін, дүниетанымын ашып көрсетуді суреткер өз міндетіне ала отырып, нанымды оқиғалар тізбегін құрайды. Шығарма идеясын ашуда, сюжетті әрі қарай дамытуда, кейіпкерлердің мінез қырларын, образын тереңірек тануды, олардың ой әлемін, сыртқы қарым-қатынас сәттеріндегі психологиялық ахуалдарын суреттеуде жазушы көркемдік амал-тәсілдердің қай-қайсысына терең идеялық мазмұн, үлкен көркемдік қызмет жүктейді.

“Көркем әдебиеттегі шындықты заман шындығы туғызады” [1, 19 б.] деген зерттеуші ғалым С. Асылбеков пікіріне сүйене отырып, жазушы Б. Мұқай шығармаларының шынайылығына да заман ақиқаты әсер еткені анық екендігіне көз жеткіземіз.

Жазушының «Жеті желі» кітабына енген «Құлдық ғұмыр» повестінде адам тағдырын суреттей отырып, шындап келгенде азаматтық рух тұлғасына қатысты сындарлы пікірлерді жинақтаған бұл шығармада автор кейіпкердің ішкі жан-дүниесіне ене отырып, шынайы шеберлікпен өте нанымды сипаттайды. Повесте отыз жетінің зардабынан аман қалып, өмір тауқыметін тартқан, бүгінгі күнде жалғыздікті күй кешкен Жамал кейуананың өмірі суреттеледі. Өмір бойы Құдайдай табынған “Ұлы көсемге” дұғасыз ұйқысынан оянбайтын кейіпкердің өткен өміріне ой жүгіртуі арқылы халық санасының тарихи бедерін баяндайды. Қолдан жасалған қитұрқы сұмдықтардан аман қалған қарапайым қазақ әйелінің ішкі ойлары талай жайларды ұғындырады.

Нәтиже мен талқы. Повесте жалғыздікті кемпір Жамал өмірінің соңғы кезеңі алынған. Тағдырынан көп қиыншылық көрген кемпір оңашада, «қара мұрт» суретіне табына отырып, бүкіл өмірін көз алдынан өткізеді. Еске алып отырған сәтте отыз жетінің зәрлі кезеңі шиырланып, молынан қамтылып, әсерлі авторлық баяндаулармен оқырманның сезіміне әсер етпей қоймайды. “Троицкийдің құйыршығысың” деп Аяғанды нақақ қаралап қамап қойды. Жиырманың екеуіндегі балы тамған жас қамыс сынды қылшылдаған жігітке жаппаған жаласы қалмады. Жаңа қосылған жан жарын арашалап ала алмай Жамал бейшара шырылдады. Ол заманда шынын айтып, шырылдаған жас келіншектің зарын тыңдайтын жан жоқ еді. Аяғанын арашалап ала алмай талай есікті тоздырды. Жамалдың таусылмайтын көз жасынан басқа көмекшісі де, күші де жоқ еді. Жас жесірдің қайғы-қасіретін қасақана түсінбеді кейбіреу, азаматпын деп кеуде қағып жүргендер уақыттың қолындағы жалаңдаған алмас қылыштан шошып, бас сауғалап қашты” [2, 194 б.]. Жарына деген таза сүйіспеншілігі осы бір суреттелген жолдарда ғана көрсетілсе де, шығармада шынайы әсерлі шыққан. Жарын құтқарам деп жүргенде Жамалдың өз басы да қуғынға ұшырайды. Автордың осы кезеңнің шындығына байланысты кез-келген деталь-штрихтары өте ұтымды шыққан. Жазушы Жамалдың қамалу кезіндегі сұмдықтарды суреттей заман шындығын ашуға тырысады. “Туған әкесіне жала жауып, арыз жазған баланы да көрді. Мойнында қызыл галстугы бар бала сотта жасқа тұншығып, әкесінің бүкіл “қылмысын” әшкерелеп берді...».

Шегініс арқылы дамитын бұл шығармада кейіпкердің қым-қуыт өмірі, жолдасының қамалуынан кейінгі, өзінің қуғынға ұшырауы, түрмеде босануы, баласын түрме жендеттерінің тартып әкету сәтін суреттегенде адам жаны түршігеді. Кейіпкерді сақтап қалған, жүрегіне жұбаныш болған сенім сол кезеңде өмір сүрген халық сенімі болған “ұлы көсемге” деген ой болатын. Автор осындай сәттерінде әрбір көркемдік тәсілдерді мүмкіндігінше шебер, сәтті, ұтымды қолдануға ұмтылады. Суреткер кейіпкерінің басына тек қара түнді төндіріп, қиын кезеңін ғана көрсетумен бірге, бақытты сәтін де бейнелеуді естен шығармайды. Әйел адамның ең бақытты сәті – ана болу. Жазушы пайдаланған осы бір табиғи дәлдік шығарма бойына ерекше бір шынайылық дарытады. Осы бір сәт оқырман жүрегін тебіренумен қатар, шығарманың барынша нанымдылығын арттырып көркемдік қуатын арттыра түседі. Ең аяулы ана парызының оқыс жағдайда, «түрмеде» ана болуы оқиға әсерін қоюлатып, заман салмағын айтқызбай-ақ сезінер күйге жеткізеді. “Жамал інгәлап жылаған сәбиін мейірі қанбай иіскеп жатып, аузына емшек салған, өне бойы балбырап, сондай бір рахат күйге түскен. Ол сәтте аса бақытты еді” [2, 205 б.]. Бірақ бұл бақыты ұзаққа бармайды. Түрменің емес, жауыздықтың жендеттері

баласын тартып әкетеді. Осы тұстағы ана қайғы-қасіретін автор баласын жоғарыда айтып өткен «ұлы көсем» баласы болып, қамқорлыққа алынады деген сеніммен ғана өзін-өзін алдаған алданыш сенім құрбаны ретінде шынайы да, әсерлі көрсетеді. “Сталиннің атын естігенне кейін амалы құрып, құрттай нәрестесін құшағына қысып, ағыл-тегіл жылады Жамал. Іңгәлаған қорғансыз сәбиіне айтатын сөздері көп сияқты, бірақ тілі икемге көнбеді. Жылап отырған сәбиінің аузына емшек салды.

Манадан бері иіріліп үнсіз тұрған әйелдер бұдан арыға шыдай алмай бірінен кейін бірі көз жасына ерік берді. Камераның іші зарға толып кетті” [2, 192 б.]. Осы бір адам жанын түршіктіретін жайтты суреттегенде автор әйел жанының өзіне тән нәзіктігі тұрғысынан шынайы суреттейді. Өз прозасында лиризмнің нәзік өрнектерін тап басып танып, оның табысы қаһарманның жан сұлулығы, арман-тілегі, сағыныш аңсары, ұлттық мінезі, тұрмыс-тіршілігі т.б. тек шынайы өрілгенде ғана көркем дүниенің өміршең сипаты айқын ашылатынын сұңғыла көңілмен жете бағамдаған автордың бұл повестіндегі кейіпкердің сөздері оқырманға қатты әсер етіп, жүрегіне мұң толып, жүзіне кірбін ұялатады.

“Лирикалық прозаның дүнитанымдық, эстетикалық мұраты – арқау еткен, өзара үзбей шынайы өрбитін оқиғалардың майын тамыза тәптіштеп баяндап беру емес, кейіпкердің жан әлемін толқытқан сезім шуағын, қуаныш-сүйінішін, қасірет-мұңын өмірдің тап өзіндегідей сиқырлы да айшықты суретке айналдыра алуы, оқушысын иландыра білуі, психологиялық реализмінің сан иірімдерін ширықтыра беруі” [3, 80 б.] – десек, осы орайда, автордың суреткерлігіне көз жеткізуге болады.

Жазушы сөз етіп отырған повесте Жамал образынан басқа, оның көршілері Роза, Бәтима кемпір образдарын да әсерлі, шынайы сомдаған. Жамал мен Роза өміріндегі қиыншылықтарды көрсетіп, әлеуметтік ортамен тұтастыра, терең ашып, баяндай келе, екі ұлт өкілінің басынан кешірген, яғни бірі өз жерінде жазықсыз зорлық зомбылық көріп, қуғынға ұшырап жүрген қазақ әйелінің бейнесі болса, екінші образ арқылы соғыс кезінде Украинадан жер аударылып келген неміс халқының қазақ жерінде көрген қиыншылықтарын суреттеу арқылы әр халықтың өзіне тән психологиясын ашып көрсетеді. “Жер ауып келген немістерді құлқын сәріде оятып, жұмысқа айдап келеді. Ұзақты күн бел жазбай қимылдаған бейшаралар кешкі тамақтарын ішуге шамалары келмей құлайтын. Қалжырап шаршап келсе де, Карл түннің бір уағына дейін кірпік ілмей дөңбекшитін, екінші бұрышта іштей егіліп, жан жүрегі қан жылап, Роза жататын” [2, 266 б.]. Жазушының аталған повестіндегі идеяның айқындығы, ұғымға жеңіл қарапайымдылығы, автор шығармасын әсерлене, толғана оқып шығуға әсерін тигізеді. Суреткер шығарма барысында кейіпкерлердің жан-дүниесіне барынша үңіле, оқырманға кеңейте көрсетуге күш салады. Жамал бейнесі арқылы бұрынғы кеңес үкіметінің қиыншылығын көріп, «ұлы көсем» балаларының бірі болып өскен, осы бір бейнеге шын жүректен сенген адамның жинақталған образы суреттелсе, ал Роза бейнесі екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақ жеріне жер аударылып келіп, ұлты неміс болғандықтан, көрген зорлық-зомбылықтан, жүрегінде айықпас дерті бар, алайда адамдығын сақтап қалған көркем бейне сомдалады. Екі образ да тағдыр талқысын өмірден көріп, жалғыздықтан шаршаған кейіпкерлер. Ал, бұл повесте қазақтың ұлттық рухани өмірінің, жан-дүниесіне жақын, таным түсінігіне сай көркемделген, жинақталған образ да орын тапқан. Ол «балалы үй-базар» деген ұғымды сомдайтын, балаларының, немерелерінің болашағын тереңінен ойлайтын Бәтимә кемпірдің бейнесі. «Бір-біріне жат болып кетпес» [2, 197 б.] үшін немере тәрбиесін өз мойнына алып, бағатын бейнетін өзі көріп отырған, өзімізге күнделікті өмірден таныс қарапайым қазақ әйелінің бейнесін көз алдымызға елестетеді. Осы жерде халықтық қасиеттің негізі – ұлттық ерекшеліктермен дараланады. Жоғарыда айтып өткен қасиеттерді автор оқырманға жеткізуде ұтымды диалогтық тәсілді пайдаланған.

“ - Мұншама баланы қарау қиын ғой. Неге балалар бақшасына бермейсің, - деген. Бәтимә шамданып қалды. Жамалға аларып бір қарады да:

- Көп болып менің немерелерім ешкімнің өрісін таптаған жоқ, - деген даусы дықтанып. Біраз үнсіздіктен кейін сабасына түсіп, дауысын жұмсарта сөйлеген. - Жамал-ау балалар бақшасына барса бұлар шүлдірлеп кетеді ғой. Ана тілін білмеген балада иман болушы ма еді. Немерелерімді жетіскеннен жинап жүрген жоқпын. Біріне бірі жат болып кетпесін деймін ғой баяғы .

- Дегенмен де көп қой. Кәрі адамға өте қиын, - деген Жамал” [2, 197 б.].

Осы диалог Бәтимә кемпірдің ішкі ой-түкшірін, рухани жан-дүниесін ашып береді. Мұнда тек қарт әженің адамгершілік, ұлттық болмысы ғана көрсетіліп тұрған жоқ. Бәтимә секілді барша қазақ кемпірлерінің бала болашағын тереңнен ойлап, ұлтының рухани тазалығын, дәстүрін сақтап келген қарт әжелер бейнесі сомдалады. Қаламгер пайдаланған жоғарыдағы диалог образ характерінің,

болмыс бітімінің қыр-сырын ашуға септігін тигізері сөзсіз. Бәтимә образының ұлттық сипатын, рухани жан- дүниесін оқырманға жеткізуге пайдаланған жазушының тәсілі өте орынды шыққан.

Кейіпкерлерінің көңіл-күйін, жан-дүниесіндегі құбылту сәттерін тап баса суреттеуі арқылы жазушы характердің ішкі сезімін көрсетудегі зор жетістігіне көз жеткіземіз. Повестегі тағы бір айта кетерлік ерекшелік – жазушы баяндауы мен ішкі монологтың қабысып жатуы. Суреткер повестегі образдар арқылы өткен күн мен бүгінгі өмірдің жалпы шындығын аңғартады. Сонымен, Баққожа Мұқайдың «Құлдық ғұмыр» повесінде алынған оқиғалар, көтерген мәселелер өмірмен үйлесе келе, шынайы суреттелген. Автор әділдіктің ақ жолы әрқашан да алға тартады деген идеяны шығарма соңындағы Жамалды жазықсыз кінәлаған тергеушінің кескінін танумен де бергісі келеді. Иә, өткінші өмірде қолына баянсыз билік тиген осындай адамдық қасиеттен жұрдай болған образ бойында қатыгездіктің қайсысынан да шімірікпейтін тоғышар жандардың типтік бейнесі суреттелген жинақталған. Бұл қатыгез жендеттің Жамалдан қашқақтауын автордың басынан жұмбақтап суреттеуі де оқырманды шығарманың өн бойына тереңдеп еніп, қызығушылығын арттыру мақсатына пайдаланған бір әдісі десек те, бұл жерде өмірдің тауқыметін көп көрген адамның санасындағы ұмытшақтық сезімінің бір қыры іспеттес. Жағымсыз кейіпкердің әрекеті анық ашылып көрсетілмесе де, оқырманның ой –санасында оның іс-әрекетінен, қылығынан бірін-бірі толықтырып отырған жағымсыз әрекеттерінен оған деген жағымсыз бір сезім әлемінде отыратыны анық. “Құдайдың құтты күні ішіп алып, осы төңіректе тұратын балаларды тырқыратып қуып жүретін, үлкен демей, кіші демей, аузына құса салатын мыжырайған шалды кім-кімнің болса да суқаны сүймейді. Әркімнің әңгімесіне құлақ тосып, естігенін бықсытып басқаларға жеткізіп жүретін сыпсың, сұйықтығын жұрт біледі. Кезінде үлкен қызмет істеген көрінеді. Ішіп алып көрінген кісіге тиісіп, айбат шегіп, “мен полковникпін” деп дүңкілдетіп кеудесін ұрады. Роза оның көзінен қорқады. Өйткені ол адамдардың барлығын жек көріп, кекті, ызалы көзбен қарайды. Аула сыпырушы шал тек Жамалдан қаймығатын сияқты. Кемпірдің көзіне түспеуге тырысады, қарсы кездесіп қалса тура қарамайды, басы салбырап түсіп кетеді” [2, 244 б.]. Жазушы осылай кейіпкер қылығы арқылы оның мінезін беру арқылы оның кандай адам екендігін даралайды.

Қорытынды. “Құлдық ғұмыр” повестінің негізгі тақырыбы – пендеден Құдай жасап, жеке басқа табынған, жаппай “социалистік жануарға” айналған адамдар тағдырын, алаш жұртына аса бір үлкен нәубет болған кезеңді суреттеу болса, сол зұлымдықтың қазақ халқына қалайша дарығандығы, қос үрей қалыппен өмір кешкендігі – шығарманың негізгі идеясы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Асылбеков С. Қазіргі қазақ повестеріндегі замана шындығы (1970-1989): Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1999. – 160 б.
- 2 Атымов М. Идея және композиция. - Алматы: Ғылым, 1970. – 231 б.
- 3 Майтанов Б. Суреттеу мен мінездеу. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 146 б.
- 4 Әйтімов М. Қазақ повестіндегі лиризм: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1998. – 163 б.
- 5 Мұқай Б. Дүние кезек. – Алматы: Жазушы, 1992. – 445 б.

References:

- 1 Asylbekov S. Qazirgi qazaq povesterindegi zamana şyndyǵy (1970-1989): Filol. ǵyl. kand. dis. – Almaty, 1999. – 160 b.
- 2 Atymov M. Ideia jäne kompozisia. - Almaty: Ğylym, 1970. – 231 b.
- 3 Maitanov B. Suretteu men minezdeu. – Almaty: Qazaq universiteti, 1991. – 146 b.
- 4 Äitimov M. Qazaq povestundeǵı lirizm: Filol. ǵyl. kand. dis. – Almaty, 1998. – 163 b.
- 5 Mūqai B. Dūnie kezek. – Almaty: Jazuşy, 1992. – 445 b.

МРНТИ 17.81.31

Сейтенова А.Е.¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

Ш.МҰРТАЗА РОМАНДАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ КОНЦЕПТІ

Аңдатпа

Мақалада Шерхан Мұртаза шығармашылығы алғаш рет табиғат көріністерінің концепт түзушілік сипаты тұрғысында астырылады. Бұған дейін түрлі аспектіде зерттелген көркем мәтіндер пейзаждың өзіндік көркемдік ролін жаңаша ыңғайда қарастыру мақсатында талданды. Көркем шығармадағы пейзаж феномені қаламгердің белгілі бір ұғымдарды тұжырымдаудағы өзіндік көзқарастарын айқындау негізінде пайымдалды. Әдеби шығармадағы уақыт пен кеңістіктің көркемдік әлеуеті жаңа мағына тудыру тұрғысында концепт аясында зерттелді. Пейзаж қаламгердің жеке әлем картинасын да арқау ететіндіктен, осы когнитивтік бағыттағы талдаулар негізінде автордың көркем поэтикасын зерделеуге де болады. Мақалада Ш.Мұртаза романдарындағы табиғат стихияларының бейнелену сипаты қарастырылып, олардың белгілі бір идеялық концепт түзудегі көркемдік әлеуеті айқындалды. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», «Қара маржан», «Қызыл жебе» романдарындағы табиғат көріністерін авторлық тұжырымдамамен сабақтастықта зерделеу арқылы пейзаждық суреттемелер негізінде қалыптасқан жер, аспан от, су, көркем концептілері талданды. Табиғи стихиялардың көркем поэтикадағы өзіндік ролі, жазушы идеясын ашудағы философиялық-эстетикалық мәні айқындалды.

Түйін сөздер: әдебиет, поэтика, роман, көркем пейзаж, табиғат, стихия, концепт.

Seitenova A.E.¹

¹*Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan*

THE NATURE-CONCEPT IN THE NOVELS OF Sh.MURTAZA

Abstract

In the article, the oeuvre of Sherkhan Murtaza are discussed in the context of the conceptual-figurative character of natural phenomena for the first time. The literary texts which have been previously studied in the context of various aspects have been analyzed in view of a new approach to the study of the artistic role of landscape. The landscape is considered to be a personal view of the world, reproduced by the writer, and in this regard, research along this cognitive line. As exemplified in the novels of “Aisha”, “Black Pearl”, and “Red Arrow” by Sherkhan Murtaza, the parallels of landscape sketches with the author’s intention are analyzed, resulting in uncovering of artistic concepts of earth, sky, fire, and water. A general idea of the concept-forming role of the artistic landscape in the poetry of Sh. Murtaza was systematized and formed.

Keywords: literature, poetic style, novel, artistic landscape, nature, element, concept.

Сейтенова А.Е.¹

¹*Казахский национальный университет им.Аль-Фараби
Алматы, Казахстан*

КОНЦЕПТ ПРИРОДА В РОМАНАХ Ш.МУРТАЗА

Аннотация

В статье впервые творчество Шерхана Муртаза рассматривается в контексте концептуально-образного характера природных явлений. Ранее изученные в различных аспектах художественные тексты были проанализированы с целью нового подхода к изучению художественному роли пейзажа. Феномен пейзажа в художественном произведении рассматривается на основе определения

писательских мировоззрений автора в концептуализации определенных понятий. Пейзаж рассматривается как личностная картина мира, воспроизводимая писателем, и в этой связи исследования в данном когнитивном направлении могут раскрыть особенности художественной поэтики автора. На материале романов «Айша», «Черный жемчуг», «Красная стрела» Шерхана Муртазы проанализированы параллели пейзажных зарисовок с авторским замыслом, в результате которого выявлены художественные концепты земля, небо, огонь, вода. Раскрыта роль зарисовок природных стихий в художественной поэтике и их философско-эстетическое значение в раскрытии авторской идеи. В результате проведенных анализов систематизировано и сформировано общее понятие о концептообразующей роли художественного пейзажа в поэтике Ш.Муртазы.

Ключевые слова: литература, поэтика, роман, художественный пейзаж, природа, стихия, концепт.

Кіріспе. Концепт категориясы – әдебиетте мейлінше кейін қалыптасқан ұғымдардың бірі. Қазіргі әдебиеттанушылық пайымда концепт зияткерлік дискурста тиесілі ұғым-түсінік ретінде қолданылады. Концепт пен ұғым терминдері өзара мағыналас болғанымен, олар барлық жағдайда бір-бірін алмастыра алмайды. Ғылыми ой жүйесінде концепт терминінің орнығуы да бұл түсініктің өзіндік мәні тереңдей түскендігін айқындайды. Осы орайда тіл білімі мен әдебиеттану шегінде жүргізілген төмендегі зерттеулер әдеби концепт ұғымының бүгінгі таңдағы ғылыми зердеде өзекті мәнге ие болғандығын айқындайды: Л.В. Миллердің «Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория» [1], В.Г. Зусманнның «Концепт в системе гуманитарного знания» [2], И.А. Тарасованың «Идиостиль Георгия Иванова: когнитивный аспект» [3], «Художественный концепт: диалог лингвистики и литературоведения» [4], Н.С. Болотнованың «Методики анализа концептуальной структуры художественного текста» [5] сынды еңбектерінде әдеби концепт ұғымын зерттеудің түрлі әдістемелері ұсынылады.

Авторлық пайымдаудағы белгілі бір идеялық толғамдардың көркем тұжырымдалуы олардың өзіндік концепт деңгейіне жеткендігін айғақтайды. Мұндай құбылысты жеке қаламгерлік поэтика шеңберінде де, жалпы әдеби үрдіс сапасында да зерделеуге болады. Мысалы, кейінгі жылдардағы зерттеулерді қарай отырып, көркем әдебиетте ұлт, тарих, тұлға, тағдыр, жол, жан, т.б. мәнді концептілерінің қалыптасқандығын аңғарамыз. Осы орайда Ш.Мұртаза шығармашылығындағы көркем пейзаж суреттемелері арқылы ой-сезім концептілерін зерделеу мүмкіндігі бар.

Жалпы пейзаждың концепт түзушілік ролі жайында соңғы жылдары жарық көрген бірқатар ғылыми еңбектер бар. А.А.Борисов «Концептообразующая роль пейзажа в литературе сентиментализма» атты жұмысында [6] сентименталды туындыдағы табиғат кескіндемелерінің кейіпкер рухани әлемін суреттеудегі маңызын қарастырады. Еңбекте ландшафт келбеті мен табиғи құбылыстардың бейнелену сипаты арқылы анықталатын идиллиялық, мұңды пейзаждар негізінде қаһарманның жан әлеміндегі ой бағыты мен сезім-күйін жеткізудің негізгі авторлық тұжырымдамаға қатыстылығы нақты талданған. Мәтін кеңістігіндегі пейзаж суреттемесінің когеренттік әлеуеті де осы түйінді концептілерді бедерлеу мүмкіндігімен айқындалады. Бұдан бөлек осы бағыттағы М.М.Глазкованың «Роль пейзажа в романе В. Максимова «Семь дней творения» [7], Ю.С.Камардинаның «Роль пейзажа в романе Э. Бронте «Грозовой перевал» [8], Р.Э.Семенованың «Природа как концепт духовно-нравственного мировосприятия в северокавказской прозе» [9] сынды еңбектерін атап өтуге болады. Жоғарыда келтірілген зерттеушілер көркем мәтіндегі пейзаж суреттемелерінің авторлық идеямен тығыз байланысын түрлі аспектіде зерттейді. Оларға ортақ ғылыми пайым бойынша табиғат суреттері жазушы тұжырымына сәйкес түйінді философиялық-эстетикалық, көркемдік-мәдени код сапасындағы ұғымдарды аша алады.

Зерттеу материалы. Әдістемесі. Мақалада көркем мәтінді зерттеудегі жүйелі-функционалды, типологиялық, текстологиялық зерттеу әдістері қолданылады. Осы орайда авторлық идеяны зерделеу барысында әдебиеттанудың философия, тіл білімі, психология, мәдениеттану ғылымдарымен тоғысындағы пәнаралық зерттеу ыңғайлары басшылыққа алынады.

Ш.Мұртаза туындыларында оқиға орны мен уақытына мезгейтін табиғаттың мекеншақтық сипаттамаларымен бірге, сюжеттік уәждемеге жауап беретін пейзаждар да көптеп кездеседі. Осылайша, көркем пейзаж жанама психологизмнің таптырмас құралы ретінде тиімді пайдаланады. Табиғаттың өзін жалаң суреттеуден гөрі қаһарманның психологиялық жағдайы мен көңіл-күйін сипаттауға бейім психологиялық пейзажды лирикалық пейзаж немесе баяндау жүйесіне эмоциялық леп дарытатын пейзаж түрінде қарастыруға болады. Әлбетте, лирикалық пейзаж әдетте сезімдік-

эмоциялық өрнегі басым және өмірді асқақ пафоспен бедерлейтін лирикалық прозада жиі орын алады. Және де, ең бастысы, ол аса сезімтал лирикалық қаһарманның (көп жағдайда автобиографиялық кейіпкердің) көзқарасымен бақыланады. Лирикалық пейзаж кескіндерінде табиғаттың неғұрлым жанды келбеті поэтикалық пафоспен жасалады. Осы орайда автор сәт сайын құбылып тұратын ішкі сезім-күй ауанын бейнелеуге жете назар аударады. Лирикалық пейзаж бен баяндау стиліне лирикалық тон беретін пейзаждық суреттеменің аражігі аса нәзік, оларды бір-бірінен ажырату қиынға соғатын кездер де болады. Психологиялық пейзаждағы нақты психологиялық өзек адамның рухани әлеміндегі психологиялық үдерістер (сезіну, қабылдау, жад, ойлау, елестету) мен ахуалдардың (жігерлену, қапалану сынды эмоциялар мен сезімдер), психологиялық қасиет-белгілерден (тұлғаның мінез-құлқы) тұрады. «Теория литературы: анализ художественного произведения» атты оқу құралында Л.Чернец пен И.Исакова психологизм формасы сынды пейзаждың көркемдік функциясына кейіпкер мінезін ашу, келешекте персонаж өмірінде орын алатын оқиғалардан алдын ала хабар беру, сонымен қатар баяндау лебін белгілі бір күйге бөлеу тәрізді міндеттерді жатқызады. Ш.Мұртазаның «Қара маржан» романынан алынған үзіндіге назар аударайық:

«...Қоғаны қолымен серпіп ашып жіберіп еді, бетіне ай сәулесі түскен мөп-мөлдір бұлақ жарқ ете қалды. Бұл бұлақтың қайнар басы еді. Жер астынан бүлк-бүлк етіп, бұлқынып шығып жатқан судың балықша шоршып, шолп еткен дыбысы келер құлаққа. Иә, қасиетіңнен айналайын күміс қайнар! Анасының құрсағын бүлкілдетіп, дүние есігін қағып жатқан нәресте тәрізді аппақ, күнәдан пәк, дүниедегі ең таза бұлақ!» [10]. Жолсызбен түн қатып туған аулына, анасына асығып келе жатқан шәкірт баланың алдынан шыға келген мөлдір бұлақ бастауын психологиялық, философиялық-эстетикалық арнада түрліше пайымдауға болады. Қалай болғанда да, *бұлақ* – ең алдымен көркем шығармадағы кейіпкердің ішкі психологиялық өмір ағысын, жалпы өмірдің үздіксіздігін, сонымен қатар адамның тылсым табиғат күшімен тығыз байланысын айшықтайтын маңызды символ. Жаяу сапардан әбден қажып, шаршап, шөл қысып келе жатқан жүргіншінің алдынан кез болған бастауды тым идеалдандырып, асқақ бағалауы да объективті шынайы шыққан. Дегенмен ірі перспективада назарға алынып, бажайланатын бұлақ картинасының әлдеқандай мистикалық негізі бар. Табиғаттың адам назарынан тыс өзіндік тылсым өмірін – жанды тыныс-тіршілігін аңғартар көрініс оқырман көз алдына келеді. Жер қойнауынан (Табиғат-Ананың құрсағынан) бүлкілдеп шыққан бұлақтың балықша шоршыған ағысы, шолпылдаған үні бір мезетте бұлақты сәбиге теңеген бейнелім көркем суретті өрнектейді. Және де, осыған бұлақтың саф тазалығы, пәктігі жайлы поэтикалық асқақтық бой көтереді. Домалақ ананың желеп-жебеуіне мегзейтін бұлақ басындағы осы көрініс бас кейіпкер Нариман өміріндегі жарқын келешектен хабар беріп өтеді.

Табиғат-Ананың адамзат қоғамы көп жағдайда аңғара бермейтін өзіндік дербес, тылсым өмір ағысы болатынын келесі үзіндіден де көреміз: «Тасты аяғымызбен таптап жүрміз. Таста жан жоқ деседі. Таста тамыр жоқ деп ғайбаттайды. Сандырақ! Таста от бар. От болса жаны бар. Жаным бар деп жүрген адамдардан артық. Өйткені адам кеудесіндегі от мың күн жанып, бір күн өшеді. Ал тастың тамырындағы от мәңгілік. Бірақ ол мен мұңдалап айқайламайды. Адамдар сияқты мақтанбайды. Таулардың өзі, тіпті қазір бораннан көрінбей тұрған Манас шыңның өзі, бүкіл Тәңіртаудың өзі От перзенті. Жердің ішек-қарны ақтарылып, от болып бұрқылдағанда таулар туған» [11]. Баяндау стилінде ғылыми негізден іргесі аулақ емес мифтік танымға шүбәсіз сену бар. Сайып келгенде, автор осы арада адам мен табиғаттың ізгі қасиеттерін салыстыра отырып, рухани-адамгершілік қасиеттің өзі табиғаттан тамыр тартатынын тілге тиек етеді. Жазушының пайымында, от – тастың жаны бар тіршілік иесі екенін дәлелдейтін мүлтіксіз айғақ. Қаламгер жан жылуын бөлісе алмайтын тасбауыр адамдардың жанында қара тастың қадірі артық екенін поэтикалық соны ой өрнегімен дәйектейді. Тіпті таулардың бағзы бір замандарда оттан жаралғанын алға тартқан автор тағы бір мәрте табиғаттың адамзат қоғамымен қатар тіршілік етіп келе жатқан өзіндік болмысын айшықтайды. Ерекше әсерлі ой.

«Қызыл жебедегі» Саймасай болыстың Рысқұлға жала жаппақ болып Қызыл жебені сойып тастағандағы сәтінде де от ар, күнә мотивтерімен сабақтастықта пайымдалады: «Қаталдық пен осалдық қатал жүреді. Өзінің қаталдығын ар алдында ақтауға осал адам өте шебер. Саймасай мына сұмдықтан ақталудың, өзіне күнә жолатпаудың себебі деп Қызыл Жебенің осы ауылдан шыққанын желеу қылады....

Қанды қолды, бетіне баттасып, кеберси қатып үлгірген қарақошқыл дақты су тазартқан. Бірақ, бір былғаныш сезімді көңілінен тазарта алмады. Қанша қасамдап жуса да, әлгі бәле беті-қолында әлі

жұғып тұрғандай әзірейіл әсерден арылу жоқ. Түптің түбінде ібілістей күнәні су тазарта алмақ емес. Дүниеде оттан таза нәрсе жоқ. Қылмысқа қылқынған пенденің күнәсін от қана тазарта алар. Сират көпірінен құлап, тозақ отында шыжғырылса ғана арамдықтан арылар. Соның өзінде отқа күйген бет пен алақанда мәңгілік қарғыс таңбасындай болып қарақошқыл дақ қалмаса [12]. Авторлық толғамда қолмен жасалған күнәдан бұл жарық дүниеге арылу мүмкін емес. Оны тозақ оты ғана жоюы мүмкін.

Ш.Мұртаза табиғаттың адамзат көзінен таса құпия тыныс-тіршілігін ерекше аңғарымпаздықпен зерделейді. Төмендегі түнгі пейзаж поэтикалық бейнелілік сипаты тұрғысында оқшау тұратын көркем көріністі өрнектейді. Табиғи құбылыстарды антропологиялық аспектіде пайымдайтын суреткердің қаламынан шынайы жанды картина шыққан. Басты кейіпкерлері: Жер мен Су. Жазушы ғаламның осынау екі стихиясының өзара қарым-қатынасын тіршіліктің қайнары ретінде бағамдайды: «Көшенің басынан түскен су аяғына жеткенше, яғни біздің тақтаға жеткенше қай заман?! Өйткені, арықтың өзі шөлдеп қалған. Әуелі арық қанып болмай, егінге су жоқ. Судан сол көз жасындай мөлдіреп, Ай сәулесімен арқасына алтын-күміс жалатқан жыландай жылжып су да келді.

Құлақты байлап, тарыға бұруымыз мұң екен, бірін-бірі үздіге-үздіге сағынысқан Жер мен Су аймаласып, топырақ толқып, жер балқып кеткендей болды. О жаратқан Құдірет! Біз, білімсіз бейбақтар, «жансыз» деп жүрген Жер мен Суды қалай ғана бір-біріне ынтық қылғансың?! Жер жарықтық, балбырап, ығыранып жатты. Су жарықтық, әлдебір ғажайып ән салды» [13].

Кейіпкердің рухани жан тебіренісін, ой үдерісін беруде Ш.Мұртаза от стихиясына аса мән береді. От – жылу мен жарықтың көзі, от – әлемдік мифологияда өмір символы; от образды мағынада жүректерде жанған үмітті көркем суреттейді.

«Қызыл Жебе» романындағы түнгі пейзаж аясында суреттелген от басындағы сценада оттың атқарар көркемдік функциясы ауқымды: «Заңғар таудың кеудесіне шығып отырған екі адам маздап жанған отқа үніліп қапты. Мейман қазақша білмейді, Рысқұлдың орысшасы «твая-маядан» артпайды. Тілі басқа, діні басқа екі адамға от ортақ. От олардың тілмашы сияқты. Дүниеде оттан таза нәрсе жоқ. Тіпті алмастың өзінде, алтынның өзінде ақау, кірбің болуы мүмкін. Ал, отта арамдық болмайды» [14].

Тілі, ділі бөгде екі жанның басын тоғыстырған оттың жылуында мифологиялық танымға сәйкес күннің сыпаты бар. Күн тіршілік иесін алаламайды, ол жылуы мен жарығын бәріне бірдей үлестіреді. Демек от та күн секілді құдіретті күшке ие. Оттың құдіреті оның мінсіздігінде, әділдігінде.

От символикасы арқылы автор Барсханның Мұртаза шаңырағындағы перзенттік ролін айқындайды. «Оттығымыз сөніп қалмаса екен деп, а Құдайлап жүргенде, бір түні үйіміздің боғат қамысы ызындап, терезе сыртында жазда гүлдеп, қыста курап қалған қарасора мен алабота суылдап, пештің кернеуі уілдеп қоя берді. Бәрі қосылып, әлем оркестрі жиһан күйін талмай күңіретті. Кейде маған Тәңіртау бораннан төңкеріліп, дөңбекшіп, жаралы динозаврдай аунақшып, өкіріп, бақырып жатқандай көрінеді.

...Періштелер мен диюлар қосылып, әлде арпалысып ән салған түн де өтіп, таң атты.

...Тұңғыш рет үйімізден от үзілді» [15].

«Түрлі халықтардың мифологиясында отты зерделеудегі көзқарас-пайымдар өзара ұқсас келеді, дегенмен от бейнесінің мәдени мәнге ие болатын жағдайлары да ұшырасады» [16]. Көркем тұжырымда үйден оттың үзілуі жақсылыққа деген үміт сәулесінің үзілуімен тең. Эпизодтық көрініс шығармадағы оқшау бір драмалық сценаға ұқсайды. Пеш көмейіндегі оты сөніп қалған үйдің құлазыған күйі мен сырттағы боран Барсханның психологиялық-эмоционалды дүниеқабылдау ерекшелігіне сай әлдеқандай қорқынышқы ертегілік көріністермен ассоциацияланады.

Романда сонымен бірге от (ошақтағы от) жанұяның, әулеттің өмір жалғастығын білдіреді. Ақ түтек боранда адасып жүріп, үйге от жеткізген Барсханның әрекеті ежелгі мифологиядағы Прометейді елестеткендей болады. Романның идеялық уәждемесі бойынша Барсхан жай ғана от ала келген жоқ, ол жесірлік қасіретін қайраты кеміген, жігері жасыған Айшаның жүрегінде үміт отын қайта тұтатты; өзінің есейгендігін, Айшаның арқасына түскен тұрмыстың ауыр жүгін жеңілдетер жанашыр болғанын білдіреді. Барсхан өзі алып келген шақпақ тастың көмегімен от тұтатқандағы үй ішінің қуанышы былайша суреттеледі: «Сыртта түнек тұрса да, біздің оқшау, жалғыз үйге Алланың ақ нұры жауғандай, үйдің іші, тіпті түкпірдегі ұраға дейін жарқырап кеткендей болды» [17]. Түркілік танымда от – күннің бір бөлшегі саналатыны белгілі. Романдағы Барсхан тұтатқан оттың жылуы мен жарығы осы шаңырақтағы әрбір жанның кеудесіне үміт сәулесі мен жылуын риясыз сыйлайды, перзент пен аға қамқорлығының шуағына бөлейді. «Алланың ақ нұры жауғандай, үйдің іші, тіпті түкпірдегі ұраға дейін жарқырап кеткендей болды» сынды көркемдік қолданыс, шын мәнінде, әкелінген оттың емес, баланың осы бір ерлікке тең әрекетін аллегория формасында білдіреді.

Нәтижелер. Жүргізілген талдаулар бойынша Ш.Мұртаза прозасындағы пейзаждық суреттемелердің негізгі авторлық ой-толғамдармен тығыз байланыста екендігі айқындалды. Қаламгер пайымындағы табиғат пен ландшафт бөлшектерінің символдық мәні өмірбаяндық тәжірибе, тарих, ситуация тұрғысында айқындалды.

Талқылау. Талдау нәтижелеріне сәйкес от, су, жер, ауа стихияларының Ш.Мұртаза поэтикасындағы өзіндік философиялық-эстетикалық мәні ашылып, көркем пейзаж феноменін зерттеудің маңыздылығы айқындала түсті. Табиғат стихияларының көркем туындыдағы концептілік сипаты жекелеген ұғымдық қабаттарының өзара байланысын анықтау арқылы дәлелденді.

Ш.Мұртаза туындыларында табиғат үнемі кейіпкерлердің эмоциялық жағдайының таңбасына айналады. Сондықтан да пейзаждық суреттеулер барынша субъективтендірілген сипат-белгілермен көрініс табады. Қоршаған ортаның сипаты белгілі бір дәрежеде қайта құрылып, өзінше оқшау көзқарас позициясынан зерделенеді. Осылайша, эмоциялық ахуалды білдіретін пейзаждық картиналарда «табиғат – жан» бірлестігі [жан диалектикасы] орын алады.

Қорытынды. Жоғарыда Ш.Мұртаза романдарындағы пейзаждық суреттемелердегі су, от, жер, аспан (әуе) стихияларына қатысты көркем суреттеулер талданды. Авторлық пайымдағы осы ұғымдардың философиялық мәні түрліше. Бірде жазушы халықтық наным-сенімге арқа сүйесе, енді бірде жеке тұлғалық тұжырым жасайды. Су – Ш.Мұртаза поэтикасында тазалықтың, қуаттың көзі болса, күн – мейірбандықтың, әділеттіліктің символы. От – өмір жалғастығының, болашаққа деген үміт мәнін білдіре отырып, авторлық толғамдардағы оптимистік сарынды аңдата алады. Ал Ш.Мұртаза жер – танымында тарихтың куәсі, бабадан қалған мұра, өзіндік тағдыры, ішкі ғұмыр-тіршілігі, адамға наласы бар әлем. Әр туындының жазылу кезеңі, кейіпкерлер тағдыры шеңберінде зерделейтін болсақ, ірілі-ұсақты лексемалардан құралатын осы концепт-бейнелер тарих, тағдыр ұғымдарымен бірлестікте пайымдалады.

Л.В. Миллердің «Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория», В.Г. Зусманнның «Концепт в системе гуманитарного знания» И.А. Тарасованың «Идиостиль Георгия Иванова: когнитивный аспект», «Художественный концепт: диалог лингвистики и литературоведения», Н.С. Болотнованың «Методики анализа концептуальной структуры художественного текста» сынды еңбектерінде әдеби концепт ұғымын зерттеудің түрлі әдістемелері ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Миллер Л.В. *Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория // Мир русского слова. № 4. – Москва, 2003. – 43 б.*
- 2 Зусман В.Г. *Концепт в системе гуманитарного знания [Электронный ресурс] // Вопросы литературы. № 2. – Москва, 2002.*
- 3 Тарасова И.А. *Идиостиль Георгия Иванова: когнитивный аспект. Саратов, 2003. – 235 б.*
- 4 Тарасова И.А. *Художественный концепт: диалог лингвистики и литературоведения // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. № 4 (2). – Нижний Новгород, 2010. – 742–745 б.*
- 5 Борисов А.А. *Концептообразующая роль пейзажа в литературе сентиментализма // Современные проблемы науки и образования. №2. Москва, 2014. – 78-86 б.*
- 6 Болотнова Н.С. *Методики анализа концептуальной структуры художественного текста // Слово – сознание – культура: Сб. науч. Трудов. Сост. Л.Г. Золотых. – Москва, 2006.*
- 7 Глазкова М.М. *Роль пейзажа в романе В. Максимова «Семь дней творения» // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – Москва, 2016. – Т. 15. – 411-415 б.*
- 8 Камардина Ю.С. *Роль пейзажа в романе Э. Бронте «Грозовой перевал» // Символ науки. №2 – Москва, 2016. – 134-138 б.*
- 9 Семенова Р.Э. *Природа как концепт духовно-нравственного мировосприятия в северокавказской прозе // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 2: Филология и искусствоведение. – №1 (134). – Майкоп, 2014. – 161-165 б.*
- 10 Мұртаза Ш. *Қара маржжан. Роман. // Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2002. Т.3. – 102-298 б.*
- 11 Мұртаза Ш. *Ай мен Айша. Роман // Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2002. Т.5. – 456 б.*
- 12 Мұртаза Ш. *Қызыл жебе. Роман. // Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2002. Т.1. – 504 б.*

13 Мұртаза Ш. Қара маржан. Роман. // Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2002. Т.3. – 192-193 б.

14 Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Роман. // Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2002. Т.1. – 22 б.

15 Мұртаза Ш. Ай мен Айша. Роман // Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2002. Т.5. – 171-172 б.

Барлық болмысымен толық ашылып, оқырман назарына ілігеді. Яғни әрбір кейіпкердің мойнына жүктелген көркемдік мақсат, идеялық салмақ айқындала түседі» [1, 480].

Жазушы кейіпкері барлық уақытта «сүттен ақ, судан таза» болып келе бермейді. Адамға, пендеге тән не орнықты, не оғаш көрінетін мінез-құлықтардың, қимыл-әрекеттердің бәрі де Мағзұм Тиесов кейіпкерлерінің бойынан шым-шытырық, қым-қиғаш күйінде көрініс тауып жатады. Адамгершілікті, адал еңбекті, тоғышарлықты, пендешілікті, әділдікті, пасықтықты, әйтеуір, моральдық категорияға сәйкес немесе содан алшақ жататын жетістік-кемшіліктерді стандартпен ғана өлшейтін, соған дағдыланған кейбір оқырмандар үшін Мағзұм Тиесов шығармалары түсініксіздеу көрінуі мүмкін. Ал, шынтуайтына келіп, адамдар тағдырына, замандастар әрекетіне, оның табиғатына тән нәрселердің сыйымды-сыйымсыз, ұнамды-ұнамсыз үйлесімі бойынша назар аударсақ, Тиесов кейіпкерлері жандүниесінің әр алуандығы, тосындығы мен күрделілігін түсінуіміз қай жағынан болса да, өзін-өзі ақтай алады. Осы орайда, «Әке, бала, келін», «Шын жүректен», «Дүниеқор» әңгімелеріндегі Батыржан, Топай, Айранбай, Жылтыр, Майқы, Сылқым, Қасиет сияқты кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеті әрі тосын, әрі күрделі қалпымен-ақ оқырманын баурап алады. Тиесов туындыларының қай-қайсысында болмасын, кейіпкерлер шын адасып немесе шын жаза басып, шын күресіп, өз діттегеніне жетіп жатады. Бұлардың азаматтық болмысына да, күрескерлік девизінде де – адамдарға тән нәрсенің бәрі тән. Солай бола тұра, Мағзұм Тиесов кейіпкерлері өздерінің бітім-болмысындағы, ішкі дүниесіндегі, әлеуметтік әрекетіндегі саф тазалықты жоғалтпай, соның әрқилы ситуациядағы температурасының құдіретімен өмірдің тіршілік атты сан тарау керуенінде, әр тарапта сапар кешіп жатады.

Бұған «Алтын сақинадағы» – араб қызы, «Туған жердегі» – Әлі би, «Орыс орманындағы» – Иван карт пен Анна, «Молданың сырқатындағы» – Жамақай, «Табиғат құшағындағы» – Мұстафа, «Кішкене достардағы» – Қарашаш пен Алтыншаш, «Ержеткендіктегі» – Асаубайлардың логикалық-психологиялық тұрғыдан нанымды, ширақ, динамикалы шыққан тұлғалары- бейнелері дәлел. Жазушының осы кейіпкерлері адамгершілік-әлеуметтік полкостің әр қиырында жүргенімен, оқырмандарын өздеріне жанашыр ретінде қарайтын ұнамды жақтары мол-ақ. Бұлардың көбі өзгелерден де биік адамгершілік, еңбекқорлық, адалдық, қайырымдылық, сезімталдық күтеді. Сондықтан да олар көркемдік әрі өмірлік қолдау тапқан тұста жоталанып, іріленіп кетер болса, ал кедергі тауып, зымияндық, пасықтық құрығына түсе қалғанда күйініп, оқыс әрекеттерден тайсалмай кететін көзсіз ерлікке барып жатады.

Дәл осы көріністі, әрекетті белгілі сыншы Сайлаубек Жұмабеков былайша тарқатады: «Мұндай құбылыстың өзі кейіпкерлердің донкихоттығын елемеген, характер қалтарысына үңілмеген адамға пендешілік максимализм сияқты көрінуі мүмкін. Алайда осындай ерекшеліктерді жазушы өз кейіпкерлеріне өмірден дарытып, өмірлік шындықты көркемдік- шыншылдық дәрежесіне көтергенде,

көңілде күдік тудырмайды. «Қарапайым өмір қандай күрделі! Күрмеуі, құйтұрқысы көп өмір қандай қарапайым!», – деген тұжырымға еріксіз тоқтайсың» [2, 110].

Осы орайда, Мағзұм Тиесовтің «Дүниеқор», «Молданың сырқаты», «Аю ене, ынжық күйеу» фельетон, сықақ әңгімелерінен әлеуметтік-көркемдік салмағы артқан, ойлы да күрескер күлкіге, өмірлік қораш-қарапайым жайттардың өнерге айналған шынайы болмысына үнемі тап боламыз. Қай-қайсымыз болмасын жанашыр суреткердің жанашыр күлкісіне, шарапатты күлкісіне дән риза боламыз. Өйткені бұл арада біз Анатолий Луначарский сияқты ұлы сыншының «Жалпы айтқанда, күлкі әрқашан адамның күлкі етіп отырған нәрсесіне деген үстемдігін аңғартады, [4, 58] – деген тұжырымы дәл бір Мағзұм Тиесов фельетондарына арнайы берілген әділ де дербес бағадай көрінетінін жасырмаймыз.

О баста-ақ тоқсан торапты, қырық шиырлы адам мінезі мен құлқы, оның пейілі мен пиғылы арқылы әлеуметтік өмірдің қатпар-қатпар астарларына үніліп келе жатқан жазушы бұл фельетондарында да сол шығармашылық композициясынан бір елі тайған жоқ. Қайта, оны бұрынғыдан да ширықтырып, бұрынғыдан да ширатып жіберіпті. Адам жаны мен әлеуметтік қатпар астарларынан бұрынғыдан да өрісті, бұрынғыдан терең мән мағына тауыпты. Тағы да жазушы ол терең мән мен гәпті шым-шытырық оқиға, алыс-жұлыс арпалыстан емес, күнделікті қарапайым өмірден тіпті, керек десеңіз, қарабайыр тіршіліктің өзінен іздейді. Күрделі ой айту үшін күрделі композиция да, тіпті күрделі сөйлем де құрып жатпайды. Небір астарлы ойлардың өзін сізге соншалықты оңай ұғындырып, жеңіл қабылдатқызады.

Мәселен, «Молданың сырқаты» шығармасында жазушы кейіпкерлерін былайша мінездейді. Саудабай молда өліп, оның орнын баса қалған дүмше Жамақай бір-ақ күннің ішінде өтірік шарифат соғып, кісіміп, талтандап, жүре алмай қалады. Бүкіл айналадағы елдің өлім-жітімі бір өзіне қарап қалғаны оңай ма? Жамақай аз күннің ішінде көкірегі ісіп, айналасының бәріне аспандай қарап, көпсіп сөйлейтін болып алды. Біреу ауырып қалса, соған тезірек өлім тілейтін халге жетті. Жамақай дүмшенің осынау харам пиғылын автор былайша кескіндейді: «Оразаның енді үш күні қалған түні терезе қағылады. «Сәресіге шақырған біреу болар деп ойлаған Жамақай баяу оянды, марғау тыңдады.

– Молдеке, оу, молдеке?

– Ләббай, ләббай!

– Жаназаға шақырып жүрмін!

– Ау, уау, не дейсің, жарқыным?

Жамақай өзінің терезе алдына қалай барып қалғанын сезбеді.

– Жаназаға деймін. Жаназаға!

– Кімнің жаназасы? Кім опат болды?

– Ұмсынай, Ұмсынай! Ертең жұмада жамбасы жерге тиеді!

Ерлі-зайыптылар қараңғы үй ішінде «Алла әкпар» деп беттерін бір сипады. Бұған ілесе екеуіне де автоматша сақ еткен ой: «Қай Ұмсынай? Әлгі... әлгі той жасайтын Ұмсынай болар...»

– Асықпай, сәресіңізді ішіп-ақ аттансаңызшы, бір қыдырау жер ғой, тойып алсаңыз! – деп өтінді Жәмила еріне. Бірақ жамағатының өтініші Жамақайды кідірте алмады. Өйткені басқа молдасымақтардан бұрынырақ жетіп, өліктің жамбасы жерге тигенше бір құран шығарып үлгерген молданың сыбағасы салмақтырақ болатынын бұл «шашы ұзын, ақылы қысқа қатын» біле бермейтін.

– Иә, Алла! – деп Жамақай аттанды.

– Иләһи, жолыңыз болсын! – деп бәйбішесі оны қолтығынан демеді.

– Ай қандай қараңғы еді, адасып кетпеңіз, – деп ескертті әйелі.

Өлген адамның ауылын көзге түртсе көргісіз қараңғыда да тауып бара алатынына шүбәсіз сенетін Жамақай жауыр торыны тепеңдей жөнелді де, түн түнегіне сүңгіп кетті...» [3, 176].

Сөйтсе, дүние салған бай Ұмсынай емес, үрерге иті, сығарға биті жоқ, қисық кебіс кемпір Ұмсынай болып шығады. Түн қараңғысында өліп, өшіп асығыс жеткен Жамақайға лақ та тимейді. Автор әрбір персонажының басынан өткен-кеткенді ғана емес, олардың кескін-келбетін, бет-ажарына дейін суреттейді. Айталық мынау шығарма қаһармандарының бірі, жаназадан тышқақ лақ та тимей түнеріп, өзі аш, діңкелеп қайтқан Жамақайдың портреті: «Осы кезде Жамақай келіп, сыртта аттан түсіп жатты. Дәрет ұсатты ма, аз кідіріп, үйге кірді. Өзі ораза, өзі ұйықтамаған, өзі сәресі ішпеген, өзі суық тиген, өзінің жолы болмай қайтқан «мұқылда» қандай кейіп-кескін болушы еді. Қалтасында барын қартаға ұтқызып қайтқан адам сықылды, ұнжырғасы түсіңкі, қабағы қатыңқы, белбеуі босап кеткен, алқа-салқа, әдетте қарыны көтеріп тұратын қаптал шапанының алдыңғы өңірі ұзарып, төмен түсіпті. Онсыз да аласа маңдайы біреу үлкен балғамен ұрып жібергендей жапырыя қалыпты. Баяғыда

татар саудагерлері киетін шойын шөңке тәрізді тоқал бөркі қас пен құлақты жұтып, көзге таман төніпті. Тек тең бүйірлі және шоқ бүйірлі екі бет өз орындарында. Олары да болжырап, төмен сарыққанға ұқсайды. Бетпен бет бола біткен мұрынның танаулары бір нәрседен үріккендей делдиді. Мұрынның суы ма, ауыздың буы ма – таңқита қырған ұртқа тоқпақтай болып мұз қатыпты...» [3, 191].

Міне, Жамақай – осындай кісі. Жамақайдың портретінде оқырманның есінде қалып қоятындай детальдар баршылық. Мысалы, оның алау-далау шапаны, тоқал бөркі, балғамен ұрып жапырайтқандай бір уыс маңдайы, бетіне жабысқан мұрнының танаулары көз алдыңызға келіп тұра қалса, әбден сілекпесі шығып, ыңыранған дауысы көпке дейін құлағыңның түбінен кетпейді. Қалай дегенмен де, жазушы өз персонажының қимыл-қозғалысын, сыртқы және ішкі пішімін оқырманның көкейінде қалатындай етіп кестелеп береді. Сонымен қатар автор Жамақайдың пішініндегі кейбір штрихтарды статистикалық портрет күйінде емес, Бейімбет Майлин шығармаларындағыдай қимыл мен қозғалыс үстінде көрсетіп, оқиғаны жандандырып, құлпыртып жібереді.

Бұл жердегі басты мәселе жазушы талантының күшті жағы – адам мінезін, жеке образдар жасай білуі, оқиғаны бір арқауға өріп, композиция құруға келгенде қамшы салдырмайтындығы. Мысал үшін «ндегі жағымсыз кейіпкер-тәуіпті алайық. Психологиясына ескіліктің қалдығы мол сіңген, сырты сүйкімді, айлалы әрі әккі тәуіп тұрмыстың жеңіл жағына бой ұрып, көпшілікті түрлі ем-дом жасап алдап бағады. Әдебиеттегі осындай ескі мен жаңаның күресін дәл байқаған сыншы, академик Серік Қирабаев былай дейді: «Қазіргі дәуірдегі әдеби қозғалыстың ең басты ерекшеліктерінің бірі – қалам иелерінің творчестволық инициативасының, азаматтық белсенділігінің артуы десе болады. Бұл сипат осы дәуірде туған, әсіресе бүгінгі заман тақырыбына арналған шығармаларда көбірек байқалады. Жазушылар өзінің Отан, халық алдындағы жауапкершіліктерін сезініп, өмір шындығын ескі мен жаңаның күресі негізінде тереңдей көрсете бастады...» [6, 109]. Осы орайда, Мағзұм Тиесов жағымды кейіпкердің аузына сыры кеткен құрғақ ақыл салмай, оның қолына сатираның өткір құралын ұстатқан. Мұндай сәтті жаңалықты ескермеуге болмайды. Енді Болман ақынның зұлым тәуіпті қалай елден бездіргеніне тоқтала кетейік: «Әкем де бетімнен қақпады. Домбыра тартып ән саламын. Жүрген жерім – ойын-сауық, күлкі. Бір жылы ел жайлауда еді. «Ұлсызға ұл, қызсызға қыз беретін бір тәуіп келді, әулие» деген лақап дүңк ете қалды. «Үшкіргені ем екен, түкіргені дәрі екен. Екі рет дем салғанда, Төкебайдың тоқалының мұрны да тәуіп болыпты» десіп жүрді жұрт. «Арманыңды айтып береді, күнәнді көзіңе айтады» дегенге жұрт пірәдар болуға айналды. Ойын-сауық былай қалды. Ел қайда болса, ақын сонда. Әулие жатқан ауылға біз де келдік. Оңаша үй тігіпті. Ығы-жығы адам. Әулие тұрғанда, ақын адыра қалған сияқты. Ешкім бізді елең қылар емес. «Бұл үйде не намаз тұрар, не мен тұрармын», – деп Қожанасыр айтқандай, не әулие, не біз тұрармыз деген ойға келдік, өңшең жас жігіттер. Бір топ жігіт бас қосып ақылдасып едік, біреулері әулиенің атын сойып тастайық десті, біреулері жұрттан алған ақшасын құртайық десті. Ақырында, келіншек болып, әулиенің қасына түнеуге келістік. Кім келіншек боладыға келгенде, біз бүлдіріп аламыз, сақал-мұртың да жоқ өзің бол деп, бәрі маған жалынды. Бол дегенде болмайтын несі бар. Бір үйге келіп, ұзын көйлек пен кимешекті киіп жіберіп, әдемі келіншек болдым да шықтым. Мұны білген қыз-келіншек біздің соңымызда. Ел жатты. Жұрт аяғы басылды. Бірақ әулие жатқан үйден адам арылар емес. Ең ақырында кезек маған келді.

– Бері кел, мүсәпірім, берегірек, – деп әулие мені мүсіркеп қасына шақырды. Таяу келіп, төмен қарап отырдым. «Бұл бақыр не тілекпен келді екен, ә», деп пірімен сөйлескен адамша өзі күбірлеп отырды да, қай жерім ауыратынын сұрады. Тамырымды ұстай бастады. «Еш жерім ауырмайды, әншейін бала көтермей... тамырымды ұстатайын деп...» Аяқ жағын айта алмай, тағы да төмен қарадым.

– И-и-и, пақыр-ай, жап-жас қана көгершінім екенсің. Болар бала, болар. Пірім жар болса, болар, – деп иегімен қағып-қағып қойды. Екі қолымен алақанымды уқалап, ішіп-жеп барады. Демалысы жиіленіп, аузына басқа сөз түспей: «Пірім жар болса, пірім жар болса», – деп біраз отырды да, «Енең жіберді ме, ерің жібереді ме?» – деді әулие бір кезде. «Екеуі де «бар-бар» деп болмағаны...» деп томсырадым. «Қандай жақсы адамдар еді. «Пиғылдарың пәк екен, өзің ықыласты болсаң, пірім жар болса, – деп мені өзіне тартып құшақтай бергенде, сыртта сығалап тұрған жігіттер қатты күліп жіберді. Әулие «сұбхан алла», – деп жан-жаққа қарады. Мен зыта жөнелдім.

Ертең жылқы келісімен, әулие тайып отырды. Жұрт қырылып күліп жатыр.

Сол жылы, сол жайлауда су сепкендей болып басылып қалған ойын-сауыққа жолды осылай бір ашып едік». Міне, біз көлемі біршама болса да, Болман ақын мен сұрқия тәуіптің шарпысуларынан хронология сақтай отырып, жоғарыдағы бірталай мысалдарды саналы түрде, әдейі мол келтірдік.

Мағзұм Тиесов шығармаларының бойындағы көркемдік ажар-әрдің қарапайымдылығы мен күрделілігінің тамыры осында жатыр. Автордың суреткерлік стиль-машығын айқындайтын басты сипаттар да – осылар. Сондықтан болса керек, кейде уытты мысқылға (иронияға) ұласатын жып-жылы юморды, болмаса кейде шарықтаған әсірелеуге (гротескіге) айналып кететін сатиралық элементтерді қаламгер туындыларының тұла бойынан мол ұшыратамыз. Мысалы, «Осы бір алыстағы ауылдың шеткі көшесіндегі жерге жабысқан соқыр терезелі үйге көктем де әсер етпеді. Үй қожасы Жамақай күнді сүймейтін. «Біреу өлмей, біреу күн көрмейді» деп Саудабай молда өлгелі Жамақай жатқа білетін аят, сүрелер маңырап тұрған мал болып алды. «Құл-қуалласы» – қой, «алхамдилләсі» – ақша болғалы, жап-жас Жамақайды еңбек атаулыдан бездірді. Ораза молданы бордақылайтын ай ғой. Дегенмен Жамақайды жүдетіп шығаратын үйлер де көп» [3, 171].

Қорытынды. Мұның басты мақсаты – юмор араласқан шынайы көркем әңгіменің ерекше ықыласпен оқылатындығы, сонымен қатар Мағзұм Тиесовтің суреткерлік түйсік-танымын қапысыз танытатынын аңғарту. Екіншіден, сол кездегі ең көркем юмордың қандай дәрежеде көрініс тапқанын саралау. Үшіншіден, сол кездегі сарказммен киюласқан көркем әңгіменің әлеуметтік-рухани өткірлігін, принциптілігін, суреткер Мағзұм Тиесовтің қаламгерлік таланты мен болмысын көз алдымызға бар болмысымен көрсету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана, Күлтегін, –2002. – 528 б.
- 2 Жұмабаев С. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, Ан-арыс, 2008. – 1-т.– 288 б.
- 3 Тиесов М. Молданың сырқаты // Қазақ әдебиеті. – 1961. – 14 апрель
- 4 Луначарский А. Художественный образ и действительность // Теория литературы, изд. Ан СССР. – 1962. – 58 с.
- 5 Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. Сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, Жазушы, 1976. – 300 б.
- 6 Тиесов М. Дала перзенті. Повесть, әңгімелер, ертегілер - Алматы, Сөздік-словарь, 2005 - 392 б
- 7 Тиесов М. Жиделібайсынжерінде. Әңгімелер мен очерктер жинағы. – Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1959. – 144 б.
- 8 Discourse: Leader and the Modern Literature\\ Revista de Ciencias Humanas y Sociales (UNIVERSIDAD DEL ZULIA) №89, (2019)

Referenence:

- 1 Nūrğali R. Qazaq ädebietiniñ altyn ğasyry. – Astana, Kültegin, –2002. – 528 b.
- 2 Jūmabaev S. Tañdamaly şyğarmalary. – Almaty, An-arys, 2008. – 1-t.– 288 b.
- 3 Tiesov M. Moldanyñ syrğaty // Qazaq ädebieti. – 1961. – 14 april
- 4 Lunacharski A. Hudojestvennyi obraz i deistvitelnöst // Teoria literatury, izd. An SSSR. – 1962. – 58 s.
- 5 Qirabaev S. Ädebiet jäne дәuir talaby. Syn maqalalar men zertteuler. – Almaty, Jazuşy, 1976. – 300 b.
- 6 Tiesov M. Dala perzenti. Poves, äñgimeler, ertegiler - Almaty, Sözdik-slovär, 2005 - 392 b
- 7 Tiesov M. Jidelibaisynjerinde. Äñgimeler men ocherkter jinağy. – Almaty, Qazmemkörkemädebbas, 1959. – 144 b.
- 8 Discourse: Leader and the Modern Literature\\ Revista de Ciencias Humanas y Sociales (UNIVERSIDAD DEL ZULIA) №89, (2019)

МРНТИ 17.82

Тебегенов Т.С.,¹ Есіркепова Г.Е.,² Айтимов М.К.³

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

³ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

АБАЙТАНУ – ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Абай дүниетанымының қазіргі заманғы философия, педагогика, психология, мәдениеттану, әлеуметтану (социология), саясаттану (политология) ғылымдарымен сабақтастығын

жаңаша сараланып, Хакім шығармаларының діни-исламдық ағартушылық еңбектермен үндестігін, сабақтастығын ғылыми-теориялық тұрғыда жаңаша пайымдайды. Сонымен қатар, Абай туралы жазылған жаңа әдеби шығармалардың негізгі прототиппен, қазақ тұрмысын көркем шындықпен бейнелеу сырлары зерделенеді. Абай және оның дәстүріндегі классикалық әдеби мұраларды өнер психологиясы тұрғысынан зерделейтін кешенді жаңа зерттеулер жүргізу. Абайтану – қазақтың рухани мәдениетін зерделеудің кешенді саласы, сондықтан – қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері. Абай шығармаларының шетелдердегі қазақ диаспоралары арасындағы таралуы, мектептеріндегі оқытылуы мәселелерінің ғылыми-әдістемелік негіздерін, бағдарламаларын әзірлеу мәселелері де мақалада сөз болып, Абайтанудың қазіргі заманғы өзекті мәселелерінің жаңа зерттеулері мен бағдары айқындалады.

Түйін сөздер: әлемдік өркениет, рухани мәдениет, қазына, Абайтану тарихы, классикалық әдебиеттану

Tebegeenov T.,¹ Esirkepova G.,² Aitimov M.³

^{1,2} *Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

³ *Kyzylorda State University named after Korkyt Ata,
Kyzylorda, Kazakhstan*

ABAYSTUDIES- SPIRITUAL TREASURE OF KAZAKH CIVILIZATION

Abstract

This article reveals in a new way the relationship of Abay's worldview with modern philosophy, pedagogy, psychology, cultural studies, sociology, political science; from a scientific and theoretical point of view, the harmony of the poet's works with the works of religious educators of Islam is substantiated. Along with this, the article explores the image of the prototype in new literary works about Abai, the objectivity of the description of Kazakh life in them. Abaeology is a comprehensive branch of the study of the spiritual culture of the Kazakh people, so modern Abaeology is one of the relevant topics. A set of new studies is needed to study the classical literary heritage of Abay and its traditions from the point of view of the psychology of art. The article touches on the problems of the popularity of Abay's works among the foreign Kazakh diaspora, developing a program, the scientific and methodological foundations of studying Abay's work in their schools. New directions of research in this area and contemporary topical problems of Abaystudies are determined.

Keywords: world civilization, spiritual culture, treasury, history of Abaystudies, classical literary criticism

Тебегенов Т.С.,¹ Есиркепова Г.Е.,² Айтимов М.К.³

^{1,2} *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан*

³ *Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
г.Кызылорда, Казахстан*

АБАЕВЕДЕНИЕ- ДУХОВНАЯ СОКРОВИЩНИЦА КАЗАХСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Аннотация

В данной статье по-новому раскрывается взаимосвязь мировоззрения Абая с современной философией, педагогикой, психологией, культурологией, социологией, политологией; с научно-теоретической точки зрения обосновывается созвучие произведений поэта с трудами религиозных просветителей ислама. Наряду с этим в статье исследуется образ прототипа в новых литературных произведениях об Абае, объективность описания в них казахского быта. Абаеведение- комплексная отрасль исследования духовной культуры казахского народа, поэтому современное Абаеведение – одна из актуальных тем. Необходим комплекс новых исследований, изучающих классическое литературное наследие Абая и его традиции с точки зрения психологии искусства. В статье говорится

о популярности произведений Абая у зарубежной казахской диаспоры, затрагиваются проблемы разработки программы, научно-методических основ изучения творчества Абая в их школах. Определяются новые направления исследований в этой области и современные актуальные проблемы Абаяведения.

Ключевые слова: мировая цивилизация, духовная культура, сокровищница, история Абаяведения, классическое литературоведение

Кіріспе. Қазіргі Қазақстан – әлемдік өркениеттегі өзіндік орнымен танымал мемлекет. Тәуелсіздік жарияланған жаңа тарихымыздың алғашқы жылдарынан бастап осы уақытқа дейін қазақ даласының ежелгі сақ, ғұн, түркі дәуірлерінде негізгі қаланған қазақ даласының руханият мұралары бүгінгі заман жетістіктерімен сабақтастырыла қайта қарастырылуда. Қазақ даласының руханият мұраларының ғасырлар бойы әлемдік өркениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып келгендігі мемлекетіміздің саяси-идеологиялық, экономикалық бағдарламалары аясында жүзеге асырылып келеді. Әлемнің географиялық картасында Қазақстан Республикасы атты жаңа мемлекеттің бұрынғы мыңжылдықтарда қалыптасқан материалдық және рухани мәдениеті бар екендігін дүниежүзілік өркениетке даламыздың руханият мұралары арқылы таныту шаралары басты назарға алынды, жүзеге асырылды. Абай Құнанбайұлының, Махамбет Өтемісұлының, Мұхаммед Хайдар Дулатидың, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Әлкей Марғұланның БҰҰ-ның ЮНЕСКО (білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі комитеті) бағдарламасы бойынша әлемдік деңгейде аталып өткізіліп келе жатқаны – ұлттық руханият мұраларының бүкіләлемдік өркениет жетістіктерін құрайтындығының көрсеткіші.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс» атты тарихи мәлімдемесінде ұлттық және әлемдік руханият мұраларын сабақтастыра қарастырудың дәуірнамалық міндеттерін атап көрсетті. Әсіресе, Елбасының мына пікірі қазақ мәдениетінің мұраларын жинақтауға, жаңаша зерделеуге соны серпін әкелді: «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну – бұл өзі Тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс. Мұның ар жағында қоғамдық сананың қалыптасуы, ұрпақ тәрбиесі секілді үлкен міндеттер жатыр. Бұл міндеттерді жүзеге асыруды біз экономикамызды өркендетумен қатар жүргізіп келеміз. ... Ендеше сол ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманаттау – «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуға тиіс» [1,1]. Демек, қазақ даласының руханият мұрасы және оның қазіргі заман тарихымен сабақтас жүріп жатқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі мыңжылдықтар белестеріндегі адамзат ұрпақтары көркемдік ойлау дүниетанымының кеңістігін танытады. Бұл – біздің мемлекеттік тұғырнамамыздың, Елбасымыздың ұсынған бағдарламаларының шынайылығын дәлелдейтін көрсеткіштердің бірі.

Нәтижелер мен талқылау. Абайтану – қазақтың рухани мәдениетін зерделеудің кешенді саласы. Абайтану – сан салалы ғылымдар салаларын қамтитын аса күрделі дүниетаным әлемі. Абайтану – қазақтың ұлттық мәдениетінің өркениет деңгейіндегі көрсеткіші. Абайтану әдебиеттану (әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны, мәтінтану, салыстырмалы әдебиеттану, көркем аударма), фольклортану, этнография, көркемөнер, өнертану салалары бойынша (Абай тұлғасының прозалық, поэзиялық, драматургиялық шығармаларда, опера, мүсін (скульптура), сурет, кино туындыларында) бейнеленуі, Абайдың композиторлық өнерін, әндерін, өлеңдеріне жазылған әндерді зерделеу) қарастырудан, Абайтанудың бұдан басқа көрнекті салалары тіл білімі, тарих, заң, философия, мәдениеттану, педагогика, психология, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымдарын қамтитын еңбектерден құралады.

Абайтанудың тағы бір арнасы – Абай шығармаларының әлем халықтары тілдеріне (ағылшын, араб, қытай, моңғол, чех, эзирбайжан, қарақалпақ, қырғыз, молдаван, латыш, өзбек, татар, түркмен, ұйғыр, украин, орыс, т.б.) аударылуы.

Абайтанудың қалыптасу, даму кезеңдерін зерттеушілердің (М. О. Әуезов, М. Мырзахметов, Ж. Ысмағұлов, т.б.) еңбектеріне сүйене отырып былайша жүйелейміз:

Абайды танудың алғашқы кезеңі. Ақын шығармалары XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы қазақтың тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастары жүйесінде өлеңдерінің қолжазба көшірмелерінің таралауы, Көктума, Қарамола, Балқыбек съездеріндегі әділетті үкімдер айтып халық мүддесін қорғаушы ретінде танылуы («Бипаның сөзі» дастаны, «Біржан–Сара айтысы», т.б.), рушылдық тұрғыдан да бағалау (Қуанышбай, Шортанбай ақындардың өлеңдері) [2, 8-12].

Абайтанудың алғашқы кезеңіндегі көрнекті мәселе – шығармаларының жариялануы: «Дала уәлаяты» газетінде («Жаз», «Болыс болдым, мінекей», «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Князь блан «Зағифа» киссасының құрылысында «Сынағандағы аттың сыны», «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ») Бүркітші («Қансонарда бүркітші шығады аңға») [2, 16-17] өлеңдері жарық көрді.

Зейнелғабиден ибн-Әміре әл-Жауһари әл-Омскауидің «Насихат Казахия» (Уфа: Шарх баласы, 1909) кітабындағы «Тобықты Ыбырай марқұмның сөздерінен» бір топ өлеңі, Мұхамед сәлим Кәшимовтің «Сұлу қыз» жинағындағы (Қазан, 1909), «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңдері [2, 19-20] жарық көрді.

Профессор Мекемтас Мырзахметов аталған деректерді жүйелей отырып, Абайдың мұрасын зерттеушілердің, насихаттаушылардың алғашқылары еңбектерінің деңгейлеріне баға береді:

«Абай қайтыс болғаннан кейін оның әдеби мұрасын, халықтық мұрасын халықтық тұрғыдан бағалап, қолдан келгенде аянбай әрекет еткен қалам қайраткерлері де болды. Бірақ бұлар ақын мұрасын әртүрлі дәрежеде таныса да, ол дәуірдегі әдеби сынның толыспаған жағдайына байланыста үлкен талап қоярлық дәрежеге көтеріле алмады. Олар ақын мұрасын қазақ тілінде шығатын баспасөз арқылы насихаттауды Абай қайтыс болғаннан кейін-ақ көп ұзамай қолға алды. Бұл жолда азды-көпті еңбек етіп, Абай мұрасын танытуда, бағалауда өзіне тән үлес қосқан Бөкейханов, Зейнелғабиден ибн Әміре әл-Жауһари әл-Омскауи, Кәкітай Ысқақов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Самат Әбішұлы сияқты революцияға дейінгі қазақ қауымының қоғамдық ой-санасының демократиялық-ағартушылық бағатындағы интеллигенттер тобы еді» [2, 23].

Абайтану тарихында ақын шығармаларының тұңғыш жинағын құрастырған Кәкітай Ысқақұлының, Абай ақындығын үлгі етіп жырлаған Шәкәрім, Мағжан, Міржақып, Сұлтанмахмұт және кейінгі кезеңдер ақын-жазушыларының өнегесі де Абайтану арнасында бағаланады.

XX ғ. басындағы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің бетінде жарияланған Абайға арналған мақалалар да Абайтанудың жаңа белесі боп саналады.

Ғалым-ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» мақаласындағы («Қазақ», 1913, №43) бағалаулары – Абайтанудың барлық салаларының алтын арқауы:

«Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.

...Қай жерде ақындар жайынан я ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. ...Сөзі аз, мағынасы көп терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін сөйлеп дағдыланған адамдар болмаса, біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан, Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ сол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болған кемшілік.

...Не нәрсе жайында жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік артық. Ол оқушылық артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған.

...Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарушы, өнеге жайғыш болған» [3, 71-73].

Алаштың әлемдік деңгейдегі ғалым-ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың осы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы адамзат ақыл-ойының алыбы хакім Абайдың шығармашылық дүниетанымын бағалаудың ғылыми-теориялық методологиялық бағдарлы негізі болуымен маңызды. Бұл – қазақ әдебиеттануы ғылымының әлемдік классикалық зерттеулері деңгейіндегі еңбек. Ғалым-ұстаз, ағартушы қайраткер Ахмет Байтұрсынов 1903 жылы Абай сөздері жазылған дәптерден ақын өлеңдерін алғанын, 1904 жылы жарық көрген тұңғыш кітабының бүкіл қазақ даласына таралуының маңызын айтады. Еңбекте Абайдың елағалары, би-шешендері болған аталарының (Ырғызбай, Өскенбай), би-шешен, аға сұлтан болған әкесі Құнанбайдың, анасы Ұлжанның тектік өнегелі тәрбиелік ықпалымен қалыптасқанын, 4 жыл медреседе мұсылманша, 3 айдай орысша да білім алып, 15 жасынан бастап әкесі Құнанбайға сенімді қолдаушы серік, елге танымал тұлғаға айналғанын саралап баяндап бағалаған:

«Жиырма жасында ел биігіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған. Ел ішінде сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендердің сөйлеген сөзі, көсемдердің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұласымды әзілдер, мақалдар, мәтелдер сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Заман бұрынғыдай болса, Абай Алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарап туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған» [3, 72]. Бұл – Абайдың ғұмырнамасын ғылыми-танымдық тұрғыда бағалауларға тиянақты негіз салған аса құнды пікір.

Ұлт ұстазы, ғұлама Ахмет Байтұрсыновтың хакім Абай өлеңдерін «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабындағы ғылыми-теориялық талдаулар нысанында арнайы топтастырылған өлеңдерді, тақырыптармен қолданғаны да кейінгі толқын зерттеушілер үшін өнеге-үлгі болды: «Абайдың әйелді сымбаттауы», «Абайдың күзгі күнді сүгіреттеуі», «Абайдың эн мен күйді сөзбен сипаттап танытуы» («Көрнек өнерінің тараулары» бөлімінде); «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» («Сөз өнері» бөлімінде); «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» («Шығарма сөз» бөлігінде); «Ақ киімді, денелі ақ сақалды», «Асау, терең долданып, буырқанып» («Кейіптеу» бөлімінде); «Ант ішкен күнде берген жаны құрсын» («Мегзеу» бөлігінде); «Барма топқа шақырмай» («Әсерлеу, лептеу» бөлігінде), «Алыстан сермеп», «Ем таба алмай», «Білімдіден шыққан сөз», «Бойы бұлған» («Өлең шығару» бөлімінде); «Алыстан сермеп» («Шумақ түрлері» бөлігінде); «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы», («Өлең ағындары» бөлігінде), «Адамның кейбір кездері» («Сөгіс толғау» бөлігінде) [4, 7-174].

Бұл – хакім Абай шығармаларын оқыту мен ғылыми-зерттеу жұмыстары айналымына енгізудің көрнекті үлгісі.

Абай шығармаларының басқа тілде (орыс тілінде) жариялану бастауында «Дала уәлаяты» (1889), Алекторовтың жарияланғандары (1896) аталады, бірақ олары Көкбайдың атымен берілген. «Абай өлеңдерімен орыс жұртшылығының танысуы 1914 жылғы Шығыстану институтының «Әл-Шархият» жинағынан басталады. Бұл жинақта Абайдың аударылған төрт өлеңінің қарасөзбен мазмұны ғана берілді. Ол өлеңдер: 1. «Лето» («Жаз») – аударған Сатылған Сабатаев. 2. «О любви» («Желсіз түнде жарық ай»), «Поэт» («Адамның кейбір кездері»), «Пожалейте меня» («Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?») өлеңдерін Нұрғали (Нұқ) Рамазанов (Ақтөбелік) аударған.

Бұдан соң (Сибирский студент) журналында Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңі шығады («Сибирский студент», 1915, № 3-4). Революцияға дейін орыс жұртшылығының қазақтың ұлы ақыны Абайдың шығармасымен таныстығы осылармен шектеледі» [2, 48].

Абайтанудың әдебиеттанудағы бұдан кейінгі кезеңдері бірнеше бөліктерден (1918–1926 жж.; 1926–1940 жж.; 1940–1945 жж. – проф. М. Мырзахметовтің жүйелеуі) құралады.

1945 жылы Абайдың 100 жылдық мерейтойы атап өтілді.

Абайтануға арналған алғашқы әдебиеттанудағы көрнекті еңбектер: Ә. Бөкейханов «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» (1905) (азанама мақала); К. Ысқақұлы мақаласы «Абай (Ибрагим) Құнанбайұлының өмірі» (1909 ж. тұңғыш кітаптағы мақала); А. Байтұрсынов – «Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибрагим) Құнанбаев» (Қазақ, 1913, № 40, 43); М. Дулатов – «Абай» (Қазақ, 1914, 23 июнь, №67); М. Әуезов, Ж. Аймауытов «Абайдың өнері («Екеу» деп қол қойған) һәм қызметі» («Абай», 1918, № 2); 20-40 жж.: І.Жансүгіров, Ғ.Сағди, С.Мұқанов, Ғ.Тоғжанов, І.Қабылов, Ы.Мұстамбаев, Қ.Жұбанов, З.Шашкин, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншіәлиев, Қ.Мұхамедханов, Ә.Жиреншин, З.Ахметов, Қ.Бисембаев, Р.Сыздықова, Т.Әлімқұлов, Қ.Өмірәлиев, А.Нұрқатов, М.Бөжеев және т.б.

Хакім Абай мұрасының әлемдік классикалық әдебиеттану деңгейінде зерттелуінің үздік көрсеткіші – Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы (1845-1904) атты монографиясы [5, 133-384].

Бұл монография – Абай Құнанбайұлының өмірі мен ақындық еңбегі тұтастай қамтып қарастырған көлемді тұңғыш іргелі еңбек. Монографияның кіріспесінде Абайдың өмір сүрген дәуірі, тарихи-әлеуметтік ортасы, қоғамдық-тұрмыстық қарым-қатынас мәселелері жүйеленген. Монографияның негізгі тарауларында Абайдың әдеби мұрасын («Абайды тану», «Абайдың өмірбаяны», «Абайдың жас шағындағы шығармалары», «Абайдың лирикасы», «Абайдың поэмалары», «Абайдың аудармалары», «Абайдың қара сөздері»), ақынның шәкірттерінің шығармалары («Ақылбай шығармалары туралы», «Мағауияны шығармалары») тарихи-поэтикалық, ғылыми-теориялық талдаулармен жүйелене сараланып бағаланған. Абайдың композиторлығы, жанына құсбегілерді, аңшы мергендерді, атбегілерді, балуандарды, жыршыларды, әншілерді жинап,

олардың өнерінің эстетикалық ұлағатын халыққа таратуы да деректермен баяндалған. Жоқшылық салдарынан ұры боп жүргендердің түзу жолға түсуіне көмектескені, елішілік дауларда әділ төрелік еткен би-шешендігі туралы деректер де Ұлы Дала тұлғасының халықтық-педагогикалық ұлағатын танытқанын бағалайды. Осы арада, қазақ өркениеті тарихындағы халықтық-педагогикалық қызмет дәстүрін ұстаздық-тәрбиешілік жұмыстарымен жүзеге асырған хақим Абайдың өнегесі туралы Мұхтар Әуезов пікірінің аса маңыздылығын атап көрсетеміз:

«Өзінен туған бала мен айналасын қоршаған ініге Абай істейтін ұстаздығы бір алуан. Олардан ақын, білгір, оқымысты адамдар, ел қайраткері сияқты ересек азаматтар өсіріп, білімді адамдарды достастырып жүреді. Сол тәрбиешілік, ұстаздық мінезді үлкен емес, мектеп жасындағы балаларға да көп істеген. Абайдың қолында, аулында өскен шәкірт балалар, жас қыздар, көп келіндер де Абайдың алдын көріп, көп-көп өсиеттеріне қанып қалған. Әрқайсысының шамасына қарай, өзінше ұстаздық, тәрбиешілік үлгі, өрнек табады. Жас балаларға өлең, тақпақтар жаттату, қыз немерелеріне ертегілер айтқызу, ән салғызу, малшы көршілерге де ертек-аңыздар айтқызып отыру, соны өзі елтіп тыңдау аса көп болған. Абай үйі бөгде қонақ, үлкен кісілер жоқта неше алуан қызық ермек, халық сауығының үйі болады. Осындай дағдыдан барып Абайдың досы Баймағамбеттей ертекшілер ысылып, ұстаз көріп шығып, кейін Абай айтқан әңгімелерді үлгі етіп көпке таратқан. Сондайлық тәрбие, үлгі-өсиет үстінде Абайдың өлеңдерін өз аузынан ұғып жаттаған Пәкизат, Уәсилә, Әсия, Рахима сияқты оқымысты, тәлімді қыздар өсіп, ұзатылар алдында жасау сандықтарының түбіне ең асыл бұйым етіп Абайдың өлең жинағын әкететін болған. Балалықтың мінезін, сырын білген, қаталдық еткен, ата-ананы Абай үнемі мінеп отырған. «Балаға ақылын бұрын бермей, ашуын бұрын берген атадан бала үлгі ала алмайды. О да ашуланады» дейді.

...Осындай жас атаулының бәріне көнтерлі кең, дос-жар аға, көпке мәжілісі ортақ ұстаз болғандықтан Абай маңынан елдің талапкер, өнерлі, саналы жасының бәрі арылмаған. Үнемі айналасын, аулын, үйін қоршап, Абай тәрбиесін кең алып, мейлінше қызықтап жүрген» [5, 219-220]. Әлем әдебиетінің классигі, суреткер жазушы, ғұлама Мұхтар Әуезовтің Абайдың ғұмырнамасын, шығармаларын толық қамтып зерделеуінің аясында туындаған «Абай жолы» роман-эпопеясы да ғылыми-әдеби шығармашылық еңбектің үздік жетістігі екендігі әлемге аян.

Абайтанудағы 70–90-жылдардағы көрнекті еңбектері: Т. Әлімқұлов «Жұмбақ жан» (1972); Р.Сыздықова «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1970); Т. Қожакеев «Абай және сатира» (1925); Б. Ғабдуллин «Эстетические воззрения Абая» (1971); Ә.Қалмырзаев «Эстетическое в творчестве Абая» (1979); «Абай тілі сөздігі» (1968), ҒА Тіл білімі инс. А.Ысқақовтың баян.; М. Мырзахметов «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» (1982); Г.Бельгер «Үндестік» («Созвучие»); Абай тағылымы (1986); З.Ахметов еңбектері (Абай дәстүрі, орыс әдебиеті мен байланысы, аудармалар, Абай өлеңдерінің құрылысы); Қ. Жарықбаев «Абайдың педагогикалық-психологиялық көзқарастары»; «Абай» журналының (1992) шыға бастауы; Ғ.Есім. Хақим Абай; З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі»; М.Мырзахметов «Абайдың адамгершілік мұраттары»; Қ.Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері»; Ж.Ысмағұлов «Абай: ақындық тағылымы»; Қ.Салғарин «Таным баспалдақтары».

1945 жылы академиялық толық жинағы жарияланды, бұл нұсқа жетілдіріліп осы уақытқа дейін (1986 ж.; 1995 ж.; 2004 ж.) үздіксіз жарияланып келеді. Қазақ әдебиеттануы ғылымындағы Абайтану саласының ғылыми-теориялық негізділігін қалыптастырған, кең көлемде дамытқан Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің еңбегі – ұлттық мәдениетіміздің кемел көрсеткіші. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы Абайтану бөлімінің ашылғаны, Абайтану пәнінің жоғары оқу орындарында оқытылып келе жатқаны – алыптар арманының жүзеге асқанының көрсеткіштері. 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы БҰҰ ЮНЕСКО (UNESCO, United Nations Educational Scientific and Cultural Organization) бағдарламасы бойынша әлемдік көлемде тойланды.

Көрнекті жазушылардың тарихи-публицистикалық көркем-әдеби шығармалары (Д.Досжанов «Абай айнасы» (1994), Т.Медетбек «Менің Абайым», Р.Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» (1996), т.б. – осы жаңа тарихымыздың тың туындылары. Хақим Абайдың көркемөнер салаларындағы бейнеленуі (поэзиядағы арнаулар, драматургиядағы (М.Әуезов «Абай» трагедиясы; М.Әуезов «Абай: Әдеби сценарий; Әуезов М. Абай: Кинодрама; Әуезов М. Абай: Либретто), музыкадағы (композиторлығы, Жұбанов А., Хамиди Л. «Абай» операсы, Абай өлеңдеріне шығарылған әндер), Абайдың мүсін, сурет, киноөнердегі бейнеленуі, т.б.) – бәрі де Абайтанудың кешенді әлемін қамтиды.

Қазіргі Тәуелсіз Қазақстан жаңа тарихында бірқатар мемлекеттердің қалаларында Абай орталықтары (ҚХР Шыңжаң өлкесі Іле педуниверситеті, Түркия, Вьетнам университеттері, т.б.)

ашылды. Қазіргі Абай мұрасын адамзат халықтары ойшылдарымен (Сократ, Платон, Аристотель, Конфуций, т.б.), Әбунасыр Әл-Фараби дүниетаным үндестіктерін зерделеу де өзекті болып саналады.

Бұл арада біз 1995 жылы хакімнің 150 жылдық мерейтойда «Абай туралы сөз» тақырыбымен баяндама жасаған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазіргі және болашақтағы ұлттық өркендеу мұраттарын Абай тағылымымен сабақтастырған пікіріне айрықша назар аударамыз: «Жалпы, біз қазір қолға алып жатқан көп бастаманың дәйектемесін басқа жақтан іздеудің қажеті жоқ. Бәрін де Абайдан табасың.

Бүгінгі халықаралық жағдайларға байланысты ұстанып отырған мемлекеттік ішкі-сыртқы саясатымызға да жауапты Абайдан табуға болады. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген жолдардан халықтар достығы ақын үшін қатар өмір сүрудің жалаң дипломатиясы ғана емес, тіршіліктің негізгі мағынасын айқындайтын ұлы мұрат екені көрінеді. Ақын көзқарасын қазіргі тілге салсақ, өзге елдермен достық қарым-қатынаста, ынтымақтастықта болу саясаты біздің ел болып, қатарға қосылуымыздың алғы шарттарының бірі. ... Ол үшін өзгелермен мәдени, экономикалық, саяси араластық керек, оның аты, бүгінгіше айтсақ, интеграция. ... Өзгеше тарихи жағдайда өмір сүрген қазақ халқына бұдан әрі бұрынғыша тіршілік етуге болмайтынын, заман талабына сай еңбек етіп, кәсіпті сауданы меңгеру керектігін де бірінші айтқан Абай. Яғни, қазақ қауымына әлеуметтік реформаны да, экономикалық реформаны да бірінші ұсынған – Абай. Жерінен, суынан, Тәуелсіздігінен, билігінен айрылған қазақты құтқарудың жалғыз амалы – оның рухани әлемін, елдік, адами ізгі қасиеттерін сақтап қалу екенін, сонда ғана оның ұлттық сипатын аман алып қалуға болатынын ақын жақсы түсінді. Сол үшін жан аямай күресті» [5, 11-13].

Қорытынды. Жинақтап айтқанда, Абайтанудың қазіргі заманғы өзекті мәселелерінің қатарында мынадай жаңа зерттеулер бағдары айқын байқалады:

1 Абай дүниетанымының қазіргі заманғы философия, педагогика, психология, мәдениеттану, әлеуметтану (социология), саясаттану (политология) ғылымдарымен сабақтастығын жаңаша саралап бағалау.

2 Абай шығармаларының діни-исламдық ағартушылық еңбектермен үндестігін, сабақтастығын ғылыми-теориялық тұрғыда жаңаша пайымдау.

3 Абай туралы жазылған жаңа әдеби шығармалардың негізгі прототиппен, қазақ тұрмысын көркем шындықпен бейнелеу сырларын зерделеу.

4 Абай шығармаларының шетелдердегі қазақ диаспоралары арасындағы таралуы, мектептеріндегі оқытылуы мәселелерінің ғылыми-әдістемелік негіздерін, бағдарламаларын әзірлеу.

5 Абай шығармаларының әлем әдебиеттерінің классикалық үлгілерімен поэтикалық үндестіктерін, өзгешелектерін саралайтын салыстырмалы әдебиеттану зерттеулерін кеңейте, жаңаша жүргізу.

6 «Абайдың ақындық мектебі» (М. Әуезов концепциясы) аясында Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті дамуындағы зерттеуден тыс қалған мұраларды жаңаша қарастыру, ақтаңдық беттерді толықтыру.

7 Абай және оның дәстүріндегі классикалық әдеби мұраларды өнер психологиясы тұрғысынан зерделейтін кешенді жаңа зерттеулер жүргізу. Бұл – қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері [7].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты тарихи еңбегінде рухани жаңғырудағы жаңа тарихымыз үшін хакім Абай мұрасын танудың ұлттық және жалпы адамзаттық өзекті мәселелерін («Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүдделесі», «Жаңа қоғамның жанашыры», «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы», «Торқалы тойдың тағылымы») саралай баяндап, Абайды жаңаша бағалап танудың әлеуметтік-психологиялық ұлағатын атап көрсетті:

«Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелділіктің көрінісі. Интеллектуальды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [8, 2].

Аға буын ғалымдардан бастап кейінгі толқынның жаңа зерттеушілері рухани мәдениетіміздің осы саласын толықтыра, тереңдете дамытатыны – мәңгілік дамуымыздың жалғаса беретін шығармашылық ізденістер жолы.

Қорыта айтқанда, Абайтанудың өзекті мәселелері – қазіргі Қазақстан Республикасының ұлттық идеологиясының басты бағдарын кеңейте, тереңдете түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Ә. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. 29 қараша. 2003. – № 311-312.-газет
- 2 Мырзахметов М. Абайтану тарихынан. – Алматы, Ана тілі, 1994. – 192 б. - кітап
- 3 «Қазақ» газеті. – Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998.-560 б. - кітап
- 4 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы, Атамұра, 2003.-208 б. - кітап
- 5 Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 35-том. – Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2008.-416 б. - кітап
- 6 Назарбаев Н. Абай туралы сөз. – Алматы, Рауан, 1995. – 160 б. - кітап
- 7 Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері (Ұжымдық монография). – Алматы, Ғылым ғылыми баспа орталығы, 2002. – 274 б. - монография.
- 8 Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // EGEMEN QAZAQSTAN, №5 (29734), 9 қаңтар, 2020 жыл, 1-3 бб. -газет.

Referenence:

- 1 Nazarbaev Ä. «Mädeni mūra» bağdarlamasy memlekettik bağdarlama boluy tiis // Egemen Qazaqstan. 29 qaraşa. 2003. – № 311-312.-gazet
- 2 Myrzahmetov M. Abaitanu tarihyndan. – Almaty, Ana tılı, 1994. – 192 b. - kitap
- 3 «Qazaq» gazetі. – Almaty, «Qazaq ensiklopediasynyñ» Bas redaksiasy, 1998.-560 b. - kitap
- 4 Baitürsynov A. Äebiet tanytqyş: Zertteu men öleñder. – Almaty, Atamūra, 2003.-208 b. - kitap
- 5 Äuezov M.O. Şyğarmalarynyñ elu tomdyq tolyq jinağy. 35-tom. – Almaty, «Jibek joly» baspa üii, 2008.-416 b. - kitap
- 6 Nazarbaev N. Abai turaly söz. – Almaty, Rauan, 1995. – 160 b. – kitap
- 7 Qazirgi Abaitanudyñ özehti mäseleleri (Üjymdyq monografia). – Almaty, Ğylym ğylymi baspa ortalyğy, 2002. – 274 b. - monografia.
- 8 Toqaeв Q.K. Abai және ННН ғасырдағы Qazaqstan // EGEMEN QAZAQSTAN, №5 (29734), 9 қаңтар, 2020 жыл, 1-3 бб. -газет.

МРНТИ 16.21.47

Хамраев Ә.Т.¹

¹М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты
Қазақстан, Алматы

РАБҒҰЗИ ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚ ӘДӘБИЕТІНДЕГІ МИФТІК САНА

Аңдатпа

Мақала 13-14-ші ғасырдың басындағы әйгілі түрік жазушысы Рабғузыдың философиялық көзқарастарын зерттеуге арналған.. Шыңғыс хан ұрпақтарының басшылығымен әртүрлі діндер мен көп тілді қауымдастықтардың басы қосылып Алтын Орданың бір мемлекетке бірігуі монотеистік көзқарастардың бекітілуіне әкеліп соқты. Әлеуметтік талаптарға сәйкес Рабғұзы түрлі халықтарды ұлы монотеистік діннің негізгі категорияларымен таныстырады. Құрандың мотивтері туралы барлық алдыңғы әңгімелерді зерттеп шығады. Рабғузи жерді құру туралы әйгілі діни әңгімелерді біріктіреді, бір принципта дамытады. Адам табиғаты және жаратылысы- ежелгі діндердің маңызды мәселелерінің бірі. Діни талап бойынша Адам әрқашан өз өмірінің мәнін табуға тырысқан. Ол оған қалай және неге өмір берілгенін түсінуге үміттенді. Рабғузи еңбегінде адам табиғатының құпиясына дін тұрғысынан қатаң жауап берілген, сондықтан оның ғылыми құндылығы жоғары.

Түйін сөздер: Рабғузи, дін, ортағасырлық, әлемнің жаратылуы, Адам.

Khamraev A.T.¹

¹*M.O. Auevov Instituty of LitArt.
Kazakhstan , Almaty*

RABGUZI AND MYTHICAL CONSCIOUSNESS IN ANCIENT KAZAKH LITERATURE

Abstract

The article is devoted to the study of the philosophical views of the famous Turkic writer of the 13th early 14th centuries. Rabguzi. The unification of different religions and multilingual communities into a single state of Altyn Horde under the leadership of the descendants of Genghis Khan led to the establishment of monotheistic views. In accordance with social requirements, Rabguzi introduces different peoples to the main categories of the great monotheistic religion. Having studied all the previous stories on the Koranic motives, Rabguzi combined and developed well-known religious stories about the creation of the earth. Human nature is one of the most important problems of ancient religions. According to religions, Adam was always trying to find a natural meaning for his life. He hoped to understand how and why he was given life. In Rabguzi's work, the riddle of human nature is given a strict answer from the point of view of religion, and therefore its scientific value is high.

Keywords: Rabguzi, religion, middle age, creation of the world, Adam.

Хамраев А.Т.¹

¹*Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова.
Казахстан, г. Алматы*

РАБГУЗИ И МИФИЧЕСКОЕ СОЗНАНИЕ В ДРЕВНЕКАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация

Статья посвящена исследованию философских воззрений известного тюркского писателя 13 начала 14 вв. Рабгузи. Объединение разных религий и многоязычных сообществ в единое государство Алтын Орда под предводительством потомков Чингисхана привела к утверждению монотеистических взглядов. В соответствии с социальными требованиями Рабгузи знакомит разные народы с основными категориями великой монотеистической религии. Изучив все предыдущие рассказы на коранические мотивы, Рабгузи объединил и развил известные религиозные сюжеты о сотворении земли. Природа человека - одна из важнейших проблем древних религий. Согласно религиям, Адам всегда пытался найти естественный смысл своей жизни. Он надеялся понять, как и почему ему дали жизнь. В труде Рабгузи загадке природы человека дан строгий ответ с точки зрения религии, и поэтому ее научная ценность высока.

Ключевые слова: Рабгузи, религия, средний век, сотворение мира, Адам.

Кіріспе. Насируддин Бурхануддин Рабғұзі ХІҮ ғасырда Алтын Орда тұсында өмір сүрген тұлға. Оның «Қиссаиул Әнбия» атты шығармасы түркітілді халықтарының арасында кенінен тараған [1. 5-7 б], [2], [3. 508 б]. [4. 104 б]. Рабғұзидің «Қиссаиул әнбие», «Қиссаиул әнбие Рабғузи», «Қиссаиул әнбие әләйһиәссалам» қатарлы қол жазбалары біздің дәуірімізге жетіп келіп, қазақ даласыда үлкенің қалдырғаны белгілі[5]. Қазақ фольклорында әлемнің жаратылысы бойынша әр түрлі ертегілер, аңыздар, эпсаналар бар. Олар туралы Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, С. Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева,Е.Тұрсынов, С.Қондыбай, Т.Қыдырали А.Тойшанұлы қатарлы қазақ ғалымдары зертеулерінде қарастырылған. Солай болсада ежелгі қазақ әдебиетіндегі мифтері тарихының терең зерттелеуді қажет етеді.

Әдістеме. Алайда, әлемнің жаратылысы - бұл діндердің космогониялық және этимологиялық дәстүрлер тобы санасындағы рухани тағлимат.Оның аңыздық ерекшелігі - демиург немесе Жаратушы Құдайдың болуы. Бұл ұғым бойынша олардың әрекеттері немесе жаратылыс процесстерінің тұрақты тізбегінің себептері және қозғаушы күштері айқындалып отырады.

Әлемнің жаратылыс құпиясы ежелгі халықтардың назарын өзіне тартқаны белгілі. Мысалы, шумер аккад жаратылыс аңызы бойынша таза су (Апсу құдайы) және тұзды суды (Тиамат ханшайым

құдайы) бейнелейтін екі құдай болған. Су бір-біріне тәуелсіз өмір сүреді және ешқашан бір-біріне өтпейді. Бір кезде тұзды және таза сулар араласып кетіп, Аpsу мен Тиаматтың балалары пайда болады. Ескі құдайлардың артынан көптеген жас құдайлар пайда болады. Бірақ әлем осы уақытқа дейін тек зайғ (қайшылықтан) тұрады, құдайлар қысылып, ыңғайлы емес еді, олар көбіне жоғарғы Аpsуға шағымданды. Мұның бәрі қатал Аpsуды шаршатады. Ол өзінің барлық балалары мен немерелерін құртады, бірақ кіші ұлы Энкиді жеңе алмайды. Сол себептен ол жер, теңіз, өзен және отқа айналған төрт бөлікке бөлінді. Тиамат күйеуін өлтіргені үшін кек алғысы келеді, бірақ жел мен дауыл жасаған жас құдай Мардуктан жеңіліп қалады. Жеңістен кейін Мардук бүкіл әлемнің жаратылысы мен тағдырын анықтап береді. Мұнда біз осы аймақта пайда болған барлық көне мифтің нұсқаларында көпдінділік (политеизм) кез-келген қақтығыстың негізгі болып табылатындығын көреміз [6. 89-90 б].

Нәтижелер. Түркі халықтырына өте жақын зороастризм діні бойынша, жаратылыс және ғаламның қызықты тұжырымдамасы жасаланады. Зороастризмде көпдіндік құбылысқа ие. Осы тұжырымдамада әлем 12 мың жыл бойы өмір сүреді. Оның бүкіл тарихы шартты түрде үш кезеңге бөлінеді, әрқайсысы 3000 жыл. Бірінші кезең—және заттар мен ұғымдардың алдын-ала жаратылысы болып есептеледі. Көктегі жаратылыстың және Жердегі жаратылыстың барлық прототиптері болады. Бұл әлем Менок деп аталады («көрінбейтін» немесе «рухани»). Екінші кезең – бұл жаратылған әлемнің, яғни нақты, көрінетін иелері мекендейтін жердің пайда болуы. Күн шеңберінің артында тұратын Ахура Мазданың аспанды, жұлдыздарды, айды, күнді, алғашқы адам мен қарабайырды жаратады. Оның менен Ахриман бір уақытта әрекет ете бастап, Тәңрі қозғалысына бағынбайтын әрекеттерді жасайды. Бірақ барлық жануарлар еркек пен әйел сияқты, алғашқы қарапайым адамдан туады. Ахура-Мазда әр ғаламшарға өзінің рухын тағайындайды. Әлемнің пайда болуының үшінші кезеңі Зороастр пайғамбарының пайда болуымен байланысты. Ол адамзат тағдырын шешеді. Қалайболсада, бұл көпдіндік қоғамдық талапқа сай [7. 90 б].

Көне түркі халықтарының тарихында әлемнің жаратылысы туралы түрлі таным қарастар болған. Олардың негізінде политеизмдік санаға құрылған. Мысалы, исламдан бұрын Орхон-Енисей дәуіріндегі көне түркі мәтіндерінде, атап айтқанда Білге қаған, Күлтекін және Тонукуқ ескерткіштерінде әлемнің жаратылысы туралы өзіндік бейнелер бар. Руникалық жазбалардан біз «көк түрк», «көк тәңрі», «Жер суб тәңрі», «Ұмай» қатарлы ұғымдар ежелгі түрк халықтарының әлемнің жаратылысы бойынша дүние танымдарымен тікелей байланысты екенін көріміз. Ол жазбаларда қағандар Көк тәңрі мен Жер тәңрінің қалаумен жаратылған деген аңыз бар. Әлемнің жаратылысы туралы жөніндегі эпсаналар және аңыздар мифтер эпикалық уақыт пен кеңістік сарындарды пайда қылады. Сол себептен зертеушілер онда көп дінді құпияны байқайды. Ежелгі қазақ халқының мифтік санасында адам (негізі қаған өзі) Жер тәңрімен Көктің қалаумен жаратылған. Әлемнің осындай жаратылысы туралы мани діні аңыздары көптеген көне түрк ұйғур қолжазбаларында сақталған [8.309 б].

Мани діні бойынша әлемнің жаратылысы тұтас бинарлық діни жүйені құрайды. Негізінде бірінші, атамен (жарық) бірінші әйелдің (қараңғы) негізгі мақсаты дүниені тең бөліп, оны жеке басқару. Олар өз мақсатына жете алмайды. Құдайлар оларға бірінші адамды сыйлайды, себебі ол жаратылыстың құтқару жолдарын табумен байланысты. Түрк ұйғыр тіліндегі Мани еңбектерінде жаратылысты қайта құру бойынша от, су, жел, іс, ауалар қайтадан бөлінеді. Көрініп тұрғандай, мани діні мемлекеттік мәртебеге жетседе, оның ішкі мағынасы – көпдіндікке бағытталған [9. 202].

Талқылау. Рабғузидың шығармасында әлемнің жаратылысы ерекше—және ол толық ашылады. Оның шығармаларында әлемнің жаратылуы мүлдем басқаша түрде берілген. Бұл жағдай көптеген діндер (конфессиялық) және көптілді қауымдастығынан туындады, себебі олар Шыңғысхан ұрпақтарының әлемдік характерге ие мемлекеттік бірлестіктерінің арқасында қалыптасты. Мұндай жағдай мемлекетте монотеистік көзқарастарды қабылдауды ұйғарды, әрине. Қоғамдық талапқа сай Рабғузи үлкен монотеистік діни концепцияны һәр түрлі халықтардың назарына тастайды. Оның пікірінше, Аллаһ ең алдыменен көк пен жердің жаратылысын ерекше түсіндереді. Аллаһ баршыдан бұрын гауһарды жаратып, оны ерітіп, одан су жаратқан. Сунның көбегіден түтін шығып, аспан пайда болады. Су Аллаһтың айбатынан қайнап, тастай қоюланады. Көк пайда болған соң, аспанның жеті қабаты бірге жаратылады. Көкті жаратып болғаннан, жерді жаратып, оны батыстан шығысқа қарап созады. Жерде аспанменен бірге, жеті қабат жаратады. Бұл жаратылыс алты күн ішінде жүзеге асады. Жексенбі күні көктер, дүйсенбі—аспандағы ай, күн және жұлдыздар, сейсенбі—құстармен періштелер, сәрсенбі—су, жел, бұлттар, ағаш және шөптер, бейсенбі—жұмақ пен тамұқ, мейіріммен азап, жұма—адам жаратылады. Адам су, желменен бірге жаралады. Сенбі күні еш нәрсе жаратылмайды. Жаратылған көк пен жердің сипаты беріледі. Оларда өте ерекше мағынаға ие.

Рабғузидың жазуы бойынша, ең маңызды жаратылыс – ол адам. Оны топырақтан жаратып, құдіретпен жан беріп, көкке көтеріп, жұмақ ішіне кіргізген. Ол хауадай жұп беріліп, іблістің арбауына ілінген, жарық жұмақтан қуылған, қараңғы дүниеге енгізілген еді. Адам үш жүз жыл жылаған. Жаратушы ағашқа жолама деп бұйрық берген, содан кейін оны талдап алып, басына тәжін қойған. Сонымен Адамға сәжде қылыңдар деп, құрметімен мейірімге бөленген. Рабғузидың түйіндеуінше, Алла Тағала: «Кімде кім дүние ғажайыптарын көрмекші болса, Адам (ғ.с.) қыссасына қарасын» дейді.

Адам (ғ.с.) жаратылысы ежелгі діндарда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Діндердегі назарларда, Адам әр қашан өз өмірінің жаратылыс мағынасын табуға тырысқан. Оған қалай және неге өмірберілгенін түсіну үмітін жасырмай келген.

Адамзаттың пайда болуы туралы барлық гипотезалардың ішінде дін бойынша қарастыру ең ежелгі форма болып табылады: ол күрделі сұрақтарға ғылыми назарда емес, дінғана жауап бере алатын күндерде пайда болған. Осыған байланысты жаңа теологиялық тұжырымдама жасалады, оған сәйкес адам (бар нәрсенің бәрісіяқты) Жаратушының, яғни Құдайдың креационизм деп аталатын әрекетінің жемісі екендігін мойындайды. Адамның Құдайдан шыққандығы мыңдаған жылдар бойы сұралмағанын айтып өту қажет. Алайда, Рабғузидың шығармасында адам (ғ.с.) жаратылысының құпиясына дін бойынша муқият жауап беріледі, сол себептен оның ғылыми құндылығы жоғары. Ғылымның дамуы Құдайға деген сенімге негізделген діни көзқарастардың эмпирикалық сынақтан өткізілетіні анық. Ғалымдардың көпшілігі креационизмге үлкен күмәнмен қарасада, оның бірде-бір ережесін эмпирикалық тұрғыдан тексеруге болмайтынын мойындайды.

Орыс ғалымы Д.М. Угринович адамның жаратылысы наққында ғылым мен діннің қарама-қайшылық мәселесін «Дін психологиясы» еңбегінде қарастырған еді [10. 7 б]. Автор зерттелетін мәселелерді ғылыми, материалистік тұрғыдан қарама-қарсы қоя отырып, идеалистік және теологиялық тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан талдағандықтан, қайшылықтар көп орын алған. Алайда, көптеген көрнекті ғалымдар сенім мен білімді бөліспеді, ғылым мен дінге қарсы болмады, керісінше, олардың бірін-бірі толықтыратын маңыздылығын айтты. Шығыс діндеріде адамзаттың пайда болуы туралы мәселеге айтарлықтай немқұрайлы қарайды [11. 201-203 б].

Ал, Рабғузидың адам (ғ.с.) жаратылысына келетін болсақ, оны былай сипаттайды:

*Хақ жаратты таңсық адамды өзгеше жер керкенен,
Өзге бейне берді солай әлем ішінде қолынан*

Рабғузи жазғандай, ислам дініде адамның (ғ.с.) жаратылысы Жер Анаға немесе Көк атамен тікелей байланысты емес. Адам (ғ.с.) Аспанмен Жер жаралған соң, содан кейін Құдайның әмірімен жаратылады. Бірақ Алла Тағала адамды (ғ.с.) жаратпақшы болғанда, топырақтың кім және қандай сипатта алып келгендігіне мән береді.

Бірінші, Алла Тағала топырақты Жебріелгі алып келеуге бұйрық береді. Ол Жер Ананың өтінішін назарға алып, топырақты алып келмейді. Исрафилда және Микаилде алып келмеген болатын. Бірақ Әзірейіл Жер Ананың өтінішіне қарағанда, Алла Тағаланың бұйрығы артық екенін түсініп, топырық алып келеді. Жаратушы Құзірет Әзірейіл көңлінің қатты екенін түсініп, барша жаны бардың жанын алдыртуды оған тапсырады.

Адамдардың шығу тегі туралы аңыздар негізінен жердің жаратылысы мотивін қайталайды. Мысалы, Ежелгі Русь кезеңінде жиі қолданылатын славяндық мифология бойынша адам топырақтың, топырақтан жасалған қамырдың және сайтанның (шайтан) жемісі, әрекеті есептелінеді. Құдай шайтаннан теңіз түбінен бір уыс жер алуды сұрады, содан кейін ол адамды соқыр етіп тастаған. Жерде, адамда екі күштің – шайтанмен Құдайдың қатысуымен пайда болады. Түркітілді халықтардың мифологиясындағы жаратылыс тұралы ой-саналар өзгеше. Адам Көк тәңірімен Жер тәңірінің әлемді басқаруға жіберілген жанды пендесі.

Апокрифтік сюжеттерде адамның жаратылуы былай сипатталған: Құдай әр түрлі табиғат құбылыстарынан материал алады, от адам денесіне жылуберген, теңіз – тұзды және қан. Тастар сүйек берсе, желдем берген, күн көзге, жер денеге айналған.

Рабғузидың еңбегінде Әзірейіл топырақты Мекке мен Тайф арасындағы Дахна деген жерге қойған. Топыраққа қырық жыл жаңбыр жауған, оның 39 жылы қайғы жаңбыры, бір жыл қуаныш жаңбыры еді. Сол себептен адамның (ғ.с.) қуанышынан қайғысы көп болды. Қырық жылдан өтіп, Аллаһтың құдіретімен топырақтың басы Тайфқа, аяғы Меккеге ұқсайтын көрініс пайда болды. Ондағы хикмет: Алла Тағала адам (ғ.с.) махаббатпен жаратқандықтан, оның беті Меккеге қарайтын

болғандығын қалаған еді. Енді адамдың (ғ.с.) топырақтан жаратылу хикметі дүниедеге барлық заттар «Адамды менден жарат» деп таласқан. Тау өзінің үлкендігін, теңіз өзінің айбатығымен мақтанған еді, Жер баршадан әлсіз екендігін айтып, аяқ астындамын деді. Ол менде мақтанатын нәрсе жоқ деген кезде, Алла Тағала «адамды мен топырақтан жаратамын» деп жарлық жолдады.

Қорытынды. Көрініп тұрғандай, ежелгі дәуірлердегі философиялық және діни мәтіндер адам жаратылысын түсіндірудің өзіндік ерекшелігін айқындайды. Ол еуропалық персоналистік дәстүрге ұқсамайды. Бірақ осы дәстүр сияқты діни қарастардың қалыптасуы мен дамуын бақылауға, антропологиялық тақырыпты дамыту бойынша салыстырмалы мәдени-тарихи талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл міндеттер әр түрлі мәдениеттерде жүзеге асырылған ізденістердің жалпыадамзаттық мағынасын ашуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Semsuddin Huseyn. *Kisas-I Rabguzi*. – Kazan, 1881. – 76 с.
- 2 *Rabguzi (Nasr-ad-din). Kisas al-anbia (Rassказы о Пророках)*. – Ташкент: Типо-литография Порцевых, 1899. – 532 с.
- 3 Малов С.Е. *Мусульманские сказания о пророках по Рабгузи. Записки Коллегии Востоковедов. Т.1.V, (в честь ак. Крачковского) –Л, 1930. – С. 507-524.*
- 4 *Рабгузий Н.Б. Қиссаси Рабгузий (Масъл ухаррир Н.А. Асилова). К.І. – Т.: Езувчи, 1990. – Б. 103-104.*
- 5 *Әдеби жәдігерлер. 20 т. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. 8-т.: Насируддин Бурхануддин Рабғұзи. Пайғамбарлар қисасы (Құраст. Т. Қыдыр). – 480 б.*
- 6 *Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. 8-т.: Насируддин Бурхануддин Рабғұзи. Пайғамбарлар қиссасы/ Құраст.: Т.Қыдыр. – 480 бет. – (Әдеби жәдігерлер)*
- 7 Глухов С. В. *Сотворение человека по шумеро-аккадским источникам. Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Сер. 3. Философия: Реферативный журнал РАН, 2019. – С. 89-96.*
- 8 *Оспанов С. И. Тәңірлік пен заратуштралық ілімі зерттеудің ғылыми практикалық мәселелері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 424 б.*
- 9 *Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: 2005. - 304 б.*
- 10 *Камалов А.К. Тюрки и иранцы в Танской империи. – Алматы: ИД «Мир», 2017. – 334 с.*
- 11 *Угринович Д.М. Психология религии. – М.: Изд. Политиздат, 1986. – 352 с.*
- 12 *Васильев Л.С. История религий Востока. – М., 1998. – 301 с.*

Referenence:

- 1 Semsuddin Huseyn. *Kisas-I Rabguzi*. – Kazan, 1881. – 76 с.
- 2 *Rabguzi (Nasr-ad-din). Kisas al-anbia (Rassказы о Пророках)*. – Ташкент: Типо-литография Порцевых, 1899. – 532 с.
- 3 *Malov S.E. Musūlmanskiе skazania o prorokah po Rabguzi. Zapiski Kolegii Vostokovedov. T.1.V, (v chest ak. Krachkovskogo) –L, 1930. – S. 507-524.*
- 4 *Rabğuzi N.B. Qissasi Rabğuzi (Masul uharrir N.A. Asilova). K.I. – Т.: Ezuвchi, 1990. – B. 103-104.*
- 5 *Ädebi jädigerler. 20 t. – Almaty: «Taimas» baspa üii, 2008. 8-t.: Nasiruddin Burhanuddin Rabğūzi. Paiğambarlar qisasy (Qūrast. T. Qydyr). – 480 b.*
- 6 *Ädebi jädigerler. Jiyrmatomdyq. – Almaty: «Taimas» baspaüii, 2008. 8-t.: NasiruddinBurhanuddinRabğūzi. Paiğambarlar qissasy/ Qūrast.: T.Qydyr. – 480 bet. – (Ädebi jädigerler)*
- 7 *Gluhov S. V. Sotvorenіe cheloveka po şumero-akkadskim istochnikam. Sosiälnye i gumanitarnye nauki. Otechestvennaia i zarubejnaia literatura. Ser. 3. Filosofia: Referativnyi jurnal RAN, 2019. – S. 89-96.*
- 8 *Ospanov S. İ. Tәñirlik pen zaratuştralyq ilimi zertteudiñ ğylymi praktikalyq мәseleleri. –Almaty: «Arys» baspasy, 2009. – 424 b.*

- 9 Amanjолоv K.R. *Türki halyqtarynyñ tarihy.* – Almaty: 2005. - 304 b.
- 10 Kamalov A.K. *Türki i iransy v Tanskoi imperii.* – Almaty: ID «Mir», 2017. – 334 s.
- 11 Ugrinovich D.M. *Psihologia religii.* – M.: Izd. Politizdat, 1986. – 352 s.
- 12 Vasilev L.S. *Ístoria religi Vostoka.* – M., 1998. – 301 s.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PEDAGOGI AND METHODOLOGI PROBLEMS

МРНТИ 14.07.07

Абишева С.Д.,¹ Онгарбаева А.Т.,² Серикова С.К.³

^{1,2,3} *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

РЕЗУЛЬТАТЫ КОГНИТИВНОГО И НЕКОГНИТИВНОГО ИССЛЕДОВАНИЯ ПЕРВОКЛАССНИКОВ г. АЛМАТЫ

Аннотация

Чтение является способом трансляции и освоения социокультурной информации, воплощенной в определенном тексте культуры. Авторы отмечают, что целью чтения является получение и переработка письменной информации. В начале третьего тысячелетия все больше говорят о третьей революции в чтении, связанном цифровизацией текста и приходом гипертекста. Начальная школа – это особый этап в жизни ребёнка. Он связан с формированием у школьника основ умения учиться и способности к организации своей деятельности. Именно читательские умения обеспечат младшему школьнику возможность самостоятельно приобретать новые знания, а в дальнейшем создадут основу для самообразования. Поэтому авторы акцентируют внимание на Блок “Словарный запас”, который содержит 16 заданий, нацеленных на оценку словарного запаса (в основном пассивного) ребенка. Наглядно показаны в табличной форме следующие данные как: Словарный запас, Знание букв, Механическое чтение текста, чтение и понимание текста.

Ключевые слова: первоклассники, iPIPS, стартовая диагностика, измерение прогресса

Abisheva S.,¹ Ongarbaeva A.,² Serikova S.³

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

RESULTS OF COGNITIVE AND NON-COGNITIVE RESEARCH OF FIRST-GRADERS IN ALMATY

Abstract

Reading is a way of translating and mastering socio-cultural information embodied in a certain cultural text. The authors note that the purpose of reading is to obtain and process written information. At the beginning of the third Millennium, more and more people are talking about the third revolution in reading, associated with the digitization of text and the arrival of hypertext. Primary school is a special stage in a child's life. It is associated with the formation of the basics of the student's ability to learn and the ability to organize their activities. It is reading skills that will provide a younger student with the opportunity to independently acquire new knowledge, and in the future will create a basis for self-education. Therefore, the authors focus on the "Vocabulary" Block, which contains 16 tasks aimed at evaluating the vocabulary of a (mostly passive) child. Clearly shown in tabular form are the following data: Vocabulary, knowledge of letters, Mechanical reading of text, reading and understanding of text.

Keywords: first graders, iPIPS, start diagnostics, progress measurement

Абишева С.Д.,¹ Онгарбаева А.Т.,² Серикова С.К.³

^{1,2,3} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

АЛМАТЫ Қ. БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ КОГНИТИВТІК ЕМЕС ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аңдатпа

Оқу – белгілі бір мәдени мәтінге енген әлеуметтік-мәдени ақпараттарды тарату және игеру тәсілі. Авторлар оқудың мақсаты жазбаша ақпаратты алу және өңдеу екенін айтады. Үшінші мың жылдықтың басында мәтінді цифрландырумен және гипермәтіннің келуімен байланысты оқудағы үшінші төңкеріс туралы көбірек айтылады.

Бастауыш мектеп – бұл баланың өміріндегі ерекше кезең. Бұл оқушыда білім алу және өзі-өзін ұйымдастыра білу негіздерінің қалыптасуымен байланысты. Бұл оқу қабілеті жас оқушыға өз бетінше жаңа білім алуға мүмкіндік береді, болашақта өзін-өзі тәрбиелеуге негіз болады. Сондықтан авторлар баланың сөздік қорын (негізінен пассивті) бағалауға бағытталған 16 тапсырмадан тұратын "сөздік қор" блогына назар аударады. Кесте түрінде келесі мәліметтер нақты көрсетілген: сөздік қоры, әріптерді білу, Мәтінді механикалық оқу, тескті оқу және түсіну.

Түйін сөздер: бірінші сынып оқушылары, iPIS, диагностиканы бастау, үлгерімді өлшеу

Введение. 2019 год был объявлен в Казахстане годом книги. Чтение – это важнейший фактор развития личности и универсальный инструмент саморазвития человека, развития общества и государства.

Исследователи еще в 30-х годах прошлого века так объясняли необходимость изучать формирование навыка чтения: “Первые три года школы дети учатся, чтобы читать, а все последующие годы они читают, чтобы учиться” [1].

Чтение - вид речевой деятельности, направленный на смысловое восприятие графически зафиксированного текста. Целью чтения является получение и переработка письменной информации. С этой точки зрения чтение (как и слушание) относится к рецептивным видам речевой деятельности [2].

Чтение - это та промежуточная инстанция, тот мост, по которому эмоциональные, интеллектуальные и нравственные токи передаются от одного полюса к другому [3].

Методы. Общие показатели детей по выборке

Блок “Словарный запас” содержит 16 заданий, нацеленных на оценку словарного запаса (в основном пассивного) ребенка. Детям показывают разные картинки и просят показать соответствующую названному слову картинку. Задание оценивается по шкале от 0 до 4 баллов. Балл связан с частотностью употребления слова: чем реже употребляется слово, которое узнал ребенок, тем выше оценивается его ответ. Первые задания блока довольно простые, постепенно они усложняются, и последние задания представляют собой редко употребляемые слова.

- 0 баллов – ребенок не смог опознать ни одного слова;
- 1 балл – ребенок знает и может опознать такие относительно простые слова, как, например, “копыто” или “стадо”;
- 2 балла – ребенок может узнать такое слово, как, например, «комета» или “спутник”;
- 3 балла – ребенок знает и может опознать такие слова, как, например, “рептилия” или “спираль”;
- 4 балла - ребенок может узнать такое слово, как, например, “силуэт” или “аэрозоль”.




Рисунок 5 - Словарный запас

В Алматы 25% детей демонстрируют богатый словарный запас, знают сложные, редко употребляемые слова. 20% детей имеют пассивный словарный запас на уровне 3 баллов, т.е. они могут узнать на картинке и назвать такие слова, как, например, “рептилия” или “спираль”. Около 31% и 22% участников демонстрируют словарный запас на уровне 1 и 2 категорий, соответственно.



Рисунок 6 - Знание букв

Данный блок заданий фиксирует, знает ли ученик буквы русского алфавита.

Задание оценивается по шкале от 0 до 3 баллов. Распределение ответов учащихся представлено на рисунке 6.

- 0 баллов – не знает букв;
- 1 балл – знает менее половины букв;
- 2 балла – знает более половины букв;
- 3 балла – знает все буквы.

Большинство учеников выборки (67%) уже в начале обучения смогли правильно назвать все буквы. Только 5% обследованных детей совсем не знали букв на входе в школу.



Рисунок 7 - Механическое чтение текста

В данном блоке заданий ученика просят прочесть небольшую историю (из 36 слов), сопровождаемую красочными иллюстрациями. Предложения постепенно усложняются, с точки зрения длины, частоты употребления и сложности слоговой структуры текста. При этом оценивается техническое умение ребенка читать, т.е. декодировать текст (“правильно озвучивать” текст). Задание оценивается по шкале от 0 до 3 баллов.

Распределение ответов учащихся представлено на рисунке 5.

- 0 баллов - ученик не дошел до данного задания (в силу адаптивного алгоритма) или не смог прочесть ни одного слова в истории;
- 1 балл - ученик смог “технически правильно” прочесть менее половины истории (до 18 слов);
- балла - ученик смог прочесть значительную часть истории (от 19 до 31 слов);
- балла – ученик практически не допустил ошибок (прочел 32- 36 слова).

Результаты. Больше половины детей (57%) из обследованных школ практически не допустила ошибок при чтении текста. Около 20% сумели прочесть значительную часть истории. Не дошли до данного задания или не сумели прочесть ни одного слова 13% учеников.




Рисунок 8 - Чтение на понимание

Данный блок заданий оценивает, понимает ли ребенок читаемый текст. Каждый текст содержит специально разработанные “ловушки”. Они представляют собой выбор наиболее подходящего слова из 3 предложенных и строятся по принципу графической или фонетической схожести слов, или по принципу применения нужной грамматической формы, а также по смыслу.

Задание оценивается по шкале от 0 до 2 баллов. Распределение ответов учащихся представлено на рисунке 6.

- 0 баллов - это ученики, которые не дошли до данного задания (в силу адаптивного алгоритма);
- 1 балл - это ученики, которые дошли до текста, но смогли прочесть его только с большим количеством ошибок (более 4 неправильных ответов из 14);
- 2 балла - ученики смогли прочесть весь текст, допуская минимальное количество ошибок (менее 4 неправильных ответов из 14).

Заключение. В ходе исследования выявлены следующие результаты по блокам заданий.

Первый блок: 25% детей демонстрируют богатый словарный запас, 20% - пассивный словарный запас. Около 31% и 22% участников демонстрируют словарный запас на уровне 1 и 2 категорий.

Второй блок - 57% из обследованных школ практически не допустила ошибок при чтении текста. 20% сумели прочесть значительную часть истории, не сумели прочесть ни одного слова 13% учеников.

Третий блок - около 78% детей из школ выборки выполняли данное задание. Из них около 46% детей смогли освоить технику чтения. 32% первоклассников выборки смогли прочесть весь текст, допуская минимальное количество ошибок.

Таким образом, данное исследование показывает уровень подготовки первоклассников чтению текста. Каждый блок оценивается от 0 до 4 баллов в зависимости от сложности тестирования. Даны результаты исследования в процентном соотношении.

Список использованной литературы:

1. Hilliard, Wilson, 1936. P. 226 - книга
2. Тумина Л. Е. Чтение. Словарь-справочник. Москва, "Флинта". 1998 год.- Словарь-справочник
3. Тихомирова И. И. Чтение и перечитывание URL: <http://rusla.ru/rsba/pdf/Tixomirova-ChTENIE-I-PERECChITYVANIE.pdf>.

Referenence:

1. Hilliard, Wilson, 1936. P. 226 - kniga
2. Tumina L. E. Chtenie. Slovar-spravochnik. Moskva, "Flinta". 1998 god.- Slovar-spravochnik
3. Tihomirova I. I. Chtenie i perechityvanie URL: <http://rusla.ru/rsba/pdf/Tixomirova-ChTENIE-I-PERECChITYVANIE.pdf>.

МРНТИ 14.07.07

Бораи Р. Б¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.*

**ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН
ТӘЖІРИБЕНІ ҰШТАСТЫРА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада қазіргі уақыттағы көркем шығарманы оқыту мәселесіне қатысты ой-тұжырымдар жасалады. Әдебиеттің тектері, соның ішінде драмалық шығармаларды оқытуға қатысты әдіс-тәсілдері, ерекшеліктері, оқыту үрдісі жеке-жеке таратылып көрсетіледі. Оқыту әдістерінің арасынан драманы оқыту әдістерін жүйелеп, оны мысалдар арқылы бекітіп, топтастырады. Көркем шығарманы оқыту әдістерін топтастырған ғалымдар еңбектеріне сілтеме жасай отырып, әдістердің тиімділігі анықталады. Әдеби туындыны оқушының қабылдауына тікелей ықпал ететін әдіс-тәсілдердің оқушының оқырмандық қабілетін қалыптастыруға тигізер әсер-күшінің ерекшелігі айтылады. Шығармашылық іздендіру әдісінің ерекшелігі көркем туындыны оқуға тірелетіні, оқушының эстетикалық талғамы мен сезім дүниесінің көркеюіндегі орнына тоқталады. Проблемалық оқыту әдісінде көркем туындыдағы өзекті мәселені оқушының ажырата алу дағдысы қалыптасатыны мысалдармен бекітіледі. Шығарма мәтінін оқумен басқа стильдегі мәтіндерді оқудың аражігі ажырытылып, көркем шығарманы оқыту көркем оқуға негізделетіні мысалдармен анықталады.

Шығарма жазу- оқушының көркем шығарманы толық түсініп, авторлық идеяны, тақырып пен өзекті мәселені тани алуына әкеледі. Драмалық шығармаларды жазбаша жұмыстар орындату арқылы тиімді оқыту, оның түрлері, мақсаты айқындалады.

Кілт сөздер: оқыту әдістері, әдістеме, драманы оқыту, шығармашылық, мәнерлеп оқу, оқу үрдісі, т.б.

Borash R.¹

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

METHODS OF TEACHING DRAMATIC WORKS BY COMBINATION OF THEORETICAL KNOWLEDGE AND EXPERIENCE

Abstract

The article provides insights into the problem of teaching contemporary art. The genres of literature, including methods, features, teaching processes related to the teaching of dramatic works are presented separately. Among the methods of teaching are the methods of teaching drama, which consolidates and groups it with examples. The effectiveness of the methods is determined by referring to the works of scientists who have grouped the methods of teaching fiction. The peculiarity of the method of creative search is that it rests on the reading of the work of art, the role of the student in the development of aesthetic tastes and the world of emotions. The formation of skills is confirmed by examples. There is a distinction between reading the text of a work and reading texts of other styles, and examples show that the teaching of a work of art is based on reading. Writing a composition allows the student to fully understand the work of art and recognize the author's idea, theme and topical issue. Effective teaching of dramatic works through the performance of written works, its types and purpose are determined.

Keywords: teaching methods, methodology, drama teaching, creativity, expressive reading, learning process, etc.

Бораш Р.Б.¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ДРАМЫ В СОЧЕТАНИИ С ТЕОРЕТИЧЕСКИМИ ЗНАНИЯМИ И ОПЫТОМ

Аннотация

В статье раскрывается проблема обучения современному искусству. Истоки литературы, включая методы и особенности преподавания драматических произведений, процесс обучения представлены отдельно. Среди методов обучения систематизированы методы преподавания драмы, закреплены примерами и сгруппированы. Эффективность методов определяется обращением к работам ученых, сгруппировавших методы обучения художественной литературе. Особенность метода творческого поиска заключается в том, что он опирается на чтение художественного произведения, роль ученика в развитии эстетических вкусов и мира эмоций. Формирование умений подтверждено примерами. Существует различие между чтением текста произведения и чтением текстов других стилей, и примеры показывают, что обучение произведению искусства основано на чтении. Написание композиции позволяет студенту полностью понять произведение искусства и распознать авторскую идею, тему и актуальный вопрос. Эффективное обучение драматическим произведениям через исполнение письменных произведений, определены его виды и цели.

Ключевые слова: методика обучения, методика, преподавание драмы, творчество, выразительное чтение, учебный процесс и др.

Кіріспе. Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиетін оқыту оқушылардың мәнерлеп оқуы мен жадағай түсінік айтып беруінен, оқытудың педагогикалық технологияларын түрлендіріп қолданудан кенде емес, алайда көркем мәтінді түсініп оқу кенжелеп отырғаны мәлім. Оқушылардың әдеби шығармаларды оқи білу мәдениеті мен білік-дағдыларының қалыптастырылуы осы мәселенің прозаны немесе поэзияны оқытуда, драмалық шығармаларды оқытуда болсын негізгі міндет болып саналатынын естен шығармауымыз қажет. Оқушыларға сапалы әдеби білім беруді қалыптастыруда теориялық білім мен практикалық талдау әдістерін ұштастырып, әдебиетті оқыту әдістерін жүйелеу басты мақсат. Әдебиеттен білім беруде драмалық шығармаларды негізге ала отырып оқыту әдістері мен амалдарын анықтау мақалада ұстанатын басты дінгегіміз болмақ.

Әдістемесі. Драмалық шығармаларды оқыту әдістемесінің дұрыс жасалуы мен ұйымдастырылуы және драмалық шығармаларды оқытудың жемісті болуы оқыту әдістерімен байланысты екені белгілі. Бірақ, егер, мазмұн белгілі болып, ғылыми ұстанымдар анықталғанымен, оқытудың әдістері дұрыс таңдалмаса, немесе мүлде жүйесіз іріктеліне салынса, онда драмалық шығарманы оқыту әдістемесінің әлсіз құрылғаны болып саналады.

Оқыту әдістері білім беру тарихында, барлық уақытта қолданылып келе жатқанымен, әдістерді талдау, анықтау, жүйелеу, олардың өзара байланыстылығы мен сабақтастығын нақтылау, тексеру ғалымдардың үнемі назарында болып, нәтижелі ізденістерге талпындырып отыратын өзекті мәселе. Ғалымдардың айтуынша, оқу үрдісінде мұғалім тарапынан және оқушы жағынан көптеген іс-әрекет түрлері жүзеге асырылып жатады. Сол іс-әрекеттер- сабақта қолданылатын әдіс-амалдар болып табылады. Мұндай әдістер, біріншіден, педагогтарда жеткілікті, екіншіден, драмалық шығарманы оқытушы мұғалімдерде де мол болып келеді. Бірақ, сол әдістердің нақ драмалық шығарманы оқытуға қатысты тиімділерін анықтау және олардың сабақтастығын сақтай отырып, жүйелеп құру- негізгі әдістемелік міндет болып саналады.

Дидактиканы зерттеуші ғалымдар әдістерді топ-топқа жүйелеп қарастыруды жөн санайды. Кейбір ғалымдар әдістерді сыртқы белгілерінің ұқсастығына қарай топтастыратын болса, енді бірі әдістердің оқушылар қолданатыны мен мұғалім қолданатынына қарай топқа жіктелуін жақтайды.

Біздің ойымызша драмалық шығармаларды оқытуда мынадай әдістер мен жұмыс түрлерін басшылыққа алу нәтижелі болмақ:

- әңгімелеу әдісі;
- проблемалық баяндау әдісі;
- шығармашылық оқыту (іздендіріп оқыту) әдісі;
- иллюстрация және көрнекілік әдісі;
- жазбаша жұмыс әдісі;
- өз бетімен жұмыс жасау әдісі;
- оқушылардың шығармашылық жұмыстары;
- өнер және мәдениет құралдарын қолдану;
- техникалық құралдарды пайдалану;
- сабақтан тыс жұмыстар жүргізу т.б.

Мұғалім мен оқушылар қолданатын әдістер түрліше аталуы мүмкін болғанымен, мұғалім бір әдіс қолданып сабақты оқытса, оқушы сол әдістің не табиғи жалғасын орындайды, не болмаса мұғалім әдісінің екінші жағын орындайды. Ондай байланыс болмаса, оқу үрдісінің тұтастығы сақталмайды. Драмалық шығарманы оқыту барысында мұғалім әңгімелеу әдісін қолданатын болса, оқушы репродуктивтік әдіске даярланып отырады. Ал мұғалім сұрақ-жауап әдісін қолданса, оқушы да осы әдістің табиғи орындаушысы болады.

Біздің ойымызша, жоғарыда атап көрсетілген әдістердің табиғатын талдай отырып, драмалық шығарманы оқытуды тиімді етіп ұйымдастыруға болады. М.Н. Скаткин былай дейді: «Речь должна идти не о противопоставлении одного метода другому, а об их гармоническом сочетании, о разумном применении каждого метода на своем месте для решения специфических учебно-воспитательных задач» [1]. Оқыту әдістерінің өздеріне тән белгілері мен ерекшеліктеріне қысқаша жеке-жеке тоқталып өтейік.

Әңгімелеу әдісі. Бұл әдістің ерекшелігі- мұғалім мен оқушылардың бірігіп ізденуіне мүмкіндік жасалатындығы. Драмалық шығарма- әдеби шығармашылық туынды болғандықтан, оның мазмұнын қарапайым түсіндіре салумен іс тынбайды. Негізгі нысана – оқушылардың эстетикалық танымын дамыту болғандықтан, көркем шығарманы оқытуда әңгімелеу әдісін жоғары бағалау керек. Мысалы,

Б. Майлиннің «Майдан» пьесасын оқыту барысында әңгімелеу әдісі оқушыларды қазақ аулының болмысы мен тарихи- әлеуметтік оқиғалардың қазақ аулының психологиясына алып келген ықпалы мен торығулары, өзгерістері мен күйзелістері айналасында сөз қозғау үшін қолданылады. Оқушылардың тарихтан алған білімдері де осы әңгіме әдісін қолдану барысында ерекше мәнге ие боп, олар мұғалімге ере отырып, өз ойларын әдеби шығарманы талдау арқылы біртұтас білімге айналдырады. Сондықтан әңгімелеу әдісін эвристикалық әдіспен тығыз байланыстыра қарастырған дұрыс.

Проблемалық баяндау әдісі. Драмалық шығарманы оқытудағы проблемалық баяндау әдісінің қызметі мұғалімнің оқушылар алдына белгілі бір мәселені шешу қажет проблема ретінде қоя білуі мен өзі жетекшілік ете отырып, оқушыларға шешім жолының логикасын үйретуден танылады. Дидактик ғалым И.Я. Лернер былай дейді: «Правомерность этого метода связана с тем, что истинность знаний, как и эффективность способов деятельности, предписываемых учащимся, надо в определенной части не только утверждать, не только иллюстрировать, но и доказывать с целью приобщения учащихся к способам поиска знаний, с целью формирования убежденности в истинности сообщаемых знаний»[2]. Осы әдістің тиімділігі драма мазмұнындағы проблемалық өзекті мәселені қозғап, көтеруімен тікелей байланысты.«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұсынған әдістемелік нұсқаулықта проблемалық оқытудың оқушы шығармашылығына әсері жайында тереңірек тоқталады.«Проблемалық оқыту әдістері білім алушылардың эмоционалдық саласына да оң әсер етеді, балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту, олардың даралығын және шығармашылық ойлауын дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, мәселелерді көре білу, сұрақтар қою, гипотеза қою, ұғымдарға анықтама беру, бақылау және эксперимент жүргізу, қорытынды және ой-пікірлер жасау, материалды жіктеу және құрылымдау, мәтінмен жұмыс істеу, өз идеяларын дәлелдеу және қорғау, өз бетінше танымдық іс-әрекетке қабілеттілік, тез өзгеретін әлемде табысты болу және т. б. сияқты білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі» [3,4]

Мысалы,Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» пьесасындағы Қарабайдың әке болғанымен, Баяндай ару қызын мал үшін құрбан етуге даяр болуын қалай түсіндіруге болады?т.б. деген сұрақтар қойып, осы туралы оқушылардың шешім жасай білуіне басшылық жасау керек. Адам баласына тек даму, өсу ғана емес, дүние жинау мен дүниенің санын көбейту құмарлығы да тән. Тек жек көрумен ондай пасықтықты жеңе, жоя алмаймыз. Енді не істеу дұрыс болады? Мұндай мысалдарды қазіргі өмірмен байланыстыра қарай отырып, «адам-пенде» деген түсінікке талдау жасату керек. Одан соң, «адам-пенде» дегенді ақтаймыз ба, немесе ол кешірілмейтін күнә ма, болмаса, пенденің адамға айналуын мүмкін ететін тәрбиелік жолдар бар ма? Оны қалай іздеп табуға болады? т.б. осындай толып жатқан өмір, тіршілік философиясына негізделген сұрақтар қою арқылы шығарманың баяндалуын проблемалық түрде жүргізуге болады.

Шығармашылық-іздендіріп оқыту әдісі. Шығармашылықпен іздендіріп оқыту әдісі- жалпы әдебиет пәніне тән әдістің бірі. Әдеби туындыны оқушының қабылдауына тікелей әрі терең әсер ететін нәрсе- оқу. Оқушының драмалық шығармамен алғашқы танысуы оны оқудан басталса, әрі қарай талдаудың көптеген түрлерін жасау да оқумен байланысты болады. Оқудың ішінде шығармашылықпен әрі іздендіре оқудың алатын орны зор. Өйткені, көркем мәтінді оқу мен басқа стильде жазылған мәтіндерді оқу екі түрлі нәрсе. Ал көркем шығарманы жай, еш ізденіссіз оқудың өзі мүмкін емес. Көркем туындыны оқыған кезде қандай да бір әсер қалады. Бірақ, көркем оқудың өзі оған оқушыларды баулып үйретуді қажет етеді. Себебі, шығармашылықпен оқу жай оқып шығумен бірдей емес. Оқушының санасына қабылданып жатқан драмалық шығармадағы мазмұн оқушыға түрлі адамгершілік және танымдық позиция тұрғысынан сәуле беріп жатады.

Н.И. Кудряшевтің көрсетуінше, шығармашылықпен (іздендіріп) оқыту әдісінің белгілері мынадай болады:

- мәнерлеп оқыту;
 - мұғалімнің өзі оқып беруі;
 - көркемсөз шеберлерінің оқуы (грампластинка немесе магнитофон таспасы, видеолента);
 - мұғалімнің көркем шығарманы түсінік берумен араластырып оқуы;
 - көркем оқудан соң оқушылармен пікір алысу ұйымдастыру;
 - оқушылардың көркем мәтінді жатқа оқуы;
 - көркем мәтінді мәтіндегідей мазмұндату;
 - көркем мәтінге оқушы өз ойымен түсінік бере отырып мазмұндауы;
- мәтін бойынша сценарий құрғызу т.б.[4]

Иллюстрациялық-көрнекілік әдіс. Көрнекілік әдісі дидактикада да, әдістеме ғылымында да Я.А. Коменский еңбегінен бастап, тәжірибеде сыналған әдіс болып саналады. Дегенмен, көрнекілік әдісі туралы дидактик ғалымдардың пікірі бір арнаға тоғыспайды. Бір жағынан, көрнекілікке сүйену оқу процесіне жақсы тірек деп саналатын болса, екінші жағынан, көрнекілік әдіс оқу процесіне жақсы тірек бола алмайды деп саналады. Әдіскер-ғалым Ә.Қоңыратбаевтың көрнекілік әдісінің түпкі мақсаты- қысқа да оңай жолмен, тиянақты білім беру деген тұжырымын басшылыққа аламыз[5].

Оқу үдерісінде оқушылардың дүниетанымы қалыптасады, дамиды. Көркем мәтінді оқуда оқушының барлық сезім мүшелері қызмет етіп, солардың іс-әрекетінің нәтижесінде білім мазмұны санада жинақталады. Сонда, берілетін білім мазмұны көрнекілік- иллюстрациялық жолмен де беріліп, оқушының санасын осы мазмұнның бейнесі қалыптасуына игі әсерін тигізе алады. Мысалы, М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясын оқыту барысында оқушылар шығарманың идеялық-мазмұндық ерекшеліктерін жақсы түсінуі үшін, кейіпкерлердің суреттерін салғызуға, немесе белгілі бір эпизодтың картинасын салып көрсетуге болады. «Еңлік-Кебек» трагедиясын сахнада сомдаған атақты өнер шеберлерінің немесе қойылымнан суреттер көрсетсетудің де тигізер әсері мол. Шығармадағы Абыздың және оның қарсылас билерінің бейнесін сөз арқылы сомдата отырып, билердің тұлғаларын суреттер арқылы көрсетсе, көрнекілік арқылы қабылдаудың әсері шығарманы түсінуге үлкен серпін берері сөзсіз.

Драмалық шығарманы меңгеруде оқушылардың рецептивтік қабылдауына көрнекілікті қолдану арқылы әсер етіп, сол рецепция кезінде тұтас шығарманың жекелеген бөліктері түсіндіріледі. Бірақ жекелеген бөліктерін арнайы түрде мұғалім соңғы сөзі арқылы жинақтап беруі тиіс. Әрине көрнекілік құралды шамадан тыс қолдануға болмайтыны белгілі. Мұғалім әр сабаққа даярланған сайын көрнекілік қолданудың қажеттілігін анықтайды, қолданылатын көрнекіліктердің саны мен сапасын анықтап барып, сабақ құрылымының, соның ішінде жаңа сабақ түсіндіру құрылымының қай тұсында қолданатынын да алдын ала анықтап алады. Көрнекілік-иллюстрациялық құралдарға мұғалім тарапынан арнайы тапсырмалар жасалып, сол тапсырмалар арқылы драмалық шығармамен байланыс жасатылып отырылады.

Жазбаша жұмыс орындату. Жазбаша жұмыстардың мақсаты- оқушылардың тілін дамыту, сауаттылығын арттыру. Оқушылардың ең алдымен, сөздік қорын байыту мақсаты басты болып табылады. Драмалық шығарманы оқыта отырып, оқушылардың тілі мен ойлауын дамытуды жүйелі ету үшін жазбаша жұмыстардың түрлері мен тақырыптарын мұғалім алдын-ала белгілеп, даярлап алады. Драманы талдау барысында оқушының сөздік қорын байыту мақсатымен жазба жұмыстың «Сөздік дәптер» деп аталатын түрін қолдануды дағдыға айналдыру да өте маңызды орын алады. Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясындағы «алтын жамбы, жын ойнақ, қан құйысу», М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» жырынан «бидайықтай бұру, барымта, бұлдыр күн, зарлық» сөздерінің мәні терең түсіндіруді қажет етеді. Одан кейінгі жазба жұмысының түрі- драмалық шығармада автор жасаған ерекше сөз қолданыстарын іріктеп, іздетіп, талдату. Өйткені тіл шеберлерінің арқасында ғана қазақ тілі (барлық басқа тіл сияқты) дамып, байып отыратыны белгілі. Мысалы, Ғ. Мүсірепов өзінің драмалық шығармалары арқылы қазақ әдебиетін ғана емес, қазақ тілін де өзінің соны пікірлерімен, жаңа қолданыстарымен байытқанын оның аталған туындысын талдау арқылы, М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясындағы қазақ билерінің сом-сом, кесек-кесек, шымыр сөздері арқылы қазақ тілінің мүмкіншіліктері де танылып, соның тамаша нәтижесі ретінде жаңа сөз қолданыстар дүниеге келгенін оқушылар ауызша әдеби талдау арқылы, жазбаша талдау арқылы ғана түсіне алады.

Мысалы, «Еңлік-Кебек» туындысынан : Абыз. Әлі береке десе кер кетіп, пәле десе жұлынған, тоқсан сусар тон берсең де бітпеймін деп басқа шауып, төске өрлеген матай бауырыңмен бітім таптың ба, табыстың ба, түге?[6,9]

Еспембет. Тобықты, құрыш болат емеспісің екі жүзді алмас кеспейтұғын. Сенің қаттылығыңа найман қайтіп шыдасын, қайтып қала берет те.[6,33]

Абыз. Не дейсің! Не деп келесің сен? Әнет бабаң, Әнет бабаң серік пе саған... бұ шақта! О-О-О !.. Сонау... сонау ма?... Қалқаман-Мамыр етпек пе ең? Сұмдық! *Ерінің жаны, бөрінің аузына түскен сұмдық заман! Сұм заман!...*[6,41]

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясынан:

Қарабай. Қап! *Қатын-баланың басқа секіргені қасқа тіске ақау түсейін* деген-ау бұл![7,29]

Жантық. *Үш жүздің кер аузы түгел жиналған түрі жаман екен, шабындымен –ақ құрта ма деп қорқам...*[7,11]

Баян. Қозы! *Жаттан-жақын, қастан-дос, ашудан-ақыл тауып әкеле жатырмын»* Көремісің?..[7,53]

Жазба жұмыстың тағы бір түрі – драмалық шығармада қолданылған халық тілінің байлығын талдау. Мақал-мәтелдер, фразалық тіркестер, нақыл сөздердің драмада қалай қолданылғаны мен автордың негізгі идеясын ашуға олардың қалай қызмет етіп тұрғанын көрсету арқылы оқушылардың ана тілін ойды білдіруде қолдана білу дағдылары қалыптастырылады. Мысалы Д.Исабеков «Әпке» драмасынан:

Тимур. Көп болса күшік тастаған шығар. Басы жас әлі талайды көтереді.

Қамажай. Теміржан, тентекті ана көтерсе де, дала көтермейді. Сырт көз-сыншы. Байқағайсың. Менің де ақылым асып-тасып бара жатқан жоқ, сендерден бір мысқал кем, бір мысқал аз. Әйтеуір қайда жүрсең де абыройыңды ұмытпа.[8,213].

Ғ.Мүсірепов. «Қозы Көрпеш –Баян сұлу» трагедиясы:

Қозы. Ел намысын ер жоқтамас болар ма? Қызына қол бастатқан неткен ел еді?[7,25]

Баян. Садақ тартсам, жеті қырға жеткізем, жеті қабат қалқаннан өткізем! Жолбарыс бұрылып кетеді, арыстан тайып кетеді алдымнан! Осы ма менің кемдігім?[7,25]

Баян. Кешіре гөр, әке... Мен сені жібімейтін тас деп, йілмейтін емен деп, өкпелі едім саған!.. [7,39].

Қозы. Тұрсаң төсегің, жатсаң жастығың болармын, ата! Еліңді қорғар білегіім бар! Жолбарыстай жүрегім бар! Бәрін салдым алдыңа! Көппін деп жауың жауың басынбас, азбын деп ағайының жасымас! Жау көрінсе- алдыңа ұста, аяз қысса- арқаңа!.. Тереңге мені сал, биікке мені жұмса![7,39]

Жазба жұмыс түріне сұрақтарға жазбаша жауап беру де жатқызылады. Мұның ерекшелігі ауызша жауаптан гөрі, жазбаша жауап берілген кезде оқушының ойлануға уақыты, мүмкіндігі мол болуында. Сұраққа берілетін жауап жан-жақты ойша талданып барып жазылатын болғандықтан, сөйлем құру, мәтін құру сияқты талаптар да орындалып жатады.

Жазба жұмыс жүйесінде *шығарма жазу* үлкен орын алады. Шығарма жазу барысында оқушының өзі - оқырман, өзі сұрақ қоюшы, өзі- жауап беруші, өзі - төреші рөлінде болып, нәтижесінде ойдың қаншама қабатынан сүзіліп, сыналып барып, сығымдалып шыққан ойтолғау- шығарма жұмысы пайда болады. Сондықтан шығарма жазудың арнайы әдістемесі терең проблема. Шығарма жаздырудың оқушылар үшін шығармашылық мәнін ғалымдар да терең бағалайды. Ғалым С. Мақыпұлы: «Шығарма жазу- белгілі дәрежеде автор-суреткермен рухани жалғасу, оның идеялық-көркемдік мақсат-мұратын шығармашылықпен өзінше түсінуге және бағалауға тырысу. Жаттандылыққа, пікір қайталауға бой алдырмау, өзінің өнер туындысының табиғатын нәзік түсініп, терең пайымдаулар жасауға шығармашылық қабілеті, көркемдік талғамы бар екенін дәлелдеу» - дейді [9, 60].

Жазба жұмыстың мазмұндама және баяндама жазу сияқты түрлерінің де алатын орны үлкен. Өзінің қатарлас құрбыларының алдына шығып баяндама оқу үшін оқушы тек жазба жұмысты орындау міндетін ғана атқармайды, өзінің психологиялық даярлығын да жүргізеді. Негізінен монологтық түрде келетін мазмұндау мен баяндама жасауда сөйлеу заңдылықтары мен тәртіптері де ескеріледі, талап етіледі.

Оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмысы. Қазіргі уақытта оқушылардың өз бетімен ізденуіне баса назар аударылып отыр. Сондықтан, драмалық шығармаларды оқытуда оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстарын үнемі түрлендіріп отыру керек. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауы олардың саналылығына негізделеді, шығармашылық бастауларына әкеледі, әрі осы қасиетті қалыптастырады. Өз бетімен жұмыс жасау барысында оқушылар түрлі оқу және таным әдістерін сынап көретіндіктен, орындалатын тапсырмалардың сол бағытқа орайластырылып берілгені дұрыс. Өз бетімен жұмыс жасау барысында оқушы мынадай алгоритмдерді орындай алады:

1. Драмалық шығарманы талдаудағы берілген тапсырмаға тікелей қатысты мақсатты нақтылау;
2. Мақсатқа жету үшін соған қажетті материалдарды драмалық шығарма мәтінінен бақылау, ізденіп оқу;
3. Берілген тапсырманың, сұрақтың шешімін мәтіннен, белгілі бір абзац пен олардың байланысынан іздеп табу;
4. Өзінің болжамын нақтылап жазу;
5. Айтар ойының жоспарын жасау;
6. Жоспар бойынша өз ойын баяндау, басқа фактілермен салыстыру;
7. Өзінің шешімін әдебиеттанушы ғалымдардың пікірімен салыстыра отырып дәлелдей білу;
8. Берілген мәселені шешу үшін ұсынатын өзінің нақтылы көзқарасын айқын түрде көрсету;

Оқушылардың шығармашылық жұмыстары. Әдебиет сабағының оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру мен дамытудағы үлкен ролі ежелден белгілі. Бірақ, барлық әдістер бірдей оқушының шығармашылық қабілетін дамытады деп те түсінбеу керек. Оқушылардың

шығармашылық қабілеттерін дамытудың арнайы әдістері бар. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бағыты бұл мәселеге арналған арнайы жоспардың болуын талап етеді. Оқу жылының басында жасалған пәндік жоспарда драмалық шығармаларға қатысты да орын беріліп, өтілетін драмалық туындылардың мазмұндық-құрылымдық болмысында оқушылардың шығармашылығын дамытатын қандай мүмкіндіктер барын мұғалім алдын-ала анықтап алады. Мысалы, Ғ.Мүсірепов драматургиясын оқыту арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бағытында төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізуге мүмкіндік мол:

- Оқушылар «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» трагедиясын оқып шыққан соң, кейіпкерлер жүйесін өзі ойлап тапқан мизансценаға сай орналастыруы керек. Яғни барлық кейіпкер сценаға шығатын болса, қайсысын қай жерге және қандай қалыпта тұрғызу керектігі және сол ойын дәлелдей білу қажеттілігі міндеттеледі;

- Қарабай бейнесінің ең бір түйінді тұсын суретке салу тапсырылады.

- Оқушылар арасында Қозы мен Баянға ескерткіш орнатуға авторлық бәйге жариялап, жеңімпазын қазылар алқасына анықтату керек;

- Махаббат пен адалдыққа қарсы шыққан Қарабай мен Қодарды «Ар сотында» айыптау, соған байланысты оның сценарийін жазуды оқушыларға тапсыру;

Шығармашылық жұмыс түрлеріне қатысты мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Шығармашылық әдістерді қолдану арқылы мынадай мақсат-міндеттер шешіледі:

1. Оқушылар әдеби шығарманы талдау барысында теориялық білім - әдістерін шығармашылық қызмет әрекетіне айналдырып, білімнің өмірдегі жетекші рөлін лайықты бағалай алады;

2. Шығармашылық талдау әдісі арқылы эстетикалық білімге қол жеткізеді;

3. Эстетикалық таным әдістері арқылы этикалық-моральдық норманың сабақтастығын сезіп біледі, эстетикалық білім ғана адамға этика нормаларын шынайы меңгеруге көмектесе алатынына көз жеткізеді;

4. Білім мазмұнын шығармашылық қызметтің моделіне айналдыра алады, яғни драмалық шығарманың мазмұнымен таныса отырып, оны басқаша аспектіден түсіну әдістерін де меңгереді.

5. Шығармашылық жұмыстарды орындау қабілеттері дамиды.

Шығармашылық әдістер қатарына өлең шығару, мәнерлеп оқу, жатқа оқу, әңгіме жазу, шығарма жазу жұмыстары да кіретіні белгілі. Бірақ, біз көп сөз бола бермейтін түрлеріне ғана тоқталып өттік.

Өнер және мәдениет құралдарын драмалық шығарманы оқыту сабақтарында қолдану. Драмалық шығарманы оқыту эстетика мен мәдениеттану ілімдеріне арқа сүйейтіндіктен, әдістемеді бұл мақсатқа жетудің бірден –бір тиімді жолы арнайы әдеби жаттығулар жүйесі. Драмалық шығармаларды оқытуда әдеби ойындардың да алатын орны ерекше. Мысалы:

1. Д.Исабековтің «Әпке» драмасындағы Тимур, Назила, Света, Кама сияқты жас кейіпкерлердің адам, қоғам, жастар жайындағы пікірлерін драма тілінен өз сөзіңмен проза тіліне аудар.

2. «Еңлік-Кебек» трагедиясын өткенде «Жатқа айту» ойынын ойнату. Сыныптан екі оқушы шығып Еңлік пен Кебектің өздеріне ұнаған диалог, монологін жатқа оқиды.

3. «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясын оқытқан кезде «Ұйқасын тап» ойынын ойнату. Трагедияда берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тапқызып, айтқызу.

4. «Бес жолды өлең» қазақ тілі теориясымен байланысты өлең жазғызу ойыны.

5. Театрдан өздері көрген спектакль бойынша шағын үзінді орындату.

6. Өтілген драмалық шығармалардан «Жалғасын тап» ойынын ойнату. Ол үшін ортаға бір оқушыны шығарып өтілген драмадан белгілі кейіпкердің сөзін оқытып жалғасын тапқызу.

7. М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрында өткен қойылымдардың, оларды ойнаған актерлардың суреттерін көрсете отырып, қандай қойылым екенін және ойнаған актерларды тапқызу.

8. Ғ.Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрында қойылған спектакльдердің оқушы қиялында афишасын жасату.

Нәтижелер. Драмалық шығармаларды оқыту әдістері оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, оларға эстетика және мәдениеттану ілімдеріне сүйене отырып оқыту мен білім беруді көздейді. Сұлулықтың ғылыми анықтамасы қай кезде де ғалымдарды, жалпы адамзатты толғантқан ежелгі мәселе екендігі белгілі. «Материалдық игілік пен рухани игіліктің қайсысы сұлулықты тану критерийі бола алады?» деген қарапайым сұрақтан бастап, оны тануға дейінгі жол- адамзатты талай адастырған, толғантқан, болашаққа тоқтаусыз жүре беруге күш берген ерекше жол. Оқушылардың эстетикалық білімін драмалық шығарманы оқыту және оны талдау барысында тереңдету үшін, олардың көркем шығарманың эстетикамені туралы білімін толыққанды ету керек. Барлық сұлулық

құралдарының кешенді қолданылуын таба білудің өзінде де әсемдік жататынын алдымен әдебиет пәні мұғалімінің өзі шығармашылықпен түсінуі және талдай алуы қажет.

Талқылау. Драмалық шығарманы оқып- танысу арқылы оқушы қандай эстетикалық байлыққа қол жеткізе алады?

Ең алдымен, қазақ халқының дүние жүзін мекендеген басқа халықтар қатарында өзіндік ерекшелігі бар халық, ұлт екенін түсінуі тиіс. Мұның өзі қазақ халқының өзіне тән ұлттық ментальдік ерекшеліктерін танытқанда ғана оқушыларға түсінікті болатын нәрсе. Оқушылардың көзін қазақтың өткенінің бәрі қара түнек емес деген қорытындыға жеткізу керек.

Егер, Қозы мен Баян махаббаты туралы сөз етер болсақ, сондай биік адалдық идеалына, шынайы, түсінікке Баянды жеткізген, тәрбиелеген күш- халқымыздың өмірінде ежелден қалыптасқан эстетикалық идеалдары,соның игі ықпалдары деп түсіндіру керек.

3.Қабдоловтың «Әдебиет теориясы» оқулығындағы әдебиеттің барлық өнер түрлерімен байланыстылығы мен өзіндік ерекшелігі туралыайтылған ойларды мұғалім өзі жатқа біліп, оқушыларына да жаттатуы керек-ақ.Онсыз драматургияны, жалпы әдебиетті оқыту барысында эстетикалық білімді білгізем деу артық сөз болып қала береді

Абай айтқан «толық адам» - эстетикалық жағынан табиғатпен де, қоғаммен де, өзінің жан дүниесімен де гармониялық үйлесім тапқан адам екендігіне оқушыларды сендіре отырып, үйрету керек. Драмалық шығарманы талдау барысында әр кейіпкердің бойындағы түрлі адамдық мінез-құлықтарды жинақтай отырып, олардың барлығы бір адамның бойында көрінуі – сирек нәрсе, ол адамзаттың арманы, ал әдеби жағымды кейіпкер- қоғамның арманы, идеалы деп, шәкірттерді осыған ұмтылдыру басты міндеттің бірі.

құралдарынсыз түсіндіру мүмкін емес. Бұл жағдайда күрделі анимация ең нәтижелі әдістердің бірі болып табылады, өйткені іс-әрекетті уақыт пен кеңістіктің өзіне тән бөлігінде суреттеуге қосымша мүмкіндіктер береді.

Суретте префикс етістіктерін пайдалана отырып, әртүрлі бағыттардағы қарапайым бағыт көрсетілген. Роликтің ыңғайлылығы – белгілі бір әрекет бағытын көрсете отырып, оқытушы жекелеген префикстердің мәнін түсіндіру процесіне түсініктеме бере алады, содан кейін бағытты өзгертеді және соның салдарынан етістікті де өзгертеді. Студент барлық процесті іс-әрекетте көреді, одан әрі ол қозғалыс етістіктерін қолдана отырып, әртүрлі бағыттарды жасай алады. Мұнда біз өткен шақ етістіктерін пайдаландық, бірақ анимация болашақта болжанатын әрекеттерді жасауға, сондай-ақ қазіргі уақытта синхронды орындау процесін қалпына келтіруге мүмкіндік береді (Сурет 2).



Біз үлгі ретінде “префикс етістіктерін құру” тақырыбына бейнеролик құрдық, бірақ оқытушы өз қалауы бойынша түрлі тақырыптарды, заттар мен диалогтарды таңдай және жасай алады. Компьютерлік графиканың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқытушы тез нәтижеге қол жеткізеді – заттың қасиеттерін, белгілері мен әрекетін анықтау, сөйлемнің құрылымын біле отырып, қажетті формулаларды қолдана отырып, фразаларды өз бетінше құру.

Мысалы, 1 + V3=A3 + O3	Он позвонил своему другу.
1 + V4=A4 + O4	Моя мама купила красивое платье.
1 + V5=A5 + O5	Мы познакомились с умным человеком.
1 + V6=A6 + O6	Моя подруга работает в иностранной компании и др.

Етістікпен жұмыс істеуді бастағанға дейін оқытушы студенттерді зат есіммен таныстырады: сан есім категориясы, род және септік, жанды және жансыз зат есімдерімен, жалқы және жалпы есімдерімен.

Содан кейін сын есіммен: сан есім категориясы, род және септік жалғауы. Сын есімдердің синонимдері мен антонимдері. Заттың белгісін анықтау, сұрақ және бекіту құрылымдарын құру.

Ал келесі кезең – етістік. Біз етістіктердің префикс формаларын құруға толығырақ тоқталамыз.

Қозғалыс етістіктері 2 топқа бөлінеді. Бірінші топтың етістіктері бір сәтте немесе белгілі бір бағытта жүретін қозғалысты білдіреді. Бұл бір бағытты қозғалыстың етістіктері. Екінші топтың етістіктері бірнеше рет немесе түрлі бағытта өтетін қозғалысты білдіреді. Бұл әртүрлі қозғалыс бағытындағы етістіктері.

1-тобы: идти, ехать, бежать, лететь, плыть.

2-тобы: ходить, ездить, бегать, летать, плавать.

Анимацияның көмегімен шетелдік студенттерге бір бағыттағы және әр бағыттағы қозғалыстардың айырмашылықтарын оңай көрсетуге және түсіндіруге болады.

Етістіктің префикс формаларын құру кезінде шетелдік студентке негізгі қиындық етістік префикс молынан тұрады, олардың әрқайсысы өз мәні бар. Және шетелдіктер қозғалыс бағытын анықтау кезінде қандай да бір префикстер мен сылтаулар қолданудан жиі шатасады [5, 26]. Анимация және компьютерлік графика бұл қозғалыстарды белгілі бір жағдайда кеңістікте көрсетуге мүмкіндік береді. Кейіннен студент өзіне қажетті қозғалыс бағыттарын жасай алады, сұрақ қоя алады және әртүрлі етістіктер мен сылтауларды қолдана алады.

Анимацияның көмегімен шетелдік студенттерге бір бағыттағы және әр бағыттағы қозғалыстардың айырмашылықтарын оңай көрсетуге және түсіндіруге болады.

Талқылау. Етістіктің префикс формаларын құру кезінде шетелдік студентке әрқайсысының өз мәні бар болып есептелетін етістік префикстің көптігі негізгі қиындық туғызады. Сонымен қатар шетелдіктер қозғалыс бағытын анықтау кезінде қандай да бір префикстер мен көмекші сөздерді қолдануда жиі шатасады. Анимация және компьютерлік графика бұл қозғалыстарды белгілі бір жағдайда кеңістікте көрсетуге мүмкіндік береді [6, 186]. Кейіннен студент өзіне қажетті қозғалыс бағыттарын жасай алады, сұрақ қоя алады және әртүрлі етістіктер мен көмекші сөздерді қолдана алады.

Біз жасаған бейнероликте объект әрекет жасайды және қозғалыс бағытын өзгертеді. Анимация болып жатқан оқиғаны “шындыққа” жетуге мүмкіндік береді, студент кейіпкермен бірге процеске қатысады. Кейіннен, әрбір префикс мәнін өңдеу, әрекет бағыты мәселелерін пайдалану кезінде (мысалы, қайда? қайдан?), бұл бейнені әртүрлі диалогтармен толықтыруға болады. Басқа кейіпкерлерді қосуға болады. Бұл үзіндіде біз тек ходить – идти етістіктерін ғана пайдаланамыз, содан кейін және басқа етістіктерді қолданып бейнеролик жасауға болады. Мысалы, бегать – бежать, ехать – ездить, лететь – летать, плыть – плавать.

Сонымен қатар, анимация және компьютерлік графика студентке “визуалды” кейбір көмекші сөздердің мәнін түсінуге көмектеседі, мысалы в, на, из-за, из-под, через және т.б. лексика-грамматикалық материал көлемін және оны ұсыну реттілігін таңдау кезінде оқытушы студенттерді осы ақпаратты қабылдауға дайындаудың әртүрлі деңгейін ескеруі тиіс.

Материалды іріктеу және оның тұсаукесерінің реттілігін анықтау кезінде оқытушы топтың дайындық деңгейін ескере отырып, қозғалыс етістіктері бар бір префиксті оқып-үйренуді (опустить или перенести) немесе оқытудың кейінгі кезеңіне ауыстыра алады; басқа жағдайларда – оларға қарым-қатынастың белгілі бір саласы үшін белсенді және мәтіндерді түсіну үшін қажет деп ерекше назар аудара алады.

Анимация және компьютерлік графика-белгілі бір таңбасыз немесе жанама қозғалыс етістігінің мәнін ұсыну құралы болып табылады, нақты әрекетті жасау үшін қажетті визуалды бағдарларды қамтиды.

Олар қозғалыс етістіктерін қолданудағы қателердің алдын алуға, белгілі бір грамматикалық құбылысты тез меңгеруге ықпал етеді және бұл процесті оқушылардың өздері басқаратын және бақыланатын етеді.

Сондай-ақ, күрделі анимация мен компьютерлік технологияларды пайдалану жақын болашақта іске асыру тұрғысынан қолжетімді етеді:

1. Ақпарат бойынша “еркін” навигация және әлемдік интернет желісіне шығу.
2. Бейнеде мәтін үзінділерін, көрнекі материалда диалогтік конструкцияларды пайдалану мүмкіндігі, грамматиканың түрлі деңгейлері мен салаларын қамтитын түрлі бейне және аудио жұмыстарды жасау.
3. Түрлі қосымшалармен (мәтіндік, графикалық және дыбыстық редакторлармен, картографиялық ақпаратпен) жұмыс істеу мүмкіндігі.
4. Компьютерлік технологияларды дамытудың арқасында ақпаратты қабылдау үшін барынша көп еңбекті қажет ететін қарапайым формада беру мүмкіндігі.
5. Экранындағы суретті немесе оның ең қызықты фрагменттерін үлкейту (нақтылау) мүмкіндігі, кейде суреттің сапасын сақтай отырып, жиырма рет үлкейгенде (“лупа” режимі).
6. Суретті салыстыру және оны ғылыми-зерттеу немесе танымдық мақсаттармен әртүрлі бағдарламалық құралдармен өңдеу мүмкіндігі.
7. Статикалық немесе динамикалық көрнекі қатарға сәйкес келетін үздіксіз музыкалық немесе кез келген басқа аудио сүйемелдеуді жүзеге асыру мүмкіндігі.

8. Фильмдерден, бейнежазбалардан және т.б. бейнефрагменттерді пайдалану мүмкіндігі, “стоп-кадр” функциясы, кадр бойынша бейнежазбаны “парақтау”.

9. Білім беру бағдарламаларына бейнелерді өңдеу әдістемелерін, тілдік формаларды тереңдетіп оқыту үшін күрделі анимацияны енгізу мүмкіндігі.

10. Өнімде ұсынылатын ақпараттан өз “галереяларын” (таңдауларды) құру мүмкіндігі.

11. Өнімнің барлық мазмұнын автоматты түрде қарау (“слайд-шоу”) немесе өнім бойынша анимацияланған және дыбысталған “жолсілтегіш-гид” (“пайдаланушының сөйлейтін және көрсететін нұсқаулығы”) жасау мүмкіндігі; өнімнің құрамына ақпараттық құрамдастары бар ойын құрауыштарын қосу) компьютер спецификасы ақпараттық технологиялардың әрқилы түрлерін іске асыратын орыс тілін шет тілі ретінде оқыту құралы ретінде.

Қорытынды. Осылайша, оқу процесін ұйымдастыруда мультимедиялық технологияларды қолданудың айқын артықшылықтары (ақпаратты жедел пайдалану, аудио және визуалды материалдарды біріктіру және т.б.) күмән тудырмайды. Мұндай технологияларды қолдану оқу ақпаратын айтарлықтай белсендіреді, оны қабылдау үшін көрнекі етеді және игеру үшін жеңіл болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Антропова М.В., Манке Г.Г., Кузнецова Л.М., Бородкина Г.В. Дифференциация обучения: Педагогическая и физиолого-гигиеническая оценка. // Педагогика, 1992, №9-10.

2 Осмаловская И.М. Дифференциация процесса обучения в современной школе. – Москва-Воронеж, 2004.

3 Чупрасова В.И. Современные технологии в образовании. – Владивосток, 2000.

4 Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика: учебн. пособие / Наталия Дмитриевна Гальскова, Надежда Ивановна Гез.- 6-е изд., стер. – М.: Академия, 200 с. – 2010.

5 Тексты лекций по курсу "Основы теории второго иностранного языка" для студентов IV курса переводческого факультета. Современные тенденции развития английского языка. – М.: ИПК МГЛУ "Рема", 2009. – 200 стр. табл.

6 Инновационные методы обучения, Или как Интересно преподавать: учебное пособие / , .- 4-е изд., доп. – Алматы, 2010. – 201 с.

References:

1 Antropova M.V., Manke G.G., Kuznesova L.M., Borodkina G.V. Diferensiasia obuchenia: Pedagogicheskaja i fiziologo-gigienicheskaja osenka. // Pedagogika, 1992, №9-10.

2 Osmalovskaja I.M. Diferensiasia prosesa obuchenia v sovremennoj škole. – Moskva-Voronej, 2004.

3 Chuprasova V.I. Sovremennye tehnologii v obrazovanii. – Vladivostok, 2000.

4 Teoria obuchenia inostrannym iazykam: Lingvodidaktika i metodika: uchebn. posobie / Natalia Dmitrievna Galskova, Nadejda Ivanovna Gez.- 6-e izd., ster. – M.: Akademia, 200 s. – 2010.

5 Teksty leksi po kursu "Osnovy teorii vtorogo inostrannogo iazyka" dla studentov IV kursa perevodcheskogo fakülteta. Sovremennye tendensii razvitia angliskogo iazyka. – M.: İPK MGLU "Rema", 2009. – 200 str. tabl.

6 İnnovasionnyye metody obuchenia, İli kak İnteresno преподават: uchebnoe posobie / , .- 4-e izd., dop. – Almaty, 2010. – 201 s.

МРНТИ14.01.33:

Рустемова Ж. А.,¹ Дүйсембекова А. Е.²

^{1,2} Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды, Қазақстан

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Аңдатпа

Мақалада авторлар жалпы білім беру мазмұнын жаңарту үрдістерінің қазақстандық мектеп оқулықтарындағы көрінісін қарастырады және жаңа форматтағы оқулықтарға қойылатын бірқатар талаптарды атап көрсетеді.

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Сондай-ақ, мақалада білім беру саласындағы білім беру мазмұнын жаңартумен және оның қазақстандық оқулықтарында көрсетілуімен байланысты негізгі үрдістер анықталады және талданады. Жылдам дамып келе жатқан жоғары технологиялар мен ақпарат әлемінде білім берудің жаңа тәсілі оқушылардан пәндік салада машықтарды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен сыни ойлау, оқу проблемалары мен міндеттерін шешудің жаңа тәсілдерін меңгеруді талап етеді. Әмбебап дағдыларға көбінесе көшбасшылық, креативтік (шығармашылық ойлау), өз уақытын тиімді басқару, дивергенттік ойлау, когнитивтік икемділік сияқты әлеуметтік-психологиялық дағдылар жатады.

Түйін сөздер: Оқулық, әдістемелік тәсіл, дидактикалық талап, білім беру, тәрбиелеу, дамыту, үрдіс

Rustemova Z.,¹ Duisembekova A. ²

^{1,2} Karaganda State University named after academician E.A. Buketov,
Karaganda, Kazakhstan

REQUIREMENTS FOR SCHOOL TEXTBOOKS FOR THE UPDATED EDUCATION SYSTEM

Abstract

In the article, the authors consider the reflection of trends in updating the content of General education in Kazakh school textbooks and emphasize a number of requirements for textbooks of a new format.

The educational program is included in the educational process of the updated and modern, to meet the needs of future generations of the program. The article also identifies and analyzes the main trends related to updating the content of education in the field of education and its reflection in the Kazakh educational literature. In the rapidly developing world of high technology and information, a new way of education requires students not only to master the skills of the subject area, but also to develop new approaches to solving problems and tasks of critical thinking, learning. Universal skills most often include such socio-psychological skills as leadership, creative thinking, effective time management, divergent thinking, and cognitive flexibility.

Keywords: Textbook, methodological approach, didactic requirement, education, upbringing, development, trend

Рустемова Ж. А.,¹ Дүйсембекова А. Е. ²

^{1,2} Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова,
Караганда, Казахстан

ТРЕБОВАНИЯ К ШКОЛЬНЫМ УЧЕБНИКАМ ПО ОБНОВЛЕННОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье авторы рассматривают отражение тенденций обновления содержания общего образования в казахстанских школьных учебниках и подчеркивают ряд требований к учебникам нового формата.

Внедренная в казахстанский учебный процесс, новая образовательная программа-это программа, соответствующая современным требованиям и удовлетворяющие потребности будущего поколения. В статье также выявляются и анализируются основные тенденции, связанные с обновлением содержания образования в области образования и его отражением в казахстанской учебной литературе. В быстро развивающемся мире высоких технологий и информации новый способ образования требует от учащихся не только овладения навыками предметной области, но и освоения новых подходов к решению проблем и задач критического мышления, обучения. К универсальным навыкам чаще всего относятся такие социально-психологические навыки, как лидерство, креативное (творческое мышление), эффективное управление своим временем, дивергентное мышление, когнитивная гибкость.

Ключевые слова: Учебник, методический подход, дидактическое требование, образование, воспитание, развитие, тенденция

Кіріспе. Қазақстанның орта білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұнға көшуі нәтижесінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары орта білім беру мазмұнына маңызды тұжырымдамалық өзгерістер енгізді. Жаңа ақпараттық заман білім мазмұны мен сапасына жаңа талаптар қойып отыр. Осы өзгерістерге сәйкес жаңа форматтағы оқулықтар әзірленіп, олардың мазмұнын жобалауда жаңа әдістемелік тәсілдер іске асырылды және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериялды жүйесі енгізілді.

Әдістеме. Жаңа мазмұндағы оқу әдебиетін әзірлеудің күрделі және көп қырлы процесс екендігі белгілі. Жаңа форматты оқулықтарды дайындауда педагогика, психология ғылымдарындағы соны жаңалықтар мен тұжырымдар негізге алынды. Егер дәстүрлі оқулықтар репродуктивті монологиялық сипатта болса және негізінен оқушыларға дайын түрде жазылған оқу материалдарын, мәтіндерді және ғылыми ережелерді ұсынса, жаңа оқулықтар оқушының өзіндік оқу-танымдық және шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру ресурсы болып табылады. Дәстүрлі оқулықтар оқушылардың өзіндік ойлауы мен ізденуіне, шығармашылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызбайтын және көлемді теориялық материалдар көп берілгендіктен, олар ақпарат көзі қызметін ғана атқарды.

Талқылау. Оқулықтың құрастырылуында оның дидактикалық аппаратына және дидактикалық қызметінің жүзеге асырылуына басты назар аударылуы қажет. Оқулықтың дидактикалық аппаратына бірнеше талап қойылады. Оқулықтың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, үлгілік оқу бағдарламасы мен үлгілік оқу жоспарына сәйкес болуы – басты талап.

Екінші талап – оқулық құрылымына қойылатын талап. Оқулықтағы оқу материалы логикалық бірізділікпен орналасуы қажет. Жаңа форматтағы оқулықтың материалдары дидактикалық талаптарға сәйкес (мәтін, әдістемелік және бағдар беретін аппарат, көрнекілік және т.б.) бөлімдерге, тарауларға, тақырыптарға, параграфтарға бөлінеді. Әрбір бөлік аяқталған жеке құрылым ретінде басқалармен өзара байланысты болуы тиіс және материалдың сипатына байланысты қайталану принципіне құрылуы тиіс. Оқулықты белгілі бір дидактикалық функцияларды орындайтын мәтіндер мен мәтіннен тыс компоненттер жүйесі ретінде қарастыруға болады. Оқулықтың сапасы көбінесе мәтін сапасына байланысты. Мәтін шартты түрде тексеріледі және мазмұндық-әдістемелік және лексикалық-синтактикалық, стилистикалық көзқараспен бағаланады.

Үшінші талап оқулық мазмұнына қатысты қойылады. Оқулықтың мазмұнына ғылым мен технологияның, әдістің дамуы, білім беру парадигмасының ауысуы әсер етті. Жаңартылған мазмұнның бағдарламалары, сондай-ақ, оқулықтар С.Б.Блумның оқыту мақсаттарының таксономиясы негізінде құрылған оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған: білім, түсіну, қолдану, талдау, синтез және бағалау. Бұл тұрғыда оқулықты белгілі бір пәндік саладағы мәтіндер, иллюстрациялар, практикалық тапсырмалар түрінде бекітілген элеуметтік тәжірибенің барлық компоненттерінің шоғырланған, педагогикалық бейімделген өрнегі ретінде қабылдауға болады. Оқулықтың тұжырымдамасына, оның функцияларына, оның құрамдас бөліктеріне қойылатын

психологиялық-педагогикалық талаптар оқулықтың мазмұнын құрастырудың, жалпы құрылымдық компоненттерін ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік негізі болып табылады.

Оқулықтың меңгерту аппаратына қатысты да талап ұсынылып отыр. Меңгерту аппараты оқу мазмұнын тиімді меңгертуді қамтамасыз ететін тапсырмалардан, жаттығулардан, есептерден, көрнекі иллюстрациялық материалдардан тұрады. Қазіргі оқулықтарға оқушының өзіндік оқу және зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын дамытуға, оның сыни ойлауын, талдау және ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әр түрлі және түрлі деңгейдегі тапсырмалар, жаттығулар, практикалық жұмыстар мен жобалар көптеп енгізіліп отыр. Логикалық және аяқталған тақырыптық блоктар, жаңа кластерлерге көшу логикалық байланыстардың көмегімен жүзеге асырылады. Мәтін мен иллюстрацияларға қатысты берілген тапсырмалар мен сұрақтар білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Оқулық оқушылардың өз бетінше білім алуға деген ынтасы мен бейімділігін, білім алуға деген қажеттілігін, ғылыми зерттеулерге деген қызығушылығын қалыптастыруы тиіс. Ол өмірлік жағдайларда алған білімдерін қолдануға мүмкіндік беруі тиіс. Пәнді оқу кезінде игерілген ақпараттың міндетті көлемін анықтай отырып, оқулық оқушылардың өмірлік жағдайларда пәнді оқу кезінде алған білімдерін қолдану қабілетін қалыптастыруы тиіс. Бұл функция оқу процесінде білім берудегі тиімділікке қол жеткізуге және оқушылардың дамуында оң өзгерістерге қол жеткізуге бағытталған.

Оқулықтың қабылдау аппаратына қойылатын талап та бастылардың бірінен саналады. Оқулықтар әдеби тіл нормаларын қатаң ұстануы керек. Ережелерді, оның ішінде пунктуациялық ережелерді мүлтіксіз сақтау – оқулыққа қойылатын басты талаптардың бірі. Өйткені қателер, кемшіліктер, олқылықтар оқушылардың мәтінді дұрыс түсінбеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, оқулықтағы орфографиялық қателерді оқушы норма деп қабылдауы мүмкін. Оқулықтарды жазу кезінде сөйлемнің ұзындығына, әр сөйлемдегі сөздердің санына, күрделі сөйлемдердің түрлері мен құрамына үлкен мән беру керек. Білім алушылардың психологиялық-физиологиялық және жас ерекшеліктерін есепке алу, яғни кіші мектеп жасындағы ерекшеліктерді, орта мектеп жасындағы ерекшеліктерді, үлкен мектеп жасындағы ерекшеліктерді есепке алу қажет. Материалдың ғылымилығы негізділік дәрежесін ескеру дегеніміз – әдіснамалық және терминологиялық сауаттылық. Оқулықтың оқу материалын беруде ғылыми деңгей қажет. Автордың білім мазмұнын оқу кезеңіне және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес баяндауы, материалдың түсінікті және қызықты болуы талап етіледі.

Оқулықтың бағдарлау аппараты, яғни ондағы шартты белгілер, рубрикация, қаріптік және түрлі-түсті белгілер, сигналдар мен символдар, библиография, колонтитул, арнайы нұсқаулар, пәндік және атаулық көрсеткіштер басты назарда болуы тиіс. Ал иллюстративті материал мен гарфикалық материалдар оқулыққа оқу мазмұнын меңгертуге көмектесу мақсатында енгізілуі керек. Оқулықтағы электрондық қосымшаның да маңыздылығы жоғары. Ол оқулық құрылымы мен мазмұнына сәйкес келуі керек. Оқытудың жүйелі-әрекеттік тәсіліне көшу нәтижесінде қазіргі заманғы оқулық ынталандырушы, диалогты дамытушы сипатқа ие болды. Сол себепті оқу материалдары электрондық, мультимедиялық қосымшалармен толықтырылған және олар сұқбаттастыққа, интерактивтілікке негізделген. Оқулық көлеміне және оның безендірілуінің әдістемелік тұрғыдан мақсатқа сәйкестігіне және қолдануға ыңғайлылығына, яғни оқулық эргономикасына қойылатын талап та басты талаптардың бірі болып саналады.

Педагогикалық ғылымда Я.А.Коменскийдің дидактикалық энциклопедиясы, И.Ф.Гербартың дидактикалық формализмі, Д.Дьюи, Кершенштейнердің дидактикалық утилитаризмі немесе прагматизмі, К.Сосницкий структурализмі, Лернердің жүйелі-әрекеттік тәсілінің негізінде құрылған білім беру мазмұнының теориясы, М.Н.Скаткин және В.В.Краевскийдің, Б.Блумның жүйелі-әрекеттік тәсілінің негізінде құрылған білім беру мазмұнының теориясы тәрізді білім беру мазмұнын қалыптастыруға әсер ететін түрлі дидактикалық теориялар бар[1]. Мазмұндағы басымдықтарды анықтаудағы әртүрлі тәсілдеріне қарамастан бұл теорияларға ортақ нәрсе жалпы білім беру, оның құрамында білім, білік және дағды, құндылықтар, қабілеттілікті дамыту, яғни адамның әлеуметтік тәжірибесінің құрамдас бөліктері болып табылады.

Педагогикалық процесс білім беру, тәрбиелеу, дамыту қызметтерін орындайды. Сондай-ақ, әлеуметтік қызметті де атауға болады[2]. Демек, оқулық оқыту құралы ретінде көрсетілген қызметтерді жүзеге асыруға ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар, оқулықтың оқыту құралы ретінде дидактикалық өз қызметтері де бар. Олар – үйлестіруші қызмет, жүйелендіруші қызмет, ақпарат беруші қызмет, ынталандырушы қызмет, дамытушы қызмет, түрлендіруші қызмет, құндылыққа

бағытталған қызмет, өздігінен білім алуға бағыттаушы қызмет, кіріктіруші қызмет және бақылау-түзетуші қызмет. Үйлестіруші қызмет анықтағыштар, иллюстрациялар, электрондық ресурстар және т.б. түрлі оқыту құралдарын қолдануға ықпал етсе, жүйелендіруші оқу материалдарының жүйелілікпен, бірізділікпен ұсынылуын қамтамасыз етеді. Ақпарат беруші қызмет бойынша пән мазмұны сөзбен және көрнекі түрде беріледі. Оқулықтың ынталандырушы қызметі оқу материалдарының оқушылардың өздігінен білім алуға ынтасын ояту ерекшелігінен көрінеді. Дамытушы қызмет оқушылардың зияткерлік қабілеттеріне, жеке қасиеттеріне, практикалық, коммуникативтік дағдыларының дамуына әсер етеді. Түрлендіруші қызмет бойынша оқу материалдары педагогикалық өңделуден өткізіліп барып пайдаланылады. Құндылыққа бағытталған қызмет арқылы оқушылардың жеке және әлеуметтік қасиеттерін дамыту мақсат етілсе, өздігінен білім алуға бағыттаушы қызмет оқушылардың өздігінен білім алуын жүзеге асырады. Оқушыларға басқа білім беру дереккөздерінен қосымша ақпарат алуды үйрететін – кіріктіруші қызмет. Бақылау-түзетуші қызмет оқушыларға өзін-өзі бағалауға және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмалар орындау мүмкіндігін береді.

Білім беру саласында білім беру мазмұнын жаңартумен және оның қазақстандық оқу әдебиетінде көрсетуімен байланысты көрініс тапқан бірнеше үрдісті атап өтуге болады:

Бірінші үрдіс халықаралық зерттеулерде тексерілетін практикалық-бағдарлануды күшейтуге, оқулықтарда тәжірибелік-бағдарлы тапсырмалардың едәуір санының пайда болуына бағытталған. Жалпы білім беру мазмұнын әзірлеу кезінде білім беру-тәрбие қызметінің қаржылық сауаттылықты, салық сауаттылығын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру сияқты қолданбалы түрлерін күшейтуге байланысты білім беру мазмұнын жаңарту үрдістерін ескеру қажет. Қазіргі уақытта білім беру сапасының деңгейін анықтау үшін PISA, TIMSS, PIRLS және т.б. сияқты халықаралық зерттеулер жүргізілуде. Олардың көрсеткіштері елдегі білім беру сапасының деңгейін анықтайды және олардың бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Сондықтан оқулық материалдары оқушылардың халықаралық зерттеулерде жоғары нәтижелер алуына бағытталуы тиіс.

Екінші үрдіс оқу мазмұнының әртүрлі компоненттерінің арақатынасының өзгеруіне байланысты көрінеді. Оқулықтарда бірқатар пәндер бойынша авторлық мәтіннің қысқаруы байқалады, сонымен қатар басқа материалдардың, атап өтсек, иллюстрациялардың, кестелердің, графиктердің, схемалардың, символдық бейнелердің және т.б. артуы байқалады. Оқу кітабының осы компоненттеріне арнайы тапсырмалар ұсыну оларды иллюстрациялық материал ретінде ғана емес, қосымша ақпарат көзі ретінде де пайдалануға мүмкіндік береді. Мектеп оқулықтарына арналған көрнекі материалдар (иллюстрациялық материалдар) оқулықтың құрамдас, міндетті бөлігі болып табылады. Мұндай материалдар оқулықтың мазмұнын дәл және бейнелі түрде ашуға көмектеседі, оқылатын нысанның көрінісін және сипаттама мәтінін түсінуді жеңілдетеді. Бұл тұрғыда әдіскер Қ.Бітібаеваның «Көрнекілік білім мазмұнын байыта түседі. Есту арқылы алған білімін көру арқылы бекіте түседі. Көрнекіліктер оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттырады, ойлау, таным белсенділіктерін, көркем тілін дамытады. Эмоциясына әсер етеді. Алған білімдерін тәжірибеде жүзеге асыруға жетелейді, т.с.с.» деген [3;261] тұжырымдарын еске түсірудің реті бар.

Үшінші үрдіс білім беру мазмұнында көрсетілген пәнаралық байланыстың күшеюімен, оқулықтарда әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған пәнаралық негізде тапсырмалар блоктарының күшеюімен байланысты. Оқулықта пәнішілік және пәнаралық байланыстар іске асырылуы тиіс және оқу материалдарында баяндалған білімдерге аралас ғылымдардан қосымша ақпаратты қосу мүмкіндіктері бар. Басқа ғылым салаларынан білімдерін пайдалану негізінде шешілетін тапсырмалар, сондай-ақ, интегративті шығармашылық тапсырмалар қарастырылғаны жөн.

Төртінші үрдіс жаратылыстану-ғылыми оқулықтарда ғылым мен технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктерін көрсетуді жүзеге асырады. Жаратылыстану-ғылыми пәндердің мазмұнын біріктіретін оқулықтар жасалуда және жекелеген пәндер бойынша оқулықтардың мазмұны жетілдірілуде. Оқулық оқу материалын баяндаудағы ғылыми және проблемалық тәсілдерді жүзеге асырады, сыни ойлау, белсенді және интерактивті оқыту стратегиялары мен технологияларын қолдану мүмкіндігін ұсынады. Оқу, шығармашылық, практикалық, жобалық, зерттеу дағдыларын ынталандырады [2].

Қорытынды. Оқулық материалдары оқушыларға ғылыми білімді меңгертуде, олардың дүниетанымын қалыптастыруда рухани құндылықтарға және адамгершілік қасиеттерді, тұтас гуманистік дүниетанымды тәрбиелеуге, білім алушыларда толеранттылықты, ұлтаралық және конфессияаралық диалогты қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Педагогика. –Астана, 2014. -кітап
- 2 Білім беру ресурстарын жетілдіру: тәжірибе және болашағы тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (18-19 сәуір, 2019 ж.)/ под ред. – С.К.Омарова. Нұр-Сұлтан: «Оқулық» РҒПО, 2019. – 451 б. Конференция материалдары
- 3 Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. Бірінші кітап. –Алматы:Дәуір-Кітап, 2012. -кітап.

References:

- 1 Şalğynbaeva Q.Q., Albytova N.P., Slampekova T.S. Pedagogika. –Astana, 2014. -kitap
- 2 Bilim беру resurstaryn jetildiru: täjiribe және bolaşaqy taqyrybyndağy halyqaralyq ғылыми-практикалық konferensia materialdary (18-19 säuir, 2019 j.)/ pod red. – S.K.Omarova. Nūr-Sūltan: «Oqulyq» RĜPO, 2019. – 451 b. Konferensia materialdary
- 3 Bitibaeva Q.O. Qazaq ädebietin tereñdetip oqytudyñ innovasiyalq ädistemesi men tehnologiasy. Birinşi kitap. –Almaty:Däuir-Kıtap, 2012. -kitap.

**ЖУРНАЛИСТИКА
ЖУРНАЛИСТИКА
JOURNALISM**

МРНТИ 654.197

Әлкебаева Д.А.,¹ Саткенова Ж.Б.,² Әміров Ә.Ж.³

^{1,2,3} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНЫҢ ПРАГМАСТИЛИСТИКАСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі қазақ телевизиясының прагмастилистикалық ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ телевизиясындағы ана тіліміздің бүгінгі мен болашағын бағдарлау тіл мамандарының міндеті болып саналады. Прагмастилистика саласы когнитивті лингвистика, психолінгвистика, сөз мәдениеті, лингвомәдениеттану мәселелерін де басшылыққа алады, осы салалармен байланысты тіл көрінісін анықтайды. Қазақ телевизиясы прагмастилистикасының өзекті мәселеге айналуына бағдарламалардың, телехабарлардың публицистикалық стильден ауызекі стильге ойысып жатқаны себеп болып отыр. Телебағдарламалардың рейтингісінің төмендеуі, теледидар көретін жұртшылықтың азаю себепі сөз қолданысының, сөздің әсер етуші күшінің төмендеп бара жатқандығынан деп білеміз. Бүгінгі қазақ телевизиясындағы “Дара жол”, “Мәселе”, “Біздің назарда” сынды әлеуметтік-сараптамалық бағдарламалар, “Ережесіз әңгіме”, атты телесұхбат бағдарламалар мақалаға материал ретінде алынды. Ток-шоулардың прагмастилистикасын зерттеу де бүгінгі күннің келелі мәселесіне айналып отыр. Осы мақсатқа сәйкес “Қалаулым”, “Өз ойым”, “Астарлы ақиқат” бағдарламалары тіліне прагмастилистикалық талдау жасалды.

Түйін сөздер: публицистикалық стиль, адресант, прагматикалық әлеуеті, көркемдік тәсіл, стильдік амал-тәсілдер

Alkebaeva D., 1 Satkenova Zh. 2 Amirov A. 3

^{1,2,3} *Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,*

PRAGMASTYLISTIC KAZAKH TV

Abstract

In this article we are talking about the specific features of the modern Kazakh TV in the language of pragmastylistic. The actual problem of pragmastilistics of Kazakh television is that today programs, TV shows with a publicistic style are seen in a publicistic style. The field of pragmastilistics is also guided by the issues of cognitive linguistics, psycholinguistics, speech culture, linguoculturology, and determines the type of language associated with these areas. The decrease in the rating of TV programs is due to the fact that the population that sees television is reduced due to a decrease in speech action, the acting power of speech. Focusing on the present and future of the native language on Kazakh television is the task of language specialists. The material for the article is taken from the social-analytical programs on modern Kazakh television “Дара жол”, “Мәселе”, “Біздің назарда” and the TV program “Дара жол”, “Мәселе”, “Біздің назарда”. The study of pragmastylistic talk show is the problem today. As a working material accepted program “Қалаулым”, “Өз ойым”, “Астарлы ақиқат”.

Keywords: journalistic style, addressee, pragmatic potential, artistic approach, stylistic approach

Алкебаева Д. А.,¹ Саткенова Ж.Б.,² Амиров А.Ж.³

^{1,2,3} *Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан*

ПРАГМАСТИЛИСТИКА КАЗАХСКОГО ТЕЛЕВИДЕНИЯ

Аннотация

В данной статье речь идет о специфических особенностях современного казахского телевидения в языке прагмастилистики. Актуальная проблема прагмастилистики казахского телевидения заключается в том, что на сегодняшний день программы, телепередачи с публицистическим стилем видны в публицистическом стиле. Область прагмастилистики также руководствуется вопросами когнитивной лингвистики, психолингвистики, культуры речи, лингвокультурологии, определяет вид языка, связанный с этими областями. Снижение рейтинга телепрограмм связано с тем, что население, видящее телевидение, уменьшается из-за снижения речевого действия, действующей силы речи. Ориентация на настоящее и будущее родного языка на казахском телевидении является задачей языковых специалистов. В качестве материала для статьи взяты социально-аналитические программы на современном казахском телевидении “Дара жол”, “Мәселе”, “Біздіңназарда” и телепередача “Ережесізәңгіме”. Изучение прагмастилистики ток-шоу-проблема сегодняшнего дня. В качестве рабочего материала принимаются программы “Қалаулым”, “Өзойым”, “Астарлыақиқат”.

Ключевые слова: публицистический стиль, адресант, прагматический потенциал, художественный подход, стилистический подход

Кіріспе. Прагмастилистика стилистикалық және прагматикалық зерттеулерінің тоғысында пайда болып, пәнаралық ғылыми сала ретінде қалыптасты. Тарихи алғышарттардың (XX ғ. 60-шы жж. тіл білімінде қалыптасқан тілдің динамикалық аспектісін зерттеуге деген қажеттілік), ізденістер мен зерттеу объектісінің (сөйлеу коммуникациясы тілдік іс-әрекет процесінде тілдің қызмет етуі және оның нәтижелері мәтіндерде) ортақтығын анықтай отырып, прагматика мен стилистика қатар дамыды.

Стилистика өзінің зерттеу нысанына сәйкес прагматикамен тығыз байланысты. Бұл туралы зерттеушілер: “функционалды стильдермен қызмет көрсетілетін қарым-қатынастың типтік салалары олардың прагматикалық талғамын анықтаса, ал бірқатар стильдер үшін (атап айтқанда, ресми, публицистикалық) прагматикалық компонент жанрларды дифференциялауда айқындаушы болып танылады. Екі ғылыми пән де сөйлеуді зерттеп, коммуникацияның мақсатына жету үшін (стилистикада бұл қарым-қатынастың нақты саласының жалпы мақсаты, прагматикада бұл нақты сөйлеу әрекетінің болып жатқан уақытындағы мақсаты) құралдарды таңдауға бағыттайды”, – дейді. [1, 41б.].

Публицистикалық стиль – жұртшылықтың әлеуметтік маңызы бар мәселелерін қарастырады, белгілі бір мәселе төңірегінде көпшілік пікірін қалыптастырудың маңызды құралы. Бұл стильдің түрлі жанры қоғамдағы оқиғаларды, елдің ішкі-сыртқы саясатын, ұлттың мәдениеті мен мораль мәселелерін сөз етеді. Публицистиканың мақсаты – көпшілікке әсер ету, оқиға мен құбылыстардың мәнін ашып, көпшіліктің назарын аударту. Қызметі сан алуан: саяси және идеологиялық рөл атқарады; әлеуметтік институттардың қызметіне әсер етеді; қоғамдық тәрбие, үгіт-насихат құрал-әлеуметтік ақпаратты ұйымдастыру және беру тәсілі. Тілдік құралдары: стилдік амал-тәсілдер, перифраздар, риторикалық сұрақтар, антитеза т.б.

Ахмет Байтұрсынов еңбегінде тіл қолданысы, тіл қисыны, сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі деген мәселелер сөз етіледі. Осы айтылғандардың бәрі прагмастилистика ғылымының зерттеу нысанына негіз бола алады. Бұған: “айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білу тиіс” деген ғалымның сөзі дәлел бола алады [2, 254 б.].

Профессор Д.А. Әлкебаева публицистикалық стильдің хабар беру мен әсер ету ықпалын былай деп түсіндіреді: “публицистикалық стильдің хабарлама функциясы тілдің құрылымдық жүйесінің, бейтарап сөздердің қабатын құрайды. Олар – ұлттық тілдің сөз байлығы, стандарт сөздердің лексикалық қатарлар тізбегі. Мәдени коммуникацияда стилистикалық амал-тәсілдер хабарлама жеткізу үшін ауызша және жазбаша тілмен берілетін шығарманың стилистикалық нормасы жасалу

қажеттігі бірінші орынға қойылады. Тілдің стилистикалық әсер ету және прагматикалық мақсат ету функциясынан концептуалды сөздер (бағалаушы лексика), көркемдік тәсіл, сөйлем құрамы, сөйлемдердің компоненттерінің құрылымдық ерекшеліктері айқындалып отырады. Хабарламалық және әсер ету функциясының өзара ортақ қызмет бірлігінен сөздің экспрессивтігі және стандартты сөз үлгілері публицистикалық стильдің негізгі стильдік базасын құрайды, оның жазылуын тездетеді және қоғамдық қызметінің әмбебаптық рөлін арттырады”[3,36 б.]. Публицистика интеллектуалдық және эстетикалық тіл мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі. Б. Қапасова “публицистикалық стильдің белгілі бір тыңдаушысы, жұртты қыздырып, елітіп әкелер күші бар” деген пікір айтады [4,36 б.].

И.П.Сусов [5,180 б.], Н.Д. Арутюнова [6, 56б.]. сияқты ғалымдар прагматикатілдік байланыст аса зор қуатты құрал екендігін дәлелдеген. Публицистика жанрларының тууына түрлі факторлар себепші болады. Уақыт, кеңістік, оқиға, қажеттілік, ұлттық тіл және менталитет, шығармашылық мүмкіндік сынды дүниелер стиль жанрларын туғызуға әсер етеді. Телевизия жанрларының репортаж, корреспонденция, интервью сияқты түрлері телевизия тілінің прагмастилистикасын анықтауда бағдар бола алады. Тілді стилистикалық қолдану оған нақты сөйлеу функциясын(белгілі бір функционалды стиль арқылы), репрезентативті (ойдың пәніне бағыттау), байланыс орнату (сөйлеу актісіне қатысушыларға, олардың арасына байланыс орнатуға бағыттауды) және тілдің жекелеген бірліктерінің көпқырлы стилистикалық қызметін орындауға мүмкіндік береді.

Телевизия мәтіні – ауызша сөйлеу формасындағы мәтін. Телевизия тіліндегі сөз жанрлары түрлі болғанымен, адресанттардың тілдік бірліктерді таңдау барысы ұқсас келіп жатады. Алайда әсер ету, сөйлеушінің прагматикасы, мақсаты телевизия көрінісінде әр түрлі ауқымда анықталады:

- адресатқа ақпаратты жеткізу;
- коммуниканттармен байланыс жасай отырып, көтерілген тақырыпты дамыта түсу;
- сыни пікір туғызу;
- пікірге келісу немесе келіспеу;
- сөйлеу әрекетін шарықтату;
- қорытынды сөзге талпыну.

Коммуникацияға қатысушылар әр кездегі сөйлеу қарым-қатынасындағы түрлі жағдаяттарға тәуелді. Сөйлеу жағдаятына байланысты сөздің прагматикалық тәртібі де өзгереді. Прагматиканың теориясы сөйлеу актілерінде анықталады. Теледидарда ақпараттылық постулат, шындық, релеванттылық, анық сөйлеу(мәнер) толық сақталуы тиіс. Оның прагматикасы:

- анық түсіндіру;
- қысқа әрі тұжырымды сөйлеу;
- түсініксіз сөздерді болдырмау;
- бір мәнді тұжырымдар айтпау;
- ұйымдастыруға машықтану.

Айтушы аудиторияға сөзді жеткізу барысында сөздің мағынасын біліп жұмсауы, сөздерді тіркестіре алуы, эмоционалды, бояулы сөз өрнектерін пайдалана білуі, грамматикалық құрылымдарды дұрыс түрлендіре алуы шарт.

Медиа-дискурста прагмастилистикасы субъект категориясына негізделіп айқындалады. Субъект категориясы коммуникаторлар мен реципиенттің прагматикасына орай жіктеледі. Реципиенттің прагматикасы сөйленетін сөзді қабылдау арқылы шығады.

Телевизия тілінің көрерменге ықпал етуі түрлі әдіс-тәсілдермен іске асады:

- көркемдеуіш құралдарды тиімді қолдану;
- стереотиптерді қолдану;
- ирония арқылы;
- психологиялық жағынан ықпал жасау, яғни сақтандыру секілді амалдар;
- статистиканы айту.

Қиын жағдайларды қабылдау үшін, қажет күш-жігерді үнемдеу үшін адам миында сақтайтын шағын “әлем суреті” болады. Аталған “стереотип” ұғымы өткен ғасырдың 20-шы жылдары пайда болды. Оны ғылыми әдебиетке американдық ғалым У. Липпман енгізді. Сөйлеу стереотипі ақпаратты мазмұнды және жылдам жеткізуге қатысады. Қажетті сөз оралымдары ретінде саналатын стереотип тілдік бірліктер сөйлеуші санасында орныққан. Стереотиптердің бір ерекшелігі сөз байланысын сақтау үшін жұмсалады. Стереотиптердің телевизия көрінісіндегі прагматикалық қызметі:

- ауызша сөздің табысты өтуін жүзеге асырады;
- ақпарат жүгін жеңілдету үшін жұмсалады.

Телевизия тіліндегі сөйлеу стереотиптерінің басты критерийлері:

- жүргізушінің сөздік қорындағы дайын тілдік қолданыстар;
- телевизия тілін сыпайылау;
- ұғымдарды қарапайым ету.

Ақпараттың болуы, ақпараттар арасындағы айырмашылықты фактуалдық, концептуалды, мазмұнды-түпкі (подтекст) деп үшке бөліп қарастыруға болады.

Фактуалдық ақпаратта елестетуге болатын әлемдегі оқиғалар, процестер, ғалымдардың тұжырымдары, көзқарастары, гипотезалар орын алады. Бұл ақпарат түрі анық сипатта, көбіне ауызша айтылады.

Мазмұнды-концептуалды ақпарат оқырманға автордың көзқарасын, ойын білдіреді. Себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіреді. Бұл ақпарат түрі көбіне көркем және ғылыми мәтіндерде кездеседі.

Түпкі мазмұндағы ақпарат – факультативтік ақпарат. Тілдік бірліктер арқылы коннотативтік мағыналар қалыптасады. Бұл мағыналар подтекстте жатады. Түпкі ақпарат мәтіннің мән-мағынасын айқындайды.

Телевизия тілінің сипатына қарап, ондағы берілетін ақпарат түрі мазмұндық-фактуалдық ақпаратқа жатқызылады. Себебі, теледидардағы хабарлар тілі көпшілікке түсінікті, ешқандай түпкі ойды іздеп жатпайтындығымызда сөзіміздің дәлелі бола алады. Сондықтан әсер етудің екі түрлі сипаты көрініс табады:

- интеллектуалдық: нысандық, дескриптивті, фактуалды, концептуалды ақпарат;
- прагматикалық ақпарат: тыңдаушыға әсер етудің ең басты шарты ретінде прагматикалық функциястиликалық тілдік амалдар арқылы жүзеге асырылады.

Әдістеме. Осы айтылғандарға талдау жасап көрсек. *Тіршілік нәрі сағатпен ғана беріледі* (“Біздің назарда”).

Бұл мысалда су сөзін “тіршілік нәрі” деп берген. Тыңдаушының бұл ақпаратты қабылдауы оның танымдық мүмкіншілігіне байланысты.

Мұның астарында ащы судың ащы шындығы жатыр. “Ащы су” сөзі “арақ” сөзін алмастырған. Перифразды қолдану сөзге түсініктеме беру, сипаттама айту арқылы көрінеді. Тыңдаушыға да зор әсерін тигізеді. Перифраздар эвфемистік сөз жүйесіне жақындайды. Мысалы, *Баяғы жартас – сол жартас. Ауру қалса да әдет қалмайды. Жаман адам аяққа қарайды деген.* (Қалаулым). Осы секілді мақал-мәтелдерді қолдану коммуниканттардың сөз ұту, ой жеткізудегі өзіндік прагматикасы саналады.

Бағдарламаларда төл сөздің төлеу сөзге айналған формасы ұшырасады. Мәселен, *Жылтыраганның бәрі алтын емес екені дәлелденіп жатыр.* Адресанттың прагматикасына орай осындай қолданыстар кездесіп отырады. Адресант өзінің сөздік қорында осындай мақал-мәтелдерді пайдаланады.

